

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

УДК 327 (50): 81.581'272

Қолжазба құқығында

КЕРІМБАЕВ ЕРЖАН ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы

6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер

Отандық кеңесші:
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Н. Мұқаметханұлы

Шетелдік кеңесші:
Тарих ғылымдарының докторы,
профессор Чжан Цзянхуа
ҚХР, Пекин қаласы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ.....	2
КІРІСПЕ	3
1 ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ ТІЛДІК САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	17
1.1 Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің теориялық негіздері	17
1.2 Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің әдіснамалық негіздері	33
2 ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ ТІЛДІК САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..	37
2.1 Қытайдың сыртқы тілдік саясатының негіздемесі	37
2.2 Қытайдың «Жұмсақ күш» саясатының ерекшелігі және басты бағыттары..	42
2.3 Қытайдың сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктері	53
3 ҚЫТАЙДЫҢ ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ	64
3.1 Конфуций институттарының құрылуы және оның қызметі	64
3.2 Қытайдың шет елдерде қытай тілін оқыту практикасы.....	74
3.3 Орталық Азия мемлекеттерінде қытай тілі мен мәдениетінің таралуы	86
4 ҚАЗАҚСТАНДА ҚЫТАЙ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ ..	99
4.1 Қазақстанда қытай тілін оқыту үдерісі	99
4.2 Қазақстанда қытай мәдениетінің таралуы мен ықпалы	107
4.3 Қазақстанда «Бір белдеу – бір жол» аясында қытай тілі мен мәдениетінің қарқынды таралуы.....	115
ҚОРЫТЫНДЫ.....	128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	132
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Ғылыми жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында Қытайдың сыртқы тілдік саясаты мен Қазақстанда қытай тілінің таралуына «жұмсақ күш» контексінде динамикалық концептуалды талдаулар жасалады.

Диссертация тақырыбының өзектілігі. XX ғасырдың соңғы жылдарында әлем тарихында аса зор өзгерістер орын алды. Варшава келісімшарт ұйымының тарауы, кеңестік қызыл империяның ыдырауы, оның құрамындағы республикалардың тәуелсіздік алуы, ҚХР-дың қарқынды өрлеуі және оның халықаралық орны мен рөлінің нығаюы, әлемдік жетекшілікке бәсекелестік күрестің күшеюі сияқты факторлар халықаралық жағдайды өзгерте түсті. Ұлы державалар дәстүрлі мемлекет қуатын нығайтумен қатар, «жұмсақ күш» әлеуетін арттыру үшін барынша зор ресурстар жұмсады. Нәтижесінде Батыс пен Қытай арасындағы текетірес ашық бәсекелестікке ұласты. Соның нақты көріністерінің бірі Қытайдың сыртқа бағытталған тілдік саясатының пәрменді жүргізілуі деуге болады.

Қытайдың шетелге бағытталған тілдік саясаты әдеттегі социолінгвистикалық категориядағы ұғым емес, ол Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиясының маңызды мазмұны ретінде зерттеуді қажет ететін тақырып. Сондықтан Қытайдың «сыртқы тілдік саясатын» сыртқы саяси немесе халықаралық қатынастар аспектісінде зерттеуге тура келеді.

Қытайдың өзінің ұлттық тілі мен мәдениетін шет мемлекеттерге арнайы түрде таратуының астарында қандай да бір саяси мақсаттың жатқанын анықтаудың өзектілігі өзгеше. Өйткені ол жаһандану бағытына ықпал ететін пәрменді тенденция ретінде әлемнің назарын аударып отырғаны жасырын емес. Сондықтан әр ел өзінің мемлекеттік мүддесін қорғау тұрғысынан бұл мәселеге баса назар аударып отыр.

Ал Қытай сыртқы тілдік саясатын өзінің жалпы сыртқы дипломатиялық саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асырып келеді. Нақтырақ айтқанда, олар бұл саясатын дүние жүзімен болған сауда-экономикалық, инвестициялық, технологиялық қатынастарымен ұштастырып, «ортақ мүддеге» байланыстырып өрістетіп келеді. Соған орай инвестиция мен технологияға зәру болып отырған дамушы мемлекеттер көбінесе көз алдындағы мүдделерін күйттеп, қытай тілі мен мәдениетін де ырықсыз түрде қабылдауға мәжбүр.

Тіл мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде белгілі бір мемлекеттің тілі мен мәдениетін әлемге таратады және «жұмсақ күш» саясатының негізгі құралдарының бірі ретінде қызмет етеді. Әрине, әлемдік мәдениеттер тіл арқылы таралған, әсіресе өркениет қалыптастырушы, ғылыми-техникасы дамыған ұлттардың тілдері дүние жүзіне табиғи түрде кең таралды. Өйткені әлем халықтары жаңа ғылыми-технология мен мәдениетті игеру үшін олардың тілін үйренді, олар қалыптастырған саяси жүйе мен мәдени қағидасын қабылдады. Сондықтан мәдениет тасымалдаушы тілдерді тарататын құрылымдар да дүниеге келген болатын. Олардың ең танымалдары Британ Кеңесі, Альянс Франсез, Сервантес институты және Гете институты. Ғасырға

жуық уақыт ішінде олардың да орны анықталды. Қазіргі таңда ағылшын тілі – халықаралық ресми тіл ретінде қолданылып отыр.

Ал соңғы жылдары әлеуметтік экономикасы қарқынды дамыған Қытай әлемдік жетекшілік орынға ұмтылуда. Бұл мақсатын жүзеге асырудың бір тәсілі - қытай тілі мен мәдениетін әлемге тарату арқылы қытайлық құндылықтарды қабылдатуды көздеуде. Сонымен олар бүкіл әлем мойындаған ұлы гуманист Куң Зының атымен аталатын «Конфуций институтын» құрып, мемлекеттік ресурстар арқылы қытай тілі мен мәдениетін, тіпті қазіргі саяси ұстанымдарын әлемге таратумен шұғылданып келеді.

Қытай соңғы жиырма-отыз жылдан бері әлемдік факторлардың бірі ретінде жаһандану бағытына белсенді ықпал етіп келеді. Мақсаты анық - әлемнің көшбасшысы болу, қытайлық концепцияда жаһандануды жүзеге асыру, қытайлық құндылықтарды дүние жүзі халықтарына сіңіру, Қытайды негіз еткен адамзат қауымдастығын құру. Сондықтан олар әлемдік әлеуметтік даму үдерісін өзгерту, әскери әлеуетін арттыру, экономикалық қаржылық әлеуетін нығайтумен қатар, «жұмсақ күш» ықпалын арттыруды көздейді және оны практикада іске асырып келеді.

XXI ғасырда Қытай өзінің сыртқы тілдік саясатына басымдық берді. Оны «жұмсақ күш» концепциясына енгізіп, 2009 жылы мемлекеттің даму стратегиясына енгізді. Сондай-ақ Он екінші бесжылдық жоспар (2009 - 2015 ж.) аясында қытайдың ұлттық мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мемлекеттің «жұмсақ күш» ықпалын арттыру көзделді [1]. Сонымен Қытай үкіметі әлемнің әр елінде Конфуций институттарын барынша көп ашуды қолға алды.

Сонымен, Конфуций институттары Қазақстанда да бірінен соң бірі құрылды, қытай тілін оқыту ауқымы кеңейді, тіпті қытай тілі колледжде және орта мектептерге дейін оқытылатын болды. 2013 жылы ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанда «Бір белдеу - бір жол» жобасы аясында қытай тілін үйренушілерге Қытайға барып оқуына 30 мың квота беретінін жариялаған соң қазақстандық жастардың қытай тілін үйренуге деген қызығушылығы барынша арта түсті.

Бұл жағдай Қытайдың сыртқы тілдік саясатының дүние жүзінде іске асырылғанын, сонымен қатар Қазақстанда да атқарылғанын көрсетеді. Сондықтан Қытайдың сыртқы тілдік саясатын оның сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастырумен қатар, Қазақстанға таралуы және оның ықпалын жүйелі зерттеуге арналған аталмыш тақырыптың өзектілігі айрықша.

Қытайдың қарқынды дамуы және өктемдігінің артуы әлемде «сары қауіп» («синофобия»), «қытай қауіпі» деген үрейді тудырды. Қытай өз саясатын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіргенімен, олардың өктемдік әрекеттері мен «қарызға батыру» дипломатиясы «қытай қауіпін» асқындыра түсті. Әсіресе, әлемдік жетекшілікке таласы АҚШ пен ҚХР-ды ашық айқасқа шығарды. Тіпті АҚШ «Қытайдан арылуға» әрекеттенуде. Әсіресе Қытайдың рухани санаға сіңірген солшыл идеялогиясының зардабын тартқан АҚШ және Батыс елдері одан тазарудың маңыздылығы мен қажеттілігін алға тартып отыр.

Қытайдың Орталық Азия елдеріне, Қазақстан қоғамына жасаған көп жылдан бергі экономикалық экспанциясының ауыр зардабы қазір анық байқала

бастады, әсіресе қытай тілі мен мәдениетінің дендеп кіруі көпшіліктің алаңдаушылығын туғызды. Соған байланысты қоғамда «антиқытайлық» толқулар мен нәсихаттың белең алып отырғаны жасырын емес. Сондықтан Қытайдың сыртқы тілдік саясаты әлем елдеріне қалай жүрді, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениеті қалай тарады, оның ықпалы қаншалықты деңгейде деген көкейкесті сұрақтарға ғылыми түрде жауап беруде аталмыш тақырыптың өзектілігі айрықша.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты көбінесе Қытайдың «жұмсақ күш» контексінде зерттеліп келеді. Ал қытай тілінің Қазақстанда таралуы негізінен Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастары аясында қарастырылып зерттелуде.

Тақырыптың зерттелуін төмендегідей жүйелеп пайымдауға болады. Халықаралық қатынастар теориясына қатысты жазылған отандық ғылымдардан Б.Қ.Сұлтановтың [2]., Қ.Е.Байзақованың «Внешняя политика Республики Казахстан» [3], Ф.Т.Көкееваның «The one belt one road» initiative in the focus of the USA interests in Central Asia» [4], «Теоретические аспекты китайской инициативы «Пояс и путь»» [5] сияқты мақалаларын, И.А.Черныхтың «Теории международных отношений» [6], М.А.Омарованың «Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар» [7], Ғ.Б.Жұматайдың «Халықаралық қатынастар теориясы» еңбегін атап кетуге болады [8].

Тілдік саясаттың теориясына қатысты еліміздегі әлеуметтік лингвистика мен теориялық және қолданбалы лексикографияның белгілі маманы, академик Э.Д.Сүлейменованың «Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане», «Макросоциоллингвистика» және «Языковые процессы и политика» сияқты монографияларын атап кетуге болады [9].

Отандық ғалымдар аталмыш тақырып аясында біршама зерттеулер жүргізді. «Сорос Қазақстан» Қорының қолдауымен қытайтанушы-ғалым К.Сыроежкиннің жетекшілігімен «Синопис: Центр изучения Китая и Центральной Азии» қоғамдық қорының авторлар ұжымы жазған, «Сорос Қазақстан» Фондының қолдауымен баспадан шыққан «В нежных объятиях дракона: «мягкая сила» Китая в Казахстане» деген еңбек жарық көрді [10]. Бұл еңбекті К.Сыроежкин Р.Изимов, Д.Какилбаев, З.Мураталиева, Д.Қосназаров, Д.Нұрышева қатарлы ғалымдар бірлесіп жазған.

Аталмыш еңбекте «жұмсақ күш» концепциясына жан-жақты сипаттама жасалған. Ғалымдар шетелдік зерттеушілердің еңбектерін қарастыра отырып, Қытайдың «жұмсақ күшін» саралаған. ҚХР-дың сыртқы саясатында «жұмсақ күштің» алатын орны және оған қатысты Пекиннің ресми ұстанымына талдау жасап, қытайлық «жұмсақ күш» саясатының Қазақстанда қандай жолдармен жүзеге асырылып жатқанына тоқталған.

Қазақстандық қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы мен дипломат ғалым Жәнібек Кәрібжанов бірлесіп жазған «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010)» атты монографиясының маңызы айрықша. Авторлар ҚХР құрылғаннан бастап Қытайдың сыртқы саясат эволюциясын пайымдай келіп, ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдықтағы Қытайдың сыртқы саясат стратегиясына талдау жасап, Қазақстан Республикасымен дипломатикалық қатынастарының даму үдерісін зерттеген.

Әсіресе ғалымдардың Ху Цзинтаоның «гармониялды әлем құру» [11] идеясына жасаған талдаулары біздің зерттеулеріміздің тереңдеуіне септігі тиді.

Нәбижан Мұқаметханұлының «Дипломатиялық қатынастар және қытайтану негіздері» [12] атты монографиялық зерттеуі қытайтанудың іргелі мәселелерін қарастырған. Аталмыш еңбек XVIII ғасырдың ортасынан қазірге дейінгі Қытай мен Қазақ елі және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың тарихи эволюциялық өзгерістерін қарастырған. Бұл еңбек Қытай сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарының даму, өзгеру заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының профессоры, белгілі қытайтанушы ғалым Нұржамал Алдабектің жетекшілігімен П.Бектұрғанова, А.Серікқалиева, Д.Дәуен, М.Асылдың қатысуымен жазылған «Модернизация Китая и Казахстан» [13] атты монографияның танымдық құндылығы жоғары.

Аталмыш еңбек Қытайдың модернизация процесін зерттеген. Онда XIX ғасырдың ортасынан қазірге дейінгі қытай модернизациясы тарихи ретроспектива тұрғысында талданған. Қытай модернизациясының саяси идеологиялық және теориялық негіздеріне, қабылданған стратегиялық саясаты және оны жүзеге асыру жолына тарихи кезеңдер бойынша сараптама жасалған. Сондай-ақ қытай модернизациясы барысында әлеуметтік-экономикалық құрылымдардағы өзгерістер, даму жетістіктері, және қордаланған қоғамдық мәселелер сипатталған. Әсіресе, аталмыш еңбектің Қытайдың білім және мәдениет саласындағы модернизациясының нәтижесінде Қытайдың әлемдік үдеріске мәдени ықпал жасауға өткенін түсінуге көмегі көп болды.

Қытайтанушы К.Сыроежкиннің «Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений» [14] атты еңбегінің өзіндік құндылығы бар. Бұл еңбекте Қытайдың Орталық Азия елдерімен, оның ішінде Қазақстанмен жасаған қарым-қатынастарының сипатына тоқталады. Қытайдың Орталық Азия аймағына басымдық берген саясатына сараптама жасайды. Қытайға қатысты түрлі мифтер мен үрейдің туындауының себептері мен салдарын қарастырады. ҚХР-дың әрбір буын басшыларының ұстанған сыртқы саясатына талдау жасайды. Қытайдың Орталық Азия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда жүргізіп отырған саясатынан қандай сын-қатерлер болуы мүмкін деген мәселеге жауап іздеген.

Осы қатарда Д.К.Жекеновтың «Қытай Халық Республикасы «төртінші буын» басшыларының сыртқы саясаты (2003-2013)» атты монографиясын атап кетуге болады [15]. Жалпы, бұл еңбектің Қытайдың сыртқы саясатының сырларын анықтауда танымдық құндылығы зор.

Біз зерттеп отырған тақырып аясында ғылыми сараптамалық мақалалар да жарияланып келеді. Солардың маңыздыларына тоқталсақ. Профессор К.Ш.Хафизованың «Начало изучения китайского языка в Казахстане» [16], Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің PhD докторы А.М.Ноғаеваның ««Культурная дипломатия» или «мягкая сила» Китая: на примере Центральной Азии» [17] атты мақаласы, Руслан Изимовтың « «Мягкая сила» Китая – на прицеле Центральная Азия» [18] деген мақаласы, Евразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Серікқалиева Ажардың

Ресей Ғылым Академиясы Африка Институтының жетекші ғылыми қызметкері Т.Л.Дейчпен қосылып жазған «Китайская "мягкая сила" в Африке: соблюдение и развитие традиции» атты мақаласы [19], Гаухар Нұршаның «Как «мягкая сила» Китая работает в Казахстане? — исследование» [20] деген атпен берген сұқбатын маңызды еңбектер қатарына қоса аламыз. Негізінен «жұмсақ күш» теориясы, мәдени дипломатия, қоғамдық дипломатия сияқты мәселелерді қарастырған бұл еңбектер тақырыпты тереңдей зерттеуге септігін тигізді.

Қытайлық ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеулері біршама көп жарияланған. Дж.Найдың «Жұмсақ күш» туралы еңбегі шыққаннан кейін, қытайлық ғалымдар оған қатты қызығушылық танытты. Қытайда «жұмсақ күшке» қатысты ең алғашқы мақаланы 1993 жылы (кейін келе ҚКП ОК Саяси бюросының мүшесіне сайланған) Фудан университетінің профессоры Ван Хунин жариялады [21]. Ол аталмыш мәселені «Үшке өкілдік ету», «Гармониялды әлем құру» және «Қытай арманы» сияқты мемлекеттік концепциялармен байланыстырып пайымдайды.

Ал қытай теоретиктері Иэ Цзычжэн [22], Чжан Ливэн [23], Ян Сюэтонг [24] сияқты ғалымдардың соңғы кезде жариялаған еңбектерінде тың ізденістер байқалады. Олар «жұмсақ күшті» біріншісі «биліктің жолы», екіншісі «гармониялық күш», үшіншісі «моральдық реализм» деп қарастырады.

Қытайлық ғалымдар Чжа Чин [25], Чжао Хунцинъ және Цзяньбин [26] сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қоғамдық және мәдени дипломатияның маңызын пайымдап, Ван Ивэй [27], Вэй Синьлун [28], Дэн Сяньчао [29], Лю Хайфан [30] қатарлы ғалымдар Қытайдың сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» мәселесіне талдау жасап, практикалық қолдану әдістемесін анықтап, нақты мәселелерді шешудің жолдарын көрсетуге тырысады.

Ал Ли Чжидің «Мәдени дипломатия – коммуникологияның түсіндірмесі» [31] атты монографиясының маңызы зор. Ол өз еңбегінде «жұмсақ күш» пен мәдениетаралық байланыстардың маңыздылығын қарастырады. Сондай-ақ ол АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Канада, Жапония, Ресей, Германия сияқты елдердің қолданып отырған мәдени дипломатиясына сараптама жасайды.

Қытайлық ғалымдардың ішінде Конфуций институттарының жұмысына сараптама жасап, оны дамыту жолдарын қарастырған ғалымдар да бар. Мысалы, Лю Вэй өзінің зерттеу еңбегінде [32] Конфуций институттары – мәдени «жұмсақ күш» элементі, өйткені ол әлемнің қытай мәдениетін түсінуге, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және әлемдік қауымдастық алдындағы жағымды имиджін көтеруге ықпал ететін платформа деп есептейді.

Сун Наньнань [33], Тан Шухун [34], У Ин и Ти Вэньцзин [35] сияқты ғалымдардың зерттеулерінде Конфуций институттарының құрылуы мен дамуы, оның стратегиясын барынша тиімді жүргізу жолдары да қарастырылған. Ал қытайлық ғалым Мо Цзялин Конфуций институтын әлемдегі ең ықпалды Британ кеңесі, Альянс Франсез және Гете институты сияқты құрылымдармен салыстыра зерттеп, Конфуций институтын дамыту моделі мен бағыттарын айқындауға тырысады [36].

Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеген Ли Юмин Оқу-ағарту министрлігі тәжірибесіне барынша терең талдау жасаған еңбегінде Қытай мен басқа елдер арасында өркениет көпір орнатуда және «Бір белдеу – бір жол»

стратегиясын жүзеге асыруда тілдің атқаратын қызметін пайымдайды [37]. Қытайлық ғалымдардың зерттеулері көбінесе практикалық тұрғыдан жасалғанын осындай еңбектерден анық байқауға болады.

Батыстық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде біздің тақырыбымызға қатысты әдебиеттер де баршылық. Америкалық зерттеушілер Чарльза Воль мен Брайана Розен [38], Джеффри Коуэн мен Николас Дж. Калл [39], Дж.С. Най [40], Бенно Сигнитцер мен Тимоти Комбс [41], С.Ф. Хантингтон [42] сияқты ғалымдардың еңбектерінің ғылыми-теориялық танымдық маңызы айрықша деп санаймыз.

Джессика Жино-Хехт и Марк Донфрид [43], Наима Прево [44], Хелен Финн [45] сияқты ғалымдардың еңбектері мәдени дипломатияның теориясы мен практикасын зерттеумен маңызды. Америкалық ғалымдардың ішінде Қытайдың «жұмсақ күшін» зерттеген ғалым Джошуа Курланциктың еңбектерін ерекше атап кетуге болады. Ол өз зерттеулерінде Қытайдың «жұмсақ күшін» «ықпал етудің әлдеқайда дәрежі формасы» [46] деп санайды.

Риа Баттерфилд [47], Фальк Гартиг [48], [49], Дин Шэн и Роберт Саундерс [50] сияқты ғалымдар қоғамдық мәдени дипломатияны өз зерттеулеріне арқау еткен. Фальк Гартиг өзінің «Қытайдың қоғамдық дипломатиясы: Конфуций институттарының дамуы» атты монографиясында Конфуций институттарына жан-жақты талдау жасайды. Ол Конфуций институттарын Қытайдың халықаралық саясатындағы ауқымы әлдеқайда кең қоғамдық дипломатияның бір құралы ретінде қарастырады. Конфуций институтының әлемдегі осыған ұқсас құрылымдардан ерекшелігі – оның мемлекетаралық оқу-ағарту мен мәдени алмасу серіктестігінен құралатыны деп санайды. Бұл ҚХР-дың басқа мемлекеттермен қоғамдық дипломатия контекстінде серіктестік орнатуға дайын екенін көрсетеді. Ғалым өз еңбегінде Қытай үкіметінің қытай тілі мен мәдениетінің жаһандық сұранысқа ие болып отырғанын пайдалана отырып, Конфуций институттарын екі жақты қаржыландыру арқылы дамытып отырғанын атап өтеді [51].

Батыстық зерттеулер Конфуций институтының қоғамдық дипломатиядағы орны, тіл мен мәдениетті таратудағы рөлі және «жұмсақ күшті» нығайтудағы қызметіне көп талдау жасайды. Ал Терри Флю мен Фальк Гартиг сияқты ғалымдар Конфуций институттарын ғаламдық желі ретінде қарастырады. Бұл желілік құрылымның қоғамдық және мәдени дипломатияның қызметіне ықпал ету мүмкіндігі зор екенін атап көрсетеді. ҚХР-дың мәдени дипломатиясын әлі де жеткілікті деңгейде зерттеліп отырған жоқ деп есептейді [52]. Осы қатардағы Джеффри Гил [53], [54], Джеймс Парадаиз [55], Джоселин Чей [56] сияқты ғалымдардың да еңбектерін ескереміз.

Ресей ғалымдарының ҚХР-дың тілдік саясатына қатысты біршама ғылыми зерттеулері жарық көрді. Монографиялық еңбектердің ішінде Наталья Андреевна Абрамова мен Виктор Алексеевич Абрамовтың «Ценностный потенциал китайского «могущественного культурного государства» в проекциях глобального развития» [57] атты кітабын атап өтуге болады. Саяси философия контекстінде жазылған бұл еңбекте ҚХР-дың «алып мәдени мемлекет» және «гармониялды әлем» сияқты геосаяси стратегиясын жан-жақты қарастырып, оның астарын ашықтауға тырысқан.

Ресейде Конфуций институтының қызметін зерттеп, оны Қытайдың «жұмсақ күші» мен мәдени дипломатиясының құралы ретінде қарастырған А.В. Бояркина [58], А.А. Завьялова [59], К. В. Леконцева[60], Э.О. Леонтьева және М.С. Белокопытова[61] сияқты ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады.

Конфуций институттарының басқа елдермен серіктестігінде қытайлық университеттердің алатын орны туралы И.А.Шведованың жазған зерттеулері үлкен қызығушылық туғызды [62].

Көптеген ресейлік ғалымдардың еңбектерінде Конфуций институттарының әлемнің жекелеген аймақтарында жүргізіп отырған қызметіне жете көңіл бөлінген. Мысалы, В.Михневич Конфуций институттарының Шығыс Азия елдеріндегі дамуын макроаймақ ретінде қарастырады [63].

ҚХР-дың қоғамдық дипломатиясының қалыптасуын, дамуын зерттеген ғалымдар ретінде О.С. Бодров [64], В.Г.Гельбрас, А.А.Киреев, А.В.Друзьяка, Д.В.Буяров, Н.В.Кухаренко, С.В.Кухаренко, Е.В.Афонасенко, Д.В.Кузнецов [65], А.В.Ломанов пен Е.В.Кобелев [66], Д.В.Мосякова [67], А.В.Бояркина [68], С.В.Кривохиж [69] сияқты ғалымдардың еңбегін атауға болады.

Қытайдың «жұмсақ күшіне» қатысты қызықты еңбек деп Р.Погореловтың зерттеуін айтуға болады. Зерттеушінің қытай ғалымдарының «жұмсақ күш» саясатына қатысты теориялық тұжырымдары мен ой-пікірлерін бір жерге жүйелеп жинақтауы «жұмсақ күш» түсінігінің ғылыми жағын байыта түскен [70].

ҚХР-дың Африка континентінде жүргізіп отырған белсенді «жұмсақ күш» саясатын зерттеген Ресей Ғылым Академиясы Африка Институтының жетекші ғылыми қызметкері Т.Л.Дейчтің жазған мақалалары өте құнды [71].

Соңғы жылдары осы тақырып төңірегінде ғылыми атақ алу үшін Ресей университеттерінде қорғалған еңбектер де біршама. Осы қатарда О.А.Селиверстованың «Языковая политика как инструмент реализации «мягкой силы» в политическом дискурсе XXI века (на материале российских, американских и китайских СМИ)» [72]. Ли Минфудың «Распространение китайского языка как фактора «мягкой силы» во внешней политике КНР в XXI веке» [73], Ван Шоның «Институт Конфуция как инструмент культурной дипломатии Китая (2004-2017 гг.)» [74], С.В.Кривохиждың «Публичная дипломатия Китайской Народной Республики: становление и развитие» [75], Е.В.Журавлеваның «Политика «мягкой силы» КНР в отношении стран Центральной Азии: на примере Казахстана и Монголии(2007 – 2015 гг.)» [76] сияқты диссертациялық еңбектердің маңызы зор деп санаймыз.

Жоғарыда жасалған шолудан байқалғандай, отандық және шетелдік ғалымдардың тарихнамасында біздің көтерген тақырыбымыздың кейбір мазмұнына қатысты зерттеулер, теориялық, методологиялық пайымдау еңбектері жарияланғанымен, Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және қытай тілінің Қазақстанда таралуы туралы кешенді зерттелген еңбектер әлі күнге дейін жарық көре қойған жоқ. Әрине, жоғарыдағы зерттеу еңбектерінің тақырыбымызды жан-жақты қарастыруға, тереңірек зерттеуге көмегі көп болды. Біз осындай еңбектерге сүйене отырып, алға қойған зерттеу міндеттерін талапқа сай орындауға тырыстық.

Зерттеудің деректік негізі. Таңдап алған тақырыбымызға сай бірқатар деректерді жүйелеу әдісімен жүзеге асырдық. Деректер Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы үдерісіне байланыстыра отырып, біршама кең көлемде қарастырылды. Зерттеуде пайдаланылған деректерді төмендегідей бірнеше топқа бөліп сараладық.

Деректердің бірінші тобын ҚКП ОК мен ҚХР үкіметінің ресми құжаттары құрайды. Онда ҚКП ОК-ның XVI, XVII, XVIII, XIX съездері мен Бүкіл қытайлық халық өкілдері сессияларының (ВСНП) құжаттар жинағы [77].; ҚКП ОК саяси бюросының шешімдеріне қатысты материалдар, Сыртқы істер министрлігінің, Оқу-ағарту министрлігі мен Мәдениет министрлігінің құжаттары [78].; ҚХР Мемлекеттік кеңесі шығарған «Ақ тысты кітаптардың» мәліметтері қамтылған. Сондай-ақ, Конфуций институты Штаб-пәтерінің (Ханьбань) ресми мәліметтері, Конфуций институттарының әр жылғы есептері мен даму жоспарлары сияқты құжаттар [79]. Бұл құжаттарда ҚХР-дың «Бейбіт өрлеу», «Жұмсақ күш», «Қуатты мәдени мемлекет құру», «Мәдениет индустриясын дамыту жоспары» мен «Ұлттық мәдениетті дамыту жоспары», «Қытай мәдениетінің кешенді қуатын нығайту. Қытай мәдениетін алға ілгерлету, барынша шетке шығару, оның халықаралық ықпалын арттыру» туралы шешімдері кеңінен қамтылған. Сондай-ақ, Нормалық-заңды деректерге ҚХР оқу-ағарту бойынша заңнамасы [80], ҚХР жоғарғы білім беру туралы заңнамасы [81], ҚХР жалпыға ортақ тіл мен жазу туралы заңнамасы [82], ҚХР қытай-шетелдік коорпаративті білім беру туралы нормалық Акты [83]., Путунхуаны меңгеру деңгейін анықтайтын емтиханның басқару Акты [84]., қытай тілі бойынша Стандартталған квалификациялық емтихан жүйесі (HSK) [85], Конфуций институтының жарғысы [86] сияқты құжаттар қамтылған.

Деректердің екінші тобын Қытай басшыларының, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, үкімет мүшелерінің, дипломатия өкілдерінің сөйлеген сөздері мен жазған еңбектері, түрлі басылымдарға берген сұқбаттары құрайды. Бұл деректерде Қытайдың сыртқы тілдік саясатын жүзеге асыру мақсаты, тәсілі және оның нәтижесі жөнінде нақты мәліметтер қамтылған. Солардың ішінде Қытай басшылары Дэн Сяопин, Цзян Цзэминя, Ху Цзиньтао, Си Цзинпинның нұсқаулары, баяндамалары және сұқбаттарының деректік құндылығы жоғары [87].

Си Цзиньпиннің «О государственном управлении» атты кітабы Қытайдың мемлекеттік басқару концепциясы мен саяси стратегиясын тереңірек түсінуге деректік негіз болады. Кітапта Си Цзиньпинның «Қытай арманы», «Бір жол – бір белдеу» сияқты концепциялары мен жетекші идеялары жинақталған. Мысалы, 2014 жылдың 6 маусымында жасаған «Қытай ұлтының Ұлы жаңғыруын жүзеге асыру – ел ішіндегі және сырттағы қытайлықтардың ортақ арманы» атты баяндамасында «Қытай өркениетінің бес мың жылдан асатын тарихы бар, ол - ұлы рухани күш, соның арқасында қытай ұлты өзін-өзі күшейтті және дамытты. Біздің отандастарымыз қай жерде болмасын, олардың бойынан қытай мәдениетінің жарқын бейнесі көрінеді. Олардың барлығы да қытай мәдениетін дамытуды үздіксіз жалғастырады деп үміттенемін» [88] деген-ді. Аталмыш еңбекте «Жібек жолы экономикалық белдеуін құру» туралы принциптік ұстанымдар анықталған [89]. Сондай-ақ, «жұмсақ күшті»

дипломатияда қолдану және мемлекеттің мәдени «жұмсақ күшін» нығайту жөніндегі қытайлық социализмнің құндылықтары пайымдалған [90].

Деректердің үшінші тобын орыс тіліндегі деректер құрайды. Атап айтқанда, Ресей Федерациясында «жұмсақ күш» қолданудың теориясы мен практикасына және жекелеген компоненттеріне қатысты А.А. Громыко [91], Г.Ю. Филимонова [92], Д. В. Мосяков [93], М.М. Лебедева [94], Ю.П. Давыдова [95] сияқты ғалымдардың еңбегінің пайдасы зор болды.

«Жұмсақ күшті» зерттеудегі маңызды қадам П.Б.Паршиннің Ресей СІМ жанындағы Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтына қарасты Халықаралық зерттеулер институтының Жаһандық мәселелер орталығында жасаған «Ресейдің сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» мәселелері» атты аналитикалық баяндамасы [96]. Баяндамада «жұмсақ күштің» компоненттік құрылымын, оның Ресейдің сыртқы саясатында практикалық қолданылуын және «жұмсақ күш» пен «қатаң күштің» арақатынасын қарастырады.

«Жұмсақ күш» теориясына қатысты ресейлік зерттеулерде білім беру негізгі фактор ретінде қарастырылатын жұмыстар маңызды орын алады. Олардың ішінде Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының ірі ғалымдары А.В. Торкунов, М.М.Лебедев, Е. П. Панов сияқты академиктердің еңбектері ерекше назар аудартады [97]. Онда білім берудің әлемдік саяси процестерге әсеріне қатысты тұжырымдамалық идеялар баяндалған. ҚХР-ның халықаралық білім беру нарығына енуіне қатысты Г.А. Краснов пен А. А. Краснованың [98] еңбектері қызықты. Онда авторлар "Қытай Азия мен әлемдегі халықаралық білім беру нарығының көшбасшысы бола ала ма?" деген сұраққа жауап беруге тырысады.

Деректердің төртінші тобын ағылшын тіліндегі деректер мен теориялық еңбектер құрайды. «The Institute for Government» (Ұлыбритания) орталығы, Portland Communications, Pew Research Center (АҚШ), халықаралық консалтингтік компаниялар сияқты зерттеу орталықтарының есебі біз үшін өте құнды болды.

Халықаралық қатынастар теориясын зерттеген батыстық ғалымдар, оның ішінде де америкалық зерттеушілер Чарльза Воль пен Брайана Розен[99], Джеффри Коуэн мен Николас Дж. Калл[100], Бенно Сигнитцер мен Тимоти Комбс [101], С.Ф. Хантингтон [102] сияқты ғалымдардың еңбегінің маңызы жоғары.

«Жұмсақ күш» теориясын алғаш ұсынған ғалым, профессор Джозеф Найдың (Joseph S.Nye, Jr.) халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың іргелі мәселелеріне арналған - «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» (1990, Американың құдіреттілік табиғатының өзгеруі), «Governance in a Globalizing World» (2000, Жаһанданған дүниедегі басқару), «The Paradox of American Power: Why the World's Only Superpower Can't Go it Alone» (2002, Америка құдіреттілігінің парадоксы: неге әлемдегі жалғыз супердержава жеке-дара бола алмайды) және «Soft Power.The Means to Success in World Politics» (2004, Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта жетістікке жетудің құралдары) [8] еңбектерінің құндылығы жоғары.

Мәдени дипломатияның теориясы мен практикасын қарастырған Джессика Жино-Хехт и Марк Донфрид [103], Наима Прево [104], Хелен Финн

[105] сияқты ғалымдардың еңбектері де маңызды. Америкалық ғалымдардың ішінде Қытайдың «жұмсақ күшін» зерттеген ғалым Джошуа Курланциктың еңбектерін ерекше атап кетуге болады [46].

Деректердің бесінші тобын мерзімді басылымдар мен электронды ақпарат құралдары құрайды. Қытай тіліндегі «Жэньминь Жибао», «Хуаньцю Жибао», «Ляован», сияқты газет-журналдарды, орыс тіліндегі «Полис», «Проблемы Дальнего Востока» журналдарын және ағылшын тіліндегі «Foreign Affairs», «Economist» журналдарын атап өтуге болады. Интернет ресурстарындағы тақырыпқа қатысты деректік материалдарды сұрыптап пайдаландық. Демек, тақырып бай деректік негізде қарастырылған деуге болады.

Зерттеудің нысаны: Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралу үдерісі.

Зерттеудің пәні: Қытайдың сыртқы тілдік саясатын Конфуций институттары арқылы жүзеге асыру механизмдері, үдерісі және оның нәтижесі мен салдары.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуын жүйелі түрде зерттеп анықтау, Қытайдың сыртқы тілдік саясатының «жұмсақ күш» контексінде жүзеге асырылуын, қытай мәдениетінің әлемдік ықпалын, әсіресе Орталық Азияға, Қазақстанға әсерін анықтап, тұжырымдау.

Осы мақсатты іске асыру үшін **төмендегідей міндеттерді** алға қойдық:

- Қытайдың сыртқы тілдік саясатының тарихи және халықаралық саяси жағдайын анықтау;
- Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының мақсаты мен өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасау;
- Қытайдың шет елдерде ұлттық тілі мен мәдениетін тарату мақсаты және оны жүзеге асыру тәсілдеріне талдау жасау;
- Қытайдың дүние жүзіне қолданған сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктерін және әр аймақ елдерінің қытай мәдениетін қабылдаудағы айырмашылықтарын анықтау;
- Қытайдың шет елдерде Конфуций институттарын құру үдерісіне және оның атқаратын қызметтеріне талдау жасау;
- Қытай тілі мен мәдениетінің Орталық Азия мемлекеттеріне таралуы мен ықпалын саралау;
- Қытай тілінің Қазақстанда таралу үдерісі және қытайлық мәдениеттің Қазақстанға ықпалын зерттеу.

Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми қорытындылары мен «жұмсақ күш» сияқты жаңа теорияларға қатысты тың көзқарастары құрады. Диссертация жұмысын жазу барысында деректердің негізгі көзі ретінде қытай дереккөздері және оған қосымша орыс және ағылшын тіліндегі материалдарды деректану ғылымы тұрғысынан саралау, аудару, жіктеу және жүйелеу әдістері қолданылды. ХХІ ғасырда Қытай және дүние жүзіндегі орын алған елеулі оқиғалар мен мәдени идеологиялық ағымдарға саясаттану ғылымының, халықаралық қатынастар теориясы мен

мәдениеттану ілімдерінің принциптері бойынша талдаулар жасалды. Зерттеу жұмысын жүргізіп қорытындылауда талдау, синтездеу, салыстырып талдау жасау, жүйелі-құрылымдық, парадигмалық, мәдени ықпалдастық әдіснамаларына иек сүйедік. Сондай-ақ объективтілік, тарихи-салыстырма, эмпирикалық және индукциялық әдістер де қолданылды. Сонымен бірге ситуациялық зерттеулер мен дискурс-талдау жасау тәсілдері де пайдаланылды. Әсіресе, Қытайдың мәдени ықпал ету саясатын зерттеуде «жұмсақ күш» теориясын негізге ала отырып, көп пәнаралық ғылыми әдіснамаларды қолдандық. Зерттеу тұжырымдарының барынша ғылыми болуына ден қойдық.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуын зерттеу шетелдік және отандық зерттеушілердің нысаны болғанымен, қазірге дейін аталмыш тақырып аясында кешенді зерттеу еңбектері жазылған жоқ.

Бұл диссертациялық жұмыста гуманитарлық ғылымның әр саласындағы зерттеулер мен халықаралық қатынастарға қатысты қытайлық құжаттар мен шетелдік материалдардың көмегімен зерттеу жүргізіліп, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

1. ҚХР-дың сыртқы тілдік саясатының тарихи, халықаралық жағдайы, мақсаты және оны жүргізу механизмі анықталды;

2. Қытайдың сырт әлемге ұлттық тілі мен мәдениетін таратуды өзінің «жұмсақ күш» дипломатиясының құралы ретінде қолданып отырғаны және оның ықпалы сараланды;

3. Қытайдың шетелдерде Конфуций институттарын құру және оның қызметін кеңейту барысы мен беталысына талдау жасалынды;

4. Қытайдың дүние жүзіне қолданған тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктері және олардың қытай тілі мен мәдениетін қабылдаудағы айырмашылықтары айқындалды;

5. Қытай тілі мен мәдениетінің Орталық Азия мемлекеттеріне таралуында Конфуций институттарының атқарып отырған қызметі, аймақтағы қытай мәдениетінің ықпалы кешенді зерттелді;

6. Қытай тілі мен мәдениетінің Қазақстанда таралуы мен ықпалы тарихи тұрғыдан сараланып, елдегі Қытай туралы әртүрлі көзқарастар және қоғамдық аңысқа (реакция) талдау жасалды;

7. Қытай «жұмсақ күш» ресурстарын, оның ішінде сыртқы тілдік саясатын батыстық жаһандану үдерісіне қарсы қойып отырғаны және оны әлемдік көшбасшы болу үшін қолданып отырғаны дәйектелді.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар. Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынатын тұжырымдары:

1. Адамзат тарихында қарқынды дамып, әлемдік держава деңгейіне кейін келе көтерілген мемлекеттер қашан да дүние жүзінде қалыптасқан тәртіпке қауіп-қатер төндіреді. Соңғы қырық жылда қатты дамыған Қытай да әлемдік тәртіпті өз өлшемі бойынша қайта құруға ұмтылып отыр.

2. Халықаралық аренада көшбасы болу үшін кешенді (комплекті) мемлекет қуатының болуы, экономика мен технологияда басқалардан басым болуы және жағымды мемлекеттік имидж қалыптастыру қажет екен. Қытай

осының соңғысын қалыптастыру үшін «гармониялды әлем құру», «адамзаттың ортақ қауымдастығын құру» сияқты концепцияларды ұсынып келеді.

3. Қазіргі әлемде адамзатқа ортақ қалыптасқан құндылықтар бар. Алайда Қытай әлемдік жаһандануға өзінің ұлттық құндылықтарын ұсынып, соны қалыптастыру үшін барын салуда. Осыдан Батыс пен Шығыс немесе Қытай арасында идеологиялық күрес жер шарын шарпып, «жұмсақ күштер» күресін шиеленістіріп отыр.

4. Әлемді бағындырушылар қашан да адамдардың рухани әлемін бағындыруды қарастырады. Руханиятқа әсер ететін құрал – тіл. Өйткені тіл адамдардың ойлау жүйесін анықтайды. Сондықтан Қытай өзінің ұлттық тілін әлемге тарату арқылы қытайлық ойлау жүйесі мен құндылықтарын қалыптастыруды өзінің ұзақ мерзімдік стратегиясы ретінде жүргізіп отыр.

5. Әлеуметтік-эконмикасы кемшін дамыған дамушы мемлекеттер қаржы мен технологияға мұқтаж болғандықтан, олар дамыған елдердің инвестициясын принципсіз қабылдауға бейім келеді. Сондықтан дамушы мемлекеттер Қытайдың Конфуций институттарын көп ашып отырғаны белгілі заңдылықты көрсетеді.

6. Қазіргі таңда экономикалық мүдде алдыңғы орынға өткен жағдайда Қытай өзінің экономикалық-қаржылық әлеуетіне сүйене отырып, сыртқы тілдік саясатын сәтті жүргізіп, Қазақстанға және әлемге ықпалын артырып келеді.

7. Қытайдың тым қарқынды дамуы мен әлемге пәрменді ықпал жасауы «қытай қаупін» туғызды. Қытайдың өзінің даму саясатын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіруі мен іс жүзіндегі айырмашылықтары Батыс елдерінің күмәнін арттырып, кейбір елдерде осыған дейін ашылған Конфуций институттарының жабылуына апарып отыр.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыстың **теориялық маңызы.** Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелердің маңызды теориялық құндылығы бар. Бұл алынған тұжырымдар отандық халықаралық қатынастар саласын, отандық қытайтану білімін ғылыми-саяси танымның әдіснамалық принциптерімен, теориялық негіздермен, эмперикалық нысаналармен кеңейте түседі. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты, «жұмсақ күш» дипломатиясының тәжірибесі арқылы оның шығыстық немесе қытайлық саяси мәдениет сырын анықтауға, бүгінгі әлемдік күрестерді түсінуге мүмкіндік туғызады. Зерттеу жұмысында жаһандық, аймақтық, еларалық қатынастар тоғысында сарапталып жүйеленген тұжырымдар мен тұғырнамалар саяси және мәдени халықаралық қатынастар мен дипломатия теориясының әдіснамалық парадигма өрісін кеңейтуге септігін тигізбек. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары бүгінгі Қазақстан мен Қытай арасындағы әр саладағы ынтымақтастық қатынастарды анықтауға ғылыми-танымдық негіз қалайды.

Ғылыми жұмыстың тәжірибелік маңызы. Зерттеу барысында жасалған ғылыми тұжырымдар мен анықталған концепциялар, парадигмалар, тұғырнамалық ұстанымдар, пайымдалған қорытындылар тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саяси тәжірибесі үшін де өте маңызды.

Сонымен бірге, зерттеу жұмысының практикалық қызметі – ондағы тұжырымдар мен көтерілген идеяларды халықаралық қатынастар, сыртқы саясат, қытайтану, Қазақстан мен Қытай қатынастары, Қытай мен Орталық Азия қатынастары, аймақтану саясаты, халықаралық қатынас теориясы, дипломатия теориясы пәндерін оқытуда кеңінен пайдалануға болады. Жұмыста келтірілген материалдар мен құжаттар, теориялық-әдіснамалық ұстанымдар қытайтану туралы, Қытайдың сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастары жөнінде іргелі еңбектер жазуға, оқулықтар құрастыруға маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен идеялары, концепциялары мен парадигмалары негізінде жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары және оқытушылардың, мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдіру мекемелерінің тыңдаушылары үшін арнайы дәріс курстарын ұйымдастыруға болады. Қорыта айтқанда, диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары пәнаралық, салааралық байланыстарды тереңдете түседі.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары. Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда 1 мақала жарық көрді: "MAIN FACTORS OF CHINA'S SOFT POWER IN CENTRAL ASIA», CENTRAL ASIA AND THE CAUCASUS, English Edition, Journal of Social and Political Studies, Volume 21, Issue 1, 2020.

Шетелде өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ағылшын тілінде 1 мақала жарияланды: «The spread of Chinese language in Kazakhstan», «14th International Postgraduate Forum of Beijing Normal University on World History and Historiography» мақалалар жинағы. - 2018 жыл 24-25 қараша, 447-453 б.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда 4 мақала жарық көрді:

1.«Қытайдың әлемге мәдени ықпалдастық саясаты» //Тарих және этнография институтының электронды журналы - edu.e-history.kz 2017 №1, наурыз.

2.«Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі» //ҚазҰУ Хабаршы, шығыстану сериясы 2017,№4 (83), 54-60 б.

3.«Қытайдың қоғамдық дипломатиясы» //ҚазҰУ Хабаршы, шығыстану сериясы 2019, мамыр, № 1, 179-186 б.

4.«Конфуций институттарының құрылуы және оның қызметі»//Тарих және этнография институтының электронды журналы - edu.e-history.kz 2019, қазан-желтоқсан, № 4 (20)

Елімізде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағына 5 мақала шықты:

1.«Қазақстандағы қытай тілін оқытудың кейбір мәселелері» //Қытайтанудың методологиялық мәселелері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қытайды зерттеу сериясы №5.– Алматы, 25 қараша 2016 жыл. 89-95 б.

2. «Қазақстандағы қытай тілін оқытудың тарихы» //Жаңа жібек жолы форумы (Алматы-2017) «Бір белдеу – бір жол» бойындағы мемлекеттердің

білім беру саласындағы ынтымақтастығы мен инновациясы» атты халықаралық форум материалдары. – Алматы, 28-30 маусым, 2017 жыл. 4-7 б.

3.«Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі» //«ҚКП ХІХ съезінің шешімдері және Қазақстан мен Қытай қатынастары» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы. - Алматы, 2 наурыз 2018, 112-123 б.

4. «Қытайдың «жұмсақ күш» саясатындағы Конфуций институттарының орны» //V Халықаралық Фараби оқулары, Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция мақалаларының жинағы. – Алматы, 3-13 сәуір 2018, 18-20 б.

5.«Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының ерекшеліктері» //«Қазақстан және шетелдегі қытайтану ғылымы» атты І халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы. – Алматы, 27 сәуір 2018, 242-249 б.

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспе, төрт тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарау 2 тараушадан, қалған тараулар 3 тараушадан құралған, жалпы көлемі 149 бет.

1 ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ ТІЛДІК САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің теориялық негіздері

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты - ҚХР-дың сыртқы дипломатиялық саясатының құрамдас бөлігі. Сондықтан оны таза лингвистикалық тұрғыдан емес, сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастар тұрғысынан зерттеуге тура келеді. Бірақ ол ҚХР-дың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарын толық қамтымайды, тек соның бір құрамдас мазмұны ретінде зерттеледі.

Тілдік саясат – тілді дамыту мен қолданысқа енгізуге бағытталған мемлекет пен жалпы қоғамның саналы да мақсатты түрде жүргізіп отырған іс-әрекеті. Оған тілдік нормалардың функционалды таралуын өзгертуге немесе сақтап қалуға бағытталған амалдардың жиынтығын да жатқызуға болады [106].

Халықаралық қатынастар саласында тілге үлкен мән беріледі. Өйткені ол түрлі мән-мағына мен саяси ұстанымдармен тығыз байланысты. Адамзаттың кез-келген іс-әрекеті мен қоғамдық қатынастар тілдің қатынасынсыз іске асуы мүмкін емес. Тілді халықаралық қатынастардағы бір фактор мен құрал ретінде қарастыру және зерттеу барған сайын тереңдеп барады. Ал, халықаралық саясатты лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың маңыздылығы күннен күнге артып келеді. Халықаралық қатынастар қоғамдық ғылымдарға жатады, ал тіл болса қоғамның бөлінбес бөлшегі. Атақты америкалық философ Джон Роджерс Серл «кез-келген қоғамдық институттар өзінің алғышарты ретінде тілге негізделген. Тіл қоғамдық институттарсыз өмір сүре алады, алайда, қоғамдық институттар тілсіз өмір сүре алмайды» деп есептейді [107, 62].

Әлеуметтік ойлар, идеялар, практикалар қоғамдық өмірде лингвистиканың қолдауы арқасында жүзеге асып отырады. Түрлі идеологиялар тілдің көмегінсіз іске аспайды. Сондықтан халықаралық қатынастардағы тілдің онтологиялық рөлін зерттеу қажет болады. Өйткені тіл адамзаттың пікір алмасу құралы ретінде дәнекерлік қызмет атқарады.

Австриялық философ Л.Витгенштейннің «біздің әлеміміздің шегі - біздің тіліміздің шегі» деген сөзінде мән бар. Мұны философиялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да түсіндіруге болады. Яғни, тіл тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол ойлаудың және қоғамдық іс-әрекеттің жүйесін қалыптастыратын маңызды элемент [108, 12].

Халықаралық қатынастар, мемлекетаралақ байланыстардың барлығы тіл арқылы іске асады. Саяси субъектілер тілді тек қана ойын жеткізетін құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар оны ықпал етуші құрал ретінде де тануы керек.

XXI ғасырдағы түрлі елдер мен аймақтар арасындағы бір-біріне деген тәуелділігінің артуы мен мәдениеттердің бір-бірімен араласуы жағдайында, заманауи халықаралық қатынастардың дамуына лингвистикалық фактордың ықпалы күннен-күнге артып отыр. Әлемдік саясаттағы лингвистикалық өлшемнің негізгі категориясы халықаралық аренадағы өз ықпалын күшейту мақсатында өз тілін таратуға бағытталған белгілі бір мемлекеттің тілдік саясаты.

Тілдік саясатқа қатысты мәселелерді шешу үшін құрылған мемлекеттік мекемелер көп. Негізгі категория ретінде «мемлекеттік мүдде» деген түсінікті алға тартып отырған кез-келген мемлекет, өзінің тілдік саясатын құру барысында да мүддені бірінші орынға шығарады. Белгілі бір мемлекеттің ұлттық-тілдік саясатын түзу барысында азсанды тілдік қоғамға, оның тілі мен мәдениетіне деген құрметке негізделген Европалық Хартияның принциптерін сақтау керек екеніне қарамастан, көп жағдайда мұндай мекемелер мен ұйымдар мемлекеттік мүдде шеңберінде өте қатаң позиция ұстанады.

Тілдік саясат пен тілдік жоспарлау қай кезде болмасын ішкі және сыртқы саясаттағы бірқатар мәселелерді шешуде тиімді құрал болған және бүгінгі жаһандану жағдайында оның маңызы еселене түсті.

Тілдік саясат және тілді жоспарлау зерттеу нысаны ретінде әлеуметтіклингвистика саласына жатады, бұл «лингвистика, әлеуметтану, әлеуметтік психология және этнография сияқты ғылымдардың қиылысында дамып, тілдің әлеуметтік табиғатын, функцияларын, әлеуметтік факторлардың әсер ету механизмін және тілдің қоғамның өміріндегі рөлін зерттейтін ғылыми пән» [4].

Теориялық әлеуметтіклингвистикадан бөлек қолданбалы әлеуметтіклингвистика да өз алдына бір бағыт ретінде қалыптасқан. Оның ең бір маңызды мәселелерінің бірі тілдік саясат болып отыр.

Тілдік саясат ұғымына Ю.Д.Дешериев өз зерттеулерінде зор маңыз берген. Ғалым тілдік саясатты «қоғамдағы, мемлекеттегі тілдік мәселелерді шешуге бағытталған идеологиялық принциптер мен практикалық шаралардың жиынтығы» [109, 381] деп анықтаған. Тілдің ықпал ету кеңістігіне байланысты ішкі және сыртқы тілдік саясат деп екіге жіктейді. Ішкі тілдік саясатқа – ел ішінде тілдерді қолдану принциптері жатады. Ал сыртқы тілдік саясат, ол – шетелдерге, дүниежүзіне бағытталған стратегиялық саясат.

Біз қарастырып отырған сыртқы тілдік саясат негізінен өзінің ұлттық тілін мемлекеттен тыс жерлерде таратуға бағытталған. Ол соңғы кездерде белгілі бір мемлекеттің тартымдылығы мен сыртқы саяси міндеттерін тиімді жүзеге асыру мақсатында өзінің ұлттық құндылықтары мен мәдениетін шетелдерге таратуға негізделген «жұмсақ күш» түсінігімен байланысты болып отыр. Оның ішінде тілдік ресурсты пайдалану алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі екені даусыз.

Белгілі ғалым Ю.Д.Дешериев: «белгілі бір тіл саясатын жүзеге асыру арқылы да мемлекетаралық қатынастарды шешуге болады» [110, 381] деп санайды.

А.Д.Швейцер «белгілі бір жағдайларда тілдік саясат мемлекеттің ішкі саясатының ғана бір бөлігі болып қалмай, сонымен қатар басқа мемлекеттерге қатысты қолданып отырған саясатының да бір бағыты бола алады» [110, 216] деп есептейді.

Р.И.Хашимов, тілдік саясат сыртқы саясаттың бір бөлігі ғана емес, «мемлекеттің қоғамға, ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарға әсер ету құралы» [111, 120] деп түсіндіреді.

Соңғы жылдары сыртқы тілдік саясатқа қатысты мәселелердің өзектілігі артып келе жатыр. Мемлекеттердің осы бағытта жасаған жекелеген іс-

әрекеттерінің орнын, мақсатты түрде жан-жақты жоспарланған сыртқы тілдік саясат басып отыр.

Сыртқы тілдік саясаттың ерекшелігі оның белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясатымен және дипломатиялық мақсаттарымен тығыз байланысты болуы. Сонымен қатар, тілдік саясаттың осы бағытының пайда болуы мен өзектілігі «жұмсақ күш» тәсілдерінің қолдануымен, оның әлемде кең етек алуымен тікелей байланысты.

«Жұмсақ күш» қара күш, дүлей күшке қарама-қарсы айтылған ұғым. Ол адамдардың «ой-санасын игеру» арқылы оларды саналы түрде өздеріне қызықтыру және өз мүддесіне сәйкес қызмет еткізу.

Халықаралық қатынастар мен халықаралық қатынастар теориясының қарастыратын басты мәселесі соғыс пен бейбітшілік мәселесі. Соғыс және бейбітшілік құбылыстары әрқашан ойшылдар мен ғалымдарды үздіксіз толғандырып келген күрделі тақырып. Соғыс күшке, зорлыз-зомбылыққа бой ұрады, ал бейбітшілік адамгершілік пен моральға негізделеді. Адамдардың арманы бейбіт өмір сүру. Алайда бейбітшілікті қалай сақтауға болады? деген мәселе адамдарды қатты толғандырды. Нәтижесінде соғыссыз да көздеген мақсатты жүзеге асыруға болатын тәсілдер дүниеге келе бастады. Сонымен соғыс жөніндегі адамдардың дәстүрлі көзқарасына өзгеріс әкелді. Батыс елдерінде және АҚШ-та халықаралық қатынастар бойынша беделді мамандар постбиполярлы әлемдегі күш факторының рөлі мен табиғатына қатысты жаңаша ғылыми концепцияларды ұсынды.

XX ғасырдың соңында пайда болған «қатты күш» (hand power) – концепциясын көптеген ғалымдар мемлекеттердің әскери және экономикалық қуатымен байланыстырады. Бұл концепция мемлекеттің ұлттық мүдделері мен стратегияларын жүзеге асыратын, оның халықаралық сахнадағы ықпалын қамтамасыз ететін күш-қуатын анықтайды. «Hand power» концепциясын жүзеге асыру әскери күшті белсенді түрде пайдалануға, қарсы тұру мен сес көрсетуге, сонымен қатар жақын одақтастарға материалдық көмек көрсетуге негізделген.

XX ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап халықаралық қатынастар теориясына дәстүрлі әскери күш қағидасының орнына жаңа түсінік қалыптаса бастады.

Оның басты ұғымы «жұмсақ күш» (soft power) концепциясы болды. Бұл концепцияны әлем елдері тез қабылдады. Әсіресе, жаһанға ықпал етуші ұлы держебалар жылы қабылдады. АҚШ-та пайда болған теория аз уақыттың ішінде қолдау тауып, ықпалды мемлекеттердің құралына айналды.

«Жұмсақ күш» («soft power») термині мен теориясын алғаш ұсынған ғалым - Гарвард университетінің Кеннеди атындағы қоғамдық әкімшілік мектебінің профессоры Джозеф Най (Joseph S.Nye, Jr.). Ол халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың іргелі мәселелеріне арналған - «Bound to Lead: The Changing Nature of American Power» (1990, Американың құдіреттілік табиғатының өзгеруі), «Governance in a Globalizing World» (2000, Жаһанданған әлемді басқару), «The Paradox of American Power: Why the World's Only Superpower Can't Go it Alone» (2002, Америка құдіреттілігінің парадоксы: неге әлемдегі жалғыз супердержава жеке дара бола алмайды) және «Soft Power. The

Means to Success in World Politics» (2004, Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта жетістікке жетудің құралдары) сияқты еңбектерінің авторы.

Оның пайымдауынша, мемлекеттік күш өзіне керек, ыңғайлы нәтижеге қол жеткізе білу мүмкіндігіне ие. Ал, бұл мүмкіндік саяси режимде билікті жүзеге асыру үшін белгілі бір ресурстың болуына және оларды тиімді пайдалану мүмкіндігіне байланысты. Көптеген жағдайда өзіңе қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін рухани және материалды мәдениет, қоғамдық және саяси принциптер, жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясаттың сапасы сияқты факторларды іске қосуға болады. Осындай қосымша факторларды дұрыс қолдана білген жағдайда елдің жағымды бейнесін қалыптастыруға және ерекше ресурс жинап алуға мол мүмкіндік береді. Найдың айтуы бойынша, «жұмсақ күш» - өз мақсатына күш көрсетумен, сатып алумен немесе мәжбүрлеумен емес, керісінше өзіңнің тартымдылығыңмен қол жеткізе білу қабілеті. Яғни, басқалардың қара күшсіз, экономикалық қыспақсыз сен қалаған әрекетке баруы [112, 45].

Джосеф Най «Жұмсақ күшке» берген анықтамасын әр кезде толықтырып отырады. 2004 жылы берген анықтамасында: «өзің қалаған нәтижені мәжбүрлеу немесе төлемдер арқылы емес, тартымдылық арқылы қол жеткізе білу қабілеті» [113] дейді. Ғалым «тартымдылықты» басқаша дәріптеп тұр. Мұны ол 2011 жылы «The Future of Power» еңбегіндегі пайымдауында толықтыра түседі. Ол жерде Най «тиімді нәтижеге қол жеткізу мақсатында басқаларды көндіру, көзін жеткізу және жағымды тартымдылық тудыруды «жұмсақ күш» деп атап көрсетеді [114, 20]. Осылайша, Дж. Найдың концепциясына сәйкес бір субъект объект үшін тартымды болу керек, оған ұнауы қажет, ал бұл жағдай өз кезегінде субъектіге объектінің ықыласын өз пайдасына қолдануға мүмкіндік береді.

Дж.Найдың пайымдауынша, АҚШ-тың жұмсақ күші кеңес үкіметінің қырғи-қабақ соғыста жеңіліс табуының үлкен бір себебі. Өйткені, кеңестік саяси элита жұмсақ күш механизмдерінің сыртқы саясаттағы теке-тіреске әсері мол екенін мойындамады. АҚШ–пен байланыстырылатын коммерциялық жарнама жұмсақ күштің маңызды элементтерінің бірі болды. «Темір перденің батысы мен шығысындағы Европа мемлекеттерінің жастары бір ұрпақтан кейін бір ұрпақ өздері үшін жаңа мәдени альтернативалар тапты. Көк түсті джинси, кока-кола, темекінің белгілі маркалары сияқты қарапайым заттардың өзі жастардың өзіндік «Менін» танытатын мүмкіндікке айналған» [115, 36] дейді. Сондай-ақ ол жалпы бұқаралық ақпарат құралдарын жұмсақ күштің ең маңызды құралдарының бірі деп есептейді. Сондай-ақ жұмсақ күшке ғылымның да жасайтын ықпалын атап көрсетеді.

Найдың концепциясында «жұмсақ күшке» үгіт-насихат жүргізуді де жатқызады. Най «ақыл-ойды бұрау, қолды бұрағаннан жақсы емес» деп есептейді [116, 81].

Найдың пайымдауынша «жұмсақ күштің» негізгі қайнар көзі мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясатты қамтыйды. Алайда Най тіл қызметіне ерекше маңыз береді. Ол «жұмсақ күштің» негізгі үш құрамдас бөлігін атап көрсетеді. Олар: сыртқы саясат, сыртқы экономикалық белсенділік және мәдениет пен тілдің тартымдылығын арттыратын үгіт-насихат [117, 44].

Әлем ғалымдарының ортақ атсалысуының арқасында, «жұмсақ күштің» мазмұндарын қамтыйтын ұғымдар және оның анықтамасы тұрақтады. Сондай-ақ «жұмсақ күштің» жалпыға ортақ жұмыс істеу механизмдері қолданысқа енгізілді. Мысалы, «жұмсақ күш» қамтитын гуманитарлық ынтымақтастық, инвестиция, жоғарғы деңгейдегі диалог және тағы басқа түрлері ерекше белсенді қолданыста.

Найдың «жұмсақ күш» ұғымына жақын келетін анықтаманы ресейлік ғалымдар Н.В.Кухаренко мен С.В.Кухаренко береді. Олардың пайымдауынша «жұмсақ күш – өз елінің тартымды бейнесін қалыптастыру және өзінің әсер ету аймағын кеңейту мақсатында басқа елдерге бағытталған әскери емес дипломатиялық іс-әрекеттердің жиынтығы» [118, 165].

Ресейлік зерттеуші Д.В.Масяков «жұмсақ күш» концепциясына қатысты өз теориясын жасады. Оның анықтауынша, «егерде ол ортақ құндылықтарды, мәдени және моральдық идеяларды қабылдауға және таратуға негізделген болса, қалайда тартымды және нәтижелі болатын «экспансионистік саясаттың атрибуты» дейді. Д.В.Масяков «жұмсақ күшті» мемлекеттің өз мүдделерін белгілі бір аймақта жүргізу үшін арнайы ойластырылған, агрессивті стратегия ретінде қарастырады [93, 13].

Қытай ғалымдары «жұмсақ күшке» сәл өзгешелеу анықтама береді. Қытайлық ғалым Лю Цзайши «жұмсақ күш - мемлекеттің дамуы мен «қатты күшті» қолдана білуіндегі даналығы мен стратегиясы» [119] деп санайды. Яғни, ол «жұмсақ күшті» «қатты күшпен» қатар қояды.

Ал, қытай ғалымы Лю Гофу: «жұмсақ күштің» қайнар көзі «қатты күш» дейді, егерде қатты ол барлық нәрсенің басы болса, ал жұмсақ ол соның кеңейтілген көрінісі деп санайды. Сондай-ақ ол бір-біріне қарама-қарсы дүниелердің бүкіл әлемді ұстап тұрғанын, бір күш тағы бір қарсы күшсіз өмір сүрмейді деп санайды [120, 18].

Шанхай қоғамдық ғылымдар академиясының зерттеуші Юй Синьтянь «жұмсақ күш бұл – ұлттық мәдениеттің әсер етуінің халықаралық қатынастардағы көрінісі» [121] деп түсіндіреді.

«Жұмсақ күш» ұғымына әртүрлі анықтамалар берілгенімен оның барлығы ортақ бір танымға тоғысады. Яғни халықаралық қатынастардың белгілі бір субъектісі зорлық-зомбылық әрекеттерге сүйенбей, көздеген мақсатқа қол жеткізу деген көзқарасқа тоқтайды. Демек, «жұмсақ күш» анықтамаларында ортақтық басым. Алайда оның қолданылу механизмі жөнінде ұқсамаған көзқарастар бар.

Бірінші, әдетте күшті «қатты» және «жұмсақ» деп айырғанда, материалды және материалды емес деген ұғым негізге алынады. Көптеген зерттеушілер «жұмсақ күш» түсінігін материалды емес, рухани деп есептейді. Олардың ішінде қытайлық ғалым Юй Синьтянь да бар. Ол «жұмсақ күшті» материалды емес деп қарастырады. Мысалы, ол экономикалық факторды материалдыққа, яғни «қатты» күшке жатқызады [121].

Көптеген зерттеушілер Дж.Найдың ұстанымы бойынша «жұмсақ күштің» негізгі элементі және қозғаушы күші ретінде мәдениетті алдыға қояды. Найдың теориясы жөнінде қытайлық ғалымдардың көзқарасы екіге жарылды: біреулері «жұмсақ күш» тек қана ұлттық мәдениет пен оның құндылықтарына

негізделеді десе, екінші топ «жұмсақ күштің» басқа да қайнар көздері бар деп санайды. Ал Б.С.Глэйзер мен М.Э.Мерфи қытайлық «жұмсақ күш» концепциясының қалыптасуының екі кезеңін атап көрсетеді.

1. XX ғасырдың 90-жылдары – мәдениетке негізделген «жұмсақ күш» концепциясының басым болу кезеңі.

2. XXI ғасыр – саяси сипаттағы қытайлық ерекшелікке ие «жұмсақ күш» концепциясының қалыптасу кезеңі [122] деп санайды.

Дегенмен қытайлық ғалымдардың көбі алғашқы концепцияны дұрыс деп санайды. Олар мәдениет «жұмсақ күштің» ең негізгі аспектісі және осы саладағы басымдық, халықаралық бәсекелестіктегі негізгі құрал деп санайды. Мұны ортаға қойған адам ҚКП ОК саясатын зерттеу бюросының директоры, профессор Ван Хунин. Ол мемлекеттің әлеуетіне қатысты мәселеде мәдениеттің рөліне баса мән беру керек екенін атап айтады. Бірақ оның айтуындағы мәдениет дәстүрлі түсініктен біршама басқашалау. Ол мәдениет саяси құрылым, ұлттық мәдениет пен оның әр алуандығы, экономикалық жүйе, тарихи даму үдерісі, идеология, ғылыми-техникалық сияқты көптеген факторларды қамтиды деп есептейді [21, 93].

Орыс ғалымы М.Л.Титаренко «жұмсақ күштің» негізі мәдениетте жатыр деп түсіндіру қытайлықтардың дәстүрлі рухани танымына сәйкес келеді деп есептейді. Онда саналы, өркениетті вэнь (文) - өркегнийет бастауы, қиратушы У-дан (武) – қарудан биік тұрады [123, 7] деп пайымдайды.

Шанхай қоғамдық ғылымдар академиясының зерттеушісі Юй Синьтянь да: «жұмсақ күш» саясатының негізгі мазмұнын үш құрылымнан тұрады дейді. Олар: 1) идея, ойлау, принциптер (мемлекеттік те, халықтық та), 2) жүйе (халықаралық жүйе, мемлекеттік жүйе), 3) стратегия және саясат (мемлекеттік, халықтық, мекемекеттер, үкіметтік емес ұйымдар және т.б.) [121].

Қытай ғалымдары Ван Хуньин мен Лу Ечун қытайлық «жұмсақ күштің» қытай мәдениеті, дамудың қытайлық моделі және қытайлық бейбіт һәм тәуелсіз сыртқы саясаты деген үш негізгі қайнар көзін ерекшелеп алатын концепцияны қолдайды [125, 439].

Мәдени-өркениеттілік концепция - Қытайдың ұлттық «жұмсақ күш» саясатының негізі саналады. ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао 2007 жылы өткен ҚКП XVII съезінде сөйлеген сөзінде, мемлекет «жұмсақ күштің» рөлін арттыруда мәдениет тұрғысында күш салауға ниетті екенін атап өтті. Сондай-ақ мынандай міндеттерді атқаруды тапсырды:

1) қытайлық ерекшелікке ие социализмнің құндылықтар жүйесін құру және қытайлық ерекшелікке ие социализм идеологиясының тартымдылығы мен нығайтушы күшін арттыру;

2) гармонилды (үйлесімді) мәдениет құру және өркениетті әдептерді қалыптастыру;

3) қытай мәдениетін дамыту және жалпы қытайлық ұлттық руханиат ошағын құру;

4) мәдениет саласында инновацияны алға жылжыту және мәдени дамудың өміршеңдігін нығайту [125].

Осы міндеттерді атқару барысындағы мәселелерге тоқталған Лю Гофу мырза: «жұмсақ күштің» мәдени құрамдарын ғана негізге алып,

«дипломатиялық жұмсақ күш» пен «құндылықтардың жұмсақ күшіне» және «ұлттық бірегейліктің жұмсақ күшіне» көңіл бөлмей отырған қытайлық ғылыми қауымдастықты сынға алады. Ол өзі бүкіл «жұмсақ күш» саясатының осы жоғарыда аталған құрамдас бөліктеріне баса назар аударады [126, 19]. Лю Гофу заң ғылымдарының маманы ретінде, «жұмсақ күштің» құқықтық нормаларына ерекше маңыз береді. Ол «жұмсақ күшті» ілгерлетуде құқықтық нормалар ерекше рөл ойнайды деп есептейді. Көптеген батыстық ғалымдар да Қытайдың қазіргі кездегі мемлекеттік жүйесінің тартымдылығы кемшін екенін айта отырып, оған өзінің «жұмсақ күшін» арттыру үшін, заңдық-құқықтық нормаларды дамыту керек деп есептейді.

«Жұмсақ күш» концепциясындағы экономика факторы көп талқыланып келеді. Бұл мәселеге қатысты Дж.Найдың өзі экономикалық қарым-қатынастың қай бөлігі «жұмсақ күшке», қай бөлігі «қатты күшке» жататынын нақты айту қиындау деп есептейді. «Экономикалық ресурстар жұмсақ күштің де, қатты күштің де көзі болуы әбден мүмкін. Олар өз ыңғайына тарту үшін немесе керісінше мәжбүрлеу үшін де қолданылуы мүмкін» [127] деп санайды. Қалай болғанда да, табысты экономикалық модель тек қана халықаралық қаытнастар шеңберінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік қауымдастық шеңберінде де тартымдылыққа ие факторлардың бірі екені сөзсіз. Табысты экономикалық даму факторы ҚХР-дың «жұмсақ күшінің» бір құрамдас бөлігі ретінде, «Вашингтон консенсусына» қарсы қойылған «Пекин консенсусы» теориясында да көрініс тапқан.

Дж.К.Рамо ҚХР экономикалық дамыуына ерекше маңыз береді. Ол «қытай қаупіне» қарсы қою үшін «жұмсақ күшін» еселеуге мәжбүр болып отырғанын дәйектейді.

Кейбір ғалымдар «Пекин консенсусы» мемлекетті авторитарлық жолмен басқаруды қарқынды дамып бара жатқан экономикамен үйлестіре білу және басқа жүйені демократияландыруды, экономикалық модельін либерализациялау талап етпеу Вашингтон консенсусынан да жемісті болуы мүмкін деп есептейді [128].

Американдық саясаткер Дж.Курляничик ҚХР-дың бұл саясатын «Пекин консенсусы» деп атасақ та немесе басқаша атау берсек те, Қытай өзінің әлеуметтік-экономикалық модельін белсенді түрде дамытып отырғаны анық деп қарайды [46, 56].

Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің ғалымдары И.В.Радиков пен Я.В.Лексютиналар да «жұмсақ күштің» экономикалық факторына және қытайлық даму модельінің алға шығуына ерекше маңыз береді. Олар экономикалық санкциялар мен экономикалық түрлі қыспақтың түрлері «қатты күшке» жататыны туралы Дж.Найдың пікірімен келісе отырып, сонда да болса, табысты экономикалық дамудың басқа мемлекеттерге, әсіресе дамушы елдерге зор ықпал ететініне де баса назар аударады [129, 21].

«Экономикалық шарықтауды» ҚХР-дың «жұмсақ күшінің» қайнар көздерінің бірі ретінде ресейлік қытайтанушы ғалым М.Л.Титаренко да қарастырады. Оның пікірінше, көптеген дамушы мемлекеттер Пекиннің тәжірибесін қолданғысы келеді [123, 8].

Қытайдың экономикалық қуатының «жұмсақ күш» саясатындағы рөлін Чжао Лей басқаша түсіндіреді. Оның пікірінше, Қытайдың экономикалық қуатының артуы халықтың өз күшіне деген сенімінің қайта жаңғыруына түрткі болды және дәстүрлі қытайлық мәдени құндылықтар жүйесін қайта жандандырды. Қытайлық ғалым «жұмсақ күштің» өзегі ретінде мәдениетке басымдық бергенімен, ол осы саладағы бірқатар әлсіз тұстарын да атап көрсетеді. Нақтылап айтқанда, Қытай мен басқа әлемнің арасындағы мәдени және саяси диалогтың айырмасына тоқталады. Экономикалық қарым-қатынастардағыдай мәдениетте ортақ құндылықтар базасын құру өте қиын деп есептейді [130].

Британдық зерттеуші Ш.Брэслин экономиканы «жұмсақ күштің» құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға түбегейлі қарсы. Ол қатты күшке жатпайды деген қытайлық «жұмсақ күштің» төрт түрін атап көрсетеді:

- 1) «жұмсақ күш» тартымдылықтың жасырын күші;
- 2) Ұлттық имиджді белсенді түрде көтеру;
- 3) нормативті билікті алға шығару; (продвижение нормативной власти)
- 4) қиалдағы күш; (воображаемая сила).

Брэслин жұмсақ күш пассивті күш, ол басқалардың мемлекеттің құндылықтары мен жүйесін қалай қабылдайтынына байланысты туындайды деп есептейді. Ол «жұмсақ күш» мемлекеттің араласуынан туындаған емес, өздігінен орын алатын эффект деген пікір білдіреді [131, 8].

Пан Чжуньин мемлекеттің қуаты туралы тоқталғанда «жұмсақ күш» түсінігін экономикадан бөлек қарастыра отырып, әскери, жұмсақ және экономикалық деп үшке бөліп көрсетеді [132,51].

«Жұмсақ күш» түсінігін тікелей саяси шаралармен байланыстыратын қытайлық ғалым Цинхуа университетінің профессоры Янь Сюэтуң. Ол «жұмсақ күш» халықаралық тартымдылықтың, халықаралық және мемлекеттік күштердің тез қимылдайтын ұтқырлығының жиынтығы деп есептейді. Осы аталған факторлардың өзі де құрамдас бөліктерден тұрады. Мысалы: халықаралық тартымдылық деп отырғаны, мемлекеттің моделінің және мәдениетінің тартымдылығынан, халықаралық күштердің тез қимылдайтын ұтқырлығы деп отырғаны субъект-мемлекеттің қойған ұсыныстары мен талаптарын басқа елдердің ешқандай дәрежі күш көрсетпестен қабылдауы. Оның өзі де стратегиялық достық қарым-қатынас пен халықаралық тәртіпті қалыптастыру құқығына ие болу сияқты элементтерден тұрады деп есептейді [24, 26].

Америкалық зерттеуші Дэннис Е.Чжен «жұмсақ күштің» құралдарының біршама ерекше түрлерін атап көрсетеді. Оның ішінде инвестиция, әлеуметтік көмек, өзара алмасу бағдарламалары, дипломатия және көпжақты институттарға қатысу қамтылады [133, 3].

Саясаттанушы Д.Шамбо қытайлық «жұмсақ күшке» Азия инфрақұрылым инвестициялар банкы, Жібек жолы экономикалық белдеуі сияқты жаңа инициативаларын жатқызады, ал оның басты құралы ақша деп санайды [134].

Ресейлік ғалымдар И.В.Радиков пен Я.В.Лексютина «жұмсақ күштің» өзегі идеология және институттар, ал оның қозғаушы күші бұқаралық мәдениет пен ақпараттық технологиялар деп есептейді. Оның негізгі құралдары ретінде

коммуникация, ерекше интернет желісі, мемлекеттік емес ұйымдар, дипломатиялық өкілдіктер, мәдени және білім беру орталықтары, ауқымды іс-шараларды атап көрсетеді. Осының бәрін алға бастыратын - атақты сауда маркалары, ғылыми жетістіктер, техника, өнер, тіпті сән моделдері деп санайды [129].

Осылайша, мемлекеттің «жұмсақ күші» оның қазіргі заманғы тенденциялар жағдайында өзінің дипломатиялық стратегиясын күш қолданбай жүзеге асыратын сыртқы саясаттағы әдісіне айналды. Осы контексте «жұмсақ күштің» негізгі компоненті мәдени дипломатияға үлкен көңіл бөлінеді. ҚХР-дың «жұмсақ күш» дипломатиясын «мәдениорталықтандырылған», яғни, қытай мәдениеті мен мәдени жетістіктерін әлемге экспансиялауға құрылған деп есептеуге болады.

Мәдени дипломатия дегеніміз - жанама өзара іс-қимыл арқылы мемлекет мүдделерін алға жылжыту әдісі, яғни мемлекетаралық байланыстарды қамтитын қатынастардың дәстүрлі үлгісін айналып өту. Уақыт өте келе бұл екі ел арасындағы қатынастардың дамуына және олардың жоғары деңгейге шығуына ықпал етуі мүмкін. Алайда мәдени дипломатияның әсері ұзақ мерзімді жұмыс нәтижесінде ғана көрінеді. Қоғамдық пікірді қысқа мерзімде жою үшін мәдени дипломатияны пайдалану идеясы тиімсіз. Асығыс және тым белсенді әрекеттер белгілі бір елге сенімсіздік тудырады және қоғам оның құндылықтарын қабылдамайды.

Мәдени дипломатия экономикалық, саяси, тіпті әскери салалардағы халықаралық қатынастарды жақсартуға ықпал етеді және басқа халықтармен арада байланыс орнату арқылы түсіністік пен сенім қалыптастырады.

Мәдени дипломатия концепциясын алғаш рет XX ғасырдың 40-жылдары америкалық тарихшы Ральф Тернер ұсынды. Алайда оны дамытып, жүйелі түрде түсіндірген халықаралық қатынастар expertі Франк Нинкович болды.

Франк Нинкович мәдени дипломатияны саяси мақсаттарды жүзеге асыру тұрғысынан түсіндіреді, бұл «ең алдымен халықаралық саясатта мәдени ықпалды қолданудың арнайы құралы» деп пайымдайды ол [135, 851]. Британдық ғалым Дж. М. Митчелл мәдени дипломатияны халықаралық мәдени қатынастар мен өзара түсіністікті дамытушы құрал ретінде қарастырады. Оның пікірінше, мәдени дипломатия - бұл үкімет құрған сыртқы мәдени байланыс [136, 270]. Қытай зерттеушісі Ли Чжи мәдени дипломатияны «егеменді мемлекет өз стратегиясындағы ерекше саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланатын мәдени алмасулар мен коммуникацияларға және мәдениетті таратуға негізделген сыртқы саяси қызмет» [31, 24] деп анықтама береді. Бұл анықтама мәдени дипломатияның негізгі мазмұны мен іске асыру нысанын ғана емес, сонымен бірге оның маңыздылығын да көрсетеді.

Мәдени дипломатия жария дипломатияны (Public Diplomacy - Публичная дипломатия) жүзеге асырудың маңызды аспектісі. Жария дипломатия түсінігі алғаш рет АҚШ-та пайда болды. Оны 1965 жылы Тафтс Университетінің А.Б.Флетчер атындағы құқық және дипломатия Институтының деканы Эдмонд Гуллион ағартушылық және мәдени алмасулар сияқты дипломатиялық амал-тәсілдер ретінде ұсынды.

Жалпы мағынасында оған үкіметтің өзінің жүргізіп отырған сыртқы саясатын әлемге түсіндіруге және басқа халықтарды онымен тереңірек таныстыруға бағытталған әрекеті деп анықтама берсек болады. Кейін келе бұл түсінік АҚШ-та ресми түрде қолданыла бастады. Тіпті, АҚШ-тың Консультативтік комиссиясының 1985 жылғы жария дипломатия туралы есебінде «Жария дипломатия АҚШ-тың сыртқы саясатын түсіндіре отырып, шетел азаматтары біздің ұлттың алуандығын сезіну үшін оларды америка қоғамы мен мәдениеті туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді, дәстүрлі дипломатияны толықтыра және нығайта отырып, шетелдердегі қоғамдық пікірді болжап отыруға көмектеседі» деп жазылған [137].

Жаһандану мен ақпараттанудың дамуымен достық қарым-қатынастар орнатуға және оны ұстап тұруға дәстүрлі дипломатияның әдіс-амалдары жеткіліксіз болды. Өз мәдениетің мен құндылықтарыңды шет елдерге тарату арқылы басқа халықтың өз еліңе деген ықыласын ояту қажеттілігі туды.

Соңғы жылдары жария дипломатия халықаралық қатынастардың маңызды бөлшегіне айналып үлгерді. Көптеген елдер мәдени құндылықтары мен нормаларын өзінің сыртқы саясатының негізгі принциптері ретінде қарастырып отыр. Олар жария дипломатияға жауап беретін арнайы мекемелер мен ұйымдар құруда. Жария дипломатия халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары мен халықтың назарын өзіне аударуға, өзара түсіністік орнатуға және тартымды бет-бейнесін қалыптастыруға бағытталған. Сәтті жүргізілген жария дипломатия шынында да үлкен рөл ойнай алатыны практика жүзінде дәлелденіп отыр.

Мәдени дипломатия жалпы алғанда мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік саясаты мен жария дипломатиясының маңызды элементі. Ол ақпараттық саясат, идеологиялық бәсеке, жаулық үгіт-насихатқа қарсы тұру, діни дипломатия сияқты сыртқы саясат жүргізудің басқа да элементтерімен ықпалдаса отырып жүргізілуі мүмкін. Мәдени дипломатияны жүргізетін құрылымдар елшілік, консульства сияқты ресми органдарға қарағанда шетелдегі сыртқы саяси жағдай мен қоғамдық көңіл-күй туралы ауқымды ақпаратқа ие. Сондықтан да басқа мемлекеттермен арада стратегиялық бағытты орнатуда мәдени дипломатия ерекше маңызды. Мәдени дипломатияның көптеген құралдарының кең таралған тәсілі - бұл мәдениетаралық қарым-қатынас пен өзара түсіністікке ықпал ету. Яғни, бұл әдеттегі дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынас шеңберінен тыс басқа мемлекеттердегі ықпалды құрылымдармен байланыстың түрлері. Олар екі мемлекеттің мәдени жақындығын тереңдетіп, сол арқылы олардың арасындағы сенімді қатынастарды нығайтады және шетелдің қоғамдық ұйымдарымен, тіпті үкіметімен арадағы қарым-қатынасты едәуір жақсарта алады.

Тіл мен мәдениетті ілгерілету - мәдени дипломатияның қалыпты қызметі. Тіл мен мәдениетті ілгерілетуге, өзара түсіністікті нығайтуға, елдің имиджін арттыруға бағытталған сыртқы мәдени іс-шараларды «тілдік дипломатияның» көріністері деуге болады.

Тіл дипломатиясының халықаралық тәжірибесі тұрғысынан ол негізінен мемлекеттің тікелей бақылауында болады, ал оны іске асыру жөніндегі өкілеттіктер тіл мен мәдениетті тарататын жеке құрылымдарға міндеттеледі.

Оны үкіметтік емес ұйымдар елдің бейбітшіл имиджін қалыптастыру үшін жұмыс жасайды.

Сондықтан тілдік дипломатия «бейресми» түрде үкіметтік емес дипломатиялық істерді жүзеге асырылады. Әрине, оларды қаржыландыру Қытайда үкімет тарапынан атқарылады.

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Белгілі лингвист Уорд Хант Гуденаф «Мәдени антропология және лингвистика» еңбегінде былай деп жазады: «Тіл - мәдениеттің айнымас компоненті. Мәдениетті зерттеудің басты құралы болуы - оның ең басты ерекшелігі. Адамдар тілді үйрену және пайдалану арқылы, тұтастай бір мәдениетті өзіне сіңіре алады» [138, 36].

Тіл - мәдениеттің ерекше формасы. Бұл ойдың кристалдануы, бірегейліктің символы, тану құралы тіпті белгілі бір халықты біріктіріп тұрған фактор. Адамдар тілді үйренгенде, олар осы тілде жазылған және бейнеленген мәдени әлеммен байланысқа түседі. Әрбір тіл өзіне тиесілі мәдени жүйенің ерекшеліктерін бойына жинаған. Ол ұлттық рухқа толы және ұлттық дүниетанымды бейнелейді. Сондықтан тіл мәдениетсіз өмір сүре алмайды және ол сол тілде сөйлейтін халықтың ой-санасымен біте-қайнасып кеткен құбылыс.

Тіл мәдениеттің өзіндік тасымалдаушысы бола отырып, белгілі бір ықпал ете алатын кеңістігі болған жағдайда, мемлекеттің ұлттық мүддесін ілгерілету үшін, зорлық-зомбылықсыз әдістерге негізделген «жұмсақ күш» саясатын тиімді іске асыруға көмектеседі. Осы мақсатта көптеген мемлекеттер тіл мен мәдениетті ілгерілету бойынша құрылымдар құрды. Олардың ішінде ең танымалдары Британдық Кеңес, Альянс Франсез, Сервантес институты және Гете атындағы Институт. Құрылғандарына ғасырға жуық уақыт болған бұл құрылымдардың жеткен жетістіктері орасан зор. Мысалы, Британ Кеңесінің белсенді қызметінің арқасында, қазіргі уақытта ағылшын тілі географиялық таралу аумағы өте кең ресми халықаралық тіл болып саналады.

Ал әлемдік жетекшілікте бәсекеге шыққан Қытай халықаралық билігін нығайту үшін сыртқы тіл саясатын қабылдап, оны жүзеге асыруға мемлекеттік ресурстарды қолданып келеді. Сол арқылы Қытайдың әлемдегі имиджі мен беделін артыруды көздеп отыр. Бұл іс жүзінде Қытайдың стратегиялық саясатының маңызды құрамдас бөлігі.

2002 жылы өткен ҚКП-ның XVI-съезінде партия басшысы Цзян Цзэмин «үшке өкілеттік ету» концепциясын ұсынды. Бұл концепциясында мәдениетке үлкен маңыз берді. «Үшке өкілдік ету» - басым көп санды адамдардың мүддесіне өкілдік ету, прогрессивті өндіргіш күштер мен мәдениетке өкілдік ету деп анықталды. Сондай-ақ экономикалық даму, прогресті рухани және интеллектуалды даму міндеттелді. Өйткені ашықтық саясат қолданылғаннан бері қытайлықтар әлемдік мәдениеттің, батыстық құндылықтардың ықпалына ұшыраған еді. Енді батыстық мәдени ықпалды тежеумен қатар, белсенді түрде ұлттық мәдени құндылықтарын дүниежүзіне қабылдатуды көздеді.

XXI-ғасырдың басында Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастары айтарлықтай дами түсті. 2003 жылы Қытай басшылығына Ху Цзиньтао бастаған жаңа ұрпақ өкілдері келді, Қытайдың халықаралық экономикалық ықпалы арта түсті. Соған байланысты әлемде «қытай қаупі»

деген мәселе туындады. Ал Қытай өзінің дамуын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіріп, өздерінің бейбітшілік екендеріне сендіруге тырысып келеді.

Қытайдың «Бейбіт өрлеу» концепциясы 2002 жылдың қараша айында өткен ҚКП ОК XVI съезінде ортаға қойылды және 2003 жылдың қазан айында өткен ҚКП ОК 3-пленумының қабылданған шешіміне енгізілді. ҚХР Мемлекеттік кеңесінің премьері Вэнь Цзябао 2003 жылы АҚШ-қа барған сапарында, Қытай дамушы мемлекет, оның дамуы негізінен өзінің инновациясына, ішкі нарығына байланысты «бейбіт өрлеуі», басқа мемлекеттерге кедергі келтірмейді және қауіп төндірмейді деп түсіндірді [139, 87]. Өйткені Қытайдың көздегені өздерінің тез күшеюі әлем елдеріне қауып төндірмейді дегенге сендіру арқылы Қытайды әлемдік деңгейде қабылдату. Бұл үшін ҚХР сауда-экономика жағынан әлемге ықпал етумен қатар, рухани мәдени жақтан қытайлық құндылықтарды әлем елдеріне қабылдату үшін қытай тілі мен мәдениетін дүниежүзіне тарату саясатын, стратегиялық ұзақ мерзімдік жоба ретінде нақтылады.

2004 жылы ҚКП ОК XVI шақырылымның IV пленумында «Қытай мәдениетінің кешенді қуатын нығайту. Қытай мәдениетін ілгерлету, мүмкіндігінше шетке шығару, халықаралық ықпалын арттыру» деген шешім қабылданды. Осы жылдан бастап шетелдерде қытай тілін оқытатын орталықтарды «Kongzi хуеуан» - «Конфуций институты» деңгейіне көтерді.

ҚХР басшысы Ху Цзинтао Қытайдың «Гармониалды қоғам» және «Гармониалды әлем» құру идеясы мен «Ғылыми даму көзқарасы» концепциясын алға қойды. Бұл концепциялар арқылы әлем елдеріне қарқынды өрлеп келе жатқан Қытайды дүниежүзімен жарасылымдық табатын мемлекет, әсте біреуге қатер төндіретін ел емес деген түсінік қалыптастыру. Сондықтан Қытай өзінің дәстүрлі ілімінен алынған «гармония» концепциясын халықаралық қатынастарда барынша насихаттай бастады.

2005 жылдың сәуірінде Джакартада өткен Азия-Африка елдері саммитіне қатысқан Ху Цзинтао алғаш рет Азия мен Африка елдеріне гармониалды әлем құру үшін бірлесіп жұмыс жасау ұсынысын ортаға қойды. Содан екі айдан кейін Ху Цзинтаоның Мәскеуге жасаған сапарында, Қытай мен Ресей «XXI ғасырдағы халықаралық тәртіп туралы Қытай-Ресей бірлескен мәлімдемесін» жариялады. Осы декларацияда Қытай мен Ресей бүкіл әлемде дамыған және гармониалды әлем құру үшін барлық мемлекеттермен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендерін мәлімдеді. Бұл Қытайдың «гармониалды әлем құру» концепциясының алғаш рет халықаралық қатынастарда қолдау табуы еді.

2005 жылдың 15 қыркүйегінде БҰҰ-ның құрылғанына 60 жыл толуына байланысты өткен жиында ҚХР төрағасы Ху Цзинтао: «Тұрақты бейбітшілік пен ортақ гүлдену, гармониалды әлемдік тәртіп құруға күш салайық» деген тақырыпта баяндама жасап, Қытайдың бейбіт, гармониалды дамуға ұмтылысын және осындай шешім қабылдағанына жауапкершілік алуға дайын екенін мәлімдеді.

ҚКП-ның 2007 жылдың қазан айында өткен ҚКП ОК XVII съезінде жасаған баяндамасында Ху Цзинтао: «Біз әлемдегі барлық елдердің халықтарымен ынтымақтаса отырып, берік бейбітшілік пен ортақ гүлдену арқылы гармониалды әлемдік тәртіп құруға ұмтылуымыз керек. Бұл үшін

барлық елдер БҰҰ жарғысының мақсаттары мен принциптерін берік ұстанып, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың жалпыға ортақ мойындалған нормаларын сақтауы керек. Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда демократияға, гармонияға, серіктестікке және екіжақты тиімді шешімге барынша қолдау көрсетуі керек» деді. Сондай-ақ ол «Жаңа дәуірде мәдениет ұлттық тұтастық пен шығармашылықтың маңызды бастауы болып отыр, сонымен қатар мемлекеттің күшін танытатын фактор ретінде де маңызы артып келеді. Осыған байланысты соңғы кезде қытайлықтар өздерінің мәдени өмірлерін байытуға ұмтылуда. Біз алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетке негізделген бағыттан ауытқымауымыз керек. Оны дамыту арқылы жаңа деңгейге көтеруіміз қажет, бүкіл халықтың мәдени шығармашылығын ынталандыру және де біздің еліміздің жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыруымыз керек. Сонымен қатар біз басқа елдердің мәдениет жетістіктерін өзімізге икемдеп қабылдау мен бүкіл әлемде қытай мәдениетінің ықпалын арттыру үшін халықаралық деңгейдегі мәдени байланыстарды нығайта түсуіміз қажет» [140] деді. Бұл Қытайдың халықаралық мәдени байланыстарды нығайту арқылы қытайлық мәдени ықпалды күшейтуді көздегенін көрсетеді.

Қытай «гармониалды әлем құру» ұстанымы арқылы халықаралық қатынастарда өздерін бейбітсүйгіш халық ретінде көрсетіп «қытай қаупі» күдігін сейілту үшін қытайлық көзқарасты сіңірудің ұтымды жолы – тілі мен мәдениетті тарау деп анықтаған.

Отандық қытайтанушы ғалым Н.Мұқаметханұлы «Қытайдың ХХІ ғасырда ортаға қойған «Гармониалды қоғам құру» мен «Гармониалды әлем құру» концепциясының теориялық негізі Қытайдың дәстүрлі Конфуций ілімінен алынғаны белгілі. Бұның өзі белгілі мағынада қазіргі қытай басшысының шетелдік ілімдерден немесе доктриналардан бас тарта бастағанын аңғартады. Өйткені ҚКП-ның жетекші идеясы болып саналатын марксизм-ленинизм, Мао Цзэдун идеясы қазіргі заманғы қытайдың қоғамдық мәселелері мен әлемдік дипломатиялық қатынастарындағы проблемаларды шешуге жетекшілік ете алмайтын болғандықтан да жаңа концепция мен теория жарыққа шығып отыр деп санаймыз» [11, 66] дейді.

Қытай «Гармониалды әлем құру» концепциясын «жұмсақ күш» дипломатиясы арқылы жүзеге асыруды қарастырады. 2007 жылы ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао ҚКП-ның XVII съезінде: ҚКП «қытай халқының төл мәдениетін, оның құқығы мен мүдделерін сақтау үшін Қытайдың жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыру керек» деп атап көрсетті. Ол қазіргі әлемде түрлі мәдениеттер қақтығысқанда өз елінің мәдениетін, оның қайталанбас бірегейлігін дамыту қажет [141, 6] деп санады. Осы съезде мәдениеттің «жұмсақ күш» әлеуетін арттыру саяси міндет ретінде алға қойды. «Жұмсақ күш» қара күш, дүлей күшке қарама-қарсы айтылған ұғым. Ол адамдардың «ой-санасын игеру» арқылы оларды өз саналы түрде өздеріне қызықтыру және қызмет еткізу.

Қытай тілі мен мәдениеті «жұмсақ күші» ретінде қолдануды мемлекеттік стратегия деңгейіне көтеріп, «Қуатты мәдени мемлекет Стратегиясын» қалбылдады. 2012 жылы өткен ҚКП ОК XVII шақырылым 6- пленумының

шешімдерінің «мәдениет саясат» бөлімінде арнайы айтылды. Онда біржақты тек экономикаға ғана көңіл бөлуден арылу баса айтылды. Сонымен қатар осы пленумда мемлекеттің мәдени «жұмсақ күшін» нығайту және қытай мәдениетінің әлемдік ықпалын арттыру қарастырылды. Қытай өнімін экспорттау ғана емес, сонымен қатар әлемге қытай мәдени құндылықтарын тарату, қытай мәдениетінің орнын анықтауға үлкен назар аударды.

2012 жылы өткен ҚКП ОК XVIII съезде билік ауысып, Си Цзиньпин бастаған жаңа команда мемлекет басына келді. Сонымен «қытайлық ерекшелікке ие социализмнің жаңа дәуірі» басталды. ҚХР-дың ішкі-сыртқы саясатында белгілі өзгерістер өріс алды. ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі Ян Цзечи өзінің «Дипломатия теориясы мен практикасындағы инновация» атты мақаласында: «анағұрлым кешенді және мықты теңдестірілген Қытай дипломатиясы жаңа заманда идеяның байлығы, айқын басымдықтар, берік ұстаным, икемді шешім, өзіндік стиль сияқты ерекшеліктерді танытып отыр» [142, 18] деп көрсетті.

ҚХР председателі Си Цзиньпин 2012 жылдың 29 қарашасында Қытайдың ұлттық музейінде өткен «Қайта өрлеу жолы» атты көрмеде алғашқы рет қытай ұлтының ұлы жандануын жүзеге асыруға негізделген «қытай арманы» идеясын алға тартты. Қытай басшысы ««Қытай арманы» - бұл Қытай халқының бақуатты өмір сүретін әділ қоғам құру туралы ғасырлар бойғы ойлары мен арман-тілектерінің түйіні» [143] деп түсіндірді.

ҚКП ОК XVIII съездінің ашылуында қытай басшысы «ҚКП-ның құрылуына 100 жылдығына дейін орта дәулетті қоғам (сяокан) құруды толық іске асыру, ал ҚХР құрылуының 100 жылдығына дейін Қытайды бай, қуатты, демократиялық, өркениетті, үйлесімді, модернизацияланған, социалистік, заманауи мемлекет етіп құрып шығамыз» [144, 6] деген жоспарын ортаға қойды.

«Қытай арманының» ел ішіне және сыртына бағытталған мақсаттары бар. Шетелге жүргізіп келген «жұмсақ күш» саясатын одан әрі күшейту арқылы дүниежүзіне жетекшілік ету, қытайлық құндылық негізінде жаһандауды жүзеге асыру. Соның нақты жобасының бірі - «Бір белдеу-бір жол» стратегиясы. Бұл жобаны 2013 жылдың қыркүйегінде ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған сапарында Назарбаев Университетінде «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» атты баяндамасында алғаш айтқан болатын. Сол жылы қазанда ол Индонезияға жасаған сапарында «XXI ғасыр теңіз Жібек жолын ортақ құрайық» деген бастама көтерді. Сонымен «Бір жол – бір белдеу» мега жобасы қалыптасты.

2017 жылдың 14 мамырында Пекин қаласында өткен форумда Си Цзиньпиннің сөйлеген сөзінен «Бір жол – бір белдеу» жобасы аясында «Бес тоғысу» («Wutong- 五 通») атап көрсетті. Яғни саясатта тоғысу, инфрақұрылымды ұластыру, сауданы тоқтаусыз ету, қаржыны араластыру және халық жүрегін тоғыстыру. Осы бестің соңғысы «халық жүрегін тоғыстыру» («min xin xiang tong- 民心相通») – қытайдың «жұмсақ күшінің» атқаратын басты міндеті болып табылады. Сондықтан да Қытай басшысы белдеу бойындағы елдердің талапкерлеріне 30 мың стипендия тағайындағанын мәлімдеген еді.

Аталмыш жоба Қытайдың Жібек жолы бойындағы мемлекеттерге «жұмсақ күш» ықпалын арттыруына кең жол ашты. ҚХР үкіметі халықаралық мәдениет және білім саласындағы барыс-келістер мен алмасуларға, өнер мен кино фестивальдарын, түрлі деңгейдегі конференциялар мен диалогтарды өткізуге барынша қолдау көрсетіп келеді. Қытай басшысы «осындай алмасулардың арқасында біздің жүректеріміз бір-біріне жақындай түсті» [145,3] деп атап көрсетті.

Си Цзиньпин бес компоненттен тұратын «Бір жол – бір белдеуді» - «бейбітшілік жолы», «көркею жолы», «ашықтық жолы», «инновация жолы», «өркениет жолы» ретінде қалыптастыруды ұсынды. Демек «Бір жол – бір белдеуді» дамытуда гуманитарлық салаға басымдылық жасалатыны анықталды. Қытай басшысы өркениеттер арасындағы қарым-қатынастың көмегімен олардың арасындағы алшақтықты қысқарту керек, өзара өркениеттерді зерттеу арқылы олардың арасындағы қайшылықты жою керек, өркениеттердің бірлесіп өмір сүруінің арқасында бір өркениет бір өркениеттен артық деген менмендіктен арылу керек. Ал ол үшін барлық мемлекеттердің арасында өзара түсінушілік, өзара құрмет және өзара сенімді күшейту қажет [146] дейді.

2019 жылы 26 сәуір күні екінші рет өткен «Бір белдеу-бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде Қытай төрағасы Си Цзиньпин «Бір ниетпен «Бір белдеу – бір жолдың» көркем болашағын бірге құрайық» деген тақырыпта баяндама жасады. Қытай мемлекет басшысының 2017 жылғы және осы саммитте жасаған баяндамалары «Бір белдеу – бір жолға» ғана емес, Қытайдың жалпы сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастарына бағыт сілтейтін құжат. Сондықтан бұл баяндамалар Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің болашақта Қытаймен қандай қарым-қатынаста болатынын анықтаумен қатар, әлемдік процеске де терең ықпал жасауымен сипатталады.

Отандық қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы Қытайдың 2017 және 2019 жылдары «Бір белдеу – бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде ҚХР төрағасының жасаған баяндамасы мен ұсынған жоспарын сараптаған мақаласында, Қытай жобасының дамушы елдердің әлеуметтік экономикасының дамуына серпін бергенін және одан көтерілген мәселелердің халықаралық қауымдастықты алаңдатып отырған тұстарын айтып өтеді. «Қытай әлмедегі алып ел, ықпалды мемлекет, соңғы жылдары «Бір белдеу-бір жол» жобасы аясында ақшасын аямай жұмсап өзінің дүниежүзіне ықпалын тіпті де тереңдете түсті. Ендігі жерде «Бір белдеу – бір жолдың» екінші кезеңіндегі ұзақ мерзімдік жоспарын іске асыруға тырысады. Әрине, оған алдымен өзінің қаржылық әлеуетінің әлісіреуі кедергі болуы мүмкін. Десе де ҚХР әрқандай істің саяси нәтижесіне назар аударатын мемлекет, оның дипломатиясы бүгін үшін ғана емес, көбінесе ертеңі үшін қызмет жасайды. Осы тұрғыдан қарағанда, алдағы уақытты Қытай мен Батыс арасындағы бәсекелестік үдей түседі дегуге негіз бар. Бәсекелестік түйіні жаһандануға саяды десек, онда жаһанданудың жолайрыққа тірелгенін байқаймыз. Түбінде шығыстық өркениет жеңе ме, әлде батыстық мәдениет басым түсе ме, оны уақыт көрсетеді. Бірақ әлемнің арпалыста болатыны анық» [147] деп түйіндейді.

Қытайдың ұлттық тілі мен мәдениетін бүкіл әлемге тарату саясаты Дэн Сяопин бастаған «Реформа және ашықтық» саясатынаның нәтижесінде бастап,

одан ары Цзян Цзэминнің «үшке өкілеттік ету», Ху Цзиньтаоның «Гармониалды әлем құру» сыртқы саясатымен ұштасқан «жұмсақ күшпен» астарланған, Си Цзинпиннің «Қытай арманы» және «Бір жол – бір белдеу» мега жобасымен күшейтілген стратегиялық саясат. Қытай үкіметі өзінің осы саясатын біртіндеп жүргізу арқылы, шет елдерде Қытайдың жағымды образын қалыптастыру, одан соң қытайлық құндылықтарды қабылдату, тіпті Қытайдың жетекшілігін қабылдауын көздейтіні анық. Ендеше, осындай әлемдік құбылысты халықаралық қатынастар теориясы, әсіресе «жұмсақ күш» теориясы мен мәдени ықпалдастық теориялары бойынша тану - ойдағыдай нәтиже береді деп сенеміз

1.2 Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің әдіснамалық негіздері

Қытайдың сыртқы тілдік саясатын зерттеудің әдіснамасы сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарды зерттеудің әдіснамасы негізінде өрістейді. Өйткені мұнда тілдің таза лингвистикалық қызметі емес оның сыртқы саясатта атқаратын қызметі қарастырылады.

Тілдік саясаттың мемлекетаралық компонентін қарастыруға ғалымдар назар аудара бастады. Ю.Д.Дешериев «белгілі бір тілдік саясатты жүргізгенде ғана мемлекетаралық қарым-қатынастардағы лингвистикалық мәселелерді шешуге болады» [109, 381] деп санайды. А.Д.Швейцер «белгілі жағдайда тілдік саясат мемлекеттің ішкі саясаттының бөлігі болып қоймайды, сонымен қатар оның басқа мемлекеттерге қатысты қолданатын саясатының бір бағыты бола алады» [110, 216] деп қарайды. Р.И.Хашимовтың пікірінше, тілдік саясат жәй ғана сыртқы саясаттың бір бөлігі емес, ол «мемлекеттің қоғамға, ұлтаралық және мемлекетаралық қарым-қатынасқа ықпал ететін құралы мен қаруы» [111, 120] деп көрсетеді.

Заманауи әлеуметтік-лингвистика ғылымы тілдік саясаттың қалыптасуына қатысты зерттеулерге көбірек көңіл бөледі. Сыртқы тілдік саясаттың мақсатын, жүргізу тетіктерін, «жұмсақ күш» дипломатиясын атқарулағы рөлін зерттеу - маңызды тақырыпқа айналды. Өйткені ҚХР-дың сыртқы саясатының дүниежүзінде атқарылуы әлем ғалымдарының назарын өзіне аударып отыр. Біз бұл тақырыпты зерттеуге сыртқы саясат, халықаралық қатынастар, мәдениет тарау, лингвосаясатты зерттеудің әдіснамаларына сүйендік. Атап айтқанда жүйелік, тарихи тәсіл, объективтілік принциптерін, тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық, эмпирикалық сияқты ғылымдардың әдістері қолданылды. Сонымен бірге ситуациялық зерттеулер мен дискурсталау жасау тәсілдерін де пайдаландық.

Тарихи принцип әдісі арқылы Қытайдың Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынасындағы қытай тілінің таралуының тарихи эволюциясына талдау жасадық. Ғылыми объективизм принципіне сүйене отырып ҚХР-дың түрлі аймақта жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясатына сараптама жасадық.

Жүйелік тәсілді пайдалана отырып, ҚХР-дың сыртқы тілдік саясатының аймақтарға және дүниежүзіне жасаған ықпалын біртұтас қарастырдық. Бұл әдіснама Қытайдың «жұмсақ күшінің» негізгі компоненттері мен құралдарын анықтауға мүмкіндік берді. Сол арқылы Конфуций институттарының ҚХР мәдени дипломатиясын жүзеге асыратын құрылым жүйесі екендігі анықталды.

Салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясаты мен мәдени экспанциясы әлемнің әр елінде және Орталық Азия мен Қазақстанда қалай жүріп жатқаны және оның нәтижесін анықтадық. Сондай-ақ ҚХР-дың тіл мен мәдениетін таратушы құрылымдарының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін парықтап, әлемдегі Конфуций институттарының даму перспективасына ғылыми болжамдар жасалды.

Проблемалық-хронологиялық әдісті қолдану арқылы ҚХР-дың тілдік сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуы үдерісін нақтыладық. Ал пәнаралық

әдіс ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясатын барынша жан-жақты кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Сипаттау әдісі «жұмсақ күш» саясаты мен мәдени дипломатиясы аясында қалыптасқан сыртқы тілдік саясатының сипаты мен бағыттарын анықтауға, Конфуций институттарының жұмысын зерттеуге септігін тигізді.

Тақырыпты зерттеуге пәнаралық ғылымдардың тоғысқан әдіснамаларын синтезді түрде пайдаландық. Әсіресе сыртқы тілдік саясатты – сыртқы саясат әрі лингвистикаға байланыстыра отырып зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылады.

В. Фон Гумбольдтың тілді ұлт рухының бірегейлігі мен өзіне ғана тән ерекшелігі сақталған құбылыс ретінде қарастыру сияқты көзқарастарынан кейін тілді басқаша қабылдау мен қарастыруда айтулы бетбұрыс орын алды. Гумбольдтың идеялары көптеген ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Оның тілдің объективті шындылыққа ықпал етуі туралы ойлары Э.Сепира, Б. Ли Уорф сияқты ғалымдардың лингвистикалық салыстырмалылық концепцияларына ықпал жасады.

Лингвистика және лингвомәдениеттану тұрғысынан жұмсақ күш «адамның санасын қайта кодировка жасау, атап айтсақ ұлттық мәдени-тарихи өзегін әлсірету және әлеуметтік жадын қайта құрудың» тиімді құралы ретінде қарастырылады [148, 204]. Мұндай көзқарас «тілдік қарым-қатынас барысында субъектінің реципиентқа лингвистиканың, паралингвистиканың және бейлингвистикалық символикалық құралдардың көмегімен жасалатын әсер»[149, 75] ретінде қарастырылатын тілдік ықпал ету теориясымен үндес. Алайда коммуникативтік әсердің қуатын зерттеу, жұмсақ күшті лингвистика тұрғысынан қарастыруды жоққа шығармайды.

Диахроникалық әлеуметтік лингвистика тілдің тарихын тұтас халықтың тарихымен байланыстыра отырып қарастырса, синхроникалық лингвистика тіл мен нақты бір қоғамның арасындағы байланыстарды анықтайтын қарым-қатынастар мен үрдістерді зерттейді.

Қоғамдық практиканың экономикалық, экологиялық, өндірістік-технологиялық сияқты дәстүрлі бағыттарымен бірге оның мәдени жаңашылдығыда жылдам және ауқымды түрде арта бастады. Бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістердің белсенділігіне қозғау салатын күштерге, құндылық формаларына, потенциалына және басқару салаларына қатысты зерттеулерді барынша мұқият жүргізуге итермелейді.

Тақырыпты зерттеуге реализм және неореализмның әдіснамаларын пайдаландық. Реализм әдісіне сәйкес білімге қол жеткізу, нәтижесі ғылыми теориялармен түсіндірілетін ғылыми зерттеулердің көмегімен ғана іске асады. Ал неореализмді пайымдаушылардың ойы бойынша халықаралық аренадағы шиеленістер мен күштеу саясатының негізгі себебі мемлекеттердің «мінез-құлқында», олардың өзін-өзі сақтап қалу мен басым болуға ұмтылуында емес, халықаралық жүйенің оларға тигізетін әсерінде жатыр. Яғни, кез-келген мемлекеттің сыртқы саясаты, іс-қимылы, жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық болмысы мен тағдыры, оны қоршаған жүйенің «қояр талаптарымен», «шектеуімен» анықталады.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастарда маңызды ойыншылардың біріне айналған Қытайдың Орталық Азия мемлекеттеріне бағыттаған сыртқы

саясатын зерттеуде неореализмдік анализ тәсілін пайдаландық. Сондай-ақ аймақтық және жаһандық өзгерістерге талдау жасау үшін ғылыми теориялардың дедуктивті құрылымының бір түрі конструктивистік әдіснамаларды қолдандық. Өйткені тек қана неореализмнің шеңберінде аймақтағы болып жатқан геосаяси өзгерістерді жан-жақты саралау жеткіліксіз.

Біз тақырыптың ерекшелігіне байланысты әлеуметтік-мәдени талдау жасау әдісін де пайдаландық. Қазіргі заманғы қоғамда адамның іс-әрекетінен оның қабылдаған мәдениеті мен құндылықтары байқалып тұрады. Өйткені мәдениет – адамзат қоғамдық даму барысында жаратқан барлық материалдық және рухани байлығының жиындығы. Ол адамдардың сенім-нанымын, ой-санасын, құндылық талғамдарын, нормалық өлшемдерін, заң-жосындарын, әдебиет-көркемөнерін, тұрмыстық ғұрып-әдетін қамтыған формация. Ал әлеуметтілік – адамның субъектілер арасындағы қарым-қатынасының жиынтығы, яғни, адамның іс-әрекеті мен қызметі барысында қалыптасқан экониомикалық, әлеуметтік, идеологиялық, саяси қарым-қатынастар. Сондықтан әлеуметтік-мәдени әдіс арқылы Қытайдың әлеуметтік мәдени саладағы саясаты және оның қолдану практикасының нәтижелеріне талдау жасауға көмектесті.

Қытайдың «қуатты мәдени мемлекет құру» мақсаты – әлемге қытайлық мәдени құндылықтарды қалыптастыру екені айтпаса да түсінікті. Міне, осыдан дүниежүзінде Батыс пен Шығыс немесе қытай мәдениетінің күресі өрістеп отырғаны белгілі. Ал Қытай қолданып отырған сыртқы тілдік саясат сол күрестің нақты тәсілі. Сондықтан «аталмыш тәсіл - бөтен мәдени-философиялық рефлексияның мәнін мұқият зерделеуге бағытталған» [150, 267] дейді батыстық сарапшы Дж. Флеминг.

Орыс ғалымы С.Л.Бурмисторовтың пайымдауынша, белгілі бір мәдениетті белгілі бір уақыт аясында, нақты мәселелер мен сұрақтардың туындау себептерін анықтау маңызды. «Бұл тәсілдің міндеті - философиялық мәтіндерді саралау және сол арқылы осы мәтіндерде келтірілген концепциялар мен дүниетанымдық схемалар шешімі ретінде ұсынылған әлеуметтік-мәдени мәселелер мен сынақтарды анықтау» [151] деп көрсетеді.

Салыстырмалы философия негігінде қалыптасқан компоративистік зерттеу тәсілін А.С.Колесников философиялық мәдениет пен дәстүрді салыстырып түсіну үшін трансмәдени негіз қалыптастыруға бағытталған деп санайды [152, 19].

ҚХР-дың ұстанған сыртқы тілдік саясатының қайнары олардың дәстүрлі философиялық ойларынан келгенін анықтауда компоративистік талдау тәсілін пайдаландық. Либерализм, реализм сияқты батыстық халықаралық қатынастар теориясы ХХ ғасырдың соңында қытайдың халықаралық қатнастар ғылымы саласында көп талқыланды. Қытай ғалымдары қытайлық дәстүрлі философия мен батыстық теориялардың жетістіктерін ұштастыра отырып, қытайлық халықаралық қатынастар теориясын қалыптастыруға тырысты. Өйткені Қытай өзінің қарқынды дамуын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіріп, әлем елдерінің Қытайды күмансыз қабылдауына идеологиялық негіз қалыптастыруды маңызды стратегиялық міндет ретінде жүргізіп келген-ді. Ал Си Цзиньпинның «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын» қалыптастыру концепциясы

қытайлық жаһандау үдерісіне пәрмен берді де, батыстық – жалпы адамзаттық құндылықтарға сын-қатер қалыптастырды.

Осындай күрделі халықаралық құбылыстың сипатын анықтау үшін, синергетикалық теорияның әдіснамаларын қолдандық. Өйткені онда ақпараттық-кибернетикалық тәсіл және диалог арқылы өзара әрекеттесу теориясы сияқты бірқатар жаратылыстану ғылымдарының ғылыми-әлеуметтік озық тәсілдері синтездейді. Оны қолдану арқылы күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыстарға жаңаша сараптама жасауға мүмкіндік береді.

Қорытып айтқанда, біз тақырыпты зерттеуге жоғарыда пайымдалғандай «жұмсақ күш» теориясының әдіснамасын негіз еткен, көп пәнаралық ғылыми әдіснамаларды қолданып, зерттеудің барынша ғылыми болуына күш салдық.

2 ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ ТІЛДІК САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1 Қытайдың сыртқы тілдік саясатының негіздемесі

Қытай - дүниежүзіндегі ең байырғы өркениетті елдердің бірі. Қытай мәдениеті ежелден Шығыс өркениеті ішінде өз алдына жеке-дара бір жүйе саналатын, іргелі де бай мазмұнды мәдениеттердің бірі. Қытай мен Батыс елдері арасында өркениеттер алмасу мен өзара мәдени ықпалдастық ерте заманда басталған. Жаңа заманда Батыс мәдениетінің Қытайға ықпалы басым болғаны белгілі. Ал қазіргі замандағы «жаһандау» ағымымен әлемді шарпыған Батыс мәдениетіне балама ретінде Қытай өзінің ұлттық мәдениетімен ықпалдастық бәсекесіне шығып отыр.

Қытайдың әлеуметтік-экономикасының қарқынды дамуы, әсіресе әскери әлеуетінің артуы мен өктемдік көрсетуі «Қытай қаупі» деген мәселе тудырды. Қытай әлемнің күдігін сейілту және өзара сенімді қатынас орнатуды маңызды орынға қойды.

Бұрынғы кезде «Қытай қаупі» көбінесе оның демографиялық қысымына қаратылған болатын. Кейін кезде Қытай экономикасының қарқынды дамуы мен әлемге экономикалық экспансия жасауы үрей тудыра бастады. Ал Қытайдың әлеуметтік комплексті қуатының өсуі олардың қауіптенуіне негіз болды.

Қытайдың әскери және экономикалық потенциалының артуы әлемде бұрыннан қалыптасқан күштердің балансын өзгертті. Сондықтан ҚХР үкіметі әлемге «қытай қаупі» болмайтынын айтып, «Қытайдың бейбіт өрлеуі» ешкімге қатер төндірмейтінін уағыздап, Қытайдың бейбітшіл ел екендігіне сендіру үшін жұмсақ күш тәсілдерін қолдануды жөн санады.

Қытай өзінің бай тарихи, рухани, мәдени мұрасы мен қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық дамуына, аса зор қаржылық байлығына арқа сүйей отырып, өздері жөнінде қалыптасқан көзқарасты өзгертіп, әлемді шарпыған батыстың мәдени ықпалын тежеуге немесе онымен бәсекелесуге өзінің ұлттық мәдениетін әлемге шығарды.

ҚХР тарихындағы зор өзгеріс 1978 жылдың соңында ҚХР ОК XI шақырылым 3-пленумында қабылданған әлеуметтік реформа және ашықтық саясатынан кейін басталды. Дэн Сяопиннің нарықтық экономикалық реформасының арқасында Қытай экономикасы көп жыл бойы жоғары қарқынмен дамыды. Нәтижесінде Қытай инвестиция тартушы елден капитал экспорт етуші елге айналды. Сонымен Қытайдың халықаралық қатынастардағы орны мен ықпалы арта түсті.

1991-2000 жылдар аралығындағы қытайлық халықаралық қатынастар теориясында батыстық либерализм және реализм сияқты теорияларды негізге алғандарын байқауға болады. Алайда 1992 жылғы ҚКП XIV съездінен кейін Дэн Сяопин ұсынған қытайлық ерекшелігі бар социализм идеясына көңіл бөліне бастады. Қытайдың дәстүрлі философиясы мен батыстық теориялық жетістіктерді қолданып Қытайлық халықаралық қатынастар теориясын дамытуға күш салынды.

Қытайдың үшінші ұрпақ басшысы Цзян Цзэмин ҚХР сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарда Дэн Сяопин бағытын жалғастырды, әлеуметтік

экономикалық өндіріс қауыт барынша артып, Қытай «әлем фабрикасына» айналды. 2002 жылы өткен ҚКП-ның XVI-съезінде Цзян Цзэмин «үшке өкілеттік ету» концепциясын ұсынды.

Цзян Цзэмин «Үшке өкілдік ету» концепциясы алға қойып мәдениетке үлкен маңыз берді. «Үшке өкілдік ету» ҚКП басым көп санды адамдардың мүддесіне өкілдік ету, прогрессивті өндіргіш күштері мен мәдениетке өкілдік ету принципін ұстанды. Яғни экономикалық даму, прогресті рухани және интеллектуалды даму міндеттелді.

Өйткені ашықтық саясаты арқасында сыртқы әлеммен байланыс жасаған қытайлықтар әлемдік мәдениеті, батыстық құндылықтарды қабылдау тенденциясының өріс алуына бағыттаған саясат еді. Мақсаты өздерінің ұлттық мәдени құндылықтарын ұлықтау арқылы қытай халқының сенімін күшейту еді.

XXI-ғасырдың басында Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастары айтарлықтай дами түсті. 2003 жылы Қытай басшылығына Ху Цзиньтао бастаған жаңа ұрпақ өкілінің келуді, Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарының әлемдік ықпалы арта түсті. Соған байланысты әлемде «қытай қаупі» деген таным пайда болды. Ал Қытай өздерінің дамуын «бейбіт өрлеу» деген ұғыммен түсінідіруге тырысты.

Қытай үкіметі ұлттық тілін әлемге тарату жұмысын 1987 жылы бастап кетті деуге болады. Сол жылы алдымен Қытай тілі мемлекеттік Кеңесін (қытай тілінде қысқартылып «Ханьбань» деп аталады) құрды. Аталмыш мекеме ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы құрылым ретінде, дүние жүзінде қытай тілі мен мәдениетін тарату және соған қатысты саясаттарды жүзеге асыру міндеттерін атқаратын ресми үкіметтік басқарма.

2002 жылы «Ханьбань» ҚХР Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құруды қолға алды. 2004 жылы ҚКП ОК XVI съезінің IVI пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған Жоба қабылданып, оларға шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті жүктелді. Сонымен «Ханьбань» Конфуций институттарын құруды бастады. Бұл институтты КСРО-ның құрамынан шыққан, жаңа тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Европа мемлекеттерінен құруды жөн санады. 2004 жылдың жазында Ташкентте алғашқы эксперименттік жұмысын бастады. Сол жылдың аяғында алғашқы Конфуций институты Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында ресми түрде құрып, қытай тілін оқытуды бастады. Содан кейін басқа елдерден де ашу қарқын алды.

«Ханьбаньның» мәліметінде, әлемдегі қытай тілін оқитын адамдардың саны 2004 жылдан 2014 жылға дейінгі он жыл ішінде 100 миллионға жеткен. Олардың ішінде көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері де қытай тілін үйренуде.

Конфуций институттары Қытайдың сыртқы саясатын атқару миссиясын қоса орындайды. Олар орналасқан мемлекеттері мен Қытай арасында білім беру, мәдениет алмасу бойынша өзара ынтымақтастықтарды дамытуға, тіпті екіжақты кәсіпкерлік байланыстар орнатуға дәнекер болу қызыметін де атқарып, Қытайдың жағымды бейнесін қалыптастыру үшін қызмет атқарып

келеді. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен Конфуций кластарын көптеп ашу жұмысын жалғастырып келеді. Қазір әлемдегі Конфуций институттары мен кластарының жалпы саны 1500-ге жетіп, басқа мемлекеттердің тіл оқыту институттарын сан жағынан артта қалдырды. Өйткені Қытай үкіметі Конфуций институттары мен кластарын дамытуға қаржыны аямай жұмсап келеді.

Қытайдың Конфуций институттар арқылы тіл мен мәдениетін таратуды әлемдік тәжірибеден алды. Өйткені испандық Сервантес институты, немістің Гете институты да ұлы ойшылдың есімімен аталған.

Жобаның Конфуцидің есімімен аталуында мән бар. Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырда өмір сүрген Конфуций (Кун Цзы) – қытайдың ұлы ойшылы және ағартушысы, қытай дәстүрлі рухани мәдениетінің негізін қалаған, әлемге әйгілі ұлы тұлға. Сондықтан оның есімі мен ілімін әлем елдері қабылдай алады.

2007 жылы ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао ҚКП-ның XVII съезінде «Қытай халқының төл мәдениетін, оның құқығы мен мүдделерін сақтау үшін Қытайдың жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыру керек» деп атап көрсетті. Ол қазіргі әлемде түрлі мәдениеттер қақтығысқанда өз еліңнің мәдениетін, оның қайталанбас бірегейлігін дамыту қажет [153, 6] деп санады. Осы съезде қытай мәдениеттің жұмсақ күш әлеуетін арттыру міндетін алға қойды.

«Жұмсақ күш» дипломатиясын Қытай үкіметі ұлттық тілі мен мәдениетін әлемге тарату арқылы іске асырып келеді. Қытай экономикасының әлемге ықпал етуіне байланысты, сондай-ақ сауда-экономикалық байланыстарының дамуы ебепті әлем елдерінің қытай тілі мен мәдениетіне қызығушылығы артты да, қытай тілі мен мәдениетінің таралуына оңтайлы жағдай жасалды.

2011 жылдың қазан айында өткен ҚКП ОК XVII шақырылымы VI пленумында «Күшті мәдениет мемлекетін» құру стратегиясын қабылдады. Бұл контекстінде халықаралық аренада қытай мәдениетінің ықпалын арттыруды, халықаралық мәдени байланыстарды тереңдету және басқа мемлекеттердің озық мәдениетін сұрыптап қабылдау саясаты анықталды. Бұл саясат іс жүзінде Цзян Цзэмин алға қойған «прогрессивті мәдениет» пен «шетелге шығу» стратегиясын жүзеге асыру болып табылады.

Қытай басшысы Ху Цзинтао өз кезегінде «Гармониалды қоғам құру», «Гармониалды әлем құру» және «ғылыми даму көзқарасын» да алға қойды. Сонымен Қытайдың дәстүрлі қытай ілімінен алынған «гармония» концепциясы халықаралық аренада дәріптеле бастады. 2005 жылдың сәуірінде Джакартада өткен Азия-Африка саммитіне қатысқан Ху Цзинтао алғаш рет Азия және Африка елдеріне гармониалды әлем құру үшін бірлесіп жұмыс жасау ұсынысын ортаға қойды. Содан екі айдан кейін ол Мәскеуге жасаған сапарында, Қытай мен Ресей «XXI ғасырдағы халықаралық тәртіп туралы Қытай-Ресей бірлескен мәлімдемесін» жариялап, Қытай мен Ресей бүкіл әлемде дамыған гармониалды әлем құру үшін барлық мемлекеттермен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендерін мәлімдеді. Бұл Қытайдың «Гармониалды әлем құру» концепциясының алғаш рет халықтар арасында қолдау табуы еді.

2005 жылдың 15 қыркүйекте БҰҰ-ның құрылғанына 60 жыл толуына орай өткен үлкен жиында, ҚХР төрағасы «Берік бейбітшілік пен ортақ гүлдену, гармонилды әлем тәртібін құруға күш салайық» деген тақырыпта баяндама жасап, Қытайдың бейбіт, гармонилды дамуға ұмтылысын және осындай шешім қабылдағанына жауапкершілік алатынын мәлімдеді.

2007 жылдың қазан айында өткен ҚКП ОК XVII съезінде жасаған баяндамасында Ху Цзинтао: «Біз әлемдегі барлық елдер мен халықтарды ынтымақтастырып, берік бейбітшілік пен ортақ гүлдену арқылы гармонилды әлемдік тәртіп құруға ұмтылуы керек деп санаймыз. Бұл үшін барлық елдер БҰҰ жарғысының мақсаттары мен принциптерін берік ұстанып, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың бәріне ортақ жалпылай мойындалған нормаларын сақтауы керек. Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда демократияға, гармонияға, серіктестікке және екіжақты тиімді шешімге барынша қолдау көрсетуі керек» деді. Сондай-ақ ол «Жаңа дәуірде мәдениет ұлттық тұтастық пен шығармашылықтың маңызды бастауы болып отыр, сонымен қатар мемлекеттің күшін танытатын фактор ретінде де маңызы артып келеді. Осыған байланысты соңғы кезде қытайлықтар өздерінің мәдени өмірлерін байытуға ұмтылуда. Біз алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетке негізделген бағыттан айнымауымыз керек, оны дамыту арқылы жаңа деңгейге көтеруіміз қажет, бүкіл халықтың мәдени шығармашылығын ынталандыру және де біздің еліміздің жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар біз басқа елдердің мәдениет жетістіктерін өзімізге икемдеп қабылдау мен бүкіл әлемде қытай мәдениетінің ықпалын арттыру үшін халықаралық деңгейдегі мәдени байланыстарды нығайта түсуіміз керек» [140] деп атап өтті. Міне, бұдан Қытайдың әлемдік мәдени ықпалдастық бәсекесіне белсенді қатысуға кіріскенін көруге болады.

Қытайдың «Гармонилды әлем құру» бағдарламасы өздерін бейбіт сүйгіш халық екендігін тарихи ілімдері арқылы айғақтауды көздеді. Өйткені олардың мақсаты - «қытай қаупі» күдігін сейілтіп, Қытайдың жаңа жағымды бейнесін қалыптастыру.

Әлемдік жаһандану жағдайында Қытай өздерінің ұлттық мүддесі тұрғысынан қытайлық құндылық көзқарастарды басқаларға қабылдату үшін күресіп жатқанын көруге болады.

2012 жылғы ҚКП XVIII съезінен кейін БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында Си Цзинпин: «Қытай әлемді, әлем Қытайды түсінуі керек» [140] деген еді.

Си Цинпин және бір сөйлеген сөзінде: «Қытай қай кезде болса да даналық пен ақыл-ойын өзінің дәстүрлі мәдениетінен алады; біздің мемлекетіміз бүкіл әлемнің алдында күш-қуатқа ие ел ретінде танылып, өз күшіне деген сенімі зор болуы керек. Кез-келген нәрсені батыстың құндылықтарымен өлшеп, соған ыңғайлана бермеуіміз керек. Ортадан оқшауланбай, онымен тіл табыса білу принципіне сәйкес өз мәдениетіміз бен көзқарастарымызды насихаттағанымыз керек» [154] деп атап көрсеткен.

Жоғарыда келтірілген ҚКП ОК съезінде қабылданған саясаттық шешімдер негізінде Қытайдың сыртқы тілдік саясатының қалыптасқанын

көруге болады. Бұл саясат - ҚХР-дың дипломатиялық стратегиясы ретінде ұзақ жылдарға бағытталған саясаты.

2.2 Қытайдың «Жұмсақ күш» саясатының ерекшелігі және басты бағыттары

XXI ғасырдың басында «жұмсақ күш» концепциясы халықаралық дипломатияның теориясы мен практикасында кеңінен қолданысқа енді. Әсіресе әлемдік көшбасшылыққа ұмтылған державалар «жұмсақ күш» саясатын жүргізуге ойысты. Олар «жұмсақ күш» саясатын өздерінің ұстанған құндылық көзқарастарымен ұштастырып жүргізіп келеді. Мұны Қытайдан анық аңғаруға болады.

«Жұмсақ күш» теориясын ортаға қойған Джозеф Най қытайлықтардың тарихи жадысын жаңғыртқандай болды. Ежелгі Қытайдың түрлі ілімінде «жұмсақ күш» концепциясы болғаны белгілі. Мысалы, б.з.д. XVI ғасырда жазылған «Шуо Юань - 說苑 – Shuo yuan» атты тарихи еңбекте, мәдени күш пен әскери күш қолданудың тиімді және тиімсіз тұстарын салыстырған. Онда: «Дана адам елді алдымен мәдениетпен, әдеппен басқарады, сосын ғана әскери күшке жүгінеді. Егерде өз қарамағындағыларды мойынұсындыруда тек қана әскери күшке арқа сүйесең, олар саған бағынбайды. Өйткені мәдениеттің күшіне иек артпаса, ел басқарып отырғандар өздері жасағандай басқалардың әскери шабуылына ұшырауы мүмкін» [155] деген.

Б.з.д. бір мыңжылдықта өмір сүрген қытайлық ойшылдары Лао Цзы, Кон Цз, Мэн Цзы, Чжуан Цзы, Сунь Цзы және басқалар ежелгі қытайдың классикалық ілімін қалыптастырды. Осы ойшылдардың ілімдері күні бүгінге дейін Қытайдың мемлекет басқаруының рухани идеялық қайнары болып келеді. Мысалы, Қытайдың «Дао канондары және ізгілік таратушылар» («Дао Дэ цзин-道德经») атты жазбаларында «жұмсақ күш» идеясын білдіретін мынандай ойлар айтылған: «Жер кіндігі мемлекетінде ең жұмсақ деген нәрсе, ең қатты деген затты жеңе алады» дейді. Сондай-ақ «бүкіл әлемде судан жұмсақ, судан әлсіз нәрсе жоқ, алайда су қатты мен мықтыны жеңетін бірден-бір күш, әлсіз мықтыны, жұмсақ қаттыны жеңе алады» [156, 37] деп көрсеткен.

«Жұмсақ күшті» қолдану арқылы «дүлей күшті» жеңуге болатынын Сунь Цзының «Соғыс өнері - 孙子兵法» трактатында айтылған. Онда «мықтыны жеңу үшін, әлсізді пайдалан» («yì ruò shèng qiáng - 以弱胜强»); «жаудың мықты жерінен айналып өтіп, әлсіз тұсын шабуылда» («bì shí jī xū - 避实击虚»): «ең дұрысы - жауды әскерін соғыспай бағындыр» деген тәлімдері, іс жүзінде «жұмсақ күшті» қолдануды дәріптеген.

Әскери өнер туралы ілім жазылған, оның ішінде «жұмсақ» және «дөрекі» Қытайдың «Бинцзя 兵家 – bing jia», «Конфуций 儒学 – ru jia», «Даосизм 道家 – dao jia», «Иньян цзя 阴阳家 – yin yang jia» және «Мо цзя 墨家 – mo jia», «Лунь Ю 论语 – lun yu», «Сунь Цзы 孙子兵法 – Sun zi bingfa», «Бес трактат – 五经» және «Әскери өнер канондарының жеті кітабы» (武经七书 – wu jing qi shu) сияқты еңбектердің көбі соғыс өнеріне арналғанымен, гуманитарлық, тіпті мәдени – «жұмсақ күш» саясатын қолдануды уағыздаған.

«У цзин ци шу» (武经七书 – wu jing qi shu) еңбегінде «инь» және «ян» күштерінің бір-біріне айналу заңдылығына және «бес элементтің» (У си)

айналымы ғарыштық процестердің циклдік сипатына негізделген. Сондықтан да қоғамдық өмірде де қарама-қайшылық, яғни «мәдениет» пен «соғыс», «жұмсақ» пен «дүлей» күштер арақатнасы пайымдалады.

XX ғасырдың 90-шы жылдары Қытай қоғамында «Жұмсақ күш» мәселесі қайта назарға алынды. Дэн Сяопиннің елге стратегиялық бағыт беретін 28 иероглифтен тұратын концепциясында: «Байыппен бақылау, майданға табанды мықтап тіреу, байсалдықпен төтеп беру, әлсіз тұты қорғауға шебер болу, аптығып алға шықпау, сыр білдірмеу, біршама жұмыс тындыру» («冷静观察, 稳住阵脚, 沉着应付, 善于守拙, 决不当头, 韬光养晦, 有所作为» [157, 842] деп көрсетілген. Бұл Қытайдың ырықсыз жағдайдағы сыртқы саясаты.

Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі алғаш рет 1993 жылы жарық көрген Ван Хуниннің «Мәдениет – мемлекеттің «жұмсақ күш» әлеуеті» атты мақаласында көтерілді. Бұл еңбекте Қытай мәдениетінің белгілі құндылықтары «жұмсақ күш» ретінде пайымдалған. Автор қазіргі заманда болып жатқан халықаралық өзгерістерде «жұмсақ күшті» елдің сыртқы байланысындағы негізгі күшке айналдырды деген. Егерде «Дүлей күш» белгілі саяси жағдайларда ғана іске асса, ал әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіне арқа сүйейтін «жұмсақ күш» халықаралық қауымдастық тарапынан үнемі қолданыста болады деп санайды [158, 12]. Осы мақаладан кейін Қытайда «жұмсақ күш» мәселесі кең талқылана бастады. «Soft power» түсінігі аясында қытайлық ғалымдардың философия, экономика, менеджмент, саясаттану және мәдениеттану саласында көптеген еңбектер жарық көрді.

Қытай тарихнамасында «жұмсақ күш» ұғымын білдіретін «жуань шили», «жуань лилян» (ruan shi li-软实力, ruan li liang - 软力量) деген атаулар бар. Бұл атаулар бір ұғымды білдіргенімен аз-кем мағыналық айырмашылықтары бар. Қытай басшылығының ресми сөздері мен жазбаларында көбінесе wen hua - 文化 пен ruan shi li - 软实力 деген терминді бір мағынада қолданады.

Қытай тілінде мәдениет сөзі (wen hua-文化) 文 – wen және 化 – hua деген екі иероглифтен құралған. 文 – wen иероглифі әдемілікті білдіретін әдеп, тәртіп, сыпайылық дегенді аңғартады. Ал, 化 – hua иероглифі айналдыру, өзгерту, трансформациялау дегенді білдіретін етістік. Екі сөздің қосындысы адамдарды тәрбиелеп жетілдіру дегенді білдіреді. Яғни, мәдениет арқылы адамдардың рухани әлеміне ықпал етіп, белгілі бір дүниетанымды қалыптастыру.

«Жұмсақ күш» принциптеріне қатысты алғашқы ұсынылған нұсқаларының өзінде-ақ қытайлықтардың классикалық американдық және жалпы англо-саксондық концепциялар мен көзқарастардан біршама алшақ кеткенін байқауға болады.

Бір айта кететін мәселе қытайлық ғалымдар да «жұмсақ күш» концепциясын әр түрлі түсіндіреді. Мысалы, кейбір қытайлық ғалымдардың пікірінше оған саяси жүйе мен саяси басқарудың ұлттық рух, қоғамның халықаралық бейнесі, мемлекеттің халықаралық стратегиясы, ғылым мен техникалық даму деңгейі сияқты компоненттерді де жатқызуға болады. Қытайдың аймақтық және жаһандық беделінің артуы оның өзіне тән нарықтық

реформалары мен әлемдік экономикаға белсенді интеграция жасауының нәтижесінде қол жеткізген экономикалық табыстарына ғана байланысты емес. Халықаралық аренада Қытай көздеген мақсатына «жұмсақ күш» ресурстарын жан-жақты қолдану арқылы қақтығыссыз, бейбіт жолмен қол жеткізуде. Қытай билігі насихаттап жүрген, бүгінгі жағдайға лайықтап «жаңартылған» әлеуметтік-мәдени құндылықтар ел ішінде және сырт елдерде тұратын ханьдықтарды ғаламдық қытайлық қоғамға біріктіруде.

Цзян Цзэмин ортаға қойған «Үшке өкілдік ету» концепциясында мәдениетке үлкен маңыз берілген. ҚКП алдыңғы қатарлы өндіргіш күштердің, прогрессивті қытай мәдениетінің және қытай қоғамындағы басым көпшілік топтардың мүдделерін көздеу принципі анықталған. Осы концепцияға сәйкес, прогрессивті қытай мәдениеті мен заманауи ұлттық және бұқаралық мәдениетті және интеллектуалды өркениетті дамыту міндеттелді [159].

ҚХР-да мәдени әлеуетті дамыту ХХІ ғасырда жаңа деңгейге көтерілді. Қытай «жұмсақ күшті» алғаш Батыстың антиқытайлық «қытай қауіпіне» қарсы бастап, кейін келе оны жаһанданудың баламасы ретінде жүргізді. Сондықтан кейбір ғалымдар қытайлық «жұмсақ күш» әлемде «қытай қауіпі» нәсихатының күшейгеніне, батыстық концепцияларға қарсы тұратын амал ретінде қарастырды деп санайды.

Ху Цзинтао төраға 2005 жылы бір сөзінде, «Қытайдың өзіндік «жұмсақ күш» идеясын қалыптастыруы қытайлық ерекшелікке ие социализм құрылысына қызмет етеді, ал гармониялды қоғам қытайлық социализмнің шынайы болмысын көрсетеді» деді. 2006 жылдың қараша айында өткен әдебиет және өнер майталмандарының 8-ші Бүкілқытайлық конференциясында, қытай басшысы «Біз түрлі идеялар мен мәдениеттер қоян-қолтық араласып жатқан буырқанған әлеммен, мемлекеттің дамуы мен халықтың әл-ауқатын көтеру мәселесі алға тартқан талаптармен, қоғамның мәдени өмірінің жан-жақты жандануымен бетпе-бет келіп отырмыз. Сондықтан біз үшін ұлттық мәдениетіміздің даму бағытын анықтау, жаңа жарқын бетін бастау, халықаралық бәсекелестік қабілетін арттыру және мемлекетіміздің өзіндік «жұмсақ күш» саясатын қалыптастыру сияқты өзекті мәселелерді шешу өте маңызды болып отыр» [160, 151] деп атап көрсеткен.

ҚХР төрағасы Ху Цзинтао Қытайдың ішкі және сыртқы саясаты бойынша «Гармониялды қоғам құру» және «Гармониялды әлем құру» құру идеясын ұсынды, сондай-ақ «ғылыми даму көзқарасын» да алға қойды. Сонымен Қытайдың дәстүрлі қытай ілімінен алынған «гармония» концепциясы халықаралық аренада дәріптеле бастады. 2005 жылдың сәуірінде Джакартада өткен Азия-Африка саммитіне қатысқан Ху Цзинтао алғаш рет Азия мен Африка елдеріне гармониялды әлем құру үшін бірлесіп жұмыс жасау ұсынысын ортаға қойды. Кейін Ху Цзинтаоның Мәскеуге жасаған сапарында, Қытай мен Ресей «ХХІ ғасырдағы халықаралық тәртіп туралы Қытай-Ресей бірлескен мәлімдемесін» қабылдады. Осы мәлімдемеде Қытай мен Ресей бүкіл әлемде дамыған және гармониялды әлем құру үшін барлық мемлекеттермен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендерін жариялады. Бұл Қытайдың «Гармониялды әлем құру» концепциясының алғаш рет халықтар арасында қолдау табуы еді.

2005 жылдың 15 қыркүйегінде БҰҰ-ның құрылғанына 60 жыл толуына байланысты өткен жиында ҚХР төрағасы «Берік бейбітшілік пен ортақ гүлдену, гармониялы әлемдік тәртіп құруға күш салайық» деген тақырыпта баяндама жасап, Қытайдың бейбіт, гармониялы дамуға ұмтылысын және осындай шешім қабылдағанына жауапкершілік алуға дайын екенін мәлімдеді.

ҚКП-ның 2007 жылдың қазан айында өткен XVII съезінде жасаған баяндамасында Ху Цзинтао: «Біз әлемдегі барлық елдердің халықтары ынта-жігерлерін біріктіріп, берік бейбітшілік пен ортақ гүлдену арқылы гармониялы әлемдік тәртіп құруға ұмтылуы керек деп есептейміз. Бұл үшін барлық елдер БҰҰ жарғысының мақсаттары мен принциптерін берік ұстанып, халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың бәріне ортақ жалпылай мойындалған нормаларын сақтауы керек. Сонымен қатар, халықаралық қатынастарда демократияға, гармонияға, серіктестікке және екіжақты тиімді шешімге барынша қолдау көрсетуі керек» деді. Сондай-ақ ол «Жаңа дәуірде мәдениет ұлттық тұтастық пен шығармашылықтың маңызды бастауы болып отыр, сонымен қатар мемлекеттің күшін танытатын фактор ретінде де маңызы артып келеді. Осыған байланысты соңғы кезде қытайлықтар өздерінің мәдени өмірлерін байытуға ұмтылуда. Біз алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетке негізделген бағыттан айнымауымыз керек, оны дамыту арқылы жаңа деңгейге көтеруіміз қажет, бүкіл халықтың мәдени шығармашылығын ынталандырумен қатар, еліміздің жұмсақ күшінің бір бөлшегі ретінде мәдениеттің рөлін арттыруымыз қажет. Сонымен бірге біз басқа елдердің мәдениет жетістіктерін өзімізге икемдеп қабылдау мен бүкіл әлемде қытай мәдениетінің ықпалын арттыру үшін халықаралық деңгейдегі мәдени байланыстарды нығайта түсуіміз керек» [140] деді.

XVII съездің саяси баяндамасында қытайлық социализм құру аясында мемлекеттің «жұмсақ күш» концепциясын түзуге қатысты төрт бағыт бойынша жұмыс жүргізу нақтыланды:

- өзекті социалистік құндылықтар жүйесін құру, социалистік идеологияның тартымды және мығымдық күшін арттыру;
- гармониялы мәдениет құру, өркениетті әдет-ғұрыптарды дамыту;
- ұлттық мәдениетті кеңінен дамыту, қытай ұлтының ортақ рухани құндылықтарын насихаттау;
- мәдениетті жасампаздықпен дамыту, мәдениеттің өміршендік күшін арттыру;

Қытайдың «жұмсақ күші» сыртқы саясатта Қытайдың мемлекеттік имиджін көтеругі бағытталған. Қытайлықтар үшін ел ішінде гармониялық қоғам құру мен халықаралық деңгейде гармониялық әлем құру, бір-бірінен бөлінбейтін үдеріс. Ал бұл қытайлық «жұмсақ күш» саясатының негізі болып отыр. Батыс мәдениеті Қытайға ықпал ете бастаған кезде, жастардың көңілін ұлттық мәдениетке аудару үшін, ел ішінде ұлттық мәдениетін көтеру үшін, қытай мәдениеті мен тарихи мұраны зерттеу мен насихаттауды басым бағыттардың бірі ретінде жолға қойды. Бұл құбылыс қытай қоғамында «мәдени қызбалық» (wen hua re - 文化热) деп аталды.

Қытай билігінің сыртқы саясатта жаңа бағыт ұстану, оны жаңа деңгейге көтеру, Қытайдың одан әрі көтерілуіне барлық жағдайды жасау ұмтылыстары, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин ұсынған «Қытай арманы» терминінің де көрініс

тапты. Бұл түсінік «ұлттың қайта көтерілуі, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту, әл-ауқатын арттыру, жаңа қоғам құру және мемлекеттің әскери қуатын күшейту» сияқты бағыттарда алға жылжуды меңзейді. Ұсынылған концепцияның нақтыланбаған тұстары көп. Алайда, бұл жерде «мықты күшпен» қатар «жұмсақ күш» концепциясына үлкен мән берілетіні сөзсіз.

ҚХР төрағасы Си Цинпин бір сөзінде «Қытай қай кезде болса да даналық пен ақыл-ой күшін өзінің дәстүрлі мәдениетінен алады; біздің мемлекетіміз бүкіл әлемнің алдында күш-қуатқа ие ел ретінде танылып, өз күшіне деген сенімі зор болуы керек. Кез-келген нәрсені батыстың құндылықтарымен өлшеп, соған ыңғайлана бермеуіміз керек. «Ортадан оқшауланбай, онымен тіл табыса білу» принципіне сәйкес өз мәдениетіміз бен көзқарастарымызды насихаттағанымыз абзал» [154]деді.

ҚХР-дың «жұмсақ» дипломатиясының әлеуеті елдің мәдениеттегі, өнердегі, ғылым-білімдегі, спорттағы тарихи және заманауи жетістіктерінен байқалады. Қытай ғалымы Лю Цзайцидің айтуынша «Қытай – бес мың жылдық тарихы бар ежелгі мемлекет. Ол терең де жарқын мәдени байлық пен мәдени дәстүрге және де «жұмсақ күшті» орнымен қолдана алатын, оның тиімді тұстарын толығымен аша алатын даналыққа ие мемлекет» [161, 152].

Мәдениет - «жұмсақ күштің» әлеуетін белгілейтін фактор. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты мәдениет пен оқу-ағарту жүйесі арқылы жүргізіледі. Негізінен Қытайдың шетелдердегі Конфуций институттары арқылы өрістейді.

2016 жылдың желтоқсан айындағы мәлімет бойынша, әлемнің 140 мемлекетінде 512 Конфуций институты мен 1073 Конфуций сыныптары өз жұмыстарын жүргізіп отырды. Оның ішінде Азияның 32 мемлекетінде 115, Африканың 33 мемлекетінде 48, Европаның 41 мемлекетінде 170, Американың 21 мемлекетінде 161 және Тынық мұқиты аймағының 3 мемлекетінде 18 институт бар [162].

Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын жүргізудің бір ерекшелігі - бүкіл әлем студенттерін ҚХР-дың жоғары оқу орындарына тартуы. Әлемде мемлекет қаржысымен шентелдіктерді еліне шақырып оқытатын елдер кемде-кем. Міне, осы жағынан Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының баурау қуаты жоғары болып тұрғаны жасырын емес.

Қытай оқу-ағарту саласына үлкен қаржы салып отыр. Ұлттық жоғарғы оқу орындарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру туралы арнайы бағдарлама қабылданды. Ол үшін халықаралық рейтингтегі ең мықты университеттердің қатардағы 100 университеті нақтыланды. ARWU (Әлем университеттерінің академиялық рейтингі - 2015) рейтингі бойынша, әлемнің ең мықты 500 университетінің қатарына Қытайдың 44 университеті кіріп отыр [163].

Ұлттық оқу орындарының тартымдылығын көтеру үшін Қытайда білім алуды қытай тілімен шектемей, ағылшын тілі арқылы да жүргізіп келеді. Сондай-ақ бакалавр, магистратура және PhD докторантура деңгейінде дәреже беруді жолға қойған.

Университеттер арасында халықаралық студенттік алмасу жалпылық құбылыс. ҚХР үкіметі білім саласында студент алмасуды дамыту мен ынтымақтастықты нығайту бойынша әлемнің 188 елімен келісім-шарт жасасты.

ҚХР-дың Білім министірлігі Интернационалды ынтымақтастық пен студенттік алмасу Басқармасы халықаралық білім беру байланыстарын дамытуға жауапты мекеме. Қытайдың әр бір жоғарғы оқу орынында халықаралық алмасу мен ынтымақтастық басқармалары жұмыс жасайды.

1996 жылы Қытайдың шәкіртақы тағайындау кеңесі (China Scholarship Council) құрылды. Бұл коммерциялық емес ұйым Қытайдың шетелде оқитын студенттеріне және Қытайда оқитын шетелдік студенттерге шәкірақы мен гранттар ұсынады. Шетелдік студенттер үшін толығымен және жартылай төленетін гранттың екі түрі бар. Гранттар бакалавр, магистратура және докторантура деңгейінде оқып жатқан студенттерге беріледі. Қытай тілін оқитын студенттер үшін де ҚХР үкіметі ұсынған шәкірақы мен гранттар қарастырылған. Олар оқу ақысын төлемейді, сақтандырудан босатылған және оларға жатақхана мен күнделікті шығынға қаражат беріледі. Бұл қаражат бакалаврларға 1400 юан, магистранттарға 1700 юань және аспиранттарға 2000 юан шамасын құрайды. Бұдан бөлек Қытайға өз қаражатымен келіп оқып жатқан студенттердің саны да жылдан-жылға артып отыр [164].

Қытай мен қытайлықтардың жағымды бет-бейнесінің қалыптасуына студенттер алмасулардың да тигізген әсері зор. 2010 жылдың өзінде әлемнің 194 елінен 260 мың студент Қытайға оқуға барған. Қытайға оқуға ең көп студент жіберетін елдердің бестігіне Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Тайланд және Ресей кіреді. Қытай тілін оқуға барған студенттердің басым бөлігі Қытайда қалып, жұмыс істеу мақсатын көздейді.

Ресейлік ғалым С.В.Михневич Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының негізгі жеті бағытын атап өтеді:

1. қытай тілінің беделін артыру және тарату;
2. дәстүрлі және заманауи мәдениетін дамыту;
3. оқу-ағарту саласындағы байланыстардың ауқымын кеңейту;
4. экономикалық байланыстар мен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту;
5. халықаралық дамуға қолдау көрсету;
6. қоғамдық дипломатияны дамыту;
7. шеттегі қандастарына қолдау көрсету [165, 36].

Демек, Қытай «жұмсақ күшті» сан алуан формада, жан-жақты қолдануға күш салып отыр. Сондай-ақ әлемнің барлық аймақтарына бағыттаған, әсіресе, Африканың, Оңтүстік Американың, Таяу Шығыстың, Оңтүстік Шығыс Азияның, Орталық Азияның дамушы мемлекеттерімен қарым-қатынасын тереңдетуге күш салуда. Пекин дамушы мемлекеттердегі өзінің ықпалын арттыру үшін түрлі амалдарға баруда, оның ішінде экономикалық стимул мен әскери ынтымақтастық та бар. Бірақ, бәрібір негізгі күшті «жұмсақ күшке» салып отырғаны сөзсіз. Бұл елдермен арадығы қарым-қатынастың негізі экономика болғанымен, мәдени ынтымақсатықты жандандыру, академиялық түрлі бағдарламаларды тарату, жергілікті қытай қауымдастығын тарту сияқты әрекеттер екіжақты қарым-қатынастың ауанына ықпалы зор.

Қытай сыртқы тілдік саясатын әлем елдерінің тәбиғи ресурстарына тұрақты түрде қол жеткізіп өз экономикасын дамытуға бағыттаған. Сол үшін

олар әртүрлі бағыттар бойынша ынтымақтастық орнатуға ұмтылып, ықпалын арттыру жолдарын қарастырып келеді.

Ресейлік ғалымдар В.С.Ким мен Я.А.Бохан Қытайдың қолданып отырған «жұмсақ күш» құралдарын 5 топқа бөліп қарастырған:

- 1) Инвестиция, қазіргі әлемде қалыптасқан шынайы жағыдайды негізге ала отырып, экономиканы «жұмсақ күш» элементтерінің біріне жатқызады.
- 2) Әлеуметтік көмек;
- 3) Оқу-ағарту саласындағы алмасулар бағдарламалары;
- 4) Дипломатия;
- 5) Халықаралық ұйымдардың қызметіне белсене араласу және диаспорамен жұмыс жасау [166, 18].

Инвестиция салу - ҚХР «жұмсақ күшінің» ең маңызды тәсілі. Бұл Қытай эконмикасы мен халықаралық саудасының дамуына байланысты өзгеріс үрдісінде болады. 2011 жылы Қытайдың валюта қоры әлемнің алдыңғы қатарына өтті. Соған байланысты қытайлық инвестиция әлемнің әр түрлі аймақтарында өсіп келеді. Энергия көздеріне тәуелділік Қытайдың Таяу Шығыс, Африка, Латын Америкасы елдерімен қарым-қатынастарының басты мазмұны болып отыр. Қытайдың инвестициясы дамушы елдер үшін өте қолайлы, өйткені, оларға ҚХР адам құқығын қорғау, Батыстың принциптеріне сәйкес келетін экологиялық сапа нормаларын сақтау сияқты талаптар қоймайды. Олар тек Тавань ҚХР-дың құрамдас бөлігі деп мойындаса болғаны.

Қытайдың инвестициясын негізінен энергия ресурстарына, инфрақұрылымдарға салып, сол елде қытай тілі мен мәдениетін таратуға зор көңіл бөледі. Өйткені Қытай энергияресурстарға өте зәру. Ал инфрақұрылымды дамыту дамушы елдер экономикасын көтеруге пайдалы. Сондықтан Қытай әлем елдерімен өзара ынтымақтастық байланысты орнатуда басқа елдермен салыстарғанда біршама басымдықтарға ие.

Қытайда мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің арасында үлкен айырмашылық жоқ. Сондықтан кей жағдайда мемлекеттік көмек пен жеке салынған инвестицияның ара жігін ажырату қиынға соғады. Мұның өзі Қытайдың мүддесі үшін оңтайлы. Мемлекет көп жағыдайда шетелдегі қытайлық компаниялардың акциясының бір бөлігін өз қолында ұстайды. Қытай экономикалық жағынан пайдасы кемдеу болғанымен, саяси тұрғыдан анақұрлым тиімді инвестицияларды сала алады. Қытай үшін ұзақ мерзімге және қарызын қайтару талаптары жеңілдетелген кредиттер беру де қалыпты құралдардың бірі. Қытайдың бұл салада жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясатын екі түрлі қарастыруға болады. Ақша дипломатия жолы тартымды ма әлде серіктес-мемлекеттің ішкі ісіне қол сұқпау мәселесін алға тарту арқылы өзіңе «достар» тарту ма? Мұндай жағыдайда мемлекеттің егемендігін құрметтеу доктринасы, дамушы мемлекеттердің авторитарлы билігі үшін өте тартымды болып отыр.

Қытай «жұмсақ күш» саясатын жария дипломатия арқылы жүргізіп отыр. Жария дипломатия концепциясы Қытайда әртүрлі айтылады. Қытайда da waixuan 大外宣 немесе -对外宣- duiwaixuan - деген ресми сыртқы үгіт-насихат жүйесі бар. Ол Қытайдың жеткен жетістіктерін жарнамалауға, елдің имиджін көтеруге және қытайлық құндылықтарды, тіпті Компариялық мәдениетті

нәсихаттауға бағытталған. Қытай тілінде, басқа тілдерге қарағанда үгіт-насихат сөзі «жаңалықтар тарату», «идеология қалыптастыру» деген сияқты жағымды коннотацияға ие. Кейде 民间外交 – min jian wai jiao «халықтық дипломатия» немесе 非传统外交 - fei chuan tong wai jiao «дәстүрлі емес дипломатия» деген сөздер қолданылады. Соңғы кезде ең көп қолданылып жүрген термин 公共外交 – gong gong wai jiao атауы.

Бүгінгі күні ҚХР-дың жария дипломатиясы төмендегідей бір қатар мақсаттарды көздейді:

1. Қытай елінің жағымды имиджін қалыптастыру;
2. Қытайдың тұрақты сенімді серіктес ел бет-бейнесін қалыптастыру. Қытайдың дамуын - Бейбіт өрлеу (和平崛起) деп түсіндіру, Батыста қалыптасқан «қытай қаупі» көзқарасынан арыту. Достық пен түсіністік негізінде қарым-қатынас жасайтын ел екеніне сендіру. Қытай экологиялық және түрлі аурулар, кедейшілікпен күресте жауапкершілік алатын мемлекет екенін таныту;
3. Қытай мәдениетін әлем мәдениетін толықтыратын байырғы бірегей мәдениет ретінде таныту. Қытай туралы түрлі қатып қалған стереотиптардан арылтатын мәліметтерді таратқанда ғана, басқа елдердің түсінуі мен құрметіне ие болады.
4. ҚХР-дың жария дипломатиясы ел ішіне бағытталған іс-шараларды өрістету арқылы ытайлықтардың ұлттық мақтаныш сезімін нығайту.

Осы саясат негізінде Қытай жария дипломатияны БАҚ, интернет ресурстары кеңінен пайдаланумен қатар, Конфуций институттарын да ұтымды қолданып келеді.

Қытайдың жария дипломатиясы, түрлі шет тілдегі бұқаралық ақпарат құралдарын дамытып келеді. Қытайдың халықаралық радиосы, Синхуа агенттігі бірнеше тілде хабар таратады, Қытайдың Орталық теле аранасы (ССТV) шетелде хабар тарату кеңістігін барынша кеңейтті. Бұдан тыс Қытай билігі шетелдің БАҚ құралдарына сіңіп кіру арқылы оларды өздерінің ұлттық мүддесі үшін пайдаланып отырғаны жасырын емес. Бұл салаға Қытай үкіметі аса қомақты қаржы жұмсап келеді. Халықаралық экономикалық форумның әр жылғы мәліметі бойынша ақпараттық технологиялардың салыстырмасы бойынша, Қытай 2001-2002 64-орында болса [167], 2005-2006 жылы 50-орынға көтерілген [168], 2010-2011 жылы 36-шы орынды иеленіп, Италия, Бразилия, ОАР және Ресей елдерін артқа қалдырған [169].

ҚХР-дың жария дипломатия құрылымдары белсенді түрде халықаралық іс-шаралар ұйымдастырады. Мысалы, 2001 жылы Шанхайда өткен АТЭО саммитін, 2008 жылы Пекинде өткен жазғы Олимпиада ойындарын, 2010 жылы Шанхайда өткен Халықаралық ЭКСПО көрмесін, 2010 жылы Гуаңжоу қаласында өткен жазғы Азия ойындарын ұйымдастыруға атсалысты. Шетелдерде 2001 жылы Берлинде өткен Қытай мәдени апталығын, 2004 жылғы Франциядағы Қытай мәдениеті жылын, 2007 жылғы Ресейдегі Қытай жылын ұйымдастыруға өте белсенді жұмыс жасады. Осындай шаралар арқылы қытайлық мәдениетті әлем елдеріне сіңіру жұмыстары жасалып келеді.

Қытай мәдениетін таратуды әлемнің кем дамыған аймақтарына таратуға көп көңіл бөледі. Өйткені олар инвестиция мен технология зәру болғандықтан, Қытайдан келген қаржымен қоса мәдениетін де қабылдауға бейім болып келеді.

Сондықтан оларды баурау үшін оларға мамандар дайындау, студенттердің Қытайға барып оқуына грант беру сияқты тәсілдер арқылы өзінің ықпалдық аймағын кеңейтіп келеді.

Қытайдың «жұмсақ күші» медициналық көмек формасында да жүргізіліп отыр. Африканың 50 жуық мемлекеттерінде қытайдың 15 мыңнанан астам дәрігері жұмыс істеп, 180 млн-ға шамасындағы адамдарға ем-дом жасаған. Жалпы соңғы 40 жылда 2 мыңнан аса дәрігер дамушы елдерге медициналық көмек көрсеткен. Соның орайына олардан энергоресурстар алуға қол жеткізіп отыр [170].

ҚХР-дың жария дипломатиясы мен Батыстың жария дипломатиясының аспектілерінде айырмашылықтар бар. ҚХР жария дипломатиясы мен институттарының статусын анықтау қиын, өйткені ол таза үкіметтік ұйым емес. Ал батыс елдерінде жария дипломатиямен үкіметтік емес ұйымдар мен жеке тұлғалар шұғылданады. Қазіргі кездегі ҚХР жария дипломатиясын ҚКП шетелге бағытталған үгіт-насихат Департаменттері мен Мемлекеттік кеңістің Ақпараттық Орталығы жүргізіп отыр. Сонымен қатар шетелдердегі ақпараттық құралдары жұмыс жасайды. Бұл қызметке мемлекет басшылары айырықша маңыз береді. Қытайдың жария дипломатия қызметіне ҚХР Сыртқы істер министірлігі көп араласа бермейтіндей көрінгенімен, іс жүзінде осы мекеменің біртұтас жетекшілігінде жұмыс жасайды.

Батыстық зерттеушілер жария дипломатиямен шұғылданатындар мемлекеттік емес акторлар деп санайды. Олар мемлекетке тәуелді емес, өз мүдделері үшін, өз атынан жұмыс жасайтын ұйымдар. Ал қытайлық түсінікте, қоғамдық ұйымдар толығымен мемлекеттік емес болып саналмайды. Қытайда бұқаралық ұйымдар мемлекеттің саясатын атқаруға тиісті, оларды мемлекет бақылауында ұстап отырады. Сондықтан қоғамдық ұйымдар, мемлекеттің қабылдаған маңызды шешімдерін атқаруға міндеттелген. Алайда қытайлық зерттеушілер қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік мекемелерден айырмашылығын 3 фактормен дәлелдемек болады:

Біріншіден, олар мемлекеттің бастамасымен, мемлекеттің күш салуымен құрылған жоқ;

Екіншіден, олар өз қызметтерін мемлекеттен бөлек жүргізеді;

Үшіншіден, олар ұйымның жарғысында бекітілген мүдделерге қызмет жасайды.

Батыстық кейбір зерттеушілер қытайлық қоғамдық ұйымдардың жұмысын жария дипломатияға жатқызады. Мысалы, «Қытайдың шетелмен достық қоғамы» қызметін солай есептейді. Ал қытайлық ғалымдар ол ұйымды дәстүрлі халықтық дипломатия (min jian wai jiao - 民间外交) саласына жатқызады. Ол қалалар арасында қарым-қатынас орынатуды, жергілікті мемлекеттік емес достық қоғамдарын құруды, көркем өнер көрмелері мен шығармашылық ұжымдар арасындағы байланыстардың барлығын халықтық дипломатия ұйымдары атынан атқарады.

Қытайда жария дипломатия ұйымдарының қызметін қарастырғанда, Қытай мен Батыс елдері арасындағы саяси құрылымның айырмашылықтарын ескеруге тура келеді. Қытай көбінесе бұқаралық ұйымдардың атынан әлем жастарын еліне шақырып түрлі жиыналыстар, симпозиумдар, курстар өткізеді.

Мұндай қимылдарды ғылыми конференциялар, мәдени симпозиумдар, спорттық шаралар және «жас көшбасшылардың» кездесуі деп үш типке бөлуге болады.

Ғылыми конференциялардың ұйымдастырушылары қытайлық жоғарғы оқу орындары мен ғылым академиялары. Мұндай шаралар Пекинде Шанхайда ғана емес, шеткері аймақтарда да өткізіліп тұрады. Мысалы, СҰАА орталығы Үрімші қаласындағы университеттер Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан қатарлы мемлекеттердің ЖОО қосылып жыл сайын конференциялар ұйымдастырады. Бұған Конфуций институттары атсалысады. 2013 жылы Әзірбайжан тілдер университетінде екі елдің қарым-қатынастарының нәтижесіне арналған «Әзірбайжан – Қытай: жаңа мүмкіндіктер он жылдығы» атты ғылыми семинар өтті. Семинарда Әзірбайжан тілдер университетінің студенттері екі елдің халықаралық саяси ынтымақтастығына, Қытайдың мұнай саласындағы саясатына, Әзірбайжан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстардың тарихына арналған баяндамалар жасады [171].

«Жас көшбасшылар» конференциясында Азия жастары саммиты ХХІ жиналысы ерекше болды. Бұл конференцияға Азияның әр елінен келген дарынды жастары бас қосып пікір алмасқан, ой бөліскен алаң болды. Сондай-ақ ол болашақ лидерлерге қытайдың мәдени ықпалын дарытатын орай болып табылады. Оларға Қытай елін тек жақсы жағынан танытып отырады.

Қытай «жұмсақ күш» дипломатиясын өзінің шетелдердегі диаспорасы арқылы да жүргізеді. Шетелдердегі қытай диаспоралары тарихи отаны мен қазіргі тұрып жатқан елдері арасындағы мәдени және әлеуметтік іскерлік байланыстардың орнауына белсенді қызмет атқарып келеді. Қытайлықтардың шетелдерде құрыған қауымдастықтары саны жағынан әлемде бірінші орынды тұр. Түрлі елдердегі қытайлықтардың ерекшеліктері әр басқа болғанымен, олардың барлығында өздерінің дәстүрлі мәдени бірегейлігін сақтаған, патриоттық санасы күшті этникалық топ болып табылады. Олар қытайдың ұлттық тілі мен мәдени құндылықтарын таратуға белсенді қызмет атқарып келеді.

Қытай билігі әлемде миграциясының көбеюін қуаттайды. Солар арқылы да өз ықпалын дүние жүзіне жүргізуді көздейді. Мысалы, 1982 жылғы ҚХР Конституциясында «ҚХР шет елдерде тұратын қытайлардың, репатриант-қытайлықтардың және олардың отбасы мүшелерінің заңды құқықтары мен мүделерін қорғайды» [172] деп жазылған. 1980 жылдардың ортасынан бастап хуацяолар үшін елге кіретін виза алынып тасталды. Бұл олар мен ішкі қытайдағылардың арасындағы мәдени және экономикалық байланыстарды жандандыра түсті. 1990 жылы хуацяолар мен олардың туыс-туғандарының құқықтары мен мүделерін қорғау туралы заң қабылданған. Осы заңдарға сәйкес хуацяолар салған инвестицияға салықтық және қаржылық жеңілдіктер жасалды. Бұл ХХ ғасырдың 90-жылдары ҚХР-ға шетелден мол инвестицияның құйылуына жол ашты.

Мемлекеттік кеңестің қасында Шет елдердегі, Тайваньдағы және Сянган мен Аомэндағы қытайлықтар мәселесімен айналысатын үш бірдей кеңсе жұмыс жасайды. Бүкілқытайлық халық өкілдері құрылтайының жанында қытайлық эмигранттар мәселесімен айналысатын Комитет жұмыс істейді. Бұл комитет

қытайлық диаспоралармен қарым-қатынасты заңдық қолдаумен және басқа да мемлекеттік органдардың олармен жұмысын қадағалаумен айналысады. ҚХР үкіметінің қолдауымен құрылған қытай диаспораларымен мәдени, экономикалық сауда байланыстарды дамытумен айналысатын және зерттеумен шұғылданатын халықаралық қоғам белсенді жұмыс істейді. Сондай-ақ Этникалық қытайлардың бүкіләлемдік федерациясы, Қытай шетелдермен байланыс ассоциациясы сияқты ұйымдар жұмысын жүргізіп отыр. Бұл ұйымдардың басты қызметі қытайлық құндылықтарды әлемге насихаттау.

Қытайдың шетелдерде құрыған Синьхуа және Қытайдың Орталық теледидарының нәсихат пәрмені ерекше. Шетелдік аудитория оларды қытайдың мемлекеттік үгіт-насихат ретінде қабылдады. Алайда қытайлық «жұмсақ күш» дипломатиясына тек бір жақты америкалық көзқараспен қарау мүлде дұрыс емес дейтін де ғалымдар бар.

Қытай өзінің «жұмсақ күш» ықпалын арттыруды мемлекеттік қолдаумен мәдениет, өнер, ғылым-білім, оқу-ағарту, спорт саласында өзара алмасулар арқылы, шетелдегі қалың диаспорасы арқылы және Конфуций институттарды арқылы нығайтып келеді. Алайда қазіргі қытайлық құндылықтарда жалпыға ортақ адам құқығын қорғау, демократиялық саясат жүргізу, азаматтық қоғам құру сияқты адамзатқа ортақ құндылықтардың кемшін болуы қытайлық «жұмсақ күштің» әлсіздігі болып отыр. Сондықтан ҚХР үкіметі ойлағанындай нәтиже бермей тұрғаны да жасырын емес.

Қорытып айтқанда, ҚХР-дың «жұмсақ күш» саясатының ерекшелігі қытай мемлекеттік жүйесінің ерекшелігімен тікелей байланысты. Америкалық және батыстық «жұмсақ күш» саясаттары олардың мемлекеттік саяси, демократиялық және құқық құрылым жүйесімен байланысты болуы, оларды Қытайдан ерекшелеп тұрады. Қытай тотаритарлық саяси жүйе арқылы «жұмсақ күш» саясатын мемлекеттің және мемлекеттік емес ұйымдар арқылы, экономикалық мүддеге байланыстырып жүргізіп келеді. Бұл іс жүзінде мәдени жаһандану күресі. Мәдени ықпал жасау өз алдына, ал мәдениетті қабылдау әр ел халықтарының талғамына байланысты. Сондықтан әлемде «жұмсақ күш» бәсекесі ұзаққа созылады деп санаймыз.

2.3 Қытайдың сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктері

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты - оның «жұмсақ күш» дипломатиясының маңызды мазмұны ретінде жүргізіліп келеді. Қытайдың бұл саясатын әлкемдік тұрғыдан қарағанда, оның аймақтық ерекшеліктері анық байқалады. Сондықтан оғаның геосаяси сырларына талдау жасау аса қажетті деп санаймыз.

Қытайдың сыртқы саясатының ұзақ мерзімдік мақсаттарының бірі мемлекеттің дамуына қолайлы сыртқы жағдай жасау және оны сақтау. Сондықтан Қытайдың сыртқы саясатында ұлы елдер дипломатиясы (da guo wai jiao – 大国外交) мен көрші мемлекетер қатынасына көбірек басымдылық берілген.

ҚХР-дың сыртқы саяси стратегиясында алдымен Шығыс Азияда өзінің позициясын нығайту. Оған Қытай – АСЕАН еркін экономикалық аймағындағы сауда-экономикалық байланыстарын нығайту арқылы қол жеткізуді көздейді. Өйткені аламыш аймақта қытай диаспораларының көп болуы және қытай тілі мәдени ықпалының сақталуы Қытай «жұмсақ күш» саясатын жүргізуге қолайлы жағдай қалыптастырған.

Ал АСЕАН мемлекеттері ҚХР-дан сақтану саясатын ұстанады. Сондықтан олар «АСЕАН+1» (АСЕАН қосу Қытай) ұсынысын қыбылдамай отырғаны соны аңғартса керек.

Қытай АСЕАН аймағындағы қытай тілі мен мәдениеті негіздеріне үміт артады. Өйткені аймақтағы этникалық қытайлар және олардың тілі мен діні, діліндегі жақындыққа акцент жасайды. Сондықтан аталмыш аймаққа қытай мәдени ықпалын нығайта түсу үшін олармен білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуға назар аударды. Қытай мен АСЕАН-ның 10 мемлекетімен арада оқу-ағарту саласында келісім-шарт жасалды. Оның ішінде Филиппин, Малайзия, Вьетнам, Таиланд және Индонезия мемлекеттерімен қорғалған ғылыми атақты өзара мойындау туралы келісімдер жасалған.

Қытай Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен өзінің жоғарғы оқу орындарына белсенді түрде студенттер қабылдап келеді. Қытайға барып оқитын студенттердің саны жылына 10% көрсеткішпен өсіп отыр. Кейбір мәліметтер бойынша, 2007 жылы Қытайда жалпы шетелдік 190 мың студент оқыса, оның 30 мыңы АСЕАН елдерінен барғандар екен. ҚХР Білім беру министрілігінің мәліметінде, 2010-2014 жылдары Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде 126 мың қытайлық студент оқыса, Қытайда АСЕАН елдерінен 300 мың студент білім алған. 2015 жылы Қытайда 72 мың АСЕАН елдерінен келген студент болса, АСЕАН елдерінде 120 мың қытайлық тәлімгер оқыды. ҚХР үкіметі 2020 жылға қарай Қытайда оқитын АСЕАН елдерінің студенттерінің жалпы санын 500 мыңға жеткізуді жоспарлап отыр [173].

Қытайда оқып жатқан Оңтүстік Шығыс Азия елдері студенттерінің ең көбі тайландтықтар. Тайланд студенттері Ол елдің студенттері АҚШ пен Оңтүстік Кореядан кейін ҚХР-ды таңдайды екен. 2016 жылы Куала-Лампурда Оңтүстік Шығыс Азиядағы ең алғашқы қытай жоғарғы оқу орны Сямэнь университетінің кампусы ашылды.

ҚХР-да АСЕАН елдерінің студенттерін тартуға бәсеке күшті жүреді. Мысалы, Цзянсу, Гуйчжоу және Гуанси-Чжуан автономиялық ауданы АСЕАН елдерінің студенттеріне адам басына 3 млн юань стипендиялық бағдарлама ұсынған. Нәтижеде 2016 жылдың қыркүйегінде Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен 60 студент осы бағдарлама бойынша оқуға қабылданған [4].

XXI ғасырдың алғашқы он жылында Қытай Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің бастауыш мектептерінде қытай тілін оқытуға қол жеткізді. Тайланд, Малайзия, Сингапурдың бастауыш мектептеріне қытай тілін оқыту бағдарламасы енгізілді. Оның басты себебі, осы мемлекеттер халқының құрамында этникалық қытайлардың көп болуы және олардың экономикалық әлеуетінің жоңары болуында. Сондықтан олар тарихи тегіне – қытай мәдениетіне оралуды жөн санайды. Этникалық қытайлар Сингапурда көп тұрады. 2010 жылғы санақ бойынша бұл елдің тұрғындарының 74% -ын этникалық қытайлар құрайды екен. Индонезия мен Тайландта қытай тілі негізінен жекеменшік мектептерде және таза қытай тілі мектептерінде оқытылады. Ал Филиппин, Камбоджо, Лаос сияқты елдерде мемлекеттік мектептерде де қытай тілі оқытылады.

Қытай тілін оқытудың Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде тез дамуы стихиялық процесс емес, ол ҚХР үкіметінің қаржылық көмегімен жасалған саясаттың нәтижесі. Өйткені бұл Қытайдың ұлттық стратегиялық саясаты. Сондықтан аймақ жастарының қытай тілінде жоғары білім алуына қаражылық көмек жасалған, визалық қолдау саясаты жолға қойылған, үгіт-нәсихаттық коммуникация күшейтілген.

АСЕАН елдерінде қытай тілі мен мәдениетінің кең көлемде қанат жаюына белсенді қызмет атқарып жатқан аймақтағы Конфуций институттары. Оңтүстік Шығыс Азияда ең алғашқы Конфуций институты 2006 жылы ашылды. 2006-2008 жылдар аралығында, Тайландта, Малайзияда, Мьянмада, Сингапурда, Индонезияда және Филиппинде барлығы 20 мыңнан аса адам қытай тілін оқитын 21 Конфуций институты ашылды. Қазір АСЕАН-ның 10 мемлекетінде 30 Конфуций институты білім беріп жатыр.

ҚХР білім Министірі Юань Гуйжень соңғы жылдары АСЕАН мемлекеттерінде білім беру стандарттарының өскенін мәлімдей отырып, «Біз оқу-ағарту саласын дамытуда АСЕАН мемлекеттерімен арадағы тәжірибеден көп үйренуіміз керек. Сонымен қатар АСЕАН мемлекеттерімен серіктесе отырып Қытайдың білім беру деңгейін көтеруіміз қажет» [174] деп атап көрсетті.

Қытайдың аталмыш аймақта жүргізіп отырған «жүмсақ күш» саясаты өте терең ойластырылған ұзақты көздеген стратегия. Қытай тілі мен мәдениетін сол елдің лауазымды, ықпалды тұлғалардың ұрпақтарына бағытталған. Қытайда оқуға бөлінген 30 мың гранттың негізгі бөлігі бизнес және саяси-әкімшілік саладағы адамдардың перзенттеріне, беделді интеллектуал элитаның балаларына беріледі. Өйткені болашақта ел тұтқасын ұстайтындар солардың қатарынан шығыды. Сондықтан олардың қытайшыл қылып шығару - ең соңғы мақсаты болпы табылады. Әрине, қоғамның төменгі жіктегі тұрғындардың балалары Конфуций институттары мен көптеген арнайы тілдік курстарда қытай

тілін оқиды. Өйткені Қытайға бір бүйрегі бұрып тұратын адамдардың көп болғаны – олардың мақсатының орындалғаны болып табылады.

Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты бағытталған аймақтарының бірі - Латын Америкасы. Бұл аймаққа Орталық және Оңтүстік Америка мен Кариб теңізі бассейніндегі елдер жатады.

Соңғы 20 жылдан бері аталмыш аймақтағы елдер мен ҚХР арасындағы халықаралық қатынастар жылдам дамыды. Оның себебі, аймақтағы АҚШ-тың ықпалының әлсіреуі және ҚХР-дың әлеуетінің өсуі мен инвестициясының артуы басты рөл атқарды. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында ҚХР экономикасының қарқынды дамуы мен ұлттық табиғи ресурстарының жетіспеушілігі қытай билігін белсенді түрде ресурстардың импорты мен жаңа экспорт нарығын іздеуге мәжбүрледі.

Латын Америкасы елдерімен ҚХР арасындағы қарым-қатынастың қарқынды дамуы, XXI ғасырда ҚХР-дың Латын Америкасына бағыттаған стратегиялық саясатын қабылдаумен байланысты болды.

2008 жылдың қарашасында ҚХР мемлекеттік Кеңесі «Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерімен қарым-қатынас туралы негізгі құжатты» қабылдады. Бұл құжатта Қытайдың осы аймақтағы сыртқы саясатының басымдықтары мен Латын Америкасы елдерімен жан-жақты серіктестік орнату міндеттері бекітілді. 2016 жылы бұл құжаттың толықтырылған нұсқасы қабылданды. Осы құжатта ҚХР-ның Латын Америкасы мен Кариб бассейні мемлекеттерін дамушы әлемнің маңызды құрамдас бөлігі және халықаралық аренадағы негізгі күштердің бірі ретінде қабылдайтыны, Қытайдың бұл мемлекеттермен теңдік жағдайдағы серіктестікті дамытатыны айтылған. Аймақтағы Қытай саясаты екіжақты сенімді нығайту және екіжақты тиімді серіктестікті құру, біртұтас Қытай принципін орнату сияқты басымдықтар атап көрсетілген.

Қытай мәдениеті мен қытай тілінің танымалдығын арттыру, Қытайдың Латын Америкасындағы ықпалын күшейтетін маңызды құралдарының біріне айналдырды. Тілі мен мәдениетін Латын Америкасы елдерінде тарату үшін Қытай жергілікті халықты қытай мәдениетімен таныстыруға, латынамерикалықтардың жалпы Қытай туралы таным-түсінігін арттыруға, аймақта қытай тілінің қолданыс ауқымын кеңейтуге бағытталған тұтас кешенді іс-шараларды қолға алды. Оған білім беру саласындағы өзара алмасу үкіметтік деңгейде іске қосу, бірлесіп ғылыми және оқу-ағарту жобаларын ұйымдастыру, Латын Америкасы елдерінің тілінде жұмыс жасайтын БАҚ-тың жұмысын жолға қою, Қытаймен, қытай мәдениетімен байланысы бар қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсету, қытай тілінің танымалдығын арттыру іс-әрекеттерді қарастырылған. Бұл міндеттерді Латын Америкасы елдерінде құрылған Конфуций институттары атқарды. Онда алғашқы кезде 39 Конфуций институты ашылды. Барлақ әлем елдеріндегі сияқты, бұл жерде де Конфуций институттары қытай тілі мен қытай мәдениетін оқытатын курстар ұйымдастырумен, білім беру саласындағы алмасу бағдарламаларын жолға қою, бақылау және дамыту жұмыстарымен айналысты және айтарлықтай нәжітелерге қол жеткізді. Қытайдың мәліметі бойынша, аймақтағы қытай тілін оқытындардың саны 2016 жылдың өзінде 150 мыңнан асқан.

Латын Америкасындағы қытайлық БАҚ да жергілікті халықтың Қытай туралы таным-түсінігін арттыруға барынша белсенді жұмыс жасады. ҚХР-дың негізгі мемлекеттік ақпарат көздері Синьхуа агенттігі, Қытайдың халықаралық радиосы, Жэньмин Жибао газеті испан және португал тілдерінде қызмет жасауда. Қытай ақпараттық құралдары аймақтық басылымдардың оқырмандарына ақпараттық қосымшалар мен Қытай туралы арнайы авторлық материалдарды ұсыну арқылы белсенді серіктестік орнатқан. Мысалы, 2015 жылы «Жэньмин Жибао» мен аргентиналық «La Nación» газеттері арасында серіктестік және өзара материал жариялау туралы келісім жасалды. 2016 жылы қытайлық мемлекеттік басылым «China Daily» газеті аргентиналық «Diario Uno» аймақтық газеттер желісімен бірлесе отырып «China Watch» қосымша баспасын іске қосты.

Кейбір мамандар қытай мәдениетінің ықпалы Латын Америкасы мемлекеттерінде ең әлсіз деп санайды. Өйткені соған қарапайым латынамерикалықтар Қытайдың танымал музыкасы, киносы, өнері туралы мүлде бейхабар болған. Қытайдың интернет желілері Латын Америкасына мүлде жетпеген екен. Сондай-ақ Латын Америкасы елдеріндегі этникалық қытайлардың мәдени ықпалы шектеулі болған. Перу, Эквадор, Панама, Бразилия елдерінде біршама ірі қытайлық қауымдастықтар болғанымен, аймақтағы қытайлық эмигранттар қытайлық мәдениетті көрсетуге ұмтылған емес. Олар негізінен асхана, ресторан, дүкендер сияқты шағын кәсіппен шұғылданғанды дұрыс көреді. Яғни, олар сол елдердегі саяси-әлеуметтік істерге араласуға белсенділік танытпайды. Алайда 2006 жылы Латын Америкасындағы ең алғашқы Конфуций институты Мехикода қытай эмигранттары құрған Хуася мәдени орталығы жанынан ашылды. Бұл жергілікті қытай қауымдастығының Үкіметтік қолдау арқылы қытайдың мәдени экспанциясына атсалысқанын көрсетеді.

Аталмыш аймақта қытайдың сыртқы тілдік саясатының іске асуына сол елдердегі байырғы этникалық қытай қауымдастығының (Панама, Мексика, Перу, Венесуэла, Эквадор, Чили, Бразилия елдеріндегі) болғаны өз септігін тигізді.

Бұл фактілерден Қытайдың сыртқы тілдік саясаты немесе «жұмсақ күші» дипломатиясы Латын Америкасына сіңіп кіргенін көруге болады. Бірақ оны АҚШ-тың аймақтағы «жұмсақ күшімен» немесе мәдени ықпалымен бәсекеге түсетін деңгейге жете қойған жоқ. Алайда табиғи ресурстарды игеруде АҚШ-пен бәсекелесе алатын деңгейге жетіп қалды деп санаймыз.

Қытайдың Африка елдеріне қолданған сыртқы тілдік саясатының өзіндік ерекшелігі бар. Қытай Африка елдеріне экономикалық көмегі мен инвестициясын кіргізуде батыл қадамдар жасады деуге болады. Қытай - Африка арасындағы мәдени байланыстар нағыз «жұмсақ күш» сипатында өрістеді. Сондықтан Қытайдың Африканың көптеген мемлекеттерде жасап отырған іс-әрекеттерін, экономикалық экспансия ретінде, тіпті неокOLONиализм ретінде сынға ұшырауда. Алайда Қытай өзінің Африка елдеріне жағымды образ қалыптастыру үшін, «жұмсақ күш» құралдарын барынша кең қолдануға тырысуда.

Қытай Африка елдерінің оқу-ағартуына, ғылым-техникасына қаржы салуды экономика саласында инвестиция салумен қатар жүргізіп келеді. Сол арқылы Батыс емес Қытайға бүйрегі бұратын африкалық саяси және іскер элитаны қалыптастыруға белсенді жұмыс жасауда. Бұл іс жүзінде Қытайдың ұзақ мерзімге негізделген стратегиялық саясаты. Сондықтан Қытай африкалық талантты жастарды Қытайға апарып оқытып тәрбиелеуге көңіл бөліп отыр. Тіпті Шаньдун университеті африкалықтарға жергілікті студенттерден «оқу жолдасын» (хуе бан – 学伴) қосып бергені – ықпал жасаудың ең ұрымтал тәсілін қолданып отырғанын аңғартады.

Қытай мен Африка мемлекеттері арасында білім беру саласындағы байланыстың тарихы біршама ұзақ. Ол 1956 жылы Египет пен Қытай арасында білім беру саласы бойынша келісім жасаудан басталады. Келісім бойынша Қытайға барып білім алатын студенттердің қатарына 70-жылдары Африканың 25 мемлекеті қосылған. 80-жылдары оның қатары 43 мемлекетке жетіп, 2245 студент Қытайдың 100 аса оқу орындарында білім алды. 90-жылдары екіжақты білім саласындағы серіктестік жаңа деңгейге көтерілді. Пекин Африкаға білім алу квотасын өсірді, өз қаражатымен барып оқитын африкалық студенттердің де саны артты. Сонымен қатар Африка мемлекеттеріне барып сабақ беретін қытайлық оқытушылардың саны жылдан-жылға артып келеді. Қытай-Африкалық ғалымдар бірлесіп ғылыми-зерттеу жүргізетін лабораториялар көптеп құрылды. 2003 жылы ондай лабораториялардың саны 21 жетті [71].

2000 жылы ҚХР «шетке шығу» саясатын жариялағаннан кейін, қытайлық білім беру орындары Африкаға шындап ден қойды. Қытай үкіметінің Қытай-Африка Форумын құруы (ФОКАК) бұл процеске дем берді. 2000 жылы Пекинде өткен Форумның бірінші отырысында қаржыландыруды қытай жағы мойнына алған «Африкалық адам ресурстарын дамыту Қоры» құрылды. Фондтың міндетіне африкалық студенттерді оқыту, оларға шәкіртақы тағайындау, Африка мемлекеттеріне мектептер мен зертханалар құруға көмектесу, Африкаға оқытушылар мен еріктілерді жіберу, африкалықтарға қытай тілін үйрету сияқты бір қатар шараларды ұйымдастыру көзделді.

Форумның саммиттері мен конференциялары 3 жылда бір рет Қытай мен Африка мемлекеттерінде кезектесіп өтіп отырды. Әр отырыста Африкаға көрсетілетін көмектің кезекті бағдарламасы жарияланады. Бағдарламада мектептер мен колледждер салу, зертханалар мен компьютер сыныптарын құру, студенттер оқыту, білікті мамандар дайындау, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру маңызды орында болды.

2006 жылы Пекинде жарияланған «Қытайдың Африкалық саясаты» атты құжат, ҚХР үкіметінің Африка континентіндегі оқу-ағарту мәселесіне үлкен көңіл бөлетінін танытты. Құжатта Африкалық адам ресурстарын дамыту Фондының қызметінің маңыздылығы атап өтілген және «негізгі бағыттарды нақтылау, ықпал ету ауқымын кеңейту, инвестицияны өсіру және серіктестіктің тиімділігін арттыру» сияқты міндеттер бекітілген [175]. Осы құжатта африкалық студенттерге бөлінетін шәкірақы мен Африкаға жіберілетін оқытушылардың саны артатыны айтылды.

2015 жылдың желтоқсан айында Йоханнесбург қаласында өткен Қытай-Африка Форумы (ФОКАК) саммитінде ҚХР білім беру саласында өте ауқымды

міндеттер алды. «Қытай мен Африканың бірлесіп дамуы: екіжақты тиімді серіктестік» атты тақырыппен өткен саммит алғаш рет африка жерінде өтті. Саммитке ҚХР-мен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан 50 Африка мемлекетінің басшылары мен өкілдері қатысты. Саммит Қытай мен Африка дамудың жаңа стратегиясын қабылдады.

Мәдениет пен білім беру саласындағы серіктестік жоспарында Африка елдерінде 5 бірдей мәдениет орталықтарын ашу және 10 мың африкалық ауылға спутниктік байланыс орнатуды көзделген. Егер бұған дейін Қытай мен Африка тек студент алмасумен шектеліп келсе, ендігі жерде білім беру саласындағы байланыс өте белсенді және жан-жақты сипат ала бастады. Қытай университеттері Африканың 22 мемлекетінде өздерінің бөлімдерін ашты. 2003 жылғы мәлімет бойынша ҚХР-дың оқу орындарында 1793 африкалық студент оқыды [176]. 2006 жылғы «Қытай-Африка» Форумының саммитінде Ху Цзиньтао Қытай өзінің оқу орындарына жылда 4 мың африкалық студентті қабылдайтынын айтты. Ал 2009 жылы Шарм-эш Шейхта өткен саммитте бұл сан 5500 дейін көтерілді. 2010-2011 оқу жылында ҚХР үкіметі 5710 африкалық студентке шәкірақы бөлді, 2012 жылы 6717 студентке, 2012-2015 жылдар аралығында 20 мың шәкірақыға жетсе, 2015-2018 жылдары 32 мың африкалық шәкірақы алды [177]. 2016 жылы Африкалық Одақ Комиссиясы басшысының орынбасары Эрастус Мвенча шәкіртақы иеленгені бар, өз қаражатына оқып жатқаны бар, барлығы 150 мың африкалық студент Қытай университеттерінде оқып жатыр деп мәлімдеді [71].

Африка мемлекеттерінде қытайдың тілімен қоса тарихы, мәдениеті оқытылып жатқан Конфуций институттары өте белсенді жұмыс жасап жатыр. Африкадағы алғашқы Конфуций институты 2005 жылдың желтоқсанында Кенияның астанасы Найроби қаласында ашылды. Қазір Кенияда 3 Конфуций институты бар. 2014 жылы 29 Африка мемлекетінде 42 Конфуций институты мен 13 мемлекетінде 18 Конфуций сыныптары қызметін жүргізіп отыр [19]. 2018 жылғы санақта, Конфуций институттардың саны Африкада 51 жеткен.

Оңтүстік Африка Республикасында қазір 5 бірдей Конфуций институты бар. 2014 жылы осы елде ашылған институттың директоры Моньяне қытай тілін оқытқаннан бөлек, институт студент алмасумен де айналысатынын айтады. «Біз студенттерді алмасу бағдарламасы бойынша Қытайға оқуға жібереміз. Біздің институт Нанькин Технологиялық университетінің серіктесі» дейді. Сонымен қатар, ол институтта конфуциандық философия оқытылатынын айтады. Директордың сөзінше қытай тілін білу, қытай тілінде сөйлеу Оңтүстік Африка үшін керемет мүмкіндік, өйткені қытай тілін оқып-үйрену елдегі қытайдың бизнесін дамытуға және африкалықтар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді [178].

Зимбабве университетінің оқытушысы және кеңесшісі Л.Мукаро қытай тілін білетін адамдар еңбек нарығында сұранысқа ие екенін, студенттер мен бітірушілердің қытайлық компанияларда қиналмай жұмыс таба алатынын айтады. Ол «Егер сіз қытайлықтардың қалайша бүкіл әлемге ықпалын арттырып отырғанына назар аударсаңыз, қытай тілінде сөйлеудің қаншалықты маңызды екенін түсінер едіңіз» [179] дейді.

Қытай тілінің Африка мемлекеттерінің мектеп бағдарламасына кіргізіле бастауы Қытайдың Африкадағы ықпалының арта түскенін көрсетеді. Кенияның оқу бағдарламасын түзу институты 2020 жылы қытай тілі Кенияның бастауыш мектептерінде факультативті пән ретінде қытай тілі мектеп бағдарламасына енгізілетінін жариялады. Бұған дейін Танзания, Руанда, Уганда, Зимбабве және Оңтүстік Африка мемлекеттері қытай тілін оқытуды мектеп бағдарламасына енгізген еді.

Шығыс Африка елдерінің басшылығы қытай тілінің мектеп бағдарламасына кіргізілгенін қолдайды, олар қытай тілі мен мәдениетінен хабары болу жұмыс орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады және Қытаймен арадағы іскерлік қатынастарды жақсартуға түрткі болады деп есептейді.

Әзірге тек Уганда ғана қытай тілін оқытуды міндетті пәндердің қатарына қосып отыр. Қытай үкіметі осы елдің қытай тілінен сабақ беретін 100 оқытушысын Қытай оқу орындарында 9 ай біліктілігін арттыру курсынан өтіп қайту ақшасын көтерді.

Тура осы бағытта Танзания мемлекеті де жұмыс жасап жатыр. Жақын болашақта қытай тілі суахили және ағылшын тілімен бірдей дәрежеге жетіп калуы мүмкін.

Қытай үкіметі Африкада жүргізіп отырған қытай тілі мен мәдениетін тарату саясаты бүкіл әлемді шарпыған Батыс мәдениетіне қарсы бағытталған жоқ деп ақталады. Сондай-ақ африкалықтардың ұлттық мәдениетіне де зияны тимейді деп түсіндірмек болады. Іс жүзінде Қытайдың Африка елдерде жүргізіп отырған тілдік саясаты – африкалықтарға қытайлық мәдениетпен құндылықтарды қабылдатуға бағытталғаны анық. Алайда Африка мемлекеттері Қытайдың бұл саясатынан ешқандай алаңдап отырған жоқ. Сондықтан болашақта қытай тілі мен мәдениетінің ықпалы Африкада елдерінде арта түседі деуге негіз бар.

Орталық Азия аймағының Қытай үшін маңызы ерекше. Бұл Қытаймен іргелесіп жатқан аумақтың геосаяси және геоэкономикалық тұрғыдан да ҚХР үшін аса айырықша маңызға ие. Қытай мен Орталық Азия экономикасында бірін бірі толықтыратын тұстары көп. Сондықтан Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасында дипломатиялық қатынастар ұлттық – мемлекеттік мүдде негізінде қалыптасқан. Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделері тек энергетика ресурстармен шектелмейді. Оның кең көлемдегі экономикалық, гуманитарлық аспектілері бар екенін ескеру керек. Сондықтан Қытай Орталық Азия аймағына, әсіресе Қазақстанға байыпты саясаты қолдануға мүдделі.

Қытай өзінің сытқы тілік саясаты немесе «жұмсақ күш» дипломатиясын Америка мен Европа мемлекеттеріне де жүргізіп келеді. 2004 жылы Қытай мен АҚШ Мэриленд университетінде бірлесіп Конфуций институтын құру туралы келісімге қол қойды. Осылайша Америка континентіндегі ең алғашқы Конфуций институты 2005 жылдың наурыз айында Мэриленд университетінде құрылды. 2017 жылдың соңына қарай АҚШ-тағы Конфуций институттарының саны 161-ге жетті. Мэрилендтегі Конфуций институты Солтүстік Америкадағы алғашқы институт қана емес, сонымен қатар ол Америкадағы ең танымал орталыққа айналды. Қытай тілін оқыту тәжірибесінің молдығы мен тынымсыз

жасалған мәдени қызметінің арқасында ол қытай тілін үйрету, Қытайды танып-білу, мәдени алмасуларды іске асыру және қытай мәдениетін тарату аясында жергілікті студенттер мен тұрғындар үшін маңызды бір платформаға айналды.

2006 жылдың 1 мамырында Мичиган университетінде ең алқаш қытай тілін онлайн форматында үйрететін бағдарлама ұсынған Конфуций институты құрылды. Висконсин-Платтевил университетінде құрылған Конфуций институты әдеттегі сыныптардан бөлек, іскер адамдарға арналған бизнес-курстар мен балаларға қытай тілін үйрететін топтар ашылды.

«Хуанхэ» телестанциясы жанынан құрылған ең алғашқы телевизиялық Конфуций институты 2008 жылдың 18 желтоқсанынан бастап хабар тарата бсатады. Ол SCOLA спутниктік теле желісін пайдаланып тәулігіне 24 сағат трансляция жасап отыр. Оның таратқан бағдарламаларын АҚШ-тың 50-ден аса қаласында 400 университет пен 7000 орта мектеп оқушылары көріп отыр. Мұндай форматтағы Конфуций институтына 3,1 миллион оқушы тіркелген. Ал көрермендердің саны 15 миллионға жуықтаған. Бұл Конфуций институты АҚШ, Канада және Латын Америкасы территорияларына тарайтын, «Ұлы қытай қорғаны» платформасының базасында құрылған «Хуанхэ» білім және мәдениет телеканалында да күнделікті хабар таратып отыр. Өте сапалы, қызықты және жоғарғы методикалық деңгейде жасалған қытай тілін оқытатын бағдарламалардың аудиториясы жылдан-жылға артып отыр [180].

ҚХР-дың АҚШ-тағы елшілігінің кеңесшісі Лю Гуаньюань журналистерге берген сұқбатында «Бүгінгі күні қытай тілін оқитын америкалықтардың саны күн санап артып келе жатыр. Көптеген оқу орындары өздерінің оқу бағдарламасына қытай тілін енгізді. Біраз қалада Конфуций институттары мен Конфуций ілімі туралы лекциялар оқылады. Қазір қытай тілі АҚШ-та испан тілінен кейінгі екінші тілге айналып отыр» [180] еді.

«Нью-Йорк Таймс» газетінің жазуынша, АҚШ-тың кейбір мектептер өз қаражаттарына қытайлық мұғалімдерді шақырып қытай тілін оқытып отыр. Оларға Қытай үкіметі де қосымша ақша тағайындаған. 2010 жылғы санақта АҚШ-тағы 1600 қоғамдық және жекеменшік мектептер бағдарламасына қытай тілін енгізген және олардың қатары артып келеді. Вашингтон қаласының Лингвистикалық орталығының директоры Нэнси Роуз: «бұл жағдай АҚШ-тағы шет тілін оқыту жағдайын өзгертіп жіберді» [180] деген.

«Нью-Йорк Таймс» газетінің мәліметінде қытай тілін оқытатын дәстүрлі кварталдардан басқа, қытайлықтар тұрмайтын аймақтарда да қытай тілін үйрену қанат жайған. Бұрын қытай тілін оқытатын мектептер шығыс және батыс теңіз жағалауы аймақтарында орналасқан. Соңғы кезде мұндай мектептер Огайо, Иллинойс, Теннеси, Джорджия, Колорадо и Юта сияқты АҚШ-тың орталық штаттарында да құрылған.

Ханьбанның басшысы Ху Лин «АҚШ университеттерінің кеңесімен, Америкалық шет тілдерін оқыту кеңесімен, Азия комитетімен және бастауыш және орта мектептердегі қытай мұғалімдерінің американдық қауымдастығымен ынтымақтастық орнатқанын, олармен бірлесіп көптеген қытай-американдық білім беру жобаларын жүргізіп отырғандарын және жаңа іс-шараларды жоспарлап отырғандарын» [181] айтты.

Ху Лин 2006 жылы берген сұқбатында «америкалықтардың берген мәліметінде 2005 жылы 200-ден астам мемлекеттік мектептерде қытай тілі топтары ашылған, оқушылардың саны 40 мыңнан асқан екен. Сол жылы 20 штатта қытай тілі топтары ашылды, екі жылдың ішінде оқушылардың саны екі еселенді. Біз қытай тілінің танымалдығын бұдан ары арттыруға ниет қылып отырмыз және америкалықтардың қытай тілін оқуға деген сұраныстарын толық қамтыуға бар күшімізді саламыз» [181] деген.

Ли Хун АҚШ-та кем дегенде 2400 орта мектеп қытай тілі топтарын ашуды жоспарлап отырғанын айтады. Мұндай жоспарды жүзеге асыру үшін Ханьбан мен АҚШ университеттерінің кеңесі «Қытай тілі мен мәдениеті» деген бірлескен жобаны жүзеге асырған және қазір біраз нәтижеге қол жеткізген. Әр жыл сайын Қытайға 600-ге жуық америкалық мектептердің директорлары мен білім беру саласының инспекторларын шақырып отыру, АҚШ-қа қытай тілі мұғалімдерін жіберу, АҚШ-тағы қытай тілі оқытушыларына гранттар тағайындау, олардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды [181]. Қазір АҚШ орта мектептерінде 500 жуық Конфуций сыныптары жұмыс істеп жатыр.

АҚШ-тың көптеген университеттері мен колледждарында Конфуций институттары ашылған. 2017 жылғы мәліметке жүгінсек, АҚШ-та 103 Конфуций институты құрылған. Алайда бұл институттар Қытайдың мемлекеттік қаржымен жұмыс жасағандықтан, оларды ҚХР-дың сыртқы саясатын атқаратын, тапсырмасын орындайтын, ҚКП құндылықтарын насихаттайтын, тіпті шпиондық әрекеттермен шұғылданатын мекеме деп қаралып, оларды біртіндеп қысқартып жатыр. 2020 жылғы мәлімет бойынша қазір АҚШ-та 86 Конфуций институты қалған. Олар да қысқатуға ұшырап жатқаны туралы ақпарат бар. Әрине, бұл жалпы АҚШ пен ҚХР қатынастарының өзгерістеріне байланысты болып жатқан жағдай.

Қытай Европа мемлекеттерінде де қытай тілі мен мәдениетін таратуға зор күш салып келеді. Дүние жүзі бойынша Конфуций институттары Европа елдерінде көп құрылған. Қытай Ресейді Европа елдеріне жатқызады. Алайда бұл аймақта қытай тілінің таралуы біркелкі емес. Оның басты себебі Европаның Франция, Ұлыбритания, Германия, Ресей сияқты елдерінде дәстүрлі қытайтану мектептері қалыптасқан. Бұл елдерде кезінде арнайы маман ретінде элиталық университеттерде ғана оқытылған қытай тілі, ХХІ ғасырдан бастап барлық университеттерінде және мектептерде оқытыла бастады. Мысалы, әлемде ең алғаш университетте арнайы кафедра ашып, қытай тілін оқытқан Франция, ХХ ғасырдың аяғынан бастап, қытай тілін оқытуды колледждер мен орта мектептерге дейін кеңейтті. Мұндай оқу орындарының саны 1998 жылы 111 болса, 2005 жылы бұл сан 205, 2008 жылы 352-ге жетті. Орта мектептерде қытай тілін оқытын оқушылардың саны 1995 жылы 2663 оқушы болса, 2000 жылы олардың саны 5 мыңнан асып кеткен. 2004 жылы 9327, 2005 жылы 12654, 2006 жылы 15991, 2007 жылы 20628 жетті. Бұл Франциядағы шет тілдері ішінде қытай тілінің ең тез дамыған көрсетеді. Қытай тілі орыс, португал, араб, иврит тілдерін артқа тастап алдыңғы орындарға шықты [182].

Германияда Франциямен салыстырғанда қытай тілін оқытын мектеп оқушыларының саны біршама аз. Германияда ең алғаш 1993 жылы Солтүстік

Рейн-Вестфалияда қытай тілі мектептерде оқыта бастады. Артынша Бавария, Бремен, Берлинде оқытылды. Мектеп бітірген «Abitür» емтиханына қытай тілі емтиханы Германияның 6 жерінде енгізілген.

Ұлыбританияда орта мектептерде қытай тілін оқитын оқушылардың статистикасын есептеу біршіма күрделі. Британдық оқу жүйесі бойынша орта мектеп GCSE деп аталатын 2 жылдық курспен аяқтайды. Әдетте шетелдік оқушылар осы тұстан оқуын бастайды. 2007 жылғы Ұлыбританияда жүргізілген сауалнамада GCSE жүйесінде қытай тілін оқитын оқушылардың саны 2001-2006 жылдары 2124-тен 1827-ге азайған. Оның себебі Ұлыбританиядағы тәуелсіз мектептерде Қытайдың ішкі аудандары мен Гонконгтан келген балалардың санының артуымен байланысты. Оларға шет тілі ретінде қытай тілі оқытылмайды. 2009 жылғы санақ бойынша 130 орта мектепте 8587 оқушы қытай тілін оқыған [182].

Европа елдерінде университеттік деңгейде қытай тілін оқитындардың да саны өсті. Қытай тілін мамандық ретінде емес, қосымша оқитындар көбейді. Қытай тілін оқыту курстары көптеген университеттердің жанынан ашылды. Онда оқитындардың саны ағылшын тілінен кейін екінші орынға шықты. 2008 жылы Францияның 16 университетінде 4 мыңға жуық студент қытай тілін мамандық ретінде оқыса, 140 жоғарғы оқу орны 12 мыңға жуық адамды арнаулы курстарда оқытты.

Ұлыбританияда қытайтанушы мамандар дайындайтын университеттердің саны 9-дан 13-ке көбейді. Қытай тілін мамандық ретінде оқитындардың саны 1999-2002 жылдар 600 астам болса, 2002-2003 жылдары 915, 2005-2006 жылдары 1585, 2006-2007 жылдары 1665-ке дейін өсті. Ал университеттерде ашылған қытай тілі курстарының саны 317-ден 810-ға көтерілді [182].

Германияда 25 университет қытай тілін мамандық ретінде оқытады. Бұл жерде кейбір ағылшын университеттеріндегідей біраз оқу орны дәстүрлі классикалық қытай тілін оқыту мен мәдени зерттеулер жүргізетін модельден, қазіргі заманғы қытай тілі мен әлеуметтік пәндер оқытатын кәсіби модельге өтті.

Европаның көптеген елдерінде Конфуций институттары ашылды. Бастапқы кезде дәстүрлі қытай тілін оқытатын оқу орындарынан ашылған институттар, кейін келе бүкіл Европа елдерін қамтыды. 2018 жылғы санақ бойынша Ұлыбританияда 29, Германияда мен Ресейде 19, Францияда 17, Италияда 12, Испанияда 8, Польша мен Белгияда 6, Венгрия, Украина, Португалияда 5, Белорусия мен Румынияда 4, Словакия, Нидерланды, Данияда 3 және тағыда басқа елдерде екіден, бірден Конфуций институттары ашылған, Европаның 41 елінде Конфуций институты қытай тілін оқытады [183].

Ұлыбритания, Франция, Германия сияқты дәстүрлі қытай тілін оқытатын мелекеттер Конфуций институттарының көптеп ашылуын, оқыту сапасын айтарлықтар көтерді деп есептемейді. Оксфорт, Кембридж сияқты элиталық университеттер бұл жобадан бас тартты. Олар бұл жүйені тиімсіз және ҚХР-дың мүддесін іске асыруға арналған мекеме деп санайды. 2015 жылдан бері Европа елдерінің университеттері Конфуций институттары академиялық еркіндіке кедергі келтіреді, ҚХР-дың авторитарлық саясатын насихаттайды деген айыппен Конфуций институттарын жауып жатыр. Мысалы,

Нидерландыда Лейден университеті, Швецияда Стокгольм университеті, Францияда Лион университеті Конфуций институттарынан бас тартты.

Қытай тілінің таралуы Ресей, Австралия, Жапония, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде қарқынды. Бұл осы елдердің Қытаймен сауда-экономикалық байланыстарының өте тығыз болуына байланысты болып отырғаны белгілі. Әрине, оны ҚХР-дың «жұмсақ күш» ықпалын арттыру мақсатында жүргізген саясатымен де тығыз байланысты деп санаймыз.

Жоғарыда келтірілген фактілер Қытайдың сыртқы тілдік саясатының аймақтық ерекшеліктерін анық көрсетеді. Сондай-ақ әлемнің әртүрлі аймағындағы мемлекеттердің қытай тілі мен мәдениетін қабылдау позициясы да әрбасқа екенін аңғаруға болады. ҚКП қытай тілі мен мәдениетін әлемнің ең дамымаған аймақтарына барынша тарауға күш салады. Сондай елдер де Қытайдың қаржысы мен технологиясын алу үшін олар ұсынған жобаның саяси, мәдени нәтижесін бағамдамай қабылдай беруге дайын екенін аңғартады. Ал, Америка, Еуропа сияқты аймақтағы дамыған мемлекеттердің қытайдың тілі мен мәдениетін үйрену мақсаты – қытайды ғылыми түрде тану және онымен бәсекеге дайын болу үшін қабылдайды. Әлем елдерінің қытай тілі мен мәдениетін қабылдау мақсаты әр басқа болғанымен, олардың жастары саналы әрі санасыз түрде қытай мәдениетінің ықпалына түсіп отырғанын жоққа шығаруға болмайды. Осы тұрғыдан айтқанда, Қытай қыруар қаржы жұмсай отырып жүргізген өзінің сыртқы тілдік саясатының көздеген нәтижесіне қол жеткізді деуге болады. Қазіргі АҚШ және Еуропа болып жатқан солшылдық аласапырандарды қытайдың мәдени ықпалынан мүлде бөле қарауға болмайды.

3 ТАРАУ ҚЫТАЙДЫҢ ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ

3.1. Конфуций институттарының құрылуы және оның қызметі

«Конфуций институттары» мен «Конфуций сыныптары» деген Қытайдың шетелдік оқу орындарының базасында құрылған мемлекеттік қытай тілі мен мәдениетін оқытатын орталықтар. Ең алғаш ол 2004 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында құрылған еді, 2017 жылдың соңына дейін әлемнің 146 мемлекетінде 525 Конфуций институты мен 1113 Конфуций сыныптары ашылды.

Қытайдың бүкіл әлем мойындаған ұлы гуманист ойшылы Конфуцийдің есімімен аталған институттың басты міндеті – дүниежүзіне қытай тілі мен дәстүрлі гуманизм мәдениетін тарату еді. Алайда қазір оның атқарған қызметі мен жасаған ықпалы әлемді ойландырып отыр, тіпті түрлі күмәндар тудыруда. Сондықтан Конфуций институттарының дүниежүзінде құрылу үдерісі, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттерінде ашылуы мен даму барысы және оның қызметінің кеңеюі мен ықпалының тереңдеуін зерттеу өте маңызды болып отыр. Өйткені, Қытайдың мемлекеттік жобасы ретінде мемлекеттік қаржылық және техникалық қолдаумен құрылып жатқан институттар мен ашылып жатқан сыныптардың қытай тілін оқыту арқылы жасаған мәдени ықпалы жергілікті халыққа қытайлық саяси құндылықтарды сіңіруде. Бұл елдердің болашақ даму бағытына ықпал жасайтын мәселе.

Шетелдерде Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарының құрылуы – Қытайдың өрлеуі және әлемге қадам басуына байланысты өмірге келген құбылыс. Қытайдың 2001 жылы Дүниежүзі сауда ұйымына кіруі, оның халықаралық сауда-экономика жүйесіндегі және саяси-дипломатиялық қатынастардағы позициясын нығайта түсті. Сонымен Қытай әлемге өздерінің концепциясын немесе жаңа тәртібін қабылдату үшін, экономикалық қаржылық ықпал етумен қатар, «жұмсақ күш» немесе қытай тілі мен мәдениетімен де ықпал жасау саясатын қолданды.

1987 жылы ҚХР үкіметі қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратуды ұйымдастыратын мемлекеттік Кеңсе (қытай тілінде қысқартып «Ханьбань–Hanban» деп атайды) құрды. Бұл ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы мекеме Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп жұмыс жүргізетін болды. «Ханьбань»-ның құрамында 19 басқарма (Жалпы мәселелермен айналысатын басқарма; Адам ресурстары басқармасы; Бухучет және аудит басқармасы; Қаржы басқармасы; Даму және жоспарлау басқармасы; Саясат және зерттеу басқармасы; Азия мен Африкадағы Конфуций институттары басқармасы; Америка мен Мұқит аймағындағы Конфуций институттары басқармасы; Европадағы Конфуций институттары басқармасы; Оқытушылар құрамы басқармасы; Еріктелермен жұмыс басқармасы; Оқыту материалдары басқармасы; Тестілеу басқармасы; Шәкіртақы тағайындау бағдарламалары басқармасы; Мәдени байланыс басқармасы; Қытайтану және қытайды зерттеу басқармасы; Қоғаммен жұмыс істеу басқармасы; Халықаралық алмасу басқармасы; Логистика басқармасы) [184] жұмыс жүргізеді. «Ханьбань»өзінің

жүйелі де өнімді жұмыс жүргізетін ережелері мен механизмін жасады. Осылайша «Ханьбан» штаб пәтері Пекин қаласында орналасқан, жоғары статусы мен корпоративтік құрылымы кемелді, табыс таппайтын мемлекеттік мекеме ретінде дүниеге келді.

Кеңес төраға, вице-төраға, кеңестің атқарушы мүшелері және қатысты жекелеген мүшелерден құрылған. Кеңестің төрағасы, орынбасарлары мен атқарушы мүшелердің кандидатурасын ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Әкімшілік оқу-ағарту агентствасы ұсынады және ҚХР Мемлекеттік кеңесі бекітеді. Кеңестің 15 мүшесінің 10-ны әлемдегі Конфуций институттарының директорлар кеңесінің басшыларынан тағайындалады. Кеңес мүшелерінің құрамына 12 мемлекеттік министрлік пен комитетінің өкілдері кіреді. Нақтылап айтқанда ҚХР Мемлекеттік кеңесінің хатшылығынан, Қытайдың Білім беру министрлігінен, Қаржы министрлігінен, Мемлекеттік кеңесі жанындағы хуацияулар кеңсесінен, СІМ, Даму және реформа Комитетінен, Сауда министрлігінен, Мәдениет министрлігінен, Халықаралық радиосынан, Пресса ісі мемлекеттік әкімшілігінен, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің ақпарат бөлімінен және Мемлекеттік тіл комитетінен өкілдер қатысады [185]. Мұның өзі бұл құрылымның Қытайда аса маңызды мемлекеттік мекеме екендігін көрсетеді.

Ал «Ханьбан», Конфуций институттарының жұмыс жоспарын, оқыту ережелерін, даму стратегиясын жасайды және оның атқарылуын қадағалайды, институттар мен сыныптардың жұмыс жүргізуіне материалдық, техникалық, қаржылық және оқытушы ресурстарын қамтамасыз етеді.

«Ханьбан» қытай тілі мен мәдениетін үйренушілердің деңгейін анықтайтын сертификат және оқу гранттарын берудің жүйесін жасады. Ол HSK (Hanyu shuiping kaoshi - Қытай тілі деңгейін анықтау) емтихан қабылдау тәртібін орнатты. Және оған қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын, оқыту методикасын үйрететін материалдар дайындайды және оны үздіксіз толықтырып отырады. Осы жүйе бойынша дүниежүзінде 2010 жылы HSK емтиханын тапсырғандардың саны 750 мыңға жетсе, соңғы кезде оның саны 1 млн адамнан асқан [185]. Ал Конфуций институттары тек қытай тілін қана оқытып қоймайды, сонымен қатар қытайдың дәстүрлі мәдениеті мен философиясын, құндылық көзқарастарын сіңіруге көп көңіл бөледі.

Қытайдың шетелдерде қытай тілі мен мәдениетін оқытатын орталықты немесе сынып-аудиторияларды Конфуций есімімен атауының өзіндік мән бар. Б.з.д. 551-479 жылдары өмір сүрген Конфуций (Кун Цзы) – қытайдың ұлы ойшылы және ағартушысы, қытайдың дәстүрлі рухани ілімінің негізін қалаған, бүкіл әлем мойындап және құрмет тұтқан гуманист ұлы тұлға. Сондықтан әлем елдерінің Конфуций есімі мен оның ілімін жылы қабылдайтын көңіл-күйін ескеріп, қытай тілі мен мәдениетін оқытатын институттар мен сыныптарға оның есімін бергені түсінікті. Өйткені әлемде мұндай тәжірибе бар. Мысалы, әлем елдерінде испандықтар Сервантес институтын құрса, немістер Гете институтын ашқан болатын.

2002 жылдан бастап ҚХР-дың Білім министрлігіне қарайтын «Ханьбань» Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру жұмысын қолға алды. 2004 жылы ҚКП ОК XVI съезінің 4-

ші пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған «Жоба» қабылданып, шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті анықталды. Сонымен «Ханьбань» Конфуций институттарын құруды 2004 жылдан бастады. Бұл «Жобаны» алдымен КСРО-ның құрамынан шыққан, жаңа тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Европа мемлекеттерінен бастауды жөн санады. Айтқандай 2004 жылдың жазында Ташкентте алғашқы эксперименттік «Конфуций институты» құрылды. Алайда, көп өтпей-ақ бұл саясаттың бүкіл әлем елдеріне бет алғанын байқаймыз. Сол жылдың аяғында алғашқы «Конфуций институты» Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында ресми түрде құрылды. Содан кейін әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру қарқынды жүрді. Қытайдың әлеуметтік-экономикасының жылдам дамуы мен халықаралық орны мен рөлінің артуы әлем елдерін өзіне қатты қызықтырды. Қытайды түсіну үшін оның тілі мен әдениетін үйренуге жастардың белсенділігі арта түсті. Оның үстіне Қытай үкіметі Конфуций институты мен сыныптары орналасатын оқу орындарының кеңсе, аудиторияларын жөндеп-жаңғыртуға жұмсалатын қаражатты, оқуға қажетті техникалық жабдықтар мен оқулықтарды, оған жіберген оқытушысы мен директорларының жалақысын толығымен өздері шығарып отыруы, Конфуций институтын оқығандарға берілетін гранттар санының көбейіп отыруы, институттар мен сыныптар орналасқан ЖОО-ның ешқандай шығын шығармай-ақ оқушылардан табыс табатын факторлар, аталмыш институттар мен сыныптардың дамуына зор мүмкіндік жасады.

«Ханьбаньның» мәліметіне жүгінсек, әлемдегі қытай тілін оқитын адамдардың саны 2004 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта 30 миллионнан 100 миллионға өскен. «Ханьбаньның» ресми сайтында 2017 жылдың 31 желтоқсаныдеп көрсетілген мәліметте, әлемнің 146 мемлекетінде 525 Конфуций институты мен 1113 Конфуций сыныптың ашылғаны айтылған [184].

Олардың әлемдегі орналасуын, төмендегі кестеден көруге болады:
 Әлемдегі Конфуций институттары

	Азия	Африка	Европа	Америка	Мұхит аймағы	Барлығы
Қанша елде	33	39	41	21	4	138
Конфуций институттарының саны	118	54	173	161	19	525

Әлемдегі Конфуций сыныптары

	Азия	Африка	Еуропа	Америка	Мұхит аймағы	Барлығы
Қанша елде	21	15	30	9	4	79
Конфуций сыныптарының саны	101	30	307	574	101	1113

Оның ішінде Комор аралдары, Мьянма, Вануату, Гренада, Лесото, Кук аралдары, Андорра, Еуропа одағы сияқты мемлекеттерде тек қана Конфуций сыныптары ашылған.

Алайда, 2018 жылдың 29 қыркүйегінде өткен «Ашық есік күнінде» Конфуций институтының «Ханьбань» жариялаған мәлімет бойынша, бұл сандардың тағы да өскенін көреміз. Қазіргі таңда әлемнің 149 елінде 530 Конфуций институттары мен 1113 Конфуций сыныптары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылданады. Ол жерде 46,2 мың қытайлық және шетелдік оқытушылар сабақ береді. Ал, қытай тілін оқып жүргендердің жалпы саны 9 млн-нан асады [184] екен.

Конфуций институттары дүниежүзіндегі елдерің қытай тілін оқуын қамтамасыз ету үшін, 170 мемлекетте 30 млн оқулық таратқан.

2004-2014 жылдар аралығында қытай тілін оқытындардың саны АҚШ-та 15 есеге, Германияда 10 есеге өскен. Бүгінгі күні әлемнің 48 елі қытай тілін оқытуды өздерінің ұлттық оқу-ағарту саласына енгізген. Оның ішінде АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты оқу-ағарту жүйесі дамыған мемлекеттер бар.

Конфуций институттары қайсы мемлекетте болмасын, олардың іске асыратын мақсаты мен атқаратын міндеттері ұқсас. Олардың басты мақсаты - Қытайды әлем елдеріне жақсы жағынан таныстыруға, Қытаймен өзара қарым-қатынастарды дамытуға, қытай мәдениеті мен құндылықтарын қабылдатуға қызмет ету. Сондықтан Конфуций институттары қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, Қытай жөнінде түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізеді, қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады, қытай тілінің деңгейін анықтайтын квалификациялық HSK емтиханын өткізеді, қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруды ұйымдастырады және қаржыландырады, Қытайда өтетін студенттер мен қытай тілі оқытушыларына арналған түрлі стажировкалар ұйымдастырады және Қытайға барып оқуға ақыл-кеңестер береді.

Қытай өкіметі Конфуций институттарының қызметіне мемлекеттік стратегиялық саясат ретінде маңыз берген. Мысалы, 2013 жылы АҚШ-тың Денвер университетінде Конфуций институты ашылғанда ҚКП ОК бас

хатшысы, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин университет ректорына құттықтау хатын жолдады; 2014 жылы ақпанда Пәкістанның Файсалабад ауылшаруашылық университетінде құрылған Конфуций институтының ашылу салтанатына ҚХР төрағасы барып қатысты. Сол жылдың мамыр айында Берлин қаласында Си Цзиньпин неміс қытайтанушылары мен Германиядағы Конфуций институттарының оқытушылары және институт тыңдаушыларымен кездесу өткізіп, Қытай мен Германия арасындағы мәдени-тілдік қарым-қатынасты одан ары дамыту туралы әңгімелесті. Кездесуде Қытай басшысы «Тіл қарым-қатынастың ең маңызды кілті және белгілі бір елдің мәдениетінің тартымдылығы негізінен тіл арқылы жеткізіледі» деп, «Біз Конфуций институттарының рөлін мұнан да арттырып, тілдік байланыс пен ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, сонымен қатар Қытай мен Батыс мемлекеттері арасында салыстырмалы зерттеулер жүргізсек» [186, 5] деген болатын.

Конфуций институттарының білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен тығыз байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдер арасындағы білім беру және мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті, екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны өрістетуге арқылы қытайлық мәдени позицияны нығайтуға қызмет етіп келеді. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен сыныптарын барынша көп ашуға тырысып келеді.

2013 жылы ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің әкімшілік бөлімі Конфуций институттарының шетелдердегі ықпалын одан әрі нығайту мақсатында «2012-2020 жылға арналған Конфуций институттарын дамыту жоспарын» жасады.

Конфуций институттарының атқарған жұмыстары негізін Джозеф Найдың пайымдаған «Жұмсақ күш» теориясына сай келеді. Яғни, қара күшке жүгінбей-ақ, басқалардың сен қалаған әрекетке баруына қол жеткізу. Тартымдылық арқылы көздеген нәтижеге жете білу. Ал мұндай нәтижеге мәдени дипломатия арқылы әлемдік қауымдастыққа тілі мен мәдениетін тарату арқылы қол жеткізеді. Қытай тура осы жолмен айтарлықтай нәтижеге жетіп отыр деуге болады.

2015 жылы Американың «Сыртқы саясат» журналы «Тынық мұхиты аймағындағы күштер индексінің тізімін» жариялады. Ол жерде қытай-американ қарым-қатынастарының болашағына ең көп ықпал еткен 50 тұлғаның аты аталды. Сол тізімде Конфуций институттары Штаб пәтерінің Бас директоры Сюй Линь да бар. Журналда Сюй Линь мәселесі мен кедергісі өте көп Қытайдың жұмсақ күшін дамытуды басқарып отырған адам деп сипатталған [187].

2014 жылы Конфуций институттарының құрылуының 10 жылдық мерейтойына арналған ІХ халықаралық конференциясының ашылу салтанатында қатысқан ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Лю Яндонг «Конфуций институты күні» аясында өткен 10 жылдық мерекеде сөйлеген сөзінде: «Күн шығыста Жаңа Зеландиядан бастап, күн бататын Гавай аралдары аралығында бүкіл жер жүзінде салтанатты түрде бұл мереке тойланып жатыр. Конфуций институттары 10 жылдың ішінде қытай тілі мен мәдениетін таратуда

ғана үлкен жетістіктерге жетіп қойған жоқ, сонымен қатар әлемдік кеңістікте Қытайдың ықпалын нығайта түсті» [188] деп атап көрсетті. Атап айтқанда, бұл процесстің әлемдік аренадағы ықпалы күшейе түсті. Бірақ бұл жағдай әлемдегі әр елдің күдік-күмәнін тудыра бастады. Өйткені мемлекеттік ресурстар арқылы қытай құндылықтарын тықпалау әр елдің өз ұлттық құндылықтарына қарама-қарсы келді. Әсіресе батыстық құндылықтарға кереғар болды.

Алайда Қытай өкіметі «жұмсақ күш» саясатын өнімді түрде іске асыру үшін, Конфуций институттарын әр елдің ең ірі және беделді жоғарғы оқу орындарында құрып өз бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Сондай-ақ жастарды Қытайға баурау мақсатында шетелдіктердің Қытайдың жоғарғы оқу орындарында тегін оқуына бөлінетін граттар санын көбейтіп келеді. Қытай тілі деңгейін анықтайтын HSK емтиханынан өткен және халықаралық «Қытай тілі көпірі» сайысының жеңімпазы болғандар, Қытайға барып бір жылдан үш жылға дейін тегін оқып келеді. Ал Қытай тілін оқытып жүрген оқушыларға арнап Қор құрды. Аталмыш Қор Қытай тілі оқытушыларына материалдық тұрғыда қолдау көрсетіп отырады.

Қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, оның кең көлемде таралуына және терең тамыр тартуын қамтамасыз ету үшін, Қытай үкіметі Шет елдерде Қытай мәдени орталықтарын құруда. ҚХР-дың Мәдениет министірлігі 2020 жылға дейін әлемде 50 мәдени орталықтар ашуды жоспарлап отыр.

Осындай жұмыстардың барлығы Конфуций институттарының тікелей араласуымен іске асып жатқанын ескерсек, оның Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асырудағы орны мен рөлінің қытайлар үшін қаншалықты маңызды екенін көруге болады.

Қытай үкіметі Конфуций институттарын мамандандыру арқылы дамытып келеді. Нақтылап айтқанда, Британдық бизнесмендер мен сарапшыларды арнайы оқыту үшін құрылған Лондон Конфуций институты, әлемдегі ең алғашқы қытай медицинасын негізгі оқу бағдарламасы ретінде оқытуға мамандандырылған Конфуций институты.

2014 жылы Белорус Ұлттық ғылыми-техникалық университеті жанынан құрылған Конфуций институтындаарнайы ғылым мен техника бойынша білім береді. Тәжікстан тау-металлургия институты жанынан ашылған Конфуций институты, тау-кен өндірісі мен мұнай саласындағы мамандарды дайындаумен айналысады.

Конфуций институтының көбеюі мен қызметінің барынша кеңеюі қоғамда күмен тудырды. Канаданың Ақпараттық агенттігінің журналисті Джим Браунский 2007 жылдың 28 мамырында жазған материалында Конфуций институттары Қытай үкіметінің тапсырмасымен жұмыс жасайтын «ми шаятын механизм» деп бағалады.

«Globeand Mail» газетінде шыққан мақалада, авторлар Канаданың университеттері мен колледждерін Конфуций институттарымен бірлесіп жұмыс жасаудан аулағырақ болуға шақырды. Сондай-ақ олар Конфуций институттары либералды оқу-ағарту жүйесімен жанаспайтын, Қытай саясатының элементтерін насихаттаумен айналысады дейді. Канадалық зерттеушілер Конфуций институттары шетелдік оқу орындарында бағытты

түрде Қытай компартиясының көзқарастарын насихаттаумен айналысып отыр [18] деп айыптайды.

Сол жылы Канаданың қауіпсіздік және барлау қызметі өзінің тексеріп зерттеулерін жариялады. Онда Конфуций институттары Қытайдың мемлекеттік саясатын жүргізу үшін «жұмсақ күш» қолданып отырған мекеме деп айыптады. Канаданың Брей-Брит еврей ұйымының өкілі Дэйвит Мэйтас, бұл институттар желісінің кейбір мекемелері қытай үкіметінің барлау резентурасының қызметін атқарып отыр деп мәлімдеді. Бұл туралы журналист Фабрицио де Пирребург өзінің «Осы және өзге де тыңшылар» деген кітабында «Конфуций институттарында қытайдың барлау қызметінің жұмыс жасайды» [189]деп жазды.

Конфуций институты басшыларының біреуі Шигесато Тошиюки Конфуций институттарын «гуманитарлық тыңшылық жасайтын барлау агентствасы» деп ресми түрде ашық айтқаннан кейін, Жапонияның Осака Саньо университеті ашылғанына бір жыл ғана болған Конфуций институтын жауып тастады.

2013 жылы АҚШ та J-1 визасын заңсыз қолданған деген айыппен Конфуций институттарын жабуға кірісті. Іс жүзінде аталмыш институттарды жабудың негізгі себебі, жоғарыда айтылған мәселелер екені даусыз.

Әлеуметтанушы Стивен Мошер Американдық парламентінің сыртқы істер комитетіне «Конфуций институттары: қытайлық троян аттары» деп аталатын баяндамасында, Конфуций институттары қытай мәдениеті мен тілін оқытудан гөрі ҚХР саяси мүдделері мен мемлекеттік саясатын алға жылжытумен айналысады деп айыптады. Мошер баяндамасында «Конфуций институттарының оқу орындарының академиялық еркіндігіне нұсан келтіргені, өндірістік және әскери тыңшылықпен айналысқаны, шетелдегі қытайлық студенттерді аңдығаны, Далай Ламаға, Тибетке және Тайваньға қатысты, шетелдегі демократиялық қозғалыстарға және Қытайдың өз ішіндегі диссиденттерге қатысты Қытай компартиясының ұстанымын насихаттағаны туралы көптеген дәлелдер бар» [189] деп кесіп айтты.

Телеграф агенттігінің хабарлауынша, 2014 жылы Американдық университет профессорлары ассоциациясы (АУПА) американдық 100 университеті мен Конфуций институттарын қаржыландырып отырған Қытай үкіметімен арадағы ынтымақтастықты тоқтатуға немесе қайта қарастыруға шақырды. Бұл ұйым Конфуций институттары желісін академиялық еркіндіктің негізгі принциптарын жоққа шығарып, өз білгендерін істеп отыр деп айыптады. Ассоциация ресми мәлімдемесінде «Конфуций институттары қытай үкіметінің қолындағы құрал, үкімет оларға академиялық еркіндік идеяларын қадағаламауға мүмкіндік беріп отыр» делінген. Конфуций институттарының қызметін сынға алған профессорлар, «бұл мекеме тілдік және мәдени бағдарламалар арқылы бүкіл әлемде ҚКП-ның жағымды бейнесін қалыптастыру үшін құрылған және ол жерде Тибетті окупация жасау сияқты тақырыптарға еркін пікір алмасуды шектеп отыр» [190], дейді.

Осындай айыптаулардан кейін Чикаго университеті, Мельбурн университеті сияқты оқу орындары Конфуций институттарымен жасаған келісім-шарттарын тоқтатты немесе серіктестіктен мүлдем бас тартты.

2014 жылы Швецияның Стокгольм университетінің оқытушы-профессорлар құрамы қытай елшілігі Конфуций институты арқылы саяси бақылау жасап академиялық еркіндікке нұқасан келтіріп отыр деген айыппен, бұл институтты университеттен бөліп тастауды талап етті.

Стокгольм университеті жанындағы Конфуций институтының жабылуы қоғамда қызу талқыға түсті. Ол кезде де институттар желісін қытай үкіметі өз мүддесі үшін пайдаланып отырған «ми шаятын құрал» деген сөздер айтылды. Стокгольм университетіндегі Конфуций институты 2005 жылы Европада ең алғашқы ашылған еді. Оның жабылуы әлемдік қауымдастықтың назарын Конфуций институттарының атқарып отырған қызметіне қайта аударды.

Тура осындай айыппен 2012 жылы Австралияның «жасылдар» партиясының мүшесі Джейми Паркер жергілікті мектептердегі Конфуций сыныптарын жабуға шақырған петициясына 10 мың адам қол қойған екен [191].

Осыған ұқсас жағдайлар Ресей университеттерінде де орын алды. Атап айтқанда, 2010 жылы «Қытай идеологиясын тықпалағаны» үшін деген айыппен Якутскідегі Конфуций институты жабылды. 2013 жылы «мемлекет саясатының мәдени және оқу-ағарту кеңістігінің тұтастығы принциптеріне, еңбек заңнамасы талаптарына қайшы келеді және мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру мекемесінің статусына нұқсан келтіреді» деген айыппен Новосибирск қаласындағы екі университет жанынан ашылған Конфуций институттарының жұмысы уақытша тоқтатылды. Осындай күдікпен Благовещенск педагогикалық университетінің жанынан ашылған Конфуций институтытында, 2015 жылы Амур облысының прокуратурасы тексеру жүргізді.

Мұндай тағылған айыптарға Қытай басшылары мен мамандары қарсы уәж айтып, жауап беруге тырысып келеді. Ресми билік «мұндай жағыдай негізінен олардың елді дұрыс танымауынан, қате түсінуінен шығып отыр» дейді.

2014 жылы Қытай төрағасы Австралия парламентінде Қытай мен Австралия арасындағы еркін сауда келісіміне қатысты сөйлеген сөзінде, «мұндай келісімдер Қытай тудырып отыр деген үрейден арылуға көмегі көп. Мәселені ушықтыру да, соғыс та қытай халқының мүддесіне сай келмейді» [192] деп атап көрсетті.

Қытай Чжэминь университетінің профессоры Ван Ивэй Конфуций институттары тек қана қытай тілін оқытайтын академиялық институттар емес, сонымен қатыр ол қоғамдық-дипломатиялық қызметтің де атқарып отырған мекеме екенін айта келе, оны халықтық дипломатияның субъектісі мен объектісі ретінде қарастырады. Профессор өзінің көзқарасын нақтылау үшін, үш түрлі жағдайды алға тартады:

Біріншіден, Конфуций институттары әлемге Қытайды тануға көмектесуде. 2006 жылдың қараша айында «Нью Йорк Таймс» журналы «Қытай тілі: тағы бір танымал экспортты товар» деген тақырыппен жариялаған мақаласында: «Қытай өз тілінің мәдениеті арқылы қытай қоғамының жағымды да жылы бейнесін қалыптастырып отыр» дейді.

Екіншіден, «Конфуций институттары Қытай экономикасының аз уақыттың ішінде жылдам және табысты дамуының себебі неде, қытайлық

кайтпас рух деген не, қытай даму жолының мәдени құндылықтары қандай, қытайдың арманы не деген сияқты қиын сұрақтарға жауап беріп отыр».

Үшіншіден, «Конфуций институттары Қытайды түсінуге көмектеседі. Олар көптеген шетелдік зерттеу орталықтарымен, ғылыми ұйымдармен серіктестікті дамыта отырып, қазіргі кезде Қытайда жүріп жатқан өркениетті өзгерістер туралы ақпарат береді. Осылайша әлемге қытай өркениетінің өз ішіндегі өркениеттен теңіздік өркениетке, аграрлық өркениетінен индустриалды өркениетке, аймақтық өркениеттен әлемдік өркениетке өткенін және ең бастысы, осы үш өзгерістің адамзаттық өркениетке айналғанын түсіндіреді» [193] деп пайымдаған. Алайда Қытай тарапы Конфуций институттарының жұмысын мінсіз етіп түсіндіргенімен, ол институттардың ауыр сын-қатерлерге дүп келіп отырғандарын жоғарыдағы фактілер дәлелдейді.

Соған байланысты Қытай халықаралық қауымдастықтың назарын бұру мақсатында, 2020 жылдың маусымда Қытай үкіметі қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратуды ұйымдастыратын мемлекеттік Кеңсе – «Ханьбаньның» атауын «Тілдік алмасу және ынтымақтастық орталығы» деп өзгертті [194]. Бұл Конфуций институттарына қатысты Европа мен Америка елдерінің наразылығына байланысты Қытай үкіметінің жасаған амалы болды.

ҚХР үкіметінің осы шешімінен кейін көп өтпей-ақ, 2020 жылдың тамыз айында АҚШ үкіметі өз территориясындағы Конфуций институттарын ресми түрде «ҚХР-дың шетелдегі миссиясы» деп жариялады. Бұл туралы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Майкл Помпеоның 13 тамызда жасаған жазбаша мәлімдемесінде айтылды. Ол жерде «Конфуций институттарын ҚХР үкіметі қаржыландырады және ол Қытай коммунистік партиясының идеологиясы әлемге үгіт-насихат жүргізетін аппаратының құрамдас бөлігі» деп атап көрсетті [195]. Содан кейін АҚШ үкіметі қазірге дейін елінде жұмыс істеп жатқан «Конфуций институттарын» жыл соңына дейін жабуға шешім шығарды.

Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарының өмірге келуі және оның әлемдегі әрбір елге кең көлемде таралуы - Қытайдың жаһандануға ұстанған стратегиялық саясатының нақты көрінісі болып отыр. ҚХР билігі ұлы гуманист Конфуцийдің есімі мен ілімін ала тарта отырып, бейбіт өрлеу, бейбіт қатар өмір сүру деген әдемі сөздерді дәріптей отырып, мемлекеттік қаржылық және технологиялық ресурстарды аямай жұмсай отырып Конфуций институттары мен сыныптарының санын көбейтті, қызметін кеңейтті.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Конфуций институттары әлемге Конфуцийдің гуманизмдік ілімдерін таратудан гөрі, ҚХР дипломатиясының миссиясын атқаруға, әсіресе, қазіргі заманғы қытайлық құндылықтарды уағыздауға бой ұрды. Сөйтіп ол Қытайдың шетелдердегі мәдени базасына айналды. Сондықтан болар, Конфуций институттары Қытай басшыларының, ресми тұлғалардың, мәдени адамдардың, тіпті кәсіпкерлердің де көп бас сұғатын, түрлі іс-шаралар өткізетін нүктеге айналды.

Конфуций институттары ҚХР сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» құралы ретінде, бүкіл әлемде қытай тілін тарату арқылы қытайлық мәдени ықпалды артырып отырғанына Қытай үкіметі сүйсіне қараса, әлем елдері оған күмәнмен қарады. Тіпті олардың беталысынан қауіптен бастады. Сонымен көптеген дамыған елдер өз елдеріндегі Конфуций институттарын заң

бойынша тексере бастады, тіпті бірінен соң бірін жауып жатқан жайы бар. Сондықтан Конфуций институттары қазір ең ауыр сын-қатерлерге ұшырап отыр. Бұл құбылыс бір жағынан Қытай өркениеті мен әлем өркениеттері арасындағы қақтығыстарды аңғартады. Әсіресе, қазіргі қытайлық құндылықтар мен әлемге ортақ азаматтық құндылықтар арасындағы алшақтықтарды көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Конфуций институттары қытайлар мен әлем арасындағы түсіністікті ілгерлетті ме, әлде, түсініспеушілікті, тіпті дүр-дараздықты күшейте ме? деген сұрақ туындайды. Егер Конфуцийдің « 仁 - ren - мейірбандық» ілімі Қытайдың өзінде және әлемде іске асса, адамзат өркениеті биіктей түсер еді. Өкініштісі Қытайдың өзінде «мейірімділік» емес, қатыкездік тенденциясы басым болып бара жатқаны байқалады.

3.2. Қытайдың шет елдерде қытай тілін оқыту практикасы

Шет елдерде қытай тілін оқу тарихы ұзақ, Батыста қытай тілін оқытуды қытайтану ғылымының қалыптасуынан бастап есептегенде екі ғасырдан асады. Алайда ол батыстықтардың қытайды білу үшін ашқан тілдік сыныптары мен ғылыми-зерттеу орталықтары еді. Оны жалпы «синология» деп атаған. Ал Қытайдың шет елдерге өзінің ұлттық тілі мен мәдениетін оқытып үйретуі соңғы жылдары басталған үдеріс.

Қытай тілін шет елдерге таратуға бағытталған белсенді тілдік саясаттың алғышарттары өткен ғасырдың өзінде-ақ қалана бастаған еді. Дэн Сяопиннің басшылығымен XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында басталған «ашық есік» саясаты Қытай тарихындағы маңызды кезең болды. Осы кездің өзінде-ақ бір стандарттарға келтірілген қытай тілі Қытай мемлекетінен сырт жерге таратыла бастады. 1982 жылы Халықаралық стандартизациялау ұйымы (ISO) пиньиньді қытай тілінің халықаралық жалпыға ортақ транскрипциясы ретінде бекітті. 1987 жылы ҚХР мемлекеттік қытай тілін әлемге таратуға басшылық ету тобы кеңсесін (қытай тілінде қысқартылып «Ханьбань» деп аталады) құрды, бұл ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы мекеме, дүние жүзінде қытай тілін оқыту және соған қатысты саясатын жүзеге асыратын басқарма.

«Ханьбаньның» тікелей басқаруымен 1992 жылы қытай тілін шет тілі ретінде деңгейін анықтайтын емтихан HSK (汉语水平考试 - Hanyu shuiping kaoshi) құрылды .

Бұл үдеріс XXI ғасырда қарқын ала бастады. Өйткені қытайлықтар өздері шет елдерге барып қытай тілін оқытуды қолға алды. Бұл өзгерістер белгілі мағынада халықаралық қатынастардағы мәдени байланыстардың өзгергенін аңғартады.

2002 жылы ҚХР-дың Білім министрлігіне қарайтын «Ханьбань» Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құруды қолға алды. Екі жылдан кейін ҚКП ОК XVI съезінің 4-ші пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған Жоба таныстырылып, оларға шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті жүктелді. Конфуций институтының құрылуымен қытай тілінің әлем елдеріне таралуы жаңа сипат алды. Ол Қытайдың ұлттық тілі мен мәдениетін «шетелге шығару» саясатын жүзеге асырудағы маңызды платформасына айналды. Бұл Қытайдың халықаралық қатынастарды орнатудағы жаңа амал-тәсілдері еді.

2004 жылдың қараша айында шетелде бірінші Конфуций институты құрылған сәттен бастап бұл құрылым өте қарқынды дамыды. 2004 жылдың 24 қарашасында Сеулде (Оңтүстік Корея) бірінші Конфуций Институты құрылды. 2004 жылдың қарашасында Қытай мен АҚШ Мэриленд университетінде (АҚШ) Конфуций институтын бірлесіп құру туралы келісімге қол қойды. 2005 жылдың ақпан айында Швециядағы Стокгольм университетінде Еуропадағы алғашқы Конфуций Институты құрылды. 2005 жылдың желтоқсан айында Африкадағы алғашқы Конфуций институты Найроби университеті (Кения) жанынан ресми түрде құрылды. Бір жарым жылдың ішінде Конфуций институттарының саны 100-ден асып түсті. 2006 жылдың 6 шілдесінде Пекинде ҚХР мемлекеттік қытай тілін әлемге таратуға басшылық ету тобы кеңсесінің

ұйымдастыруымен Конфуций институттары мен мектептерінің бірінші конференциясы өтті. Конференцияға 65 ел мен өңірден 180-нен астам делегат қатысты. Бұл елеулі оқиғаны Қытайдың сыртқы тілдік саясатының жаңа белесі деп қабылдауға болады[196].

ҚХР үкіметі бұл институттарды дамытуды шетелдік серіктес мемлекеттерді қытайдың дәстүрлі мәдени құндылықтарымен таныстыру арқылы, ұлттық бірегейлігі мен мемлекет позициясын нығайтатын, мақсатты түрде ұзақ мерзімге жоспарланған жоба ретінде қарастырып отыр. Британдық Конфуций институттарының жылда өтетін конференциясында Си Цзиньпин, «Тіл – белгілі бір елді танудың ең қолайлы кілті, ал Конфуций институттары болса бүкіл әлем бойынша Қытайды танудың платформасы» деді [197].

2017 жылдың соңына қарайәлемнің 146 елінде 525 Конфуций институттары ашылды. Конфуций институттарының көпшілігі Азияда, Еуропада және Солтүстік Америкада орналасқан.

Бүкіл әлемде Қытайды тануға және Қытайды түсінуге, Қытай мен басқа елдер арасындағы достық қарым-қатынастардың дамуына ықпал ету - Конфуций институттарының қызметі. Мұнан бөлек, институттың қызметіне:

- қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі курстар ұйымдастыру;
- Қытайға арналған түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізу;
- түрлі сайыстар мен іс-шаралар өткізу арқылы қытай тілі мен мәдениетінің танымалдығын арттыру;
- қытай тілінің деңгейін анықтайтын квалификациялық HSK тестін өткізу;
- қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға атсалысу;
- Қытайда өтетін студенттер мен оқытушыларға арналған түрлі стажировкалар ұйымдастыру және Қытайда оқу бойынша ақыл-кеңес беру.

Конфуций институтының нақты мақсаты бар. Сонымен қатар ұзақ мерзімге бағытталғаны, көп салада ықпалдастық жасай алатындығы және қоғамда тереңдеп ықпал ете алатындығы оның артықшылығы болып отыр. Оны Қытайдың «тілдік дипломатиясының» ең негізгі құралы десек те болады.

Қытай тілі мен мәдениетін ілгерілету құрылымы ретінде Конфуций институты қытай тілін оқып жүрген көптеген адамдарға көмек көрсетіп, әлем елдеріне Қытайды түсінуге мүмкіндік беріп отыр. Білім, мәдениет және экономика саласындағы алмасуларға платформа жасап, өзін мәдени және, атап айтқанда, тілдік дипломатияның маңызды құралы ретінде көрсетуде.

Қытай тілін ұзақ мерзімге тұрақты ілгерілету және дамыту үшін Конфуций Институты қытай тілін оқытатын жергілікті оқу орындарына кедергі келтірмеуге тырысуда. Керісінше жергілікті оқытуды қолдауға, жергілікті қытай тілі оқытушыларының әртүрлі деңгейдегі дайындығын ұйымдастыруға, жергілікті оқу орындарымен қытай тілі бойынша практикалық оқу құралдарын әзірлеу мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға, қытай тілін оқыту бойынша оқу бағдарламаларын жасауға және оқу семинарларын ұйымдастыруға көмек көрсетуге тырысып бағуда.

Конфуций институты өзі орналасқан елдің қажеттіліктеріне жауап береміз деген сылтаумен консультациялар мен көмек көрсетуді де қолға алды. Сондай-ақ сұраныс күшті деп бизнес-тақырып, туризм және медицина

салалары сияқты қытай тілінің арнайы бөлімдерін кәсіби түрде оқытуды бастады. Ол қытай тілін оқыту мен қытай мәдениетін насихаттауды қатар алып жүруге тырысуда. Мысалы Мэриленд университеті (АҚШ) жанындағы Конфуций институты жүзеге асыратын жобалар мынадай алты аспектіні қамтиды: біріншіден, қытай тілінің түрлі курстарын, оның ішінде бес күндік қытай тілінің романизация жүйесі - пиньиньді оқыту курсы мен тыңдау және сөйлеу тәжірибесі бойынша екі айлық курс ұйымдастыру; екіншіден, Қытайда барып оқу туралы семинарлар өткізу, бітіруші түлектер мен Қытайда оқытушылық қызмет істегісі келетін адамдарға қытай мәдениетін, білім беру жүйесін, оқу ортасын, оқыту әдістерін түсінуге көмек көрсету; үшіншіден, Қытайдың саяси ортасын, жүйесі мен әлеуметтік салттарын түсіну үшін студенттердің тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу дағдыларын жақсартатын іскерлік қытай тілі сабақтарын ұсыну; төртіншіден, қытай тілін тасымалдаушысы болып табылмайтын тұлғаларға, яғни шетелдік студенттерге, шетелдік қытайлықтарға және Қытайда тұратын этникалық аз санды ұлт өкілдеріне арналған қытай тілінің стандартталған емтиханы – HSK-ды тапсырғысы келетіндерге қарқынды білім алуға мүмкіндік жасау; бесіншіден, қытай жазуына үйрету; алтыншыдан, мәдениетаралық алмасу бағдарламасын жүзеге асыру.

Конфуций институты жергілікті үкіметтік емес ұйымдармен және қытайлық сауда компанияларымен ынтымақтаса отырып мәдени алмасу бойынша іс-шараларды жүзеге асырып және қаржыландырып отыр. Мысалы, Жапониядағы Хокурику университеті жанындағы Конфуций институты "Қытай киносын бағалау", "Қытай денсаулығы", "Қытай поэзиясы" және "Қытайдың дәстүрлі музыкалық аспаптары" сияқты курстарын жүргізеді. Ол сондай-ақ кітаптар туралы ақпарат береді, қытай тілінде түрлі ғылыми іс-шаралар, академиялық дәрістер мен конкурстар өткізеді.

Стокгольмдегі Конфуций институты Швецияға қытай фольклоры саласындағы мамандарды шақырып, жергілікті тұрғындар арасында танымал "Конфуций институтының ашық күні" және "қытай тілі салоны" бағдарламасын іске қосты. Сонымен қатар жергілікті халықаралық қатынастар институтымен бірлесіп «Қытайдың дамуы және оның әлемдегі рөлі» деген тақырыпта форум өткізді.

Конфуций институттары тек қана тіл үйрету мен қытай мәдениетін насихаттаумен шектеліп отырған жоқ. Сонымен қатар олар белгілі бір деңгейде сауда, өндіріс, бизнес саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға да ат салысуда. Яғни, қытай тілінің халықаралық аренада жылдам таралуы сауда-экономикалық қарым-қатынастың аясында да етек алды. Енді тек жоғарғы оқу орындары ғана емес, бұл процеске Трансұлттық коорпорациялар да ат салыса бастады. Франциядағы Пуатье Университеті жанындағы Конфуций Институты бұл үрдіске жақсы мысал бола алады. Пуатье университеті, Қытай Наньчан университеті және Телекоммуникациялық жабдықтар мен ұялы телефондардың ірі өндірушісі ZTE корпорациясы арасындағы ынтымақтастық моделі - іс жүзінде жүзеге асқан үлгі болды. Пуатье университеті жанындағы Конфуций институтының басқа филиалдардан ерекшелігі қытайлық Трансұлттық коорпорация институттың дамуына белсенді араласып отыр. Бір жағынан, Батыс Еуропа мен Африкадағы ZTE корпорациясының көптеген клиенттері мен

шетелдік қызметкерлері қытай тілі мен мәдениетін үйрену үшін осы бөлімшенің қызметін пайдаланады. Екінші жағынан, ZTE коорпорациясы Конфуций институттарына үлкен материалдық қолдау көрсетіп отыр. Ол институтты қашықтан оқытуды жүзеге асыру үшін әлемдегі ең озық техникалық жабдықпен қамтамасыз етті [198].

Ал Тайландтың Кхонкэн университеті жанындағы Конфуций Институты Чунцин индустриясының көрмесін ұйымдастырды. Ол Қытай автомобиль өнеркәсібіне Таиланд нарығын ашу үшін, Чунцин провинциясының автокөлік өндірушілерін өзінің жаңа өнімдерін көрсетуге Тайландқа шақырды.

Қытай үкіметі әлемнің көптеген елдерінде Конфуций институттары негізінде қытай тілін оқытуды, ересектерге – маман ғалымдар мен әкімшілік кадрларға және орта бастауыш оқушыларына қарай кеңейтуде. Бұл Қытайдың тіл арқылы жұмсақ күш ықпалын артыру саясатының практикасы екені айдан анық. Бұл жобаны мемлекет қаржыландырады және оны бақылап басқарады. Сондай-ақ Қытай үкіметі әр елдің жоғары оқу орындарындағы қытай тілі кафедраларына, орталықтарына техникалық материалдық көмек көрсетумен қатыр, ендігі жерде қытай тілін оқыту жергілікті орта мектептерде де белсенді түрде қолға ала бастады. Әлемнің көптеген елдерінің мектептері мен колледждарында Конфуций сыныптары ашылды.

«Конфуций сыныбы» жобасы орта мектептер мен колледждарда қытай тілін білу деңгейін және әлемдегі қытай мәдениетінің жетістіктерін арттыруға бағытталған. Жобаның міндеттері: мектеп оқушылары арасында қытай тілі мен мәдениетін оқытуды ілгерілету; қытай тілін оқыту үшін материалдар ұсыну; пән бойынша біліктілік деңгейін растау үшін қытай тілінен емтихан өткізу; Қытайдың қоғамы, білім жүйесі, мәдениеті, экономикасы және т. б. салалары туралы кеңес беру; Конфуций сыныптары практикалық қытай тілі курстарын оқыту, қытай тілі мұғалімдері мен оқытушыларын кәсіби біліктілігін арттырумен айналысады.

2018 жылдың 29 қыркүйегінде өткен «Ашық есік күнінде» Конфуций институтының Штаб пәтері жариялаған мәлімет бойынша әлемнің 149 елінде 1113 Конфуций сыныптары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылдануда деп жариялады.

Әлемдегі Конфуций сыныптары

	Азия	Африка	Европа	Америка	Мұхит аймағы	Барлығы
Қанша елде	21	15	30	9	4	79
Конфуций сыныптарының саны	101	30	307	574	101	1113

АҚШ білім беру министрлігінің зерттеуі бойынша 1997 жыл мен 2008 жыл аралығында бұған дейін жапон, неміс, француз, орыс тілдерін шет тілі ретінде оқытқан көптеген бастауыш және орта мектептер, бұл тілдерді бағдарламадан алып тастап, орнына қытай тілін енгізген.

Статистика көрсеткендей, 2010 жылдың соңына қарай қытай тілін оқыту бағдарламасын ұсынатын АҚШ-тағы бастауыш және орта мектептердің саны 220-дан 4000-ға дейін артқан. Қытай тілін оқытын оқушылар саны 20,000-ден 140,000 адамға дейін өсті [199, 57].

Ханьбанның басшысы Ху Лин «АҚШ университеттерінің кеңесімен, Америкалық шет тілдерін оқыту кеңесімен, Азия комитетімен және бастауыш және орта мектептердегі қытай мұғалімдерінің американдық қауымдастығымен ынтымақтастық орнатқанын, олармен бірлесіп көптеген қытай-американдық білім беру жобаларын жүргізіп отырғандарын және жаңа іс-шараларды жоспарлап отырғандарын» [200] айтты.

Ху Лин 2006 жылы берген сұқбатында «америкалықтардың берген мәліметінде 2005 жылы 200-ден астам мемлекеттік мектептерде қытай тілі топтары ашылған, оқушылардың саны 40 мыңнан асқан екен. Сол жылы 20 штатта қытай тілі топтары ашылды, екі жылдың ішінде оқушылардың саны екі еселенді. Біз қытай тілінің танымалдығын бұдан ары арттыруға ниет қылып отырмыз және америкалықтардың қытай тілін оқуға деген сұраныстарын толық қамтыуға бар күшімізді саламыз» [200] деген.

Ли Хун АҚШ-та кем дегенде 2400 орта мектеп қытай тілі топтарын ашуды жоспарлап отырғанын айтады. Мұндай жоспарды жүзеге асыру үшін Ханьбан мен АҚШ университеттерінің кеңесі «Қытай тілі мен мәдениеті» деген бірлескен жобаны жүзеге асырған және қазір біраз нәтижеге қол жеткізген. Әр жыл сайын Қытайға 600-ге жуық америкалық мектептердің директорлары мен білім беру саласының инспекторларын шақырып отыру, АҚШ-қа қытай тілі мұғалімдерін жіберу, АҚШ-тағы қытай тілі оқытушыларына гранттар тағайындау, олардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды [200]. Қазір АҚШ орта мектептерінде 500 жуық Конфуций сыныптары жұмыс істеп жатыр.

Европаның дәстүрлі қытайтану мектебі күшті деген Франция, Ұлыбритания, Германия, Ресей сияқты елдерінде арнайы маман ретінде элиталық университеттерде ғана оқытылған қытай тілі, ХХІ ғасырдан бастап мектептерде де оқытыла бастады. Мысалы, Францияда қытай тілін оқытатын мектептердің саны 1998 жылы 111 болса, 2005 жылы бұл сан 205, 2008 жылы 352-ге жетті. Орта мектептерде қытай тілін оқытын оқушылардың саны 1995 жылы 2663 оқушы болса, 2000 жылы олардың саны 5 мыңнан асып кеткен. 2004 жылы 9327, 2005 жылы 12654, 2006 жылы 15991, 2007 жылы 20628 жетті. Қытай тілі орыс, португал, араб, иврит тілдерін артқа тастап алдыңғы орындарға бір-ақ шыққан [201].

Африканың Кения, Танзания, Руанда, Уганда, Зимбабве және Оңтүстік Африка сияқты мемлекеттері қытай тілін оқытуды мектеп бағдарламасына енгізді.

Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Қырғыз Республикасында орта мектептерде оқытылу қарқыны өте жоғары. Ол жерде 12 Конфуций классы ашылды. Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық бірлік пен діни саясатты нығайту жөніндегі Сараптамалық кеңестің мүшесі, саясаттанушы Денис Бердаков «Мир перемен» халықаралық ғылыми-қоғамдық журналына берген сұқбатында «Жақын арада Бішкекте қытай тілін тереңдетіп оқытатын №

95 мектеп ашылады. 2016 жылдан бастап Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында Конфуций институтының қолдауымен сегіз айлық тегін қытай тілі курстары жұмыс істейді. Олар жоғары сынып оқушыларына, студенттер мен жас ғалымдарға арналған. Сондай-ақ, қазан айында елордада Орталық Азиядағы алғашқы «Шанс» қытайлық кітап дүкені ашылды. Соңғы үш жылда «қытайтану» мамандығы бойынша оқу құқығына 4 жоғары оқу орны, ал 2017 жылдың үш айында – 9 ұйым лицензия алды. Бішкекте 37 курс, ал республиканың барлық аумағында 65 курс жұмыс істейді» деген мәліметтер келтірді [202].

Конфуций институты шетелде қытай тілін оқытуға арналған жүйелі базаға айналды. Әлемдегі қытай тілін желілік, сандық және ақпараттық оқытудың даму тенденцияларына назар аудара отырып, Конфуций Институты веб-технологиялар, мультимедиа, радио, теледидар және т. б. жолдармен оқытуды қолға алды.

ҚХР-дың Білім министрі Чжоу Цзи «Жэньмин жибао» газетіне берген сұқбатында: «Қытай тілін әлемге насихатуды күшейту, оны оқып-үйренуге барлық жаңыдайды жасау қажет, сол арқылы әлемде күннен-күнге артып келе жатқан қытай тілін оқу сұранысын қанағаттандыру үшін, Қытай интернет, радио, теледидармен қоса барлық заманауи БАҚ құралдарының мүмкіндігін толығымен пайдалану қажет. Сондай-ақ түрлі интернет сайттарымен, теле-радиостанциялармен ынтымақтастық орнатып, онлайн Конфуций институттарын, Конфуцидың радиоинститутын, телеинститут құру керек» деді [203].

«Хуанхэ» телестанциясы жанынан құрылған ең алғашқы телевизиялық Конфуций институты 2008 жылдың 18 желтоқсанынан бастап хабар тарата бастады. Ол SCOLA спутниктік теле желісін пайдаланып тәулігіне 24 сағат трансляция жасап отыр. Оның таратқан бағдарламаларын АҚШ-тың 50-ден аса қаласында 400 университет пен 7000 орта мектеп оқушылары көріп отыр. Мұндай форматтағы Конфуций институтына 3,1 миллион оқушы тіркелген. Ал көрермендердің саны 15 миллионға жуықтаған. Бұл Конфуций институты АҚШ, Канада және Латын Америкасы территорияларына тарайтын, «Ұлы қытай қорғаны» платформасының базасында құрылған «Хуанхэ» білім және мәдениет телеканалында да күнделікті хабар таратып отыр. Өте сапалы, қызықты және жоғарғы методикалық деңгейде жасалған қытай тілін оқытатын бағдарламалардың аудиториясы жылдан-жылға артып отыр [180].

Конфуций институттарының қызметі мен Қытай үкіметінің қытай тілін әлемге тарату әрекеттерінің белсенділігінің арқасында, бүгінгі күні дүние жүзінде 40 аса мемлекет қытай тілін оқытуды өздерінің ұлттық білім беру жүйесіне енгізген. Мысалы, Ұлыбританияның 2002 жылы қабылданған «Тілге қатысты ұлттық стратегиясы» қытай тіліне «стратегиялық маңызы бар тіл» деген статус берді. Тура сол жылы АҚШ-таң Азиялық ассоциациясы жасаған «АҚШ-тағы қытай тілін оқытудың таралуы» деген баяндамасында қытай тілін оқып-үйрену АҚШ-тың қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар деп есептелді.

Конфуций институттары әр елдегі ең беделді оқу орындарында ашылып жатыр, бұл деген сөз олар жастардың ішіндегі ең дарындыларын тартуға мүмкіндігі бар. Яғни, осы мемлекеттердің болашақ элитасын құрайтын,

Қытайға үлкен құрметпен және махабатпен қарайтын жастар легін баурап жатыр. Мұның өзі Қытай үшін өзінің «жұмсақ күш» саясатын одан ары нәтижелі жүргізуге қолдау беретін қосымша мүмкіндік болып отыр. Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алуы да осы саясаттың практикалық көрінісі.

Ханьбанның ресми сайтындағы мәлімет бойынша 2015 жылдың аяғына қарай Америкада 157, Азияның 32 мемлекетінде 110, Еуропаның 40 елінде 169, Африканың 32 мемлекетінде 46, Мұқит аймағының 3 мемлекетінде 18 Конфуций институттары ашылды. 2016 жылдың қараша айында әлемнің 140 мемлекетінде ашылған институттардың саны 510 жетті. Бұл дегеніміз 2 млн-ға жуық адам осы институттар мен сыныптарда қытай тілін оқып жатыр деген сөз [204].

«Ханьбанның» қытай тілін бүкіл әлем бойынша насихатын күшейтуде жасаған тағы бір үлкен жобасы, 2002 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Қытай тілі көпірі» сайысы. Бұл бүкіл әлемдегі қытай тілін оқып жатқан студенттер арасында өтетін өте ауқымды халықаралық сайыс. Қортынды кезеңі ҚХР–да өтетін сайыстың алғашқы кезеңдері әр елдің өз ішінде өтеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Қытайдың оқу орындарында оқуын жалғастыруға түрлі гранттар тағайындалады. Әр жылы сайыстың қытай мәдениеті мен дәстүріне, сол кездегі саясатына байланысты тақырыбы өзгеріп отырады. Мысалы, «Көп ұлтты Қытай», «Олимпиада шаттығы», «Қытай жаңа жүзжылдықта» деген сияқты. 2016 жылы «Армандар болашаққа бастайды» деген тақырыпта өтті. Бүгінгі уақытқа дейін бұл сайысқа 120 мемлекеттен 1 млн аса студент қатысқан [205].

Шет елдіктердің қытай тілін меңгеру деңгейін анықтап, сертификат беретін емтиханнан (HSK) алғашқы құрылған кезде, оны ұйымдастыратын орталықтар тек Қытайдың ірі қалаларында ғана болды. Ал қазір бұл емтихандарды әлемнің түкпір-түкпірінде ашылған Конфуций институттары өткізіп жатыр. Мұндай емтихандарды тапсыру үшін Конфуций институттарында курстан өткен болуы керек. Сол арқылы өзінің тілдік деңгейін анықтаған соң ғана, Қытайға барып оқуын жалғастыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл шаралар қытай тілін жоғары деңгейде игеруге ынталандырып келеді. 2010 жылға қарай HSK емтиханын тапсырғандардың саны 750 мыңнан асып жығылды. Ал бүгінгі күні бұл сан 1 млн адамнан асып отыр [206].

Конфуций институтын құру және дамытудың арқасында әлем елдерінде қытай тіліне, қытай тілі оқытушыларына, қытай тілі оқулықтарына және көмекші оқу материалдарына деген сұранысы үздіксіз артып отырды. Бұл Қытайдың білім беру индустриясының жаһандық жүйеге кірігуін жеделдетті.

Соңғы жылдары ҚХР-дың оқу-ағарту саясатындағы тағы бір үлкен жетістігі Қытайға келіп оқитын шетелдік студенттердің санының артуы.

Мұндай жетістікке жету үшін Қытай оқу-ағарту саласына үлкен қаржы салумен қатар бір қатар әрекеттерге барды. Ұлттық жоғарғы оқу орындарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру туралы арнайы бағдарлама қабылданды. Ол үшін халықаралық рейтингтегі ең мықты университеттердің қатарына кіруі керек алдыңғы қатарлы 100 университеті нақтыланды. ARWU (Әлем университеттерінің академиялық рейтингі - 2015) рейтингі бойынша

әлемнің ең мықты 500 университетінің қатарына Қытайдың 44 университеті кіріп отыр.

Әлемдегі тағы бір беделді Times Higher Education-QS рейтингі бойынша, 2013-2014 жылдары Пекин университеті 45, Цинхуа университеті 50-орынға жайғасқан. Осы рейтингтің көрсеткіші бойынша әлемнің ең мықты деген 400 университетінің тізіміне Қытайдан 10 бірдей университет кірген. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, дәстүрлі өте мықты оқу ағарту саласы бар деген Ресейдің өзінен бұл тізімге бір ғана Москва Мемлекеттік университеті ілінген [207].

Ұлттық оқу орындарының тартымдылығын көтеру үшін Қытайда білім алу қытай тілінде ғана емес, сонымен қатар ағылшын тілінде де жүргізіле бастады. Және де ағылшын тілінде оқыту Балон клубының мүшелеріне ортақ талап магистратура деңгейіндегі бағдарламаларда ғана емес, бакалавр деңгейінде де қолға алынды.

Халықаралық студенттік алмасу қазіргі әлемдегі маңызды құбылыс. ҚХР үкіметі білім саласында студент алмасуды дамыту мен ынтымақтастықты нығайту бойынша әлемнің 188 елімен келісім-шарт жасасты. ҚХР-дың оқу-ағарту Министірлігі, атап айтқанда Интернационалды ынтымақтастық пен студенттік алмасу Басқармасы халықаралық білім берудегі қарым-қатнастарды жандандыруға жауапты. Қытайдың әр бір жоғарғы оқу орынында халықаралық алмасу мен ынтымақтастық орталықтары жұмыс жасай бастады.

1996 жылы Қытайдың шәкіртақы тағайындау кеңесі (China Scholarship Council) құрылды. Бұл коммерциялық емес ұйым Қытайдың шетелде оқитын студенттеріне және Қытайда оқитын шетелдік студенттерге шәкіртақы мен гранттар ұсынады. Шетелдік студенттер үшін толығымен және жартылай төленетін гранттың екі түрі бар. Гранттар бакалавр, магистратура және докторантура деңгейінде оқып жатқан студенттерге беріледі. Қытай тілін оқитын студенттер үшін де ҚХР үкіметі ұсынған шәкіртақы мен гранттар қарастырылған. Олар оқу ақысын төлемейді, сақтандырудан босатылған және оларға жатақхана мен күнделікті шығынға қаражат беріледі. Бұл қаражат бакалаврларға 1400 юан, магистранттарға 1700 юань және аспиранттарға 2000 юан шамасын құрайды. Бұдан бөлек Қытайға өз қаражатымен келіп оқып жатқан студенттердің саны да жылдан-жылға артып отыр. Қытайда білім алып жатқан студенттердің 10% ғана грантпен оқып жатқан студенттер. Студенттерді Қытайға алдырып оқытқанға ҚХР жылына шамамен 100 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат шығарып отыр. Мұнан бөлек, Қытай «Қытай тілін шет тілі ретінде оқу» бағдарламасына жылына 25 млн АҚШ долларын жұмсап отыр [165, 46].

Шетелдік студенттердің Қытайдағы оқуға байланысты жылдам әрі нақты ақпарат алуын қамтамасыз ету үшін, ҚХР-дың оқу ағарту министрлігі CUCAS (China's University And College Admission System – қытайлық жоғарғы оқу орындары мен колледждеріне оқуға түсу жүйесі) ақпараттық жүйесін құрды. CUCAS жүйесінің негізгі қызметі қытайлық оқу орындары мен шетелдік студенттері байланыстыру болды. Яғни, олардың өздері қалаған оқу орны мен қажетті мамандықтар туралы ақпарат пен бағдарламаларды уақыт жоғалтпастан, барынша тез табуына жағыдай жасау. Сайт ағылшын, кәріс және

орыс тілдерінде жұмыс істейді. Анықтамалық ақпарат алғаннан бөлек, CUCAS-тың арадағы делдалдық қызметін пайдаланып, оқуға түсу құжаттарын жасауға да болады. Мұндай ыңғайлы жүйе болашақ студенттің біршама шаруасын жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар елдің оқу ағарту жүйесіне қатысты өте жағымды имидж қалыптастырады.

Қытай мен қытайлықтардың жағымды бет-бейнесінің қалыптасуына студенттік алмасулардың да тигізген әсері зор. 2010 жылдың өзінде әлемнің 194 елінен 260 мың студент Қытайға оқуға келген. Қытайға оқуға ең көп студент жіберетін елдердің бестігіне Оңтүстік Корея, АҚШ, Жапония, Тайланд және Ресей кіреді. Қытай тілін оқуға келген студенттердің басым бөлігі Қытайда қалып, жұмыс істеу мақсатын көздеп келгендер.

2014 жылы шетелдіктердің саны 377 мыңға жеткен Қытай, шетелдіктерге оқыту-ағарту қызметін ұсыну көрсеткіші бойынша әлемде үшінші орынға шықты. Қытай үкіметі 2020 жылға қарай шетелдік студенттердің санын 500 мыңға жеткізіп, әлем бойынша бірінші орынға шығуды жоспарлап отыр. ҚХР-дың оқу ағарту министірлігінің мәліметіне сәйкес, шетелдік студенттердің басым бөлігі қытай тілі, мәдениеті, тарихы және философиясы сияқты гуманитарлық бағыттағы академиялық пәндерді таңдайды екен [208]. Қытай университеттері халықаралық тізімдегі өздерінің позицияларын одан да арттыруға күш салуда. Сондықтан дәстүрлі түрде америкалық және еуропалық оқу орындары басымдаққа ие болған жоғарғы білім беру саласында жаңа бір бәсекелес пайда болды.

Қытай тілі мен мәдениетінің әлемге жылдам таралуына қытайлық диаспоралардың қосқан үлесі де өте үлкен. Түрлі мәлеметтер бойынша әлемде ҚХР-дан шет жерлерде 50 млн-ға жуық этникалық қытай өмір сүреді. Әлемдегі саны жағынан өте көп және қоғамда біршама ықпалы бар қытайлық диаспоралар қытай тілінде сөйлейді. Қытай тілін оқыту мен оқып-үйрену ҚХР-мен арада сауда-экономикалық серіктестік қарқынды дамып бара жатқан және ұзақ мерзімдік ынтымақтастық жолға қойылған елдерде өмірдің өзі талап етіп отырған қажеттілікке айналды. Әсіресе, қытай диаспоралары өте көп шоғырланған Азия-Тынық мұқиты аймағында қытай тілінің таралу ауқымы тіпті кең етек алды. Бұл жердегі экспорт-импортпен айналысатын сауда компаниялары қытай тілін білуді жұмысқа алудың бір критеріі ретінде қарастырып отыр. Малайзия мен Сингапурда қытай тілі оқу бағдарламасына міндетті пән ретінде енгізілген. Оңтүстік-Шыңғыс Азияда этникалық қытайлар өте үлкен көлемдегі қаржыға ие және ұлттық экономиканың маңызды салаларында алдыңғы қатарлы позицияларды ұстап отыр. Бұл жерде шетелдегі қытайлардың ассоциациясы мен диаспорасы өте белсенді әрекеттерге баруда. Олар қытай тілінде сабақ жүргізетін балабақшалар мен мектептерді ашып, қытай тіліндегі ЖОО мен БАҚ-тарды қолдарында ұстап отыр.

ҚХР мен Тайваньның территориясында қолға алынған қытай тілін оқытатын тегін, мемлекеттік бағдарламалар шет елдегі қытайлықтардың арасында өте танымал. Олар осы бағдарламалар арқылы өздерінің балаларын қытай тілін, мәдениетін, тарихын үйренуге тарихи отанына көптеп жіберуде.

Бүгінгі күні Оңтүстік-Шыңғыс Азия аймағында қытай тілі ағылшын тілімен бәсекеге түсетін дәрежеге жетті. Сингапурдағы ҚХР-дың сауда-

өндірістік палатасы біраз жылдан бері іскерлік қытай тілін үйрететін курстар ұйымдастырып отыр. 2009 жылдан бері Сингапур үкіметі қытай тілін оқып-үйреніп жатқандарға материалдық қолдау көрсетуде.

2015 жылдың тамызында негізгі сауда серіктес елдермен арадағы байланысқа аса мән берілген, ҚХР мен АСЕАН мемлекеттерінің оқу ағарту саласындағы ынтымақтастық апталығы өтті. ҚХР оқу ағарту министрі Юан Гуйжень «осы жиынға қатысып отырған мемлекеттерден шыққан жастардың ішінде тілдік және мәдени алмасуға бет бұрғандарының саны күннен-күнге көбейіп келе жатыр. Екі жақты да есепке алғанда олардың саны 150 мың адамға жетті» деді [209].

1996 жылы Пекин шет тілдер университетінің базасында құрылған Шетелдегі қытайтану мәселесін зерттеу орталығының да атқарып отырған жұмыстары өте ауқымды. Бұл орталық Қытайдың өз ішіндегі және шетелдегі қытайтану ғылымының теориялық дамуымен айналысады және шетелдік зерттеушілердің маңызды деген ғылыми бағдарламаларын қаржыландырады.

Тілдік саясатты жүргізуде құрлықтық Қытайға «бәсекелес» ретінде, Тайвань да белсенділік танытып отыр. Тайваньның тілдік саясаттағы жеткен үлкен жетістіктерінің бірі, 1972 жылы Тайбэйді құрылған Қытай тілінің таралуы мен дамуына қолдау көрсету ассоциациясы. 1997 жылдың шілде айында бұл ұйым Қытай тілінің халықаралық ассоциациясы деген бүгінгі атауына ие болды. Бұл ұйымның негізгі қызмет саласы шетелдерде қытай тілін оқытуға арналған халықаралық конференциялар ұйымдастыру мен шетелдік студенттердің арасында қытай тілінің танымалдығын арттыру.

Осы жерде Тайванның бұрынғы президентінің атымен аталған Цзян Цзинго қорынның жұмысын атап кеткен жөн. Бұл Тайваньдық мекеменің де әлемдегі қытай тілінің таралуына қосқан үлесі мол. Сонымен қатар, Цзян Цзинго қоры қытайтануға қатысты түрлі жобаларды қаржыландырумен және шетелдік қытайтанушы ғалымдарға гранттар берумен айналысады.

Қытайдың оқу-ағарту саласындағы сапаның арту динамикасына қарамастан, ҚХР-ға келіп оқитын шетелдік студенттердің денін дамушы мемлекеттерден келгендер құрап отыр. Мысалы, Қытайдың ЖОО оқуға деген сұраныс Орталық Азия мемлекеттері мен Монғолияда күшті. Европа мен Солтүстік Америка мемлекеттерінде Қытайды тануға деген қызығушылықтың біршама артқанына қарамастан, ол елдерден келген студенттердің саны салыстырмалы түрде аз. Бірінші кезекте мұның себебі жаңа мәдени ортаға үйренісудің қиындығымен байланысты болса керек. Алайда, ол мемлекеттердің өз ішінде оқу ағарту саласы өте жоғары деңгейде екенін де ескерген жөн. Оның үстіне, Қытайдың шетелдік студенттерге ұсынатын гранттары мақсатты түрде таңдап алынған дамушы мемлекеттер мен көрші мемлекеттерге бағытталған. Мысалы, Қытай Өзбекстанға жылына 120 грант беріп отыр [210]. Мұнан бөлек Қытай ШЫҰ мүше мемлекеттерге өз территориясында оқуға 30 мың толық және жартылай гранттар ұсынып отыр. Орталық Азиядан келген студенттердің басым бөлігі СҰАА мен басқа да батыс аймағында орналасқан қалаларға жіберілсе, Оңтүстік Шығыс Азия мен Оңтүстік Азиядан шыққандар негізінен Қытайдың оңтүстігінде орналасқан ЖОО-ға жіберіледі. Мұның бәрі оқуға келген студенттердің ортаға тез бейімделуі үшін жасалған.

Соңғы жылдары интернет желісінде де қытай тілін қолданушылардың саны артқан. Nextweb сайтының есебіне сәйкес, интернет баста құрылғанда ағылшын тілінде болған, Қытайдың әлеуметтік жағыдайының өсуімен, ғылым мен технологияның дамуымен және Қытайдың әлемдегі ықпалының артуымен, желідегі қытай тілі ағылшын тілімен жағаласатын жағыдайға жеткен.

Бүгінгі күні бүкіл әлемде интернет қолданушылардың саны 2 млрд болса, соның 42% ағылшын тілін қолданады. Ал қытай тілін пайдаланатындар 32,6% жеткен. Nextweb сайты болашақта желіні қытай тілінде қолданатындардың саны ағылшын тілінен асуы мүмкін деп болжам жасайды.

Қытай осы фактының өзін өз пайдасына шешкісі бар. Жақында Қытай үкіметі газет-журналдарда және веб-сайттарда кездесетін ағылшын тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің барлығын қытай тіліне аудару туралы үкім шығарды. Қытайдың баспа және бұқаралық басылымдар бас басқармасы қытай баспасөзіндегі қытай тіліндегі мәтіндерде кездесетін шет тіліндегі сөздердің қасына арнай аудармасы жазылмаса, басуға тиім салынады деді. Мұндай тиім адам аттарына, жер-су атауларына, қысқартылған сөздер мен кең тараған тіркестердің барлығына қатысты. Соңғы кезде ағылшын тілінде жаза салатын мұндай сөздер мен тіркестер тым көбейіп кеткен еді. Қытай мәдени тұрғыда өз тілін шет тілдердің, бірінші кезекте ағылшын тілінің ықпалынан қорғауға тырысып отыр. Алайда, мұндай қадам Қытай мен басқа әлемнің арасына тағы бір шектеу қоюмен бірдей. Өйткені қытай тілі оңай үйреніп ала салатын тіл емес, сондықтан көптеген веб-сайттар қытай тілін білмейтіндер үшін қол жетімсіз болып қала береді.

Қытайдың «жұмсақ күш» саясатын жүргізу аясында қытай тілінің ресурстарын қолдануға қытысты атқарып отырған жұмыстары мен амал-әрекеттерінің нәтижесін қортындылайтын болсақ. Қытайдың сыртқа бағытталған тілдік саясатының негізгі қозғаушы күші Конфуций институттары болды. 2002 жылы негізі қаланып, 2004 жылы алғашқы шетелдегі Конфуций институты ашылғаннан бастап, бұл мекеме қытай тілі мен мәдениетін дүние жүзіне таратуда орасан зор жұмыс атқарды. Оның қызметіне, қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі курстар ұйымдастыру, Қытайға арналған түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізу, түрлі сайыстар мен іс-шаралар өткізу арқылы қытай тілі мен мәдениетінің танымалдығын арттыру, қытай тілінің деңгейін анықтайтын квалификациялық HSK тестін өткізу, қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруға атсалысу, Қытайда өтетін студенттер мен оқытушыларға арналған түрлі стажировкалар ұйымдастыру және Қытайда оқу бойынша ақыл-кеңес беру сияқты міндеттер кірді.

Қытайдың экономикасының артуымен қатар көтерілген қытай тіліне деген қызығушылықты барынша ұтымды пайдалануға тырысқан Конфуций институттары тек қана студенттерге емес, сонымен қатар ересектерге де қытай тілін оқытуды қолға алды. Ол сауда, өндіріс, бизнес саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға да ат салысуда. Соның арқасында қытай тілінің халықаралық аренада жылдам таралуы сауда-экономикалық қарым-қатынастың аясында да етек алды. Бұл процеске Қытайдың Транұлттық коорпорациялары да ат салыса бастады. Ірі компаниялардың жұмысшылары,

әкімшілік қызметтегі адамдар, түрлі саланың мамандары, ғалымдар, бизнес саласының өкілдері де қытай тілін оқуды қолға алды.

Конфуций институты жобасын мемлекет қаржыландырды және оны бақылап басқарып отырды. Сондай-ақ Қытай үкіметі аймақтағы жоғары оқу орындарындағы қытай тілі кафедраларына, орталықтарына техникалық материалдық көмек көрсетумен қатыр, таңдарулы орта мектептерге де сондай жәрдем беріп, қытай тілін оқытуды орта мектептерге кеңейтуге бет алды. Әлемнің көптеген елдерінде орта мектептер мен колледждарда Конфуций сыныптары ашылды. Кейбір мемлекеттердің шет тілдерін оқыту саясатында өзгерістер болып, қытай тілі алдыңғы қатарға шықты.

Әлемдегі қытай тілін желілік, сандық және ақпараттық оқытудың даму тенденцияларына назар аударып отырып, Конфуций Институттары мен сыныптары веб-технологиялар, мультимедиа, радио, теледидар және т. б. жолдармен оқытуды қолға алды. Осындай әрекеттердің арқасында қытай тілін оқыту сапасы үздіксіз артып отырды. Нәтижесінде қытай тілін оқуға ниет білдірген адамдардың саны еселеп өсті.

Қытай оқу-ағарту саласына үлкен қаржы салумен қатар, Ұлттық жоғарғы оқу орындарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру туралы арнайы бағдарламалар қабылдағаннан кейін, Қытайға келіп оқу оқитындардың саны артты. Қытайдың әр бір жоғарғы оқу орынында халықаралық алмасу мен ынтымақтастық орталықтары жұмыс жасай бастады.

Қытайға келіп оқитын шетелдік студенттердің басым бөлігі қытай тілі, мәдениеті, тарихы және философиясы сияқты гуманитарлық бағыттағы академиялық пәндерді таңдағанының арқасында, қытай тілінің әлем бойынша танымалдыға өсе түсті.

Қытай тілі мен мәдениетінің әлемге жылдам таралуына қытайлық диаспоралардың қосқан үлесі де өте үлкен. Қытай диаспоралары өте көп шоғырланған Азия-Тынық мұқиты аймағында қытай тілінің таралу ауқымы тіпті кең етек алды. Оңтүстік-Шыңғыс Азияда мемлекеттері оқу бағдарламасына қытай тілін міндетті пән ретінде енгізді.

Интернетті қолданушылардың арасында да қытай тілін қолданушылардың саны артқан. Қытай үкіметі бұл жағдайды да өздеріне тиімді пайдалануға әрекет жасауда.

3.3. Орталық Азия мемлекеттерінде қытай тілі мен мәдениетінің таралуы

Қытайдың батыс сілемі Орталық Азияға ұласады. Біз «Орталық Азия»-деп бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан республикаларының орналасқан аумағын меңзеп отырмыз. Бұл аймақ Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстіктің ортасына орналасқан «Әлемнің қолқасы» іспеттес өңір. Англиялық ғалым J.Maskinder (1861-1947) «Жүрек – Қолқа белдеу –(The Heartland Theory) теориясын ортаға қойған. Ол «Кім Шығыс Еуропаға үстемдік етсе, сол Қолқа белдеуді билеп-төстейді; кім Қолқа белдеуге үстемдік етсе, сол Әлем аралын билеп-төстейді; кім Әлем аралына үстемдік етсе, сол әлемді билеп-төстейді» [211, 62] - деп санайды. Ал, АҚШ-тың N.J.Spykman (1895-1943) деген ғалымы: «Кім де кім Еуразияның төңірегіндегі аймақтарды бақылауында ұстаса, сол Еуразияны бақылауында ұстайды; кім де кім Еуразияны бақылауында ұстаса, сол әлемнің тағдырын белгілей алады»[212, 43] деп есептейді. Сондықтан болар, ежелден бері Орталық Азияға ұлы державалардың таласы аяқтаған емес. Қазіргі таңда Қытай өзінің жұмсақ күштері арқылы Орталық Азияға ендеп кіргені жасырын емес.

Қытай жұмсақ күшінің Орталық Азияға ықпалы тақырыбын зерттеу - аймақ елдеріне Қытайдың, қытай мәдениеті – жұмсақ күштері әсерін анықтаумен өзекті. Сондай-ақ оның әлемдік маңызы да айырықша. Өйткені оның ғылыми танымдық және қолданбалы практикалық құндылығы жалпыға ортақ.

Орталық Азия мемлекеттерінде Қытай жұмсақ күш ықпалын, тіпті қытайдың жалпы саяси экономикалық ықпалын терең зерттеген іргелі монографиялық еңбектер әлі жарық көре қойған жоқ. Әрине, әр елде аталмыш тақырыптың жекелеген мәселелері бойынша жазылған сараптамалық танымдық еңбектер жарияланып келеді. Бірақ олар Қытай жұмсақ күшінің Орталық Азия елдеріне жасаған ықпалы мәселесін арнайы қарастырған жоқ.

Орталық Азияға қытай жұмсақ күші ықпалы алдымен тіл және мәдениетін таратудан басталып, қытайлық құндылық көзқарастарын сіңіруге қарай бет алып барады. Ал, қытай тілін оқыту Орталық Азиядағы мемлекеттерде екі жүйе бойынша өрістеп келеді. Оның бірі жергілікті жоғары оқу орындары мен әлеуметтік тіл оқыту орталықтарында; екіншісі, Конфуций институттары мен сыныптары жүйесінде.

Қытай мен Орталық Азия арасындағы өзара байланыстар ерте заманнан басталған, бірақ ол байланыстар кей кезде үзіріп, кей кезде қайта жалғасып отырды. 1991 жылы КСРО ыдырап, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Түркіменстан тәуелсіздікке жетіп, ҚХР-мен 1992 жылдың қаңтарында дипломатиялық қатынастар орнатты. Содан бастап Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар жаңа тарихи даму кезеңіне қадам басты.

Қытайдың Орталық Азияға ұстанған алғашқы сыртқы саясатын 1994 жылы сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің премьері Ли Пэн Өзбекстан, Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан сынды 4 мемлекетке жасаған ресми сапары барысында жариялады. Ли Пэн: «Қытай мен Орталық Азия

мемлекеттері тату көршілік достықта бейбіт қатар өмір сүру, ортақ гүлденуді ілгерлету, әр мемлекеттің өз таңдауына құрмет ету, ішкі істеріне қол сұқпау, егемендікке (суберенитетке) құрмет ету және аймақтың орнықтылығын қорғау негізінде өзара қатынастар орнату» [11, 180], деп атап көрсетті. Осыдан кейін Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы сауда байланыстары айтарлықтай дами түсті.

Қытай Орталық Азия елдерімен сауда-экономикалық байланыстарына жастай отырып, білім беру саласындағы байланыстарды дамытуға, әсіресе мәдени – жұмсақ күш ықпалын арттыруға назар аударды. Ал, Орталық Азия елдері де алғашқы экономикалық қиыншылықтан шығу үшін Қытаймен кең көлемде байланыстарды дамытуға мүдделі болды. Тараптар өзара байланыстарды дамытуда тіл құралының маңыздылығы арта түсті. Сонымен Орталық Азия елдерінде қытай тілін үйрену, Қытайда орыс тілін оқудың жаңа кезеңі басталып кетті.

Қытай тілі Орталық Азия елдеріне онша бейтаныс тіл емес. Кеңес Одағы кезінде Өзбекстанда қытай тілі оқытылатын. Қытай тілі Ташкент мемлекеттік университетінің Шығыстану институтында және Ташкен қаласындағы №59 орта мектепте оқытылған.

Қазақстан қытайтілін оқытуды Кеңес Одағы кезінде бастады. 1989 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде) шығыстану факультетін ашылып, араб, қытай, парсы тілдерін оқытты. Тәуелсіздіктен кейін Қытай мен Қазақстан жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастық байланыстың орнауына байланысты қытай тілін оқыту істері дами түсті.

Қазақстан – Қытай қатынастарының жан-жақты дамуына байланысты қытай тілін игеруге қажеттілік арта түсті де, Қазақстанның жетекші университеттерінде қытай тілі кафедралары ашылып, қытай тілін жүйелі түрде оқыту жолға қойылды. Қазіргі таңда Қазақстанның Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік Қыздар университетінде, С. Демирел университеттерінде қытай тілі бірінші және екінші мамандық ретінде оқытылады [213].

Бүгінгі таңда Өзбекстанда қытай тілі Ташкент Мемлекеттік шығыстану институтында және Самархан Мемлекеттік шет тілдері институтында оқытылады.

Қырғыз Республикасында қытай тілі Бішкек Гуманитарлық университетінде, Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінде, Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінде, Қырғыз-Ресей славян университетінде, Нарын Мемлекеттік Университетінде, Ош Мемлекеттік университетінде және Ош гуманитарлық-педагогикалық институтында қытай тілі оқытылады. 2017 жылы Қырғызстанда 9 мекеме қытай тілін оқытуға ұрықсат алған. Қазір Қырғызстанда қытай тілін оқытатын оқу орындары Талас обылысынан басқа барлық обылыстарың бәрінде жұмыс істеп тұр.

Тәжікстанда қытай тілі Тәжік Мемлекеттік тілдер институтында 2000 жылдан бастап оқытылып келеді. Бұл институтта қытай тілі мамандығынан қоса,

«информатика» мамандығын оқып жатқан студенттерге де қытай тілін оқытылады. Мұнанан тыс, Тәжікстан Білім министірлігінің лицензияланған көптеген тіл оқыту орталықтарында да қытай тілі оқытылады.

Орталық Азия мемлекеттері ішінде қытай тілін оқыту Түркіменстанда кеш басталды. Қытаймен арадағы мұнай-газ саласында ынтымақтастығының дамуына байланысты Түркіменстанда Мемлекеттік экономика және басқару институтында, Халықаралық мұнай-газ университетінде, 2015 жылдан бастап экономика және мұнай-газ мамандығын оқып жатқан студенттерге қосымша пән ретінде қытай тілі оқытыла бастады.

2016 жылдан бастап, Ашхабад қаласында 6, Балқан уәлаятында 5, Лебапде 3 және Ахал, Дашагуз, Мары уәлаяттарында 2 мектептерде қытай тілі екінші шет тілі ретінде оқытыла бастады. [214].

Жоғарыда келтірілген фактілерден, соңғы жиырма неше жылда Орталық Азия елдеріндегі мемлекеттік және әлеуметтік оқу орындары мен орталықтарда қытай тілін оқыту ісінің тез дамып келе жатқанын көруге болады. Оның өзіндік себебтері де бар: ҚХР мен Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынастардың кең көлемде дамуына байланысты қытай тілін игеруге қажеттілік өсе түсті; аймақ елдерінің қытайды түсінуге, қытаймен байланыс жасауға, қытай тілін игеру арқылы жұмысқа орналасуға деген ынтасы жоғарлады; ҚХР үкіметі осындай әлеуметтік сұраныстарға сәйкесе отырып, Орталық Азия елдерінде қытай тілін оқыту процессін ілгерлетуге қаржылық, техникалық және оқытушы ресурстары жақтарынан көмектесіп отырды. Осындай ішкі-сыртқы факторлардың сәйкесуінен Орталық Азияда қытай тілі мен мәдениетінің таралуына кең жол ашылып, Қытай жұмсақ күш ықпалы етек ала бастады.

XXI ғасырда қытайдың жұмсақ күш ықпалы Орталық Азия мемлекеттерінде тереңдей түсті. Бұл іс жүзінде ҚХР-дың жалпы әлемге жұмсақ күш ықпалын нығайту саясатының көрінісі. Өйткені жаңа ғасырда ҚХР үкіметі әлемге қытай тілі мен мәдениетін кең тарату арқылы, өзінің жұмсақ күш ықпалын жүргізуге жаңа қадам жасады. Анықтап айтқанда Конфуций институттарын құрып, қытай тілін оқыту аясын кеңейту арқылы бүкіл әлемге өз ықпалын артыру саясатын жүргізді.

2002 жылы ҚХР-дың Білім министрлігі жанына құрылған «Ханьбань» мен Сыртқы істер министрлігі әлемнің әрбір елінде Конфуций институттарын құру дайындығын бастады. Олар дайындаған «Жоба» 2004 жылы ҚКП ОК XVI съезінің 4-ші пленумында бекітілді де, Конфуций институттарын құру қолға алынды. 2004 жылдың жазында Ташкентте алғашқы эксперименттік Конфуций институтын құрып, 2005 жылы мамырда оқу бастады. Қытай үкіметі шетелдегі ең алғашқы Конфуций институтын 2004 жылы Оңтүстік Кореяда құрған еді. Ташкентте құрылған Конфуций институтты, Орталық Азияда құрылған бірінші институты болып саналады. Бұл институт Ташкент мемлекеттік шығыстану институтының жанынан құрылды, қытай тарапынан Ланьчжоу университеті құрылтайшы болды. Кейін келе ол «Әлемдегі ең үздік Конфуций институты» болып бағаланды [215].

2007 жылдың қазан айында өткен ҚКП-ның XVII съезінде, қытай тілі мен мәдениетін шет мемлекеттерге тарату Қытайдың сыртқы «жұмсақ күш»

саясатының маңызды мазмұны ретінде танылды. Содан соң, Қытай Орталық Азия елдерінде Конфуций институттарын құрып, қытай тілі мен мәдениетін оқыту үдерісін ілгерлете түсті. Оның нәтижелерін төмендегі фактілерден көруге болады

2014 жылдың 3 желтоқсан күні Қытай Өзбекстанда екінші Конфуций институтын Самарқант мемлекеттік шет тілдер институты жанынан құрды. Осы институттың ашылуына жөнінде өзбек сараптамашысының Регнум ақпараттық агенттігіне берген сұқбатында: «Өзбекстанға екі мемлекет тегін университеттік білім беруді ұсынып отыр, олар Ресей мен Қытай. Қытай жағы студенттердің оқуы мен жатағын қана қаржыландырып отырған жоқ, олардың екі мезгілдік тамақтарын да береді. Бұл мемлекет өздерінің жоғарғы оқу орындарында оқуға берілетін грант санын жылдан-жылға көбейтуде. Бұл дегеніміз, Қытай тек қана экономикалық салада ықпал етумен қатар, еліміздің болашағы жастарымыздың да ақыл-ойын жаулауға күш салып отыр» [216] – деген еді.

Қытайдың ауыл-қыстақтардағы миллиондаған жасөспірімдері кедейліктен мектепке баралмай жатқан жағдайда, қияндағы шет елге соншалықты жомарттық жасауының астарында нендей мақсат жатқанын аңғару қиын болмаса керек.

Өзбекстанда Конфуций институттарын ашу үдерісі әлі жалғасуда. 2018 жылы Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті мен Синьцзян аграрлық университеті арасында Конфуций институтын құру меморандумына қол қойылды. Институтты ашудың мақсаты дарынды студенттерге ауыл шаруашылық мамандығы бойынша Қытайға барып білім алуға жағдай жасау, студенттер мен профессорлар алмасу және осы салада тараптар ғылыми зерттеу ынтымақтастығын орнату [217] деп түсіндірді.

Ал, Қазақстанда Конфуций институттарының құрылуы Өзбекстанан кейін басталғанымен құру қарқыны тез, саны көп болды. 2007 жылдың 5 желтоқсанында Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің жанынан Конфуций институты ашылды. Ашылу салтанатына сол кездегі Қазақстан Республикасының Білім министрі Ж.Түймебаев пен ҚХР Қазақстандағы Бас елшісі Чжан Сиюнь арнайы барып қатысып, сөз сөйледі.

2009 жылы 23 ақпан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «Қытай тілі орталығы» ресми түрде Конфуций институты болып қайта құрылды.

2011 жылдың маусым айында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының базасында Конфуций институты ашылды.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚХР-дың ҚР-дағы елшісінің Бас кеңесшісі Чэн Хунгаң: «Жер бетіндегі адамдардың төрттен бірі қытай тілін біледі. Қытай тілін меңгеру қазіргі заманға ашылған терезе іспеттес. Қазақстанның жастары Қытай тілі мен мәдениетін оқып-үйренуге үлкен қызығушылық танытып отыр. Қытайлық студенттердің де қазақ тілін оқуға ынтасы зор [218] - деді.

2012 жылдың 27 қарашасында Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінің жанынан Конфуций институты құрылды.

2017 жылдың 19 сәуірінде Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қытайдың Оңтүстік-Батыс университетімен бірлесіп Қазақстанда бесінші Конфуций институтын ашты [16].

Қазақстанда Конфуций институттарын құра беруге Қазақстандағы Қытай елшілігі өте белсенді қызмет атқаруда. 2015 жылы Астана қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жанынан Конфуций институтын ашу жөнінде аталмыш университеттің ректоры мен Шыңжаң аграрлық университетінің өкілі меморандумға қол қойды. Институтты қаржыландырып отыруға Қытай жағы жыл сайын 80 мың АҚШ доллары көлемінде ақша беріп отыратын болған.

2016 жылдың қарашасында Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ректоры мен Қытайдың Үрімжі қаласынан келген Конфуций институтының басшылары кездесіп, Көкшетау университеті жанынан Конфуций институтын ашу келісіміне қол қойды. Егер соңғы екі институт жұмысын бастайтын болса, Қазақстандағы Конфуций институттарының жалпы саны жетіге жетеді.

Қырғызстанда Конфуций институттарын ашу туралы 2007 жылы Бішкек қаласында өткен ШЫҰ саммиты қарсаңында, ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның Қырғызстанға жасаған сапары барысында келісілген болатын.

2008 жылы Қырғызстанның Білім және ғылым министрі Ишенқұл Болжурова мен ҚХР-дың Қырғызстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Яньнянмен өткен кездесуде, Қырғыз республикасының маңдай алды екі жоғарғы оқу орнында, яғни Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті мен Құсайын Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университеті жанынан екі Конфуций институт құруға келісті. Осы келісімге байланысты 2008 жылы және 2009 жылы аталған университетінде Конфуций институттары ашылды.

2013 жылы Қырғызстанда 3-ші Конфуций институты Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош мемлекеттік университетінде құрылды. Бұл институтта қытай тілімен қатар кун-фу, каллиграфия жазу, қытай живопис өнері, дәстүрлі қытай музыкалық аспабы гучженда ойнау сияқты үйірмелер жұмыс жүргізеді.

2016 жылы Қырғызстанда 4-Конфуций институты Жалал-Абад университеті жа 2015 жылы Қырғыз мемлекеттік басқару академиясы мен Конфуций институты арасында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойылып, онда қытай білім беру және мәдениеті орталығы ашылды [219].

2016 жылы Қырғызстандағы Құсайын Қарасаев атындағы Бішкек гуманитарлық университеті жанындағы Конфуций институтын, әлемдегі институттар арасындағы ең үздік институт деп бағалады.

Тәжікстанда Конфуций институтының құрылуы ШЫҰ аясындағы келісім негізінде ашылды. 2009 жылы Тәжік ұлттық университеті жанынан 1-Конфуций институты құрылды. Бұл институтты ашу туралы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның 2008 жылы Тәжікстанға жасаған ресми сапары кезінде келісілген еді. 2-Конфуций институты 2015 жылдың тамыз айында Қытай мұнай университетімен Согдиана обылысы Чкаловск қаласындағы Тәжікстан тау-металлургия институты бірлесіп ашты. Институт қытай тілін оқытумен қатар, тау-кен өндірісі мен мұнай саласындағы мамандар дайындайтын болды [220].

Душанбе қаласында өткен Конфуций институты құрылғанына 10 жыл мерейтойында Тәжікстан Республикасындағы ҚХР елшісі Юе Бин сөз сөйлеп: «Тәжік ұлттық университеті жанындағы Конфуций институты осы жылдар аралығында өте үлкен жетістіктерге жетті. Бүгінгі таңда қытай тілі мен мәдениетін үйренетін 25 оқыту пункттары құрылды» деп мәлімдеді. Ал, ТҰУ жанындағы Конфуций институтының директоры Нозим Мухаммадиев: «Институттың 8 жылдық жұмысы барысында 566 студент пен 197 оқытушы өздерінің қытай тілі мен қытай мәдениетіне қатысты білімдерін жетілдіру үшін квота бойынша ҚХР-ға барып оқып қайтты» [221] деді.

2011 және 2012 жылдары ТҰУ жанындағы Конфуций институты әлемдегі институттар жүйесінде алдыңғы қатарлы институт болып бағаланды. Өйткені онда тіркелеген студенттердің саны 3000 адамға жетті. Сондай-ақ институт тәжік студенттері мен оқытушыларына арналған 24 аударма және оқыту материалдарының жинағын басып шығарды» [222].

Орталық Азия аймағында Конфуций институты тек Түркіменстанда ғана құрылған жоқ. 2008 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао Ашхабатқа жасаған сапарында Конфуций институтын ашуды ұсынған болатын, бірақ қазірге дейін ашылған жоқ.

ҚХР үкіметінің Орталық Азия елдерінде құрған Конфуций институттарының жалпы саны 13, оның 5-уі Қазақстанда, 2-уі Өзбекстанда, 4-уі Қырғызда, 2-уі Тәжікстанда, бұдан тыс Қызғызстанда 12 Конфуций сыныптары ашылған.

ҚХР-дың Орталық Азия елдерінде құрылған Конфуций институттары мен сыныптарын осы елдің жалпы халық санымен салыстырғанда әлемнің алдыңғы қатарында деуге болады. Өйткені Қытай үкіметі әрбір елдің халық санына қарай емес, кез-келген елге Конфуций институттары мен сыныптарын барынша көп ашуды арқылы қытай тілі мен мәдениетін кең көлемде сіңіру, сол арқылы жұмсақ күш ықпалын арттыруды мақсат етіп отыр. Қазірге дейінгі тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік экономикалық жағдайы төмен мемлекеттер Конфуций институттарын ашуда өте белсенді. Мұның мысалын Орталық Азиядан да көруге болады.

Конфуций институттары ҚХР-дың мемлекеттік басқаруындағы оқу орны болғандықтан, оныда қолданатын оқулықтан бастап қосымша оқу құралдары және басқада мәдени білім беру сабақтарының бәрі де Қытай үкіметі бекіткен нұсқа бойынша оқытылады. Конфуци институттары мен сыныптарында қытай мәдениетін насихаттау мақсатында қытай тілінен шешендік өнер сайысы, қытай тілінде ән айту жарысы, қытай тарихи мәдениетінен білім сайыстары, каллиграфия жазудан, қағаз ою өнерінен жарыстар өткізіліп, студенттергі қытай мәдениетін терең сіңіреді. Әсіресе Қытайдың мереке күндері мен Конфуций институты күніне арнап мәдени шаралар көптеп өткізіледі. Демек, Конфуций институттарында қытай мәдениетінің атмосферасы жасалған және оның ықпалыда айтарлықтай көрінуде. Бұған мысал ретінде Қырғызстан Конфуций институтының директоры Үміт Құлтаеваның «Қырғызстанда бұрындары қытай тілі деңгейін анықтайтын емтиханға жылына ары кетсе 30 шақты адам ғана қатысатын. Ал қазір қатысушылардың саны мыңнан асады. Қытай үкіметі Қырғызстандағы оқу-ағарту саласына өте үлкен көлемдегі қаржылай көмек

беріп отыр» [223] деген сөзі шындыққа жанасады. Өйткені Конфуций институттары Қытайдың қаржылық көмегімен құрылып дамып келе жатқаны белгілі. Орталық Азиядағы елдерде Конфуций институттарының санының және онда оқитын студенттердің көбею динамикасынан Қытай жұмсақ күші ықпалының артып келе жатқанын көруге болады.

ҚХР Конфуций институттары арқылы жастарға қытай тіл мен мәдениетін үйретумен қатар, ересектер мен жас өспірімдерге де қытай тілін сiңіру арқылы ықпал жасауға қарай бет алып барады. Орталық Азия елдеріндегі ғылыми-техника, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық және ақпараттық технология, басқару академиясындағы мамандарға да қытай тілі мен мәдениетін үйрету қызыметін өрістетіп келеді. Бұл істі олар оқу-ағарту мекемелерімен, үкіметтік орындармен, түрлі қоғамдық ұйымдармен, ассоциациялармен серіктесіп жүргізіп келеді.⁴ Оны қабылдаушылардың қатары да көбейіп отыр. Өйткені олардың арасында болашақ жұмыс орынын, табыс қайнарын Қытаймен байланыстыратын жастар көбейді. Қытай тілі мен мәдениетін жақсы игергендер өзара сауда-экономика және іскерік ынтымақтастық байланыстарда көптеген қолайлыққа ие болатыны ақиқат.

Ал, Қытай үкіметі болса, Орталық Азия елдерінде жаппай ықпал етуді көздеп, Конфуций институттарын орналастырды. Қазірге дейін Конфуций институттары Қазақстанның шығысы мен батысындағы, оңтүстігі мен солтүстігіндегі аймақтарды шарпып, шахматтың тасындай тізілген. Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстанда да сондай, онда қала тұрғыны көп ірі қалаларда құрды. Алайда бұл Конфуций институттары аздық ететіндей, Қытай үкіметі ендігі жерде Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алды. Қазір Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуды бастап кеткен.

Қазақстанның жоғары және орта оқу орындары не үшін Конфуций институттарын ашуға пейілді? Өйткені, Қытай үкіметі аталған институт орналасатын кеңсе, аудиторияларды жөндеп-жаңғыртуға жұмсалатын қаражатты, оқуға қажетті техникалық жабдықтар мен оқулықтарды, оған жіберген оқытушысы мен директорларының жалақысын толығымен өздері шығарады. Ал онымен әріптес болғандардан ешқандай шығын шықпайды. Керісінше, ол институттарда оқығандардан табыс түсіреді. Ең маңыздысы, бұл оқу орындарының республикалық және халықаралық бағалауларда «шет елдермен байланысты дамытқаны» үшін рейтингісі жоғарылайды. Сондықтан мұндай ақша мен атақ келетін істен қай-қайсы да бас тарта алмайды. Себебі халықаралық білім саласын бағалайтын механизм осыған мәжбүрлейді. Олар Қытай неге осыншама қаржы жұмсап, тілі мен мәдениетін таратып жатыр, оның ұзақ болашақтағы нәтижесі қандай болады деген сұрақтарды ойлануға олардың зауқы соқпайды, қазірше өздерінің есебі толық болса болғаны.

Қытай үкіметі шет елдіктердің қытай тілін меңгеру деңгейін анықтап, сертификат беретін емтихан (HSK) жүйесін жасаған. Мұндай емтихандарды тапсырушылар Конфуций институттарында курстан өткен болуы керек. Сол арқылы өзінің тілдік деңгейін анықтаған соң ғана Қытайға барып оқу

гранттына ие болады. Бұл шаралар оқушыларды қытай тілі мен мәдениетін жоғары деңгейде білуге мәжбүрлейді.

Қоғамында қытай тілі мен мәдениетінің мұншалықты қарқынды таралуына күмәнмен қарайтындар, қарсылық танытушылар бар. Мысалы, 2011 жылдың күзінде Алматы телеарнасының «Тіл сақшысы» бағдарламасы «Алматы қаласының мектептерінде қытай тілі заңсыз оқытылып жатыр» деген мәселе көтерді. Бұл пікір қоғамда үлкен резонанс туғызды. Ата-аналар қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілімен қатар қытай тілін үйренудың мемлекеттік оқу бағдарламасында жоқ екенін және оның балаларға басыартық салмақ салатынын алға тартып, қарсылық танытты. Олардың айтқан уәжі оң болып, мектептерде қытай тілін оқыту тоқтатылған болатын. Бірақ қазір орта мектептерде қытай тілін оқыту қайта басталды.

Қазір Қазақстанның ЖОО-да қытай тілін оқуға талап білдірушілердің саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Өйткені Қытай үкіметі Конфуций институттары арқылы Қытайда оқу гранттарын көбейтіп отыр. Қытайдың әртүрлі жобалары бойынша бөлінген гранттарға ие болған және өз қаражатымен Қытайға барып оқытындардың да қатары көбейді. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, 2012 жылы Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 9565 студент оқыса, 2014 жылы 11764 студентке жетсе, 2018 жылы олардың ұзын саны 17 мыңға жеткен [224].

ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулы Чжан Вэй – Zhang Wei «В News.kz» сайтына 2017 жылдың қараша айында берген сұхбатында қытай тілін үйренуге қызығу себебіне тоқталғанда: «Бұл бірінші кезекте соңғы кездердегі екі ел қарым-қатынасының қарқынды дамуымен байланысты. Әсіресе, «Бір белдеу - бір жол» жобасы ұсынылғаннан кейін бұл үрдіс тіпті қарқын алды. Біз үшін бұл бағдарлама өте маңызды» [225], - деп түсіндірген. Оның сөзінде негіз бар, өйткені Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Орталық Азия елдеріне жасаған сапарында алдымен Астанаға келді. Ол Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» деген ұсыныс жасады, сондай-ақ осы жоба аясында әр жылы Қытайға барып оқуға 30 мың грант бөлетінін мәлімдеді [226].

Шынында Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» жобасы мен 2014 жылы жарияланған Қазақстан президентінің «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық стратегиясының өзара сәйкесуінің арқасында Қазақстан-Қытай қатынастарының дамуы 2015 жылы жаңа кезеңге көтерілді. Соған байланысты қазақстандық жастардың қытай тілін оқуға қызығушылығы да арта түсті.

Қазақстанда қытай тілінің оқытылғанына биыл (2019) отыз жыл болды. Қазірдің өзінде Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетін оқытатын ұлттық және ұлттық емес жоғары оқу орындары, колледждер, әлеуметтік тіл оқыту орталықтары және Назарбаев зияткерлік мектептерінде қытай тілі оқытылып жатыр. 2018 жылы ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты. Осындай мектептердің оқу бағдарламасы ҚР мемлекеттік бағдарламасына сай келеме, оны анықтаған адам жоқ. Оған қарамастан Қытай грантымен және өз қаржысымен Қытайға барып оқып жатқан қазақстандық жастардың саны

көбеюде. Алайда, олардың 95 пайыздан астамы «Шетелдіктерге қытай тілін оқыту» («dui wai han yu») мамандығында оқып жатқанын ескерсек, олардың болашақта елге қайтып келіп, мамандығы бойынша жұмыс табуы қиынға түсетіні сөзсіз. Бұл да Қазақстан үшін ескеретін мәселе.

Бұл құбылыс Орталық Азия мемлекеттерінің бәрінде бар. Бірақ соған қарамастан Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарын және орталықтарын жыл сайын көбейтіп отыруына ғалымдар күмандана бастады, олар бұл мәселені сараптаған мақалаларын жариялап, дабыл қаға бастады. Өйткені Қытай үкіметі тіл оқыту мен мәдени ықпал жасауын азаматтық саладан әскери салаға дейін кеңейте бастады. Мысалы, 2006 жылдың сәуір айында қытайлықтардың ұйытқы болуымен Қазақстан қорғаныс Министірлігі жанынан ашылған тіл орталығы қытай тілін оқытуды қолға алды. Еліміздегі Қытайдың әскери атташесі, Қытай Қазақстанның әскери күштеріне 3 миллион АҚШ доллары көлемінде көмек ұсынатынын айтты [227]. Қытай бұл курсанттарды грантпен Қытайға барып оқытып, қытайлық сананы сіңіретіні сөзсіз.

Қырғызстандық элеуметтанушы ғалым М.К. Асланбеков өзінің сараптамалық мақаласында: «Қырғызстан территориясында Қытай өз тілі мен мәдениетін таратуда өте үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Оның ықпалының күшейгені соншалық, Қырғызстанда қытай тілін өндіріс тіліне айналдыруға тырысып отыр. Мысалы, Қара-Балта қаласындағы мұнай өңдеу зауытына жергілікті халықтың ішінен тек қана қытай тілін білетін адамдарды қабылдау, немесе олар арнайы қытай тілі курсынан өткеннен кейін ғана жұмысқа алу шешімін шығарған. Өндіріс пен қызмет көрсету саласының 30 % қытайлардың бақылауына өткен кезде, қытай инвестициясы көбейіп, қытай мигранттары қаптап келіп жатқан жағыдайда, қытай тілін елдегі негізгі өндіріс тілінің біреуіне айналдыруы қиынға түспейтін сияқты. Қытайлар өз тілін жақс оқытқаны соншалық, қытай капиталымен жұмыс істеп отырған өндіріс орындары мен мекемелерде қызмет істеп жатқан жергілікті тұрғындар қытай тілін жақсы меңгеріп алған. Қазір елдегі жастар арасында қытай тілін оқып-үйренуге деген қызығушылықтың артып отырғанын ескерсек, қытайлардың алдыға қойып отырған мақсаттарына жететіне күмәнің қалмайды. Бір ғана Бішкек қаласының өзінде қытай тілін үйрететін 50 аса орталықтар бар, 3500 студент қытай тілін жоғарғы оқу орындарында үйреніп жатыр, 1000 аса адам Қытайда білім алып жатыр немесе түрлі тілдік стажировкалардан өткен» [228], - дейді.

Қырғызстанда қытай тілі мен мәдениетінің ықпалы қоғамдық өмірде айқын байқала бастады. Осы мәселені зерттеуші ғалымның пайымдауынша: Қырғыз елінде Қытай товарларымен қатар қытай мәдениеті де жылдам таралуда. Әсіресе бұл құбылыс тұрмыстық қызмет көрсету саласында ерекше байқалады. Көптеген қытай тағамдары мен оны ішіп-жеу әдебін жергілікті халықтар қалыптастып алды. Қызмет көрсету үлгісі қытай стилінде ұйымдастырылған түрлі ойын-сауық орталықтары, кафе, ресторандар мен барлар күннен-күнге танымал орындарға айналып барады. Қытай капиталы салынған кәсіпорындарда, қытай тілі оқытылатын оқу орындарында, қытайдың дәстүрлі мейрамдарын тұрақты түрде атап өту қалыпты әдетке айналған. Ал

дәстүрлі қытайлық жаңа жылды тойлау жалпыға ортақ мейрамға айналып барады. Жастар арасында қытай кинолары бұрын соңды болмаған танымалдылыққа ие болып отыр. Қытайлық жекпе-жек өнері мен дәстүрлі қытай медицинасы елімізге қытай мәдениеті мен қытайлық өмір сүру салтының дендеп кіруіне мұрындық болып отыр. Қысқасы, Қырғызстанда қытай мәдениетінің ықпалы ерекше етек алып барады екен.

Орталық Азиядағы Қырғызстаннан басқа мемлекеттерде де қытайлық жұмсақ күш ықпалы айқын байқалады. Әсіресе, қытайдың дәстүрлі медицинасы, дәстүрлі Кунфу өнері мен қытай тағамдарын жергілікті тұрғындар біршама қабылдағаны ақиқат. Дей тұрғанмен, қытайдың мәдени ықпалы Қырғызстанда басқалардан тереңірек екені байқалады.

Қытай тілі мен мәдениетін Қытайға барып оқығандар жақсы игеретіні белгілі. Ендеше төмендегі кестеге назар аударайық.

1-кесте:

2000-2016 жылдары Орталық Азиядан Қытайға барып оқуған студенттердің саны

Жылы	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Тәжікстан
2000	105	46	47	21
2001	109	58	53	20
2002	200	74	70	28
2003	215	70	72	29
2004	386	176	129	40
2005	781	109	248	66
2006	1825	244	562	140
2007	3827	340	1157	332
2008	5666	467	1324	554
2009	6497	582	1283	539
2010	7874	764	1441	923
2011	8287	996	1901	1189
2012	9565	1347	2513	1398
2013	11165	1805	3115	1944
2014	11764	2192	3063	2015

2015	13198	2450	3232	2309
2016	13996	3129	3247	2606

Бұл сандық мәліметтерден Қазақстанның алда екенін көруге болады. Қазақстан тек Орталық Азияда ғана емес, халық санын адам басына шағып есептесе, әлемнің алдыңғы қатарында болуы бек мүмкін. Ел ішінде кәсіби немесе бейкәсіби түрде қытай тілін оқып жатқандардың ұзын саны 3 мыңға жетіп жығылады. Осының өзінен Қытайдың мәдени ықпалының ауқымын бағамдауға болады.

Бұл құбылысқа біреулер екіжақты қарым-қатынастың оң нәтижесі десе, енді біреулер оны теріске шығарады. Ресей ғалымы Д.С.Плотников: «Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы салыстыруға келмейтін экономикалық және демографиялық дисбаланс аймақтағы үлкен өзгерістерге алып келуі мүмкін. ҚХР-мен шекаралас немесе жақын орналасқан Орталық Азия мемлекеттері онымен салыстырғанда өте төмен күш-қуатқа ие және сонысымен өте ыңғайсыз жаңыдайда қалып отыр. Қытай инвестициясы мен инфрақұрылымы осы аймақтағы елдердің экономикасын жандандыруы мүмкін, алайда Пекин бұл аймақтағы іскерлерге қолдау көрсетуді емес, өзінің көздеген экономикалық мүдделерін жүзеге асыруды көздеп отыр» [217], - деп санайды. Бұл арада тек экономикалық мүдде ғана емес, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік ұстанымдардың Қытайдың жұмсақ күш ықпалында өзгеріп кету қаупі де сақталып отыр деп санаймыз.

Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы орнады. Содан бері олар арасындағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынастар толассыз дамып келеді. Өйткені тараптардың өзара мүдделестігі, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыру ерекшеліктері олар арасындағы байланыстардың үздіксіз дамып отыруына негіз болды.

Орталық Азияда қытай тілінің оқытылуы мен қытайдың мәдени «жұмсақ күш» ықпалының кеңеюі, Қытайдың аймақтағы саяси, экономикалық қатынастарының дамуына ілесе өсіп келеді. Қытайдың Орталық Азияға енуі қытай тілін игеруге деген қоғамдық сұраныс табиғи түрде оның дамуына мүмкіндік жасады. Ал, Қытай үкіметінің Сыртқы тілдік стратегиясының жүзеге асуына байланысты, Орталық Азия мемлекеттерінде де Конфуций институттарының құрылуы мен кеңеюіне байланысты Қытайдың жұмсақ күш ыпалы күшейіп келеді.

Орталық Азия елдеріндегі Конфуций институттарының дамуы негізінен үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі, ХХ ғасырдың 90-шы жылдары. Бұл мезгіл Конфуций институттарының құрылу кезеңі болып табылады. Екінші кезеңі, ХХІ ғасырдың 2014 жылына дейінгі мезгіл. Бұл кез – Конфуций институттарының даму кезеңі болумен сипатталады. Үшінші кезеңі, 2014 жылдан қазірге дейінгі мезгіл. Өйткені 2013 жылы қыркүйекте ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азияға жасаған алғашқы сапарында, «Жаңа Жібек жолы

экономикалық белдеуін ортақ құру» жобасын ұсынды және Жібек жолы бойындағы елдердің студенттеріне Қытайға барып оқуға жылына 30 мың грант беретінін жариялады. Содан кейін Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы іскерік ынтымақтастық тереңдеп, қытай тілін үйренушілер саны көбейіп, Қытайдың экономикалық ықпалымен қатар, жұмсыақ күш ықпалы да күшейе түсті.

Қытай үкіметі қытай тілін оқыту көлемін кеңейту және Қытайға барып оқитын гранттар санын арттыру арқылы, білім алушыларға мәдени – жұмсақ күш ықпалын ұтымды жүргізуде.

Конфуций институттарын ашу, қытай тілін оқыту орталықтарын құру – Қытайдың мемлекеттік саясаты. Сондықтан бұл жобаны мемлекет қаржыландырады және оны бақылап басқарады. Сондай-ақ Қытай үкіметі аймақтағы жоғары оқу орындарындағы қытай тілі кафедраларына, орталықтарына техникалық материалдық көмек көрсетумен қатыр, таңдарулы орта мектептерге де сондай жәрдем беріп, қытай тілін оқытуды орта мектептерге кеңейтуге бет алып барады.

Қытай үкіметі Орталық Азия елдерінде Конфуций институттары негізінде қытай тілін оқытуды, ересектерге – маман ғалымдар мен әкімшілік кадрларға және орта бастауыш оқушыларына қарай кеңейтуде. Бұл Қытайдың тіл арқылы жұмсақ күш ықпалын артыру саясатының практикасы екені айдан анық.

Жалпы жаһандық тұрғыдан қарағанда, Қытай әлеуметтік экономикасы нашар дамыған мемлекеттерге қаржылық инвестисалық салымдарын көбейту арқылы кәсіп орындар ашып, жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру жүйесімен қытай тілі мен мәдениет қабылдатып отыр. Мұның нақты мысалдарын Орталық Азия елдерінен анық көруге болады.

Жаһандану процессі мен білім берудің интернациялану үдерісі де қытай тілі мен мәдениетінің Орталық Азияға, тіпті әлемге таралуы мен ықпал жасауына жол ашты. Жоғары оқу орындарының сапасын бағалауда, халықаралық серіктестік көрсеткіші балл жинаудың бір өлшемі саналғандықтан, оқу орындарының басшылары Конфуций институттары мен сыныптарын және орталықтарын ашуға пейілді.

Жалпы, қазір Орталық Азияда қытайдың жұмсақ күш ықпалын анық байқауға болады. Қытайдың жалпы адамзатқа пайдалы өркениеттері: дәстүрлі медицинасы, дәстүрлі куньфу өнері мен тағам мәдениетін жергілікті халықтар біршіма жақсы қабылдады. Ал Конфуцийдің «мейірім – ren- 仁» концепциясынан тұратын гуманизмдік ілімі Орталық Азияға әлі тарай қойған жоқ. Өйткені қытайлар оның үлгісін көрсете алған жоқ.

Сондықтан болар, қазіргі таңда дамыған елдерде Қытайдың Конфуций институттарының қызметіне күман келтіріп, оны жауып жатыр. Бірақ Орталық Азияда аталмыш институттардың саны артып отыр.

Пекин билігі қытай тілі «халықтар жүрегін тоғыстырады» («Min xin xiang tong- 民心相通»), - деп түсіндіреді. Ал Орталық Азия елдерінің кейбір мемлекет басшылары қытай тілін Біріккен Ұлттар ұйымының ресми тілдерінің бірі ретінде оқып, игеруді дәріптейді. Демек, Орталық Азияда қытай тілін оқыту жалғасады, сонымен бірге қытайдың жұмсақ күш ықпалы да арата береді.

Бірақ Орталық Азия халықтары қытай мәдениетін, тіпті барлық шетен енген мәдениетерді талғампаздықпен сұрыптап қабылдауы қажет деп санаймыз. Өйткені Қытай жұмсақ күші саясаты Орталық Азиядағы халықтардың ұлттық құндылықтарына ықпал жасайтыны сөзсіз. Оның салдары біршіма ұзақ уақытта байқалады деп санаймыз.

4 ТАРАУ ҚАЗАҚСТАНДА ҚЫТАЙ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРАЛУЫ

4.1 Қазақстанда қытай тілін оқыту үдерісі

Қазақстанда қытай тілінің таралуы немесе оқытылуы ХХ ғасырдың 80 – жылдардың соңында басталды. Сол кездегі кеңестік Қазақстан үкіметінің талабын Мәскеудің мақұлдауымен 1989 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (ол кезде С.М.Киров атындағы ҚазМУ) шығыстану факультеті құрылып, оқуды араб, қытай, парсы тілдерін үйретуден бастады. Сол алғашқы оқу жылында шығыстанушы-филолог, шығыстанушы-тарихшы мамандықтары бойынша қытай тілін оқуға қазақ мектептерін бітірген 20 студент таңдап алынды. Алайда ол кезде қытай тілін оқытатын мамандар өте кемшін еді. Бұл мәселені университет конкурс жариялау арқылы Ташкент мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің түлегі Нұрсаидов Мадиді, Юань Лигуанды және Қытайдан отанға оралған білікті маман Ш.Таңжарыққызын мұғалімдікке шақырып, оқытушы жетіспеу мәселесін алғашқы қадамда шешкен болатын [229, 4].

1991 жылы қытай филологиясы өз алдына дербес кафедра болып құрылды. Кафедраның алғашқы меңгерушісі болып Ташкент мемлекеттік университетінің түлегі, сол кездегі тарих ғылымдарының кандидаты, қытайтануш Хафизова Клара Шайсұлтанқызы тағайындалды.

Кафедраның алға қойған мақсаты - қытай тілін жақсы меңгерген қытайдың тарихы, мәдениеті, саясаты және экономикасы бойынша маманданған кадрлар дайындау. Сондықтан алғашқы кезде қытай тілін оқыту бірінші орынға қойылды. Сол кездегі қытай тілін оқытатын оқытушылар, оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі сияқты қиыншылықтарға карамастан, оқу процесі алға жылжып отырды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде халықаралық саханаға қадам басты. Қазақстанның дербестігін әлем елдері таныды және дипломатиялық қатынастар орнатты. Солардың алғашқы қатарда ҚХР 1992 жылы 3 қаңтар күні ҚР-мен дипломатиялық қатынас орнатты.

Ел тәуелсіздігі Қазақстанның әлеуметтік дамуына кең жол ашты, сонымен қатар қытай тілін оқытуға да жаңа мүмкіндіктер жасады. Қытайдан тарихи отанына оралған жоғары білімді мамандар кафедраға оқытушы болып келді. Атап айтқанда Ә.Аманжолов, Д.Мәсімхан, Р.Айыпұлы, Е.Әкімханұлы, А.Қайбарұлы, С.Сәдуақас, Ж.Сәмитұлы және басқалар. Қытайда туып-өсіп, жоғары білім алған мамандардың қытай тілін оқытуға атсалысуы Қазақстанда қытай тілін оқыту сапасын жаңа биік деңгейге көтерді. Ал Қытайдан елге оралған этникалық қазақтардың көбеюі іс жүзінде Қазақстанда қытай тілін қолданатындардың қатарын көбейтті, сондай-ақ олар қоғамның әр саласында Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар мен ынтымақтастың дамуына үлкен дәнекерлік рөл атқарып, екі ел арасындағы тілдік түсіну мәселесін шешті [229, 4].

ҚР мен ҚХР дипломатиялық қатынас орнаған соң, екі ел арасында білім ғылым саласында өзара ынтымақтастық өрістей бастады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытайдың Солтүстік-Батыс техникалық университеті ең алғаш өзара ынтымақтастық келісім шарт жасады. Аталмыш университеттер өздерінің Ли Циинь, Ма Шучин деген профессорларын жіберіп бір жыл қытай тілінен сабақ берді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытайдың Ланьчжоу университеті ынтымақтастық қатынас орнаты, олар Чжао Цзяньсин мен Чан Ваньчан сияқты оқытушыларын жіберіп дәріс оқытты. 1992 жылдан бастап қытайтану кафедрасының студенттері Ланьчжоу университетінде тіл ұстарту тәжірибесінен өте бастады [16]. Міне, осындай өзара алмасулар Қазақстанда қытай тілін оқыту сапасын жоғарлатты және жастардың қытай тіліне қызығуын оятты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың жан-жақты дамуы қытай тілін меңгерген мамандарға сұранысты арттыра түсті. Соған орай қытай тілін оқытатын ЖОО орындары көбейе бастады. Сонымен қытай тілін оқыту Қазақстанда «сәнге» айналды. Бұл жағдай бүкіл дүниежүзін шарпыған «қытай тілі бумы»-мен ұштасып, қытай тілін оқу ағымға айналды.

XXI ғасырда Қазақстанда қытай тілін оқуға ниет білдірген талапкерлердің саны күрт өсті. Бұл, әрине, Қытайдың халықаралық аренадағы орны мен ықпалының артуымен және Қазақстанмен ынтымақтастық қатынасының тереңдеуімен байланысты. Соған орай еліміздегі көптеген жоғарғы оқу орындары қытай тілін оқытуды қолға алды. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінде, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар университеті, Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Қазақ ұлттық Евразия университеті, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Қызылорда қаласындағы Қазақ-Қытай академиясы қытай тілін оқыта бастады. 2008 жылы Талғат Мамырұлы Алматыда Халықаралық қазақ-қытай тіл академиясын - колледжін ашты. Алматы қаласындағы кейбір орта мектептер де қытай тілін оқыта бастады.

Қазақстандық жастардың қытай тіліне қызығуы мен қытай үкіметінің қытай тілі мен мәдениетін әлемге тарату саясаты сәйкесе кетті. 2002 жылы Қытай тарапының ұсынысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан Ланьчжоу университетімен бірлескен «Қытай тілі орталығы» құрылды.

Қытай үкіметі өзінің қытай тілін әлемге тарату саясатын жыл өткен сайын күшейте түсті. 2003 жылы 3 маусымда ҚР Білім және ғылым министірлігі мен ҚХР Білім министірлігі қол қойған келісім-шарт пен 2006 жылы 15 маусымда жасалған ШЫҰ-на мүше мемлекеттер арасында Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарт, Қазақстанда қытай тілін оқытуға тың серпін берді. Бірінші аталған келісім-шарт негізінде жыл сайын 100 студент алмасатын болды [230].

Қытай үіметі қытай тілін оқыту сапасын көтеру мақсатында жергілікті қытай тілі мұғалімдердің біліктілігін көтеру үшін, 2004 жылдан бастап жазғы демалыс кезінде Ланьчжоу университеті «Орталық Азия мен Қазақстандағы қытай тілі оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру курсы» ашып, бүкіл қаржысын өздері көтеріп, қазақстандық және Орталық Азиялық қытай тілі

оқытушыларына оқыту методологиясын үйретті. Мұндай курстар Шыңжаңда да ашылды.

2006 жылдың сәуір айында қытайлықтардың ұйытқы болуымен Қазақстан қорғаныс Министірлігі жанынан ашылған тіл орталығы қытай тілін оқытуды қолға алды. Еліміздегі Қытайдың әскери атташесі, Қытай Қазақстанның әскери күштеріне 3 миллион АҚШ доллары көлемінде көмек ұсынатынын айтты[231].

2006 жылы 20 желтоқсанда Екі мемлекеттің үкіметтері қол қойған келісім бойынша, екі елде берілген ғылыми дәрежелерді екі жақта мойындайтын болды [230].

2007 жылдың қазан айында өткен ҚКП-ның XVII съезінде, қытай тілі мен мәдениетін шет мемлекеттерге тарату - Қытайдың сыртқы «жұмсақ күш» саясатының маңызды мазмұны ретінде бекітілді. Осыдан кейін ҚХР үіметі Қазақстанда қытай тілін оқыту құрылымдарын көбейтуге күш салды.

Қытай үкіметі 2004 жылдан бастап шет елдерде құра бастаған, әлемнің әртүрлі елдерінде жұмысын жүргізіп отырған Конфуций институтын Қазақстанда да бірінен соң бірін ашты.

Қазіргі кезде 5 бірдей Конфуций институттары өз қызметін жүргізуде. Олар Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті жанынан ашылған Конфуций институттары [232, 58].

Қазақстандағы ең алғашқы Конфуций институты 2007 жылдың 5-желтоқсанында Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің жанынан ашылды. Ашылу салтанатына сол кездегі Қазақстан Республикасының Білім министрі Ж.Түймебаев пен ҚХР Қазақстандағы Бас елшісі Чжан Сиюнь арнайы қатысып сөз сөйледі.

2012 жылы Евразия Ұлттық университет студенттері «қытай тілі көпірі» халықаралық байқауының үздік бестігіне енді. Институт Қытайдың Қазақстанда танылуын арттыруға бағытталған, соның ішінде ҚХР-ның жүргізіп отырған сыртқы саясаты туралы бірқатар имидждік іс-шаралар өткізді. 2015 ж. мамыр айында Институт Қазақстандағы ҚХР Елшілігінің қолдауымен «Орталық Азия елдерінің Қытаймен ынтымақтастығы жастар көзімен: шындығы мен болашағы»тақырыбында халықаралық сайыс өткізді. Қатысушыларға «Жібек жолы экономикалық белдеуі – ХХІ ғасыр жобасы», «Қытайдың сыртқы саяси стратегиясындағы Орталық Азия», «Қытай дипломатиясының жетістіктері», «Қытайдың «үш зұлымдық күшпен» күресудегі Орталық Азия елдерімен арадағы ынтымақтастығы»деген сияқты тақырыптарға мақалала жазу ұсынылды.

Институт қабырғасында студенттердің тыңдап түсіну қабілетін арттыруға арналған, арнайы қытай тілінде фильмдер көрсететін кино клуб жұмыс істейді.

2009 жылы 23 ақпан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Қытай тілі орталығы» ресми түрде Конфуций институты болып құрылды. Институттың сайтында 500-ден астам студенттер

мен университет қызметкерлері қытай тілі мен мәдениеті туралы білімдерін арттыру үшін Қытайға жіберілгені туралы мәлімет берілген.

2011 жылдың маусым айында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының базасында үшінші Конфуций институты ашылды. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҚХР-дың ҚР-дағы елшісінің Бас кеңесшісі Чэн Хунган: «Жер бетіндегі адамдардың төрттен бірі қытай тілін біледі. Қытай тілін меңгеру қазіргі заманға ашылған терезе іспеттес. Қазақстанның жастары Қытай тілі мен мәдениетін оқып-үйренуге үлкен қызығушылық танытып отыр. Қытайлық студенттердің де қазақ тілін оқуға ынтасы зор» [233] - деді.

2013 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті мен Конфуций институттарының Бас басқармасы арасында қосымша келісімге қол қойылды. Сол жылы Қ.Жұбанов атындағы ААМУ жанындағы Конфуций институты Пекинде ұйымдастырылған Конфуций институттарының 8-ші дүниежүзілік конгресінде күміс медаль алды. Қ.Жұбанов атындағы ААМУ жанындағы Конфуций институты С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау Мұнай және газ институты, Атырау инженерлік-гуманитарлық институты сияқты бірқатар жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста. 2016 жылы осы Конфуций институты мен «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандумға сәйкес мектепте қытай тілі сыныптары ашылды. Оқушылар қытай тілінен емтихандарды сәтті тапсырған жағдайда, ҚХР ЖОО-нан грант алып, жазғы лагерьге баруға мүмкіндік алды.

Осы уақыт аралығында Қ.Жұбанов атындағы ААМУ жанындағы Конфуций институтытында 600-ден астам тыңдаушы, соның ішінде жергілікті жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, мұнай компанияларының қызметкерлері, аудармашылар оқытылды. Институт жанында каллиграфиядан, тайцзицюань емдік гимнастикасынан, қытайдың дәстүрлі биі мен музыкасынан, теннистен қосымша сабақтар өткізіледі.

2011 жылдың қараша айында Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінің жанынан Конфуций институты ашылды. Қытай тілін тарату жөніндегі кеңсе мен Шихэцзы университеті серіктес мекемелер болды. Сабақтарды ҚХР Шихэцзы университетінің филолог-оқытушылары жүргізеді. 2014 жылдың 14 мамырында ҚарМТУ жанындағы Конфуций институты мен Шихэцзы университеті бірлесіп «Жібек жолының экономикалық аймағы: Қытай мен Орталық Азияның бірлесіп дамуы» тақырыбында 2-ші халықаралық форум өтті. Бұл институт та жыл сайын «Қытай тілі көпірі» байқауын өткізіп, Қытайда жазғы мектеп ұйымдастырады.

2017 жылдың 19 сәуірінде Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қытайдың Оңтүстік-Батыс университетімен бірлесіп Қазақстанда бесінші Конфуций институтын құрды

Мұнан бөлек Нұрсұлтан қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде де Конфуций институты ашылу мүмкіндігі бар. Агротехникалық университет базасында 2010 жылдың маусым айында құрылған Қазақ-қытай ғылым және білім орталығы жұмыс істейді. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 500-ден астам

студенті осы орталықтың қытай тілі курстарына қатысты. 2010 жылдан бастап агротехникалық университетінің магистранттары, докторанттары мен оқытушылары Қытайда түрлі стажировкалардан өткен. Қазақстандағы ҚХР елшілігі 2016 жылдың мамыр айында Қазақ агротехникалық университетінің студенттері мен оқытушыларына ҚХР-дың Шыңжаң аграрлық университетінде, Солтүстік-Батыс Ауыл шаруашылығы университетінде және Қытай аграрлық университетінде қысқа мерзімді тағылымдамадан өту үшін 23 грант бөлген [234].

2016 жылыдың қарашасында Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ректоры Әбдүмүтәліп Әбжаппаров пен Қытайдың Үрімжі қаласынан келген Конфуций институтының басшылары кездесіп, Көкшетау университетінде Конфуций институтын ашу келісіміне қол қойды. Яғни, Қытай Қазақстанда Конфуций институттарын ашуды әлі де жалғасытруға ниетті деген сөз [235].

Қазақстандағы Конфуций институттарының қызметі отандық БАҚ-та толық қамтылмайды. Қытай тілін үйренгісі келетін жоғары оқу орындарының студенттері мен қарапайым азаматтар жеке білім беру орталықтары мен тілдік курстарға қарағанда, Конфуций институтындақытай тілін үйренудің қандай артықшылықтары бар екендігі туралы нақты түсіне бермейді. Институт ашылған оқу орны мен Қытай тарапы арасындағы өзара іс-қимыл да кейбір кездерде нақты келісілместен, шашыраңғы өтетіні де байқалады. Мамандардың тарапынан Конфуций институттары мақсатты түрде өздеріне көп көңіл бөлдірмей, көлеңкеде қалуға тырысады және барлық жұмысын нақты жоспармен жасайды деген пікірлер де айтылады. Конфуций институттарының соңғы бірнеше жылдағы белсенділігіне қарамастан, әлі күнге дейін халықтың қалың тобына белгісіз болып келеді. Сонымен қатар, сарапшылар Қазақстандағы Конфуций институттарының қандай да бір дау-шарға ілінбегенін және бұл олардың имиджіне оң әсер ететінін атап өтеді [10, 82].

Конфуций институттарының белсенді жұмыс жасауы, әрине, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралу аясын кеңейте түсетіні сөзсіз. Мұнан бөлек Қытай үкіметінің қолдауымен Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарында «Қытай мәдениетінің орталықтары» ашылды. Қазірге дейін Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орталықтар құрылды. 2004 жылы Алматыдағы Ұлттық кітапханасында ашылған Қытай орталығы, 2016 жылдың 31 тамызында «Қытай мәдениеті мен әдебиеті орталығы» деген атпен қайта құрылып, ауқымын кеңейтті.

Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетін тарататын бұл құрылымдар аздық ететіндей, Қытай үкіметі ендігі жерде Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алды. Қазір Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуды бастап кетті.

Қазақстанның жоғар орта дәрежелі оқу орындары не үшін Конфуций институттарын ашуға пейілді? Өйткені Қытай үкіметі аталған институт орналасқан кеңсе, аудиторияларды жөндеп жаңғырту, оқуға қажетті

техникалық жабдықтар, оқулықтар, оған жіберген оқытушы мен директорларының жалақысын толығымен өздері шығарады. Ал онымен әріптес болған қазақстандықтардан ешқандай шығын шықпайды, керісінше, ол институттарда оқығандардан табыс түсүреді. Ең маңыздысы - ол оқу орындарының республикалық және халықаралық бағалауларда «шет елдермен байланысты дамытқаны» үшін ритингісі жоғарлайды. Сондықтан мұндай ақша мен атақ келетін істен қай-қайсы да бас тарта алмайды. Себебі елімізде жасалған мехнизм осылай. Оларды Қытай неге осыншама қаржы жұмсап тілі мен мәдениетін тықпалып таратып жатыр? Оның ұзақ болашақтағы нәтижесі қандай болады? деген сұрақтар көп мазаламайды.

Қытай үкіметі шет елдіктердің қытай тілін меңгеру деңгейін анықтап сертификат беретін емтихан (HSK) жүйесін жасаған. Мұндай емтихандарды тапсыру үшін Конфуций институттарында курстан өткен болуы керек. Сол арқылы өзінің тілдік деңгейін анықтаған соң ғана Қытайға барып жалғасты оқу орайына ие болады. Бұл шаралар қытай тілін жоғары деңгейде игеруге ынталандырып келеді.

Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарын және орталықтарын жыл сайын көбейтіп отыруына ғалымдар күмандана бастады, олар бұл мәселені сараптаған мақалаларын жариялап, дабыл қаға бастады. Қазақстан қоғамында қытай тілі мен мәдениетінің мұншалықты қарқынды таралуына қарсылық танытушылар пайда болды. 2011 жылдың күзде Алматы телеарнасының «Тіл сақшысы» бағдарламасы, Алматы қаласының мектептерінде қытай тілі заңсыз оқытылып жатыр деген мәселе көтерді. Бұл пікір қоғамда үлкен резонанс туғызды. Ата-аналар қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілімен қатар қытай тілін үйренудың мемлекеттік оқу бағдарламасында жоқ екенін және оның балаларға басы артық салмақ салатынын алға тартып қарсылық танытты. Олардың айтқан уәжі оң болып, мектептерде қытай тілін оқыту тоқтатылды.

Бірақ ЖОО-да қытай тілін оқуға талап білдірушілердің саны жыл өткен сайын көбеймесе азайған жоқ. Өйткені Қытай үкіметінің Конфуций институттары арқылы Қытайға барып оқу гранттарын көбейтіп келеді. Қытайдың әртүрлі жобалары бойынша бөлінген гранттарға ие болған және өз қаражатымен оқитындың қатары көбейді. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, 2012 жылы Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 9565 студент оқыса, 2014 жылы бұл сан 11764 студентке жеткен [224].

Қазақстанның энергетика секторында жұмыс істеп жатқан CNPC, CNOOC, Sinopec, CITIC Group сияқты қытайлық компаниялар өз қызметкерлерін қытай тіліне үйретеді және жүйелі түрде оларды тағылымдамадан өтуге Қытайға жіберіп отырады. Кейбір қытайлық мекемелер осындай оқудан келген қызметкерлерден оқтын-оқтын қытай тілі деңгейін растап отыруы талап етеді. Мәселен, «Ақтөбе Таймс» басылымы 2016 жылдың қаңтарында «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» компаниясының басшылығы компания қызметкерлерін қытай тілі деңгейін тексеру және ынталандыру туралы бұйрық шығарғанын хабарлады. Бұйрыққа сәйкес компанияның есебінен ҚХР жоғары оқу орындарын бітірген қызметкерлер, компанияға оралғаннан кейін бірден қытай тілі деңгейі бойынша арнайы тексеруден өтуі керек. «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» баспасөз қызметінің мәлімдемесіне сәйкес, компаниямен

келісім-шарт жасау арқылы 250-ге жуық қызметкер ҚХР-да оқудан өткен [10, 86].

Қазақстанда қытай тілінің таралуына мемлекеттік оқу орындары мен қытайлық өндіріс орындарынан бөлек жеке агентствалар мен тілдік курстар да ат салысып келеді. Олар тек тіл оқытумен шектеліп отырған жоқ, сонымен қатар Қытайдың ЖОО-мен келісіп, орта мектеп түлектерін Қытайға оқуға жіберумен де айналысып отыр. Осындай фирмалардың бірі – «Chinastudy. kz», құрылғалы Қазақстанның әр облысынан 1300 студентті Қытайға оқуға жіберген. Ол ҚХР-ның 50 университетімен серіктестік орнатқан [10, 91].

Осындай тағы бір танымал агенттік – «My China», өздерін ТМД-дағы студенттерді Қытайға оқуға жіберу бойынша ең ірі білім беру орталығы ретінде таныстырады. «My China» агенттігінің негізін қалаушы Мирас Сағынаев бір сөзінде 2015 жылы агенттік білім алу үшін Қытайға мыңға жуық адамды жіберуді мақсат еткенін айтады. Агенттіктің сайтында Қытайдағы оқу құны көрсетілген. Мәселен, ешқандай Қытай үкіметінің немесе Қытай университетінің грантсыз, оқу ақысын өз қалтасынан төлеп баратын қазақстандық студент бакалавриатта оқу үшін, жататын жерін қоса есептегенде 4,5 мың АҚШ долларын, магистратурада оқу үшін 5,5 мың АҚШ долларын жұмсайды. Көптеген қытайлық жоғары оқу орындары өз рейтингін көтеру мақсатында, елде үлгерімі жоғары болмаған шетелдік студенттерді де қабылдауға дайын. Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) сәтті тапсыра алмаған көптеген қазақстандық мектеп түлектері, ҚХР-да оқу қаражатын өз есебінен төлеп, қытайлық жоғары оқу орындарына түскені белгілі [10, 94].

ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулы Чжан Вэй 2017 жылдың қараша айында «B News.kz» сайтына берген сұхбатында, бүгінгі күні Қытайда 14 мың шамасында қазақстандықтар білім алып жатқанын айтты. Бас консуль қазақстандық жастардың қытай тілін үйренуге қызығу себебіне тоқталғанда: «Бұл жастардың болашақта алдарынан ашылатын мүмкіндіктерге байланысты. Олар екі ел қарым-қатынастары болашағының зор екенін көріп отыр және соған байланысты өздерінің болашақ кальериясында керемет мүмкіндіктер ашылатынын болжап отыр. Бұл бірінші кезекте соңғы кездердегі екі ел қарым-қатынастың қарқынды дамуымен байланысты. Әсіресе, «Бір белдеу - бір жол» жобасы ұсынылғаннан кейін бұл үрдіс қарқын алды. Біз үшін бұл бағдарлама өте маңызды. Екі ел арасында жан-жақты серіктестік жолға қойылған» - деп түсіндіреді [225]. Сөзінде негіз бар, өйткені Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Орталық Азия елдеріне жасаған сапарында, алдымен Астанаға келіп Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» деген ұсынысын алға қойды, сондай-ақ осы жоба аясында әр жылы Қытайға барып оқуға 30 мың грант бөлетінін мәлімдеді. Шынында Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» жобасы мен 2014 жылы жарияланған Қазақстан президентінің «Нұрлы жол» жана экономикалық стратегиясының өзара сәйкесуінде Қазақстан-Қытай қатынастарының дамуы 2015 жылы жаңа кезеңге көтерілді. Соған байланысты қазақстандық жастардың қытай тілін оқуға қызығушылығы арта түсті.

2018 жылы ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты.

Осындай мектептердің оқу бағдарламасы ҚР мемлекеттік бағдарламасына сай келеме, оны анықтаған адам жоқ.

Қазақстанда қытай тілінің оқытыла бастағанына отыз жылдан аса уақыт болды. Қазір Қазақстанда 5 бірдей Конфуций институты, қытай тілі мен мәдениетін оқытатын ұлттық және ұлттық емес жоғары оқу орындары, колледждер, әлеуметтік тіл оқыту орталықтары және Назарбаев зияткерлік мектептері жұмыс жасауда. Қытай үкіметі тіл оқыту мен мәдени ықпал жасауын ЖОО, орта мектептер сияқты азаматтық саладан әскери салаға дейін кеңейте бастады. Мұнан сырт, Қытай грантымен және өз қаржысымен Қытайға барып оқып жатқан қазақстандық жастардың жалпы саны 15 мыңнан асады.

Бұл процесті Қытай үкіметі «жұмсақ күш» сыртқы саясатының аясында аса дипломатиялық шеберлікпен, зор қаржы және техникалық ресурстары арқылы жүзеге асырып отыр. Оған Қазақстанның оқу орындарына қоятын рейтинг талаптары зор мүмкіндік жасады. Бұл үрдістің әлі дами түсетін динамикасы байқалады. Осыдан Қазақстанға қандай жағдай қалыптасуы мүмкін деген заңды сұрақ туындайды. Мұның Қазақстан үшін көп түрлі салдары болатыны сөзсіз. Алайда бір нәрсе анық, ұзақ емес болашақта Қазақстанда қытайлық сана-сезім мен құндылықтарын өзіне сіңірген қоғамдық жік қалыптасады. Олар саяси саханаға көтерілгенде қытайлық тотаритарлық саяси құндылықтарды Қазақстанда атқаруды жақтауы әбден мүмкін.

4.2 Қазақстанда қытай мәдениетінің таралуы мен ықпалы

Қазақстан өзінің географиялық орналасуына байланысты ежелден Қытаймен саяси экономикалық және мәдени байланыста болып келген мемлекет. Көрші елдер арасында мәдени алмасулар мен ықпалдастықтың болуы заңды. Алайда мәдени ықпал мемлекеттің универсал қуатына байланысты парықталады. Мемлекеттік тұрғыдан мәдени ықпал жасаудың сипаты да, пәрмені де басқаша көрініс береді.

Қытайдың әлемге саналы түрде, мақсатты түрде мәдени ықпалы жасауы, соңғы жылдары оның әлеуметтік экономикасының дамуы мен мемлекеттік қуатының күшеюіне байланысты қанат жайды. Қытай әлемге жетекші болу мақсатымен «жұмсақ күші» арқылы алыс-жақын елдеріне мәдени ықпал жасауды стратегиялық саясаты ретінде жүргізіп келеді.

ҚКП ОК 2011 жылдың қазан айында өткізген XVII шақырылым арнайы Пленумының қабылданған шешімдерінде «Күшті мәдениетті мемлекет» құру стратегиясы анықталды. Бұл шешім бойынша «Мәдениет құрылымындағы реформаларды тереңдетуге, социалистік мәдениетті дамыту және өркендетуге қатысты маңызды мәселелер туралы» қарар қабылданды.

Қытай қазіргі таңда мәдениет күш-қуатын дамытуды әлемге ықпал жасау құралы қарастырып отыр. Мәдениетті әлемдік бәсекенің ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Мұны аталмыш пленумда қабылдаған қытайлық «жұмсақ күшті» нығайту және оның әлемдік аренадағы ықпалын арттыру мақсатынан көруге болады.

Қытайдың стратегиялық мақсаты 2020 жылға дейін мәдени, экономикалық, саяси, экологиялық және өркениет құрылысын үйлесімді түрде дамытып, озық социалистік мәдениеті, күшті держава құру.

Джозеф Най теориясы бойынша қытай «жұмсақ күш» үш ресурсы, мәдениет, саяси құндылықтар, сыртқы саясатқа сүйенуге маңыз берген. ҚКП-ның XVII съездінде «жұмсақ күш» ұғымын мәдениетті дамыту категориясына енгізді. «Мәдениеті орталықтандырылған» мемлекет құру алға қойылды. Сонымен Қытайдың сыртқы мәдени дипломатиясы кең көлемде, пәрменді түрде жүргізіле бастады.

Қытайдың Орталық Азияға бағыттаған саясаты көбінесе Қазақстан арқылы жүргізіледі. Екіжақты немесе көпжақты қарым-қатынастардағы сауда-экономика, мәдени коммуникациялар мен іскерлік ынтымақтастықтардың дамуы, тек екі мемлекет үшін ғана емес, аймақтық және әлемдік маңызы да зор. Өйткені Қазақстан Шығыс пен Батысты байланыстырып тұрған көпір рөлін атқарады. Сондықтан Қытай, Ресей және АҚШ мемлекеттердің аймақтағы ықпал ету күресі жаңа формада жүріп жатқаны жасырын емес.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар 1992 жылы екі ел дипломатиялық қатынас орнатқаннан бері үрдіс дамып келеді. Білім беру, мәдениет алмасу саласында көптеген келісім шарттарға қол қойылып, табысты жұмыстар жасалуда.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениет саласындағы ең алғашқы нормалық-құқықтық актілердің бірі «Қазақстан Республикасы мен ҚХР Синьцзян Ұйғыр автономиялық ауданы арасындағы туристік алмасуды дамыту

туралы келісім» 1992 жылдың 16 шілдесінде Алматы қаласында қабылданды. 1992 жылдың 10 тамызында «ҚР мен ҚХР арасындағы мәдени серіктестік туралы келісім» қабылданды [236]. 1993 жылдың қазан айында «1993-1994 жылдар аралығындағы мәдениет саласындағы серіктестік жоспары» мақұлданды [237]. Кейін келе осындай жоспар тұрақты түрде жоғарғы деңгейде мақұлданып отырды. 1993 жылдың қараша айында «Синьцзян Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы Үрімші қаласы мен Қазақстан Республикасының астанасы Алматы қаласы арасындағы достық қарым-қатынас туралы келісімге» қол қойылды.

1992 жылы тамызда Қазақстан мен Қытай арасында мәдениет саласы бойынша келісімшартқа қол қойылған «Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қытай Халық Республикасы үкіметі мәдениет ынтымақтастық шарты» мен 1993 жылғы 18 қазанда қол қойылған «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы достық өзара қарым-қатынастардың негіздері туралы Бірлескен Декларацияның» мәдени байланыстарына арналған 7 тармағында: «Тараптар мәдениет, білім, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға әзір екендіктерін білдіреді. Осы мақсаттарда тараптар екі елдің мәдениет ұйымдарының арасындағы тікелей байланыстарды және әдебиет пен өнер қайраткерлерімен алмасуды алға бастыратын болады» - деп жазылған [238].

1995 жылы 21 маусымда Абайдың 150-жылдық мерей-тойын өткізу барысында ҚХР Мәдениет министрлігі мен ҚР Мәдениет министрлігінің арасында 1995-1997 жылдарға арналған мәдени ынтымақтастық жоспарына қол жеткізілді. Бұл жоспар да екі елдің мәдениет саласында қол жеткізілген алғашқы құжаттарының бірі.

1995 жылғы 11 қыркүйектегі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚХР-на жасаған сапары барысында қол қойылған «Бірлескен Декларациясының» 4 тарауы гуманитарлық саласындағы ынтымақтастыққа арналып, онда «екі жақты мәдени байланыстар мен білім саласындағы алмасуларды кеңейту, ең алдымен осы салалардағы ынтымақтастық туралы қол жеткен уағадаластықтарды екі елдің тиісті министрліктерінің, комитеттерінің және мекемелерінің жүзеге асыруына жәрдемдесу» [239] деп келісілді.

1997 жыл Қытай-Қазақстан мәдени байланыстарын дамыту жолындағы жемісті жыл болды. Осы бір жылдың ішінде қазақ халқының керемет әдебиет туындылары, еліміздің өткені мен бүгінгі тарихы, мәдениеті мен әлеуметі туралы кітаптар көптеген таралыммен Қытайда басылып шықты. Олардың қатарында М. Әуезовтың «Абай жолы» романының бірінші томы, «Қытай жылынамаларындағы қазақтар тарихына қатысты мәліметтер» және «Ежелгі үйсіндер туралы тарихи құжаттар» жинақтарының кириллицадағы нұсқаларын ерекше атап өтуге болады.

Сонымен қатар осы жылы Қытай және Қазақстан Республикасының елшілік қызметкерлерінің көмегімен және кезінде ҚХР-ғы Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісінің қызметін атқарған Қ. Сұлтановтың редакциялық жетекшілігімен «Қазақстан-Қытай: тату көршілік және іскерлік қатынастар жолымен 5 жыл» атты құжаттар мен материалдар жинағы Пекинде қазақ, орыс және қытай тілдерінде басып шықты.

1997 жылғы 29 шілдеде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың да «Ғасыр тоғысында» атты еңбегінің қытай тіліндегі басылымы шықты. Бұл шара Қытай мен Қазақстан Республикасының мәдениет бойынша ынтымақтастығының жетістіктері ретінде қарастырылып, Қытай мен Қазақстан Республикасының арасындағы өзара түсіністік пен достық қарым-қатынастарды ілгерлетуге игі әсерін тигізді. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасында Елбасымыздың жоғарыда аталған еңбегінен бөлек басқа бір қатар кітаптары мындаған таралыммен, қытай, ағылшын және қазақ тілдерінде басылып шықты. Олар «Әділеттің ақ жолы», «XXI ғасыр алдында», «Бейбітшілік кіндігі» және «Тарих толқынында» атты еңбектері [240].

1998 жылдың 5 шілдесінде Пекин қаласында «ҚР оқу-ағарту, мәдениет және денсаулық сақтау министірлігі мен ҚХР дене шынықтыру және спорт істері бойынша мемлекеттік бас басқармасы арасындағы спорт пен дене шынықтыру саласындағы серіктестік туралы келісімге» қол қойылды.

2001 жылы ҚХР мен Қазақстанның мәдениет министірлігінің өкілдері екі жақты мәдени алмасуларды кеңейтуге қатысты іс-шаралардың жоспарын бекітті. Бұл құжат екі елдің мәдениет саласындағы қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеріп, тағы бір онжылдық кезеңі басталды дегуге болады.

2001 жылы қыркүйекте Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығын мерекелеу аясында Пекин және Шанхай қалаларында Қытайдағы Қазақстан мәдениетінің күндері алғаш рет өткізілді. Ал 2002 жылы Қытайдың мәдениет күндері Қазақстанның Алматы және Астана қалаларында ұйымдастырылды. Алматыда Қытайдың ғылыми-техникалық көрмесі өтсе, ал Пекинде ШЫҰ мүше елдердің мәдениет министірлігі өкілдерінің кездесуі өтті.

Егерде Қазақстан мен Қытайдың арасындағы мәдениет саласындағы қарым-қатынасының негізгі бағыттарына мән беретін болсақ, бірінші кезекте екі елдің территориясында ресми мәдени іс-шаралар өткізу мен мәдени-оқу орталықтарын құру екенін байқауға болады.

Мемлекеттер арасындағы гуманитарлық байланыстарды орнату мен дамытудың маңызды элементтерінің бірі ресми гуманитарлық іс-шаралар өткізу. Мәдени шаралар мен оқиғалар бұқара халыққа белгілі бір халықтың мәдени мұрасының өзіндік ерекшелігі мен алуандығын кеңінен таныстыратын жақсы мүмкіндік. Әр бір өткен шара көрші мемлекетке деген қызығушылықты оятады, сауда-экономика, туризм саласында болашақ мүмкіндіктер береді және барлық деңгейде барыс-келіс пен алмасуларды жандандыруға сеп болады. Оның ішінде маңыздысы Мәдениет күндері екені сөзсіз. Мәдениет күндерін өткізу өнер саласындағы байланыстарды жандандыру мен тереңдетуге керемет мүмкіндік береді. Н.Назарбаевтың сөзінше «гуманитарлық серіктестікті мұнанда байыта түсу үшін, осындай іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыра беру керек» [241]. Екі елдің де басшылығы осындай іс-шаралардың екі ел халықтарының терең түсіністігі мен достығына арқау болатынына сенімді.

Мысалы, 2001 жылы Қытайда алғаш өткен Қазақстанның мәдениет күндерінде Пекиннің «Цзиньтай» музейінде Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің ауқымды көрмесі өтті. Қазақ киносы апталығында «Үш бауыр», «Қыз Жібек», «Өлімнен кейінгі өлім жазасы» ұлттық фильмдерінің көрсетілімі болды. Ал Қазақстандағы Қытай мәдениеті күндерінде Алматыдағы Қастеев атындағы

өнер музейінде ҚХР-дың көркемсурет өнерінің көрмесі ұйымдастырылды. Шанхай циркінің әртістері өнерлерін ортаға салды.

2003 жылы 3 маусымда Астанада «Қазақстанның білім және ғылым министірлігі мен ҚХР білім министірлігінің арасында оқу-ағарту саласындағы серіктестік туралы келісімге» қол қойылды.

2004 жылы Шанхайда Алматы қаласының мәдениет күндері өтті. Сол жылы Қазақстанның Ұлттық кітапханасында Қытай мәдениет үйі ашылды.

2005 жылы Қазақстан мен Қытай басшылығы мәдениет саласындағы серіктестікті одан ары дамыту және нығайта түсу мақсатында мәдениет және гуманитарлық серіктестік бойынша қазақ-қытай кіші комитетін құрды. Сол жылдың тамыз айында енді Алматыда Шанхай қаласының мәдениет күндері ұйымдастырылды.

2006 жылы 20 желтоқсанда Қытай Халық Республикасы Пекин қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік мұрағат басқармасы арасында «Мұрағат ісі жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойды. Сол жылдың 22 желтоқсанында ҚР мен ҚХР басшылары қол қойған «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында экономикалық ынтымақтастықты дамыту тұжырымдамасының» 6-бабсында «ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен ҚХР ғылым академиясы арасындағы байланыстарды нығайту. Екі мемлекеттің жетекші ғылыми-зерттеу мекемелері арасындағы алмасуларды дамыту» [242].

Осы келісімнің негізінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеген материалдар жинақталды. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Ғылым Комитетінің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғалымдары Шығыс ескерткіштеріндегі Қазақстан тарихы бойынша 20 томдық шығарды. Оның бес томы парсы, 5 томы араб, 3 томы түрік, 5 томы қытай және 3 томы моңғол дереккөздеріне арналған. Осы орайда, 2005 жылы президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасымен бастау алған «Цинь империясы кезеңіндегі қазақ-қытай қарым-қатынасының тарихы жөніндегі құжаттар жинағы» аталатын қазақ-қытай жобасын атап айтқан жөн. Жоба бойынша негізінен манчжур тілінде жазылған, қазақ тарихына қатысты 3000-ға жуық құжат жинақталды.

2007 жылы 18 тамызда ҚР және ҚХР президенттері қол қойған «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының бірлескен Коммюникесінде» болсын, 2009 жылы 16 сәуірде екі ел президенттері қол қойған «Бірлескен декаларацияда» болсын мәдени қарым-қатынас мәселесі ешқашан назардан тыс қалған жоқ. Осы келісімшарттар аясында екі ел арасында соңғы жылдары мәдени қарым-қатынас шаралы өте жиі өте бастады. Әр жылдарда екі ел тарапынан да мәдениет күндері ұйымдастырылып, мәдени қарым-қатынас сапарлары толастаған жоқ.

Екі ел арасындағы мәдени қарым-қатынастардың тағы бір жанданған кезі 2006-2007 жылдарға тап келеді. 2006 жылы Қазақстанда Қытайдың, 2007 жылы Қытайда Қазақстанның мәдениет күндері өтті. 2006 жылдың қыркүйегінде қытайлық фарфордың отаны болып есептелетін Цзяньси провинциясының Цзиндэчжэнь қаласының «Таңқаларлық Қытай фарфорының кереметі» деген

атпен фарфордан жасалынған заттардың көрмесі ашылды. Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опер және балет театрында Ганьсу провинциясынан келген өнер қайраткерлерінің «Дуньхуан сазы» атты ән-би концерті өтті. 2006 жылдың қазан айында Пекинге Қазақстанның мәдениет және өнер қайраткерлерінен құралған үлкен делегация барды. Қытайдың астаналық опера театрында қазақ әртістерінің концерті өте сәтті өтті. Қазақ кино фестивалы қытайлық көрермендердің көңілінен шықты. Сонымен қатар Астана қаласының «Шежіре» галереясы өзінің сәндік бұйымдары мен сәндік-қолданбалы туындыларын көрсетті.

2006 жылдың желтоқсан айында Пекин қаласында «Қазақстанның мәдениет және ақпарат министірлігі мен ҚХР архив ісі бойынша мемлекеттік басқармасы арасында архив ісі саласында серіктестік келісімшарты» жасалды.

2007 жылдың қазан айында Пекин қаласында өткен Қазақстанның мәдениет күндерімен қатар мәдениет және гуманитарлық серіктестік бойынша қазақ-қытай кіші комитетінің үшінші отырысы болды. Бұл жиында бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа ісі саласындағы серіктестік және Қазақстанның мерзімдік басылымдарын Қытайда тарату мәселесі талқыланды. Шанхай кітапханасында Қазақстан мәдениет үйі ашылды.

2008 жылы Астанада қытайдың Сычуань провинциясындағы Чунцин қаласының мәдениет күндері өтті.

2009 жылы Қазақ Ұлттық университеті жанынан ашылған Қытай тілі орталығы Конфуций институты болып қайта құрылды. Бұл еліміздегі екінші Конфуций институты болды. 2009 жылдың 16 сәуірінде Пекинде 2003 жылы қабылданған Қазақстанның оқу және ғылым министірлігі мен ҚХР оқу министірлігі арасында оқу-ағарту саласындағы серіктестік туралы келісімге өзгертулер мен толықтырулар өзгерту хаттамасы мақұлданды.

Қазақстан мен Қытайдың арасындағы мәдени серіктестіктің шеңберінде болған негізгі іс-шаралар мен оқиғалардың хронологиялық тізбегін қарап отырсақ, екі елдің мәдениет саласындағы байланыстарының жоспарлы түрде саны мен сапасының артқанын көруге болады. Бұл қалай болғанда да екі мемлекеттің басшылығы мен халқы қазіргі заманғы толық қанды мемлекетаралық қарым-қатынастың міндетті құрамы ретінде, жан-жақты мәдени алмасуларға мүдделі деуге болады.

Әрине, мәдениет күндері мемлекеттер мен халықтар арасындағы мәдени серіктестікке орасан үлес қосады, алайда, мұндай оқиғалар соншалықты жиі өтіп жатқан жоқ. Олар негізінен таныстыру сипатына ие, мақсаты белгілі бір елге назар аударту. Ал енді халықтардың арасында пайда болған қызығушылықты тереңдету, мәдени-ағарту мақсатында ашылған орталықтардың еншісінде. Мұндай орталықтар халықты сол елдің тарихымен, мәдениетімен, дінімен, ділімен, салт-дәстүрімен етене таныстыру үшін және ықыласы бар адамдарды сол елдің тілін үйрету үшін ашылады.

Қытай үкіметінің қолдауымен Қазақстанның бірқанша жоғары оқу орындарында «Қытай мәдениетінің орталықтары» ашылды. Қазірге дейін Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінде орталықтар құрылды.

Қытай мен Қазақстанның мәдени мекемелерінің арасында өзара байланыс, қарым-қатынас жандана түсті. Мысалы, 2016 жылдың 31 тамызында Алматыдағы Ұлттық кітапхана жанынан «Қытай мәдениеті мен әдебиеті орталығы» ашылып, оған Қытайдан 7200 кітап әкелінді.

Бүкіл әлемде қытай тілі мен мәдениетін таратумен айналысып отырған негізгі мекеме Конфуций институттары екені сөзсіз. Бұл Қытай білім министрілігіне қарасты шет елдерде қытай тілін тарату мемлекеттік канцеляриесі құрып отырған, халықаралық мәдени-ағартумен айналысатын ресми құрылым. Конфуций институтының мақсаты бүкіл әлемде Қытайды және қытай мәдениетін тануға, түсінуге, қабылдауға ұйытқы болу. Бүгінгі күні әлемде 500-ден аса Конфуций институттары бар. Және оның саны жылдан-жылға толассыз өсіп жатыр. Қазір елімізде 5 бірдей Конфуций институты өз жұмысын жүргізіп отыр.

Қазақстанда Конфуций институттарының ашылуымен қытай мәдениетінің таралуы жандана түсті. Олардың негізгі қызметіне қытай тілі курстарын, оның ішінде қытай әдебиет, каллиграфия, қытайдың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнері, жауынгерлік ушу өнері сияқты жанама сабақтарды ұйымдастыру, қытай тақырыбына қатысы бар ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізу, қытай тілі деңгейін анықтайтын халықаралық HSK емтиханын ұйымдастыру, қытай мәдениетіне деген қызығушылықты арттыратын түрлі конкурстар, сайыстар және салтанаттар мен мейрамдарды ұйымдастыру, Қытайға студенттерді оқуға жіберу, қытай тілі оқытушыларына біліктілікті арттыру мақсатында түрлі стажировкаларға жіберу, оқу құралдарымен және оқулықтармен қамтамасыз ету, қытай тілі мен мәдениетіне қатысты жаңа басылымдар дайындау сияқты өте ауқымды шаралар кіреді.

Бүкіл әлем бойынша халықаралық деңгейде өтетін «Қытай тілі көпірі» (汉语桥) атты қытай тілі сайысы да 2004 жылдан бері осы Конфуций институттарының мұрындық болуымен өтуде. Және де оның ауқымы мен қатысушылардың саны жыл өткен сайын артып келе жатыр. Бұл сайыс негізгі қытай тілін оқитын жоғарғы оқу орындары орналасқан Алматы және Астана қалаларында бөлек ұйымдастырылып, артынан сайыстың шешуші кезеңі Астана қаласында өтеді.

Қазақстанда кең таралған қытайдың спорт түрлерінің ішінде дәстүрлі қоян-қолтық ұрыс өнері Кунг-фу болды. Екі ел арасындағы қатнастардың жандануымен көптеген қалаларда үйірмелер ашылды. Алайда ол жерде бұл өнерді үйрететін жаттықтырушылардың дені жергілікті спортшылар. Олар өздері айналысатын шығыстың әскери өнерінің басқа түрінен қытайдың кунг-фу өнеріне бейімделгендер. Және олардың басым бөлігі Қытайдың Кунг-фу өнерін үйрететін орталықтарына барып өз шеберліктерін шыңдап келгендер болды. «Қазақстанның жауынгерлік өнер» ассоциациясы сайтында қытайдың дәстүрлі Кунг-фу және Ушу өнері Қазақстанда 90-шы жылдары келгенімен, нақты қолға алынып дами бастауы 2005 жылдан деп көрсетілген. Сол сайтта бүгінгі күні бұл спорт түрімен 400 мыңға жуық адам айналысады. Кунг-фу мен Ушу спортынан Қазақстан чемпионаты дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Қазақстандық спортшылардың ішінен көптеген Азия, Әлем чемпиондары мен Әлем кубогының иегерлері шыққан деген мәлімет берілген.

Қытай тамағы да Қазақстанда тез таралуда. Қазақстанның барлық ірі қалаларында қытай тамағын дайындайтын асханалар көбейген және олар көпшіліктің ықыласына бөленіп отыр. Restoran.kz сайтының ақпаратына сәйкес Қазақстанның 20 қаласында 144 қытай ресторандары мен кафелері жұмыс істеп жатыр. Олардың басым бөлігі Алматы мен Нұрсұлтан қалаларында. Алматыда 28, Нұрсұлтан қаласында 15 қытай рестораны мен кафелері бар екен [243]. Және ол жерге келіп тамақтанатын адамдардың саны жылдан-жылға өсуде.

ҚХР үкіметі дәстүрлі қытай медицинасын Қытайдың мәдениеті мен құндылықтарын тасымалдаушысы ретінде қарастырады. Пекин әлемдегі дәстүрлі қытай медицинасын танымал етуге үлкен мән береді. ҚХР дәстүрлі қытай медицинасы саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойған.

Қазақстанның әрбір ірі және орта қаласында дәстүрлі қытай медицинасы орталықтары жұмыс істейді. Бұл Қазақстан халқы арасында қытай медицинасының танымалдығын көрсетеді. Бұл орталықтар инемен емдеу, отпен емдеу, рефлексотерапия, фитотерапия, вакуум-терапиясы сияқты әдістермен диагностика, алдын-алу және емдеу жұмыстарын жүргізеді.

Кейбір медициналық орталықтар Қазақстанда жұмыс істейтін қытайлық компаниялармен тығыз байланыста. Мысалы, «Сад долголетия» дәстүрлі қытай медицина орталығы 2015 жылы «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» компаниясымен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды. «Сада» сайтында берілген ақпаратқа сәйкес, Қытайдан келген дәрігерлер апта сайын «СНПС-Мұнайшы» жұмысшыларын тексеріп отырады.

Қытай медицинасын игеру жас қазақстандықтар үшін де тартымды. Мәселен, 2015 жылы Пекин қытай дәстүрлі медицинасы университетінде Қазақстан Республикасының 36 азаматы оқыған. Студенттер үшін бір жылдық оқу ақысы шамамен 5,7 мың АҚШ долларын құрайды. Қазақстанның көптеген студенттері оқу ақысын өз қалтасынан төлейді. Бірнеше адам ғана ҚХР үкіметтік гранттары арқылы оқыған [10, 82].

Қазақстанда қытай дәстүрлі медицинасының танымалдылығын пайдаланып елімізде көптеген жеке орталықтар ашылды. Алайда ол жерлерде әрдайым сапалы ем көрсете бермейді.

Жалпы, дәстүрлі қытай медицинасы Пекиннің ықпалынсыз, өздігінен дамып келе жатқан Қытайдың танымал «жұмсақ күші» құралдарының біріне айналды. Сонымен бірге, Қазақстанда жеке медициналық орталықтар ұсынатын қызметтер сапасының төмендеуі, тұтынушылардың дәстүрлі қытай медицинасына деген көзқарастарына әсер етуі мүмкін.

Халықаралық деңгейдегі мәдени серіктестіктің тағы бір ажырамас бөлігі туризм саласы. Қазақстан мен Қытайдың арасында 2013 жылға дейін аптасына 32 тұрақты авиарейстер болды. 2014 жылы бұл санды 35 көтерді. Қазақстандық туристер үшін демалушылардың арасында өте танымал Хайнань аралына бару үшін виза қажет емес деп шешілді. Қазақстанның туризм саласындағы бизнесінде Қытай бағыты алдыңғы орындардың бірінде болды. Қытайға барып,

аралап көргісі келетін туристердің саны күннен-күнге өсіп отырды. Мұнымен салыстырғанда Қазақстанға келетін туристердің саны әзірге өте аз. Негізінен жұмыс сапарымен Келіп жатқан қытайлықтар көп. Қазақстан үкіметі екі ел арасындағы қарым-қатынаста туризмнің алатын орны маңызды екенін жақсы түсініп отыр. Сондықтан да Қытайдан елімізге турист тарту мәселесін жиі көтеріп жүр. Астана, Алматы, Бурабай, Қатон-Қарағай сынды туристік маршруттар мен бағдарламалар белсенді түрде түзіле бастады. 2017 жыл Қазақстандағы Қытай туризмі жылы деп жарияланды. Екі ел басшылығы осы іс-шараға өзара турист алмасуда барыс-келісті жандандырады, туристердің санын арттырады деп үлкен үміт артып отыр. Ал бұл өз кезегінде қаржылық жағдайды түзеуге және мәдени серіктестікті нығайтуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, екі ел арасында дипломатиялық қатынас орнағанан бері ҚР мен ҚХР арасындағы саяси-дипломатиялық және сауда-экономикалық қарым-қатынастардың дамуына ілесе, екі ел арасындағы мәдени байланыстар да үздіксіз дамып келеді. Әрине, Қытайдың әлеуметтік экономикалық дамуына байланысты, оның халықаралық әлемдік экономикалық ықпалының нығаюмен қатар, әлмедік мәдени ықпалы да жыл өткен сайын күшейіп келе жатқаны белгілі.

Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы мәдени-гуманитарлық серіктестік жалпы алғанда біршама жоғарғы деңгейде деуге болады және де барлық бағытта белсенді дамып келеді.

Қытай мәдениетіне, қытай мейрамдарына қатысты іс-шаралар, концерттер мен қытай мәдениетін насихаттайтын іс-шаралардың ауқымы кеңейе түскенін байқауға болады. ҚХР елшілігі мен консулдығының күш салуымен, Қытайдың өнер қайраткерлерінің қатысумен өтетін концерттер дәстүрлі түрде Қазақстанның ірі қалаларында, үлкен концерт залдары мен сахналарында, БАҚ құралдарында кеңінен тарату арқылы атап өтілетін болды.

Қазақстандықтар Алматы мен Нұрсұлтан сияқты ірі қалаларда ҚХР дипломатиялық өкілдіктері ұйымдастырған түрлі мәдени іс-шараларға үлкен қызығушылықпен қатысады. Алайда қытай музыкасы мен кинофильмдеріне деген қызығушылық өте төмен.

Шығыс-Қытай медицинасы, Қытай тағамдары мен қытайдың дәстүрлі Кунг-фу өнерін Қазақстандықтардың ықыласпен қабылдады. Және де осы салалардың таралу ауқымы кең. Қытай жағының мәдени насихаты, әсіресе оқу-ағарту мен туризм саласында әлдеқайда басым екенін де айтуымыз керек. Сондықтан қытай мәдениетінің өнімдері мен құндылықтарын жергілікті халық талғампаздықпен қабылдауда. Біздіңше қытайлық өмір сүру салты мен қытайлық дүниетанымды қазақстандықтардың жаппай қабылдап кетеді деп алаңдауға негіз жоқ.

4.3 Қазақстанда «Бір белдеу – бір жол» аясында қытай тілі мен мәдениетінің қарқынды таралуы

«Бір белдеу - бір жол» (一帶一路 – Yì dài yì lù) — Қытай Халық Республикасының (ҚХР) 2013-шы жылдары ұсынған «Жібек жолының экономикалық белдеуін отрақ құру» және «XXI ғасыр теңіз Жібек жолын» ортақ құру жобаларының біріктірген атауы.

Бұл бастаманың мәні Қытайдың қатысуымен екі жақты және көп жақты тетіктер мен өзара іс-қимыл құрылымдарын жандандыру арқылы халықаралық ынтымақтастық пен дамудың жаңа моделін іздестіру, қалыптастыру және ілгерілету. Ежелгі Жібек жолы рухын жалғастыру және дамыту негізінде қамтылған аймақта экономикалық әріптестіктің жаңа тетіктерін жасауға, тартылған елдердің экономикалық өркендеуін ынталандыруға, әртүрлі өркениеттер арасындағы мәдени алмасулар мен байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақты дамуға жәрдемдесуге шақырады.

ҚХР-дың сыртқы саясаты мен дипломатиясы алпауыт мемлекеттерге, көрші мемлекеттерге және дамушы мемлекеттерге бағытталған принциптері бойынша жүргізіледі. Ал әлемнің даму процесі жаһандану бағытында кетіп барады. Жаһанданудың жетекшісі – АҚШ бастаған батыстық дамыған мемлекеттер. Әрине, ҚХР да жаһанданудан тыс қалған жоқ, экономикалық жаһанданудың пайдасын көріп отыр. Соңғы қырық жылдан бері жүргізген әлеуметтік реформасы мен ашықтық саясатының арқасында Қытай әлемде екінші орындағы экономикалық алып тұлғаға айналды. Алайда батыстық жаһанданудың адамзатқа ортақ құндылықтарының жершарын шарпи түсуі, ҚКП-ның түп мақсатына, идеологиялық мұратына кереғар келіп, сын-қатерлер төндіре түсті. Мұндай қатерге төтеп берудің бірден-бір жолы – жаһандануға балама жол ұсыну деп түсінді ҚКП басшысы. Қытай өзінің мол қаржылық потенциалы мен терең де бай мәдениеті негізінде, күшті идеологиялық үгіт-насихат жүргізу арқылы әлемдік процеске ықпал ететініне, тіпті қытайлық концепцияны немесе жаһандануды жүзеге асыратынына сенім байлады.

Кеңістіктің кеңдігі мен санның молдығына көп көңіл бөлетін қытайлық ойлау жүйесі бойынша, сондай-ақ дамушы елдердің қаржы мен технологияға зәру, алайда дамуға талпынып отырғанын дәп басқан ҚХР билігі, көршілері мен Азия және Африка елдерін қамтитын жоба құрып, оған «Жібек жолы» немесе «Бір белдеу – бір жол» деп атады. Бұл іс жүзінде Қытайдың жаһандануға ұсынған жаңа үлгісі еді [244].

Бұл жобаны 2013 жылдың қыркүйегінде ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Қазақстан Республикасына жасаған алғашқы сапарында, Астана қаласында, Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде «Жібек Жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» деген ұсыныс жасады. Ол баяндамасында «Шэньси провинциясында орналасқан менің туып өскен қалам, ежелгі Жібек жолының ең бастапқы нүктесі болып есептеледі. Ал Қазақстан болса Шығыс пен Батыстың өркениеттері арасында диалог орнатуға өте үлкен үлес қосқан және көптеген түрлі ұлттар мен мәдениеттердің аралас-құралас болуына, серіктестік орнатуына арқау болған жерде орналасқан мемлекет. Шығыс пен батыстың дипломаттары, саудагерлері, саяхатшылары, ғалымдары, шеберлері осы жолды

адамзат өркениетінің дамуына ықпал еткен өзара білім алу үшін барыс-келіске, келіссөздер орнатуға, мәдени құндылықтармен және идеялармен алмасуға пайдаланды» [226] деп атап өтті.

Сол жылдың қазан айында Си Цзиньпин Индонезия Конгресінде жасаған сапарында «XXI ғасыр Теңіз Жібек жолын» бірлесіп құрайық деген бастамасын ортаға қойды. Сонымен бұл екі ұсыныс біріктіріліп «Бір белдеу-бір жол» немесе «Белдеу – жол» жобасы болып қалыптасты.

2014 жылы жылда өтетін Боао форумының ашылу салтанатында премьер-министр Ли Кэцзян «Азияның дамуы үшін жарқын болашақ құру мақсатында бірлесіп күш салу» деген атпен баяндама жасады. Өз сөзінде ол Қытайдың Азия елдерімен арадағы саясатын жан-жақты түсіндіріп өтті, «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасын қолдауға шақырды.

«Жібек Жолы экономикалық белдеуі мен XXI ғасыр Теңіз Жібек жолын ортақ құрудың керемет болашағы мен нақты қадамдары» атты ресми құжатта, басқа мемлекеттермен бірлесіп «Бір жол – бір белдеу» жобасын іске асыру аймақтық серіктестік, еркін сауда және ашық әлемдік экономиканы насихаттай отырып, көп полярлы әлем, экономиканың жаһандануы, мәдени алуандық, қоғамның ақпараттануы, инновация мен модернизация сияқты принциптерге негізделеді деп көрсетілген [245].

«Бір белдеу-бір жол» инициативасының стратегиялық жоспары әлемдік экономиканың ҚХР-ға арқа сүйей отырып даму бағытын көрсетеді. Және де ол жерде инфрақұрылымдық жобалар ең маңыздысы болып отыр. Бұл жобалар Оңтүстік Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік-Шығыс, Орталық Азияның ауқымды кеңістігін, Ресейдің қиыр шығыс, сібір және де басқа аймақтарын, Европаның орта, батыс, солтүстік территорияларын байланыстыруды көздеп отыр. Мұншама орасан кеңістікті қамтуы Қытайдың әлемнің экономикалық және саяси бет-бейнесін өзгертуге, әлемдік экономиканың жаһандану мен аймақтануын тереңдетуге бел шешіп отырғанын көрсетеді.

Бұл дегеніміз Қытайдың жаһандық даму стратегиясына аяқ басқандығының айғағы іспеттес. Шындығына келгенде бұл қадамды Қытайдың XXI ғасырдағы геосаяси және геэкономикалық транзиты деуге болады.

2017 жылы 14 маусым күні 100 ден астам мемлекеттің өкілдерін Бейжіңге шақырып бірінші рет салтанатты саммит өткізді. Алғашқы саммитте Қытай басшысы халықаралық инициативасын ұсынудың тарихи, реалдық негіздерін, ынтымақтастық концепциясы мен принциптерін, жүзеге асыру механизмдері мен қаржы қайнарларын пайымдады.

Қытай басшысы саммитте сөйлеген сөзінде: «Мен 2013 жылы күзде Қазақстан мен Индонезияға сапарлай барғанда, Жібек жолы экономикалық белдеуін және XXI ғасырдағы Теңіз жібек жолын ортақ құру, яғни «Бір белдеу – бір жол» атты инициативаны ұсынған едім, содан бері 4 жыл өтті. Бұл саясат ұштасудың тереңдеген төрт жылы болды; бұл инфрақұрылымдарды байланыстыруды нығайтқан төрт жыл болды; бұл сауданың үздіксіз өрлеген төрт жылы болды; бұл қаржы қосудың ұлғая түскен төрт жылы болды; бұл халықтар жүрегін тоғыстыруды ілгерілетудің төрт жылы болды»[244]деп түйіндеді.

Осы бестіктің соңғысы болып тұрған гуманитарлық серіктестікке қатысты «民心相通 – min xin xiang tong» - «халықтар жүрегін тоғыстыру» міндеті алға қойылған.

Форумда Си Цзиньпин 2013 жылдан бері осы инициативаға ат салысып жатқан елдер «Жібек жолы рухын» асқақтатты, ғылым-білім, ағартушылық, мәдениет, денсаулық сақтау саласындағы серіктестікті жолға қойды және халықтар арасындағы қарым-қатынасқа қолдау көрсетті, жобаға қатысты қоғамдық ой сана қалыптастырды, оның әлеуметтік базасын нығайтты деп атап өтті. Ол қытай үкіметі белдеу бойындағы елдерге жылына 10 мың стипендия тағайындағанын, басқа мемлекеттердің үкіметі де Жібек жолы бойындағы мемлекеттер үшін арнайы стипендиялар тағайындағанын айтты. ҚХР үкіметі халықаралық мәдениет және білім саласындағы барыс-келістер мен алмасуларға, өнер мен кино фестивальдарын, түрлі деңгейдегі конференциялар мен диалогтарды өткізуге барынша қолдау көрсетіп отырды. Мұның бәрі гуманитарлық саладағы қарым-қатынастарды жан-жақты ете түсті. Қытай басшысы «осындай алмасулардың арқасында біздің жүректеріміз бір-біріне жақындай түсті» [246, 2]деп мәлімдеді.

Си Цзиньпин бес компоненттен тұратын жаңа схема, «Бір жол – бір белдеуді» «бейбітшілік жолы», «көркейген жол», «ашықтық жолы», «инновация жолы», «өркениет жолы» ретінде қалыптастыруды ұсынды. Яғни, Бір жол – бір белдеуді» дамытуда гуманитарлық салаға күш салынатыны байқалды. Қытай басшысының сөзінше бұл үшін өркениеттер арасындағы қарым-қатынастың көмегімен олардың арасындағы алшақтықты қысқарту керек, өзара өркениеттерді зерттеу арқылы олардың арасындағы қайшылықты жою керек, өркениеттердің бірлесіп өмір сүруінің арқасында бір өркениет бір өркениеттен артық деген менмендіктен арылу керек. Ал ол үшін барлық мемлекеттердің арасында өзара түсінушілік, өзара құрмет және өзара сенімді күшейту керек [247].

«Бір жол – бір белдеуді» жүзеге асыру барысында өркениет тақырыбының жиі көрініс беруі тегіннен тегін болмаса керек. Көптеген ғалымдар бұл мәселеге назар аударып та үлгерді. ҚХР төрағасының сөзінен өзіндік ерекшелігі бар жекелеген индивидтардың арасындағы байланысты дамытудан бұрын, белдеу бойындағы елдердің мәдениет, дін, этностарын Қытай тарапынан өркениеттік басқаруға меңзейтінін байқауға болады.

2019 жылы 26 сәуір күні Қытай төрағасы Си Цзиньпин екінші рет өткен «Бір белдеу-бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде «Бір ниетпен «Бір белдеу – бір жолдың» көркем болашағын бірге құрайық» деген тақырыпта баяндама жасады. Алғашқы саммитте Қытай басшысы халықаралық инициативасын ұсынудың тарихи, реалдық негіздерін, ынтымақтастық концепциясы мен принциптерін, жүзеге асыру механизмдері мен қаржы қайнарларын пайымдаса, бұл жолы жобаны іске асырудың нәтижесін қорытып, алда жасайтын жұмыс жоспарымен бөлісті.

Қытай төрағасы Си Цзиньпин екінші рет өткен саммитте сөйлеген сөзінде, «Бір белдеу – бір жол» инициативаның мақсаты – өзара байланыс жасау өзара қатынау, прагматикалық ынтымақтастықты тереңдету, қолдұстаса отырып адамзат кез келіп отырған әртүрлі сын-қатерлерге төтеп беріп, өзара пайда табу,

жеңіске бірге жету, ортақ даму. Біздің тырысып іске асырытын мақсатымыз – жоғары өлшем, халыққа пайдалы болу, тұрақты даму, жалпыға бірдей халықаралық ережелер өлшемдері бойынша іс жүргізу, сонымен бірге әр елдің заң ережелеріне құрмет ету. «Бір белдеу – бір жолды» бірге құрудың түйіні – өзара байланыс, өзара қатынаста болу. Сондықтан біз бүкіл жершарын шарпыған байланыс әріптестік қатынасын орнатып, ортақ дамып гүлденуді іске асыруымыз керек» [244]деді.

Отандық қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы Қытайдың 2017 және 2019 жылдары «Бір белдеу – бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінде ҚХР төрағасының жасаған баяндамасы мен ұсынған жоспарын сараптай келе, ««Бір белдеу – бір жол» жобасы қытайлық жаһандандудың моделі екенін анық аңғаруға болады. Қытай өзінің осы жобасын іске асыру үшін, саясаи-дипломатиялық, сауда-экономикалық және рухани-мәдени салада жаппай пәрменді жобалар мен шаралар іске асырып келеді»[244] деп пайымдайды

«Бір белдеу – бір жол» жобасының негізгі мақсаты белдеу бойындағы елдердің саясат, инфрақұрылым, сауда-саттық, инвестиция саласындағы және халықтары арасындағы «өзара сәйкестік пен өзара байланыс» болса, бұған қол жеткізу үшін тілдің алатын орны ерекше екені белгілі.

Тілдік «өзара сәйкестік пен өзара байланыс» бір қарағанда бір тілден бір тілге аудару мәселесі ғана болып көрінуі мүмкін. Алайда, шындығында мұның артында бір-бірінің тарихын, мәдениетін, мемлекеттік жағдайын, қоғамдық ой-санасын және де басқа аспектілерін түсініп-білу сияқты үлкен мәселе жатыр. Сондықтан ҚХР қытай тілін таратуда екі бағытқа күш сала бастады; біріншіден, қытай тілі мен мәдениетін тарату; екіншіден, басқа елдің тілі мен мәдениетін үйрену және түрлі елдер арасындағы мәдени-тілдік байланыс орнату.

Пекин шет тілдер университетінің ректоры Пан Лонг 2015 жылы Боао Азия форумында сөйлеген сөзінде, «Бір жол – бір белдеу» стратегиясына қолдау көрсету үшін, Пекин шет тілдер университеті жақын арадағы 5 жылда тілге қатысты 100 мамандық ашатынын жариялады. ««Бір жол – бір белдеу» стратегиясын жүзеге асыру барысында екі елдің мәдениетінен жақсы хабары бар тіл мамандары өте қажет болады. Дәл қазіргі уақытта мұндай кадрлар мүлде жетіспейді. Қытаймен арада дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан елдердің ішінде, ресми тілі қытай оқу орындарында арнайы оқытылмайтын әлі де болса 38 мемлекет бар» деп атап өтті ректор [248].

Қытай ««Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдердің халқына қытай тілін оқыту, Қытай мен басқа мемлекеттер арасындағы мәдени байланыстың маңызды құралы деп есептеді. Шет елдерде Конфуций институттары мен сыныптарын көптеп ашудың қытай тілі мен мәдениетін әлемдік арада кеңінен таратуда маңызы зор. Сонда да болса Қытай үкіметі ««Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдерде Конфуций институттары мен сыныптары әлі де болса жеткілікті мөлшерде ашылмаған деп есептеді. ««Бір жол – бір белдеу» стратегиясына тартылған елдер әлемдегі мемлекеттердің 36% құрады. Алайда, осы елдердің ішінде Конфуций институттары мен сыныптары ашылған елдер 28% шамасы ғана болды. Бұл мемлекеттерді ашылған Конфуций институттары мен сыныптарының саны бүкіл әлемде ашылған институттардың 22 % құрады

[249]. «Бір жол – бір белдеу» инициативасы қамтитын ауқымды территорияда қытай тілінде сөйлейтіндердің санын арттыру, Қытайдың алдыға қойған мақсаттары мен жоспарларына тікелей қатысты болды.

Осылайша 2017 жылдың 19 сәуірінде Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қытайдың Оңтүстік-Батыс университетімен бірлесіп Қазақстанда бесінші Конфуций институтын құрды

2017 жылдың желтоқсан айында Сиан қаласында Конфуций институттарының 12-конференциясы өтті. 140 мемлекеттен Конфуций институттарының өкілдері мен университет ректорлары жиналған үлкен жыйында талқыға түскен негізгі тақырыптардың бірі, Конфуций институттарының «Бір жол – бір белдеу» инициативасын жүзеге асыруға қолдау көрсетуі болды.

Осыған байланысты Қытайдың сыртқы саясатындағы лингвистикалық фактор жаңа формаға өте бастады. Қытай үкіметінің 2013 жылы қолға алған «Бір жол – бір белдеу» стратегиясына сәйкес «Қытайдың жақын елдерге бағытталған сыртқы саясаты жан-жақты дамыған, кемел кезеңге аяқ басты, тиісінше тілдік стратегияның маңыздылығы да арта түсті. Айналадағы көрші елдердің тілін оқып-үйретуді қолға алу мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өте өзекті болды.

Осылайша, Қытай жақын орналасқан елдермен арада тілдік байланысты дамытуды көздеп отыр. Оның ішінде Ресей, Монғол, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Оңтүстік Корей, Жапония, Филиппин, Малайзия, Бруней, Индонезия, Сингапур, Солтүстік Корея, Вьетнам, Өзбекістан, Түркіменстан, Түркия, Иран, Бангладеш, Шри-Ланка, Таиланд, Камбоджа, Тәжікстан, Ауғанстан, Пакистан, Индия, Непал, Бутан, Бирма және Лаос сияқты 29 ел бар [59, 55].

Қытай аталған мемлекеттермен арадағы қарым-қатнаста тек қана қытай тілі мен мәдениетін экспорттауды ғана көздеп отырған жоқ, сонымен қатар осы елдердің тілін өз ішінде оқытуды да қолға алмақшы. Осыған орай, 2013 жылдың қараша айында үкіметтің қолдауымен Пекин тілдер және мәдениет университетінің базасында, айналадағы жақын орналасқан мемлекеттердің тілі мен мәдениетін зертеуге арналған координациялық-инновациялық орталық құрылды. Құрылған орталықтың міндеттеріне мемлекеттің сыртқы тілдік стратегиясына бағыт-бағдар беріп отыру, лингвистика саласындағы менеджер-мамандарды, маңызды деген тілдерді меңгеретін және зерттейтін дарындарды дайындау, сол тілдерде интернет-ресурстар жасап шығу, сонымен қатар Қытайда шет тілдерін оқыту мен қытай тілін шет елдерге таратуды координация жасау кіреді. Мұнан бөлек, осы университетте құрамына тіл білімі саласында мамандар дайындайтын бірнеше мамандандырылған институттар кіретін Лингвистикалық академия құрылды .

Бұл ауқымды жобаға басқа да мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін көптеген тіл мамандары да қатысады. Атап айтқанда, Қытайдың халықтық азат ету армиясының шет тілдер әскери Институтының, Қытайдың Орталық ұлттар Университетінің, ҚХР қоғамдық ғылымдар Академиясына қарасты этнография және антропология Институты мен Тіл білімі Институтының мамандары тартылады. Дәстүрлі ғылым-білім технологияның дамыған, ең жаңа

үлгілерімен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде компьютерлік тілдік технологияларды зерттеумен айналысатын Аньхуйдың iFLYTEK компаниясы қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Сонау 1897 жылы құрылып, өзінің филология саласындағы басылымдарымен танымал «Шаньуйньшугуань - 商务印书馆» баспасы қытайлық лингвист мамандардың көрші мемлекеттердің тілін зерттеуде жеткен жетістіктері мен жаңалықтарын басып, таратуға дайын. Бұл жобаға сырттан шет елдерде жұмыс жасап жатқан Конфуций институттары көмекке келеді деп жоспарланып отыр. Соңғы кездері қойылған талап бойынша, бұл институттардың оқытушылары тек қана қытай тілін оқытып қана қоймай, сонымен қатар өздері де қызмет жасап отырған елдердің тілін меңгерулері керек [250].

Қытай төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Орталық Азия елдеріне жасаған сапарында алдымен Астанаға келді. Ол Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» деген ұсыныс жасады, сондай-ақ осы жоба аясында әр жылы Қытайға барып оқуға 30 мың грант бөлетінін мәлімдеді [226].

Шынында да төмендегі кестеге назар салсақ, 2013 жылдан кейін Қазақстаннан Қытайға барып оқитындардың санының күрт өскенін көруге болады.

2000-2016 жылдары Қазақстаннан Қытайға барып оқуған студенттердің саны

Жылы	Қазақстан
2000	105
2001	109
2002	200
2003	215
2004	386
2005	781
2006	1825
2007	3827
2008	5666
2009	6497
2010	7874

2011	8287
2012	9565
2013	11165
2014	11764
2015	13198
2016	13996

Қазір Қазақстанның ЖОО-да қытай тілін оқуға талап білдірушілердің саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Өйткені Қытай үкіметі Конфуций институттары арқылы Қытайда оқу гранттарын көбейтіп отыр. Қытайдың әртүрлі жобалары бойынша бөлінген гранттарға ие болған және өз қаражатымен Қытайға барып оқытындардың да қатары көбейді. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, 2012 жылы Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 9565 студент оқыса, 2014 жылы 11764 студентке жеткен. Ал, 2018 жылы олардың ұзын саны 17 мыңға жеткен [224].

ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулы Чжан Вэй – Zhang Wei «В News.kz» сайтына 2017 жылдың қараша айында берген сұхбатында, Қытайда 14 мың шамасында қазақстандықтар білім алып жатқаны айтылған. Бас консул қазақстандық жастардың қытай тілін үйренуге қызығу себебіне тоқталғанда: «Бұл жастардың болашақта алдарынан ашылатын мүмкіндіктерге байланысты. Олар екі ел қарым-қатынастары болашағының зор екенін көріп отыр және соған байланысты өздерінің болашақ карьерасында керемет мүмкіндіктер ашылатынын болжап отыр. Бұл бірінші кезекте соңғы кездердегі екі ел қарым-қатынасының қарқынды дамуымен байланысты. Әсіресе, «Бір белдеу - бір жол» жобасы ұсынылғаннан кейін бұл үрдіс тіпті қарқын алды. Біз үшін бұл бағдарлама өте маңызды. Екі ел арасында жан-жақты серіктестік жолға қойылған», - деп түсіндірген [225].

Шынында Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» жобасы мен 2014 жылы жарияланған Қазақстан президентінің «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық стратегиясының өзара сәйкесуінің арқасында Қазақстан-Қытай қатынастарының дамуы 2015 жылы жаңа кезеңге көтерілді. Соған байланысты қазақстандық жастардың қытай тілін оқуға қызығушылығы да арта түсті.

Қытайдың «Бір белдеу - бір жол» инициативасы жарияланғаннан кейін Қытайдың осы белдеудің бойында орналасқан мемлекет жастарына, әсіресе, зерттеумен айналысатын магистранттар мен докторанттарға берілетін гранттардың саны күрт өскенін байқауға болады. Бір жылдық немесе түрлі қысқа мерзімдік тілдік стажировкаларға берілетін гранттар негізінен шет провинцияларда орналасқан қалалардағы оқу орындарына жіберіле бастады. Пекин, Шанхай сияқты ірі қалаларға белдеудің бойында орналасқан мемлекеттерден зерттеумен айналысатын жастар тартылды. Қазақстаннан

Қытайға барып оқитын жастардың арасында да магистранттар мен докторанттар көбейді. Оларға бекітіліп берілген зертеу тақырыптары тікелей Қазақстанмен байланысты болды. Яғни, өз саласы бойынша Қазақстанға қатысты тақырыпты қытайларға зерттеп беріп жатыр деген сөз. Ол жас зерттеушілердің дені бұрын қытай тілін мүлде оқымағандар. Қытайға барғаннан кейін бір жылдық қана тілдік дайындықтан өтеді. Алайда, бір жыл ғана қытай тілін оқу, зерттеумен айналысуға, қытай тілінде ғылыми еңбек жазуға мүлдем жеткіліксіз. Олар елден жиған-терген материалдарын қытайға тасуда және адам жалдап болса да қытай тіліне аударуда. Бұл қытай үшін өте тиімді амал болып отыр. Түрлі салада зерттеумен айналысатын, сол елдің тілі мен жағдайын жақсы білетін маман дайындау үшін Қытай орасан зор шығын мен уақыт зая кетіретін еді. Бір ғана мысал, Қазақстан жоғарғы оқу орнында қазақ тілі мен әдебиетін оқыған магистрант немесе докторанттарға қазақ фольклорына, эпостарына, аңыз-ертегілеріне, салт-дәстүріне, аңыз-эпсаналарына, қисса-дастандарына қатысты тақырыптар беріледі. Эпостардағы кейіпкерлердің ер жүрек батыр, елін-жерін сүйетін тұлға болып қалыптасуына қандай факторлар әсер ететінін зерттеп-зерделеу тапсырылады. Мұнан бөлек, бала тәрбиесі, отбасы құру, ерлі зайыптылар, туған-туыс, ағайын-бауыр арасындағы қарым қатынастың негізінде қандай принциптер тұрғаны, тіпті аңыз-ертегілердегі аждаһа, жалмауыз кемпір, жын, пері, дию, жезтырнақ сияқты мистикалық кейіпкерлердің артында қандай образдар тұрғанын қарастыру сияқты нәзік мәселелер де назардан тыс қалып жатқан жоқ.

Бұлардың ішінде Қазақстанның экономика, қаржы, логистика, оқу-ағарту, журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары, спорт және тағы да басқа көптеген салаларда зерттеумен айналысып жатқан жас ғалымдар жетерлік.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей Қытай «Бір белдеу - бір жол» бойында орналасқан елдердің тілі мен мәдениетін оқуды да қолға ала бастады. Осы саясаттың аясында ҚХР жоғарғы оқу орындарында Қазақстанның мәдени орталықтары мен қазақ тілін үйренетін топтар ашыла бастады.

2015 жыл Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 3 бірдей Қазақ орталығы ашылды. Қазан айында Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар Ұлттық университеті мен Шанхайдың Тунцзи университеті арасындағы серіктестік меморандумы бойынша ҚХР-да ең алғашқы қазақ тілі мен мәдениетінің орталығы ашылды. Орталық Тунцзи университетінің кітапханасында жұмыс жасайды. Меморандумға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол» бағдарламасы мен ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің ұсынған «Жібек Жолы жаңа экономикалық белдеуі» жобасын алға жылжыту мақсатында ұйымдастырылған «Бір жол – бір белдеу» дөңгелек столында қол қойылды. Павлодар Ұлттық университетінің ректоры Арын Орсариев орталықтың қорына Абайдың, Торайғыровтың, Мәшһүр Жүсіптің кітаптарын, қазақ тілі оқулықтарын және 10 томдық Қазақ тілін үйрену антологиясын табыстады[251].

Сол жылдың қараша айында Шанхай шет тілдер университетінде тағы бір Қазақстан орталығы ресми ашылды. Бұл орталық Шанхай қаласындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығы, «Болашақ» стипендиясының ресми администраторы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ және

Шанхай шет тілдер университеті арасындағы келісіммен құрылды. Орталық шетел студенттер мен ғылыми қауымдастықты Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен және экономикада, сыртқы, ішкі саясатта жеткен жетістіктерімен таныстыратын орынға айналады. Сонымен қатар жақында қазақ тілі кафедрасын құру жоспарланып отырғаны айтылды.

Орталықты ашу барысында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ мен Шанхай шет тілдер университеті арасында «Болашақ» бағдарламасы бойынша қытай тілінің синхронды аудармашыларын дайындау туралы меморандумға қол қойылды. Шараға Қазақстан Республикасының Қытайдағы елшісі Нұрышев Шахрат пен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның президенті Ғ.Нығыметов қатысты [252].

Тура осындай орталық желтоқсан айында Пекин шет тілдер университетінде ашылды. Шараға Қазақстанның премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев арнайы келіп қатысты. Қазақстан премьерінің ақпарат қызметі, «Қазақстан орталығы» Қазақстанның тарихын, тілі мен мәдениетін таныстыратын, тарататын және «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясының құндылықтарын насихаттайтын қоғамдық дипломатия саласындағы қызмет алаңына айналады» деп хабарлады. Келесі жылы осы университеттің базасында «қазақ тілі мен елтану» деген мамандық оқытылатындығы және 15 қытай студенті қыркүйекте оқуларын бастап кететіндігі айтылды.

Б.Сағынтаев Пекин шет тілдер университеті мен Евразиялық Қытайды зерттеу орталығын ашуды жоспарлап отырған «Назарбаев университеті» арасында ғылыми-академиялық серіктестік орнату туралы ұсыныс жасады.

Қазақстан тарапының бірлесуімен ашылған мұндай орталықтардан бөлек, Қытайдың көптеген университеттері жанынан «Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдерді зерттеу үшін көптеген ғылыми орталықтар құрылды. Яғни, мұндай әрекеттерден Қытайдың белдеу бойындағы елдерді жан-жақты зерттеуге жақсылап ден қойғанын байқауға болады.

2018 жылы ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты. Осындай мектептердің оқу бағдарламасы ҚР мемлекеттік бағдарламасына сай келеме, оны анықтаған адам жоқ.

Қытай үкіметі ендігі жерде Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алды. Қазір Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуды бастап кеткен.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 1 желтоқсанында Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларының қытай тілін үйренуінің маңызы зор екенін атап өткен болатын. Осы бастаманы қолдау және екіжақты достық қатынасты, мектептермен ынтымақтасты нығайту, сонымен қатар қазақстандық оқушылардың қытай тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында деген сылтаумен 2019 жылдың қыркүйек айында Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшілігі ҚР Білім және ғылым министрлігіне 27,5 миллион тұратын қытай тілінің оқулықтарын сыйлады [253].

«Қытай тілін оқу – екі ел арасын жақындататын рухани құрал. Сондықтан біз тұрғындар бір-бірін жақсы танығанын, үйреніскенін қалаймыз. Тіл үйренуде мектеп жасы өте қолайлы кезең болғандықтан, балаларға оқу барысында қолдау көрсеткіміз келеді. Келесі жылы мектеп саны 5-6 болып көбейеді деп үміттенеміз. Себебі қытай тілі, мәдениетіне деген сұраныс жоғары. Жақында ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездескенде Конфуций институтының санын арттыруды қолдайтынын айтты. Былтыр желтоқсанда Елбасы қытай тілін үйретуге мән беруді бастады. Сондықтан біз осы бастаманы қолдауды міндет деп білеміз. Елбасы мен президенттің тапсырмаларын іске асыру үшін әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Болашақта екі елдің ынтымақтастығы мен серіктестігін нығайту үшін қытайтанушы, қытай тілін үйренушілердің саны көбейеді деген үміттеміз» - деді Чжан Сяо мырза [254].

Елшінің бұл сөзінен, Қытайдың Қазақстандағы қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын арттыру саясаты өте ұзақ мерзімді көздеп отырғанын аңғаруға болады.

«Бір жол – бір белдеу» аясында белсенді жүргізілген саясаттың арқасында Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралу аясын кеңейте түсетіні сөзсіз. Қытай үкіметінің қолдауымен Қазақстанның бірқанша жоғары оқу орындарында «Қытай мәдениетінің орталықтары» ашылды. Қазірге дейін Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орталықтар құрылды.

Қытай мен Қазақстанның мәдени мекемелерінің арасында өзара байланыс, қарым-қатынас жандана түсті. Мысалы, 2016 жылдың 31 тамызында Алматыдағы Ұлттық кітапхана жанынан «Қытай мәдениеті мен әдебиеті орталығы» ашылып, оған Қытайдан 7200 кітап әкелінді. Ал 2017 жылдың қазан айында Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының қолдауымен Қазақстанның Ұлттық кітапхана делегациясы кітапханалық танымдық іссапармен Қытайдың Ұлттық кітапханасы, Бейжің астаналық және Сиань бас кітапханалары сынды ең ірі кітапханаларына сапарлап қайтты. Делегация аталған кітапханалардың жұмыс барысымен танысып, тәжірибе алмасып, ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды [255].

2018 жылы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары аясында Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы елшісі Нұрышев Шахрат Қытай Ұлттық кітапханасының директоры Хань Юнцзинмен кездесіп, сыйлық ретінде кітапхана қорына Қазақстан туралы кітаптар табыстады. Кездесу барысында екі жақ мәдени-гуманитарлық, оның ішінде баспа ісі, кітапхана ісі саласында тәжірибе алмасу және Қазақстан кітапханалары мен Қытайдың Ұлттық кітапханасы арасындағы серіктестікті дамыту мәселесін талқылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы елшілігінің ресми сайты хабарлады.

2019 жылы ҚХР-дың Қазақстандағы Бас Консулдығының қолдау көрсетуімен Қазақстан Республикасының Орталық Ұлттық музейі мен Сиань қаласының Тан династиясы музейі арасындағы мәдени алмасу жүзеге асты. Орталық музей қызметкерлері Сиань қаласында музей ісі және маркетинг

бойынша, оның ішінде Балалар орталығын құру, мәдени-ағарту бағдарламалары мен жобаларын түзу және іске асыру, музейді танытуда жарнамалы-ақпараттық қызметін дұрыс жолға қою деген сияқты мәселелер бойынша біліктіліктерін арттырып, сертификат алып қайтты. ҚХР Шэнси провинциясының музей ісі бойынша білім беру Альянсы мұндай стажировканы бірінші рет ұйымдастырған.

«Бір жол – бір белдеу» инициативасы жарияланға дейін Қытай мәдениетіне, қытай мейрамдарына қатысты іс-шаралар мен концерттер қытай тілін оқитын жоғарғы оқу орындарында ғана атап өтілетін. Және де мұндай іс-шаралардың ауқымы тым үлкен болмайтын. «Бір жол – бір белдеу» жобасы жарияланғаннан кейін қытай мәдениетін насихаттайтын іс-шаралардың ауқымы кеңейе түскенін байқауға болады. 2009 жылдан бері ҚХР елшілігі мен консулдығының күш салуымен, Қытайдың өнер қайраткерлерінің қатысумен өтетін «Көңілді көктем мейрамы», 2013 жылдан бастап Қазақстанның ірі қалаларында, үлкен концерт залдары мен сахналарында, БАҚ құралдарында кеңінен тарату арқылы атап өтілетін болды. Мысалы, 2012 жылыдың ақпан айында ҚХР Мәдениет министрілігі мен ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулдығының ұйымдастыруымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Хуннан провинциясының көркем коллективтерінің қатысуымен «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті өтті. Осы іс-шараға қатысты сөйлеген ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулы Ду Дэвэнь ханым «2009 жылдан бастап әр жылда Қазақстанға танымал қытайлық әртістер келіп өнер көрсетіп жүргені көңілге қуаныш орнатады. Біз мұны екі ел халықтарының достық көңілдерінің көрініс беруі, Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігінің жан-жақты дамуының жарқын үлгісі, біздің үкіметтің шетелде жүрген қытайлықтарға деген қамқорлығы ретінде қарастырамыз» деді. Оның сөзінше, бұл мәдени шара жақсы дәстүрге айналып, қытайлықтар мен қазақстандықтардың арасында үлкен ықыласқа ие болып келе жатыр [256].

Ал енді келесі 2013 жылы тура осы концерт ҚХР Ішкі Монголияның Ухай қаласынан келген әртістердің қатысуымен Алматы және Астана қалаларында үш бірдей сахнада өтті.

2014 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Чунцин қаласының ансамблдерінің қатысуымен Астанадағы Бейбітшілік және Келісім сарайында өтті. Бұл мейрам осы залда 2015 жылы Чжэнчжоу би және ән театрының әртістерінің қатысуымен өтті.

2016 жылы Қытайлық дәстүрлі жаңа жылды тойлау Алматы қаласында Абай атындағы Опера және Балет театрында өтсе, Астанада Бейбітшілік және Келісім сарайында жалғасты. Гала-концерті ҚХР Синьцзян көркем театрының би және ән ансамблдері өткізді.

2017 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Гуандун провинциясының Ұлттық оркестірінің қатысуымен Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының үлкен концерт залында өтті.

2018 жылы Көтем мейрамы «Ni Hao Zhong Guo» деген атпен Қарағанды қаласында да атап өтілді.

2019 жылы Қазақ Ұлттық музейінде «Көңілді көктем» деген атпен фотокөрме ұйымдастырылды.

Мұнан бөлек, кезінде қытай тілін оқитын оқу орындары жекелеп кішігірім атап өтетін Чун цзие мейрамы 2016 жылдан бастап, Алматы қаласы жоғарғы оқу орындары арасындағы Қытайдың «Көктем мейрамына» арналған мерекелік кеші болып, өте ауқымды іс-шара ретінде, дәстүрлі түрде атап өтіле бастады. Бұл іс-шараға Алматыдағы қытай тілі оқытылмайтын, қытайтанушы мамандық дайындамайтын оқу орындарының студенттері де белсенді түрде тартыла бастады.

Екі елдің арасында өткізіліп келе жатқан мәдениет күндерінің де ауқымы үлкейіп, іс-шаралардың сапасы мен саны арта түсті. 2013 жылдың қараша айында Қазақстанның Қытайдағы мәдениет күндері өтті. Осы мәдениет күндерінің аясында екі елдің өнер саласындағы, ғылым-техника, білім беру саласындағы мамандары мен делегацияларының өзара сапарлары жалғасып отырды.

Қытай өзінің мол қаржылық потенциалы мен терең де бай мәдениеті негізінде, күшті идеологиялық үгіт-насихат жүргізу арқылы әлемдік процеске ықпал ететініне, тіпті қытайлық концепцияны немесе жаһандануды жүзеге асыратынына сенім байлады. Көрші мемлекеттер мен Азия және Африка елдерін қамтитын жоба құрып «Бір белдеу – бір жол» деп атады.

Қытай өзінің осы бастамасын іске асыру үшін, саясаи-дипломатиялық, сауда-экономикалық және рухани-мәдени салада жаппай пәрменді жобалар мен шаралар іске асырып келеді. ҚХР көрші мемлекеттерге қытай тілін белсенді таратумен қатыр, сол мемлекеттердің тілі мен мәдениетін оқуға ден қойды. Осы саясатты іске асыратын құрылымдар мен мекемелер құрып, олардың мақсат-міндеттерін айқындады. Қытайдың ЖОО-ында қазақ тілі кафедралары мен Қазақ мәдени орталықтары ашылды. Ғылыммен айналысып жүрген жас зерттеушілерге Қытайға барып оқуға, ғылыми атақты сол жақта қорғауға жағдай жасады. Бұл мамандардың зерттеу тақырыбы негізінен Қазақстанды іштей танып-білуге бағытталғанын байқауға болады.

Қытай Қазақстандағы Конфуций институттарының санын 5-ке жеткізді. Әлі де ашуға ниетті. Қытай тілін оқытуды еліміздің болашақ элитасын дайындайтын Назарбаев зияткерлік мектептерінде оқытуды бастап кетті. ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени іс-шаралардың ауқымы кеңейіп, мазмұны жан-жақты тереңдей түсті.

Қытай мен көрші елдердің тұрғындары арасындағы байланыс пен қарым-қатнастың ауқымының кеңейуі, шекара аймағындағы визасыз сауданың қарқынды дамуы, Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі жобасы аясында өндіріс орындары мен инфрақұрылымның соғылуы, бірлескен кәсіпорындардың ашылуы көрші елдердің тілін меңгерудің қажеттілігі арттыра түсетіні даусыз. Қалай болғанда да, «Бір жол – бір белдеу» жобасын ұсынумен қатар, Пекин өзінің лингвистикалық стратегиясына да үлкен өзгерістер енгізе бастағаны айқын.

Қытай «Бір жол – бір белдеу» инициативасын жүзеге асыру аясында қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын барынша күшейте түскені анық байқалады. Сондықтан Орталық Азия және Қазақстан қоғамында қытайдың қауіп-қатеріне деген күдік күшейе түсті. Өйткені соңғы жылдары Қытай ресми сайттарында жарияланған Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіп төндіретін мәлімдемелердің елімізде ресми және бейресми түрде қатты наразылық туғызғаны жайдан жай емес. Себебі, Қытай өзінің жүргізіп отырған мәдени ықпалының түп мақсатын аңғартып алды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты және Қазақстанда қытай тілінің таралуы – Қытайдың реформа дәуірінен басталып, қазір пәрменді жүргізіліп жатқан халықаралық саясаты. Қытайдың сыртқы тілдік саясаты – Дэн Сяопин бастаған «Реформа және ашықтық» саясатының нәтижесінде Қытайдың өрлеуіне байланысты өріс алып, Цзян Цзэминнің «үшке өкілеттік ету», Ху Цзиньтаоның «гармониялды әлем құру» сыртқы саясатымен ұштасқан «жұмсақ күшпен» астарланған, Си Цзинпиннің «Қытай арманы» және «Бір жол – бір белдеу» мегажобасымен күшейтілген стратегиялық саясат. Қытай үкіметі өзінің осы саясатын біртіндеп жүргізу арқылы шет елдерде Қытайдың жағымды образын қалыптастыру, одан соң қытайлық құндылықтарды сіңіру, тіпті Қытайдың компартиялық мәдениеті мен жетекшілік орнын қабылдатуды көздейді. Қытайдың саяси-экономикалық және мәдени тұрғыдан әлемдік үдеріске әсер етуі халықаралық қатынастарда Қытай мен Батыс арасындағы күресті ушықтырып жіберді. Сондықтан әлемдік аренадағы осы құбылысты «жұмсақ күш» теориясы негізінде және мәдени ықпалдастық әдіснамасы арқылы талдау жасау ойдағыдай нәтиже берді. Сондай-ақ, либерализм, неореализм теориялары бойынша да мәселеге талдау жасауға назар аударылды.

Қытай ғалымдары өздерінің ұлттық дәстүрлі философиясы мен батыстық теорияларды ұштастыра отырып, дүние жүзіне қытайлық құндылықтарды қабылдатудың теориясын қалыптастыруда. Өйткені өзінің қарқынды дамуын «бейбіт өрлеу» деп түсіндіріп, әлем елдерінің Қытайды күмәнсіз қабылдауына идеологиялық негіз қалыптастыруды маңызды стратегиялық міндет ретінде жүргізіп отыр. Сондықтан Си Цзиньпиннің «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығын» қалыптастыру концепциясы іс жүзінде қытайлық жаһандау үдерісін анықтап, жалпы адамзаттық ортақ құндылықтарға сын-кәтер төндірді.

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты оның «жұмсақ күш» дипломатиясының маңызды қаруы десек, қытай «жұмсақ күшін» зерттеу халықарық маңызды тақырып ретінде қарастырылып келеді. Сол үшін де біздің тақырыбымыздың кейбір мәселелері әр ел ғалымдарының зерттеулеріне арқау болған. Бірақ қытай тілінің Қазақстанда таралуы және оның ықпалы туралы арнайы зерттелген жоқ. Біз шетел ғалымдарының зерттеулерін пайдалана отырып, тың тақырыпты жүйелі зерттеуге тырыстық.

Қытайдың сыртқы тілдік саясаты – Қытайдың әлем елдеріне рухани ықпал жасау мақсатында жасалған стратегиялық саясат ретінде ҚКП ОК съезінде қабылданған саяси шешімдерімен анықталған, ұзақ мерзімге жоспарланған саясат.

Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының өзіндік ерекшеліктері оның мемлекеттік саяси жүйесінің ерекшелігімен айқындалған. Америкалық және батыстық «жұмсақ күш» саясаты олардың мемлекеттік саяси, демократиялық және заң жүйесі бойынша жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарға негізделген. Ал Қытай өзінің «жұмсақ күш» саясатын ҚКП-ның тотаритарлық саяси құндылықтарын сіңіру мақсатында, өзінің экономикалық, қаржылық қуатына сүйене отырып, әлем елдерін экономикалық мүддеге баурау арқылы іске

асырып келеді. Бұл іс жүзінде халықаралық мәдени жаһандану күресі. Бұл «жұмсақ күш» бәсекесі – ұзаққа созылатын үдеріс.

Алайда, әлем елдерінде қытайдың сыртқы тілдік саясатын қабылдауда аймақтық ерекшеліктер айқын байқалады. Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы қытай диаспорасы көп тұратын мемлекеттер қытай тілі мен мәдениетін қабылдауға ерекше ықыласты. Азия және Африка аймағындағы дамушы мемлекеттер қытай тілі мен мәдениетін көбінесе өздерінің экономикалық мүддесі тұрғысынан қабылдауға ынталы екендіктерін байқатты. Сондықтан болар, ҚКП қытай тілі мен мәдениетін әлемнің дамымаған аймақтарына барынша кең таратуға күш салу саясатын қолданып отыр. Ондай елдер Қытайдың қаржысы мен технологиясын алу үшін, олар ұсынған жобаның саяси, мәдени нәтижесіне қарамастан қабылдай беруге дайын екенін аңғартады. Ал Америка, Еуропа сияқты аймақтағы дамыған мемлекеттердің қытайдың тілі мен мәдениетін қабылдау мақсаты басқаша. Олар қытайды ғылыми түрде тану және онымен бәсекеге дайын болу үшін үйренеді. Әлем елдерінің қытай тілі мен мәдениетін қабылдау мақсаты әр басқа болғанымен, олардың жастары саналы әрі бейсаналы түрде белгілі бір дәрежеде қытай мәдениетінің ықпалына ұшырауда. Осы себептен айтқанда, Қытай қыруар қаржы жұмсай отырып жүргізіп жатқан сыртқы тілдік саясатының көздеген нәтижелеріне қол жеткізіп те үлгерді. Өйткені Қытай өзі жайлы экономикалық қуатты ел және дамушы мемлекеттерге инвестиция салатын мемлекет деген көзқарас қалыптастырды. Сондай-ақ идеологиялық жақтан да ықпалы байқала бастады. Қазіргі таңда АҚШ пен кейбір Еуропа елдерінде орын алған солшылдық дүрбелендер қытайдың коммунистік идеологиясының салдары деп саналауда.

Қытай тілін дүние жүзіне таратушы құрылым – Конфуций институттары. Аталмыш институт ең алғаш 2004 жылы Оңтүстік Кореяда құрылған, қазір әлемнің 162 мемлекетінде 550 институт жұмыс жүргізуде.

Олардың басты міндеті – қытай тілі мен мәдениетін оқытудың сапасын көтеру, емтихан жүйесін жетілдіру, дипломдарды заңдастыру, мұғалімдер дайындаудың бірыңғай стандартын қалыптастыру, сондай-ақ, Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарын көбейту арқылы қытай тілін әлемдегі қолданыс аясы ең кең тілге айналдыру. Сонымен қатар, Конфуций институттары ҚХР сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» құралы ретінде халықаралық қарым-қатынастарда белсенді мәдени дипломатиялық интеграция қызметін атқарып отыр.

Конфуций институттары тіл оқыту мен мәдени қарым-қатынастардан бөлек, халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтар, ақпараттық консультация беру сияқты қызмет көрсету ауқымын кеңейтіп келеді. Тіпті үкіметтік мемемелермен, түрлі қоғамдық ұйымдармен, ассоциациялармен бірігіп, ортақ құрылым құрып, бірлесе басқаруды іске асыруда.

Әлемде Конфуций институттарының көптеп ашылуы, оның даму қарқыны Америка мен Еуропаның біраз елдерінде наразылық туғызды. Бұл институттарды «Қытай қауімімен» байланыстырып, Қытай коммунистік партиясының идеологиясын насихаттаушы мекеме ретінде тану белең алды. Бірқатар елдерде Конфуций институттарының қызметін тексеру күшейді және оның соңы кейбір институттардың жабылуымен аяқталды. Қытай

